8705

# ӨМІР, ҚЫМБАТСЫҢ МАҒАН

Нығмет Ғабдуллин

# Өмір қымбатсың маған

ПОВЕСТЕР

«Жазушы» баспасы
Алматы — 1966

*Нығмет Ғабдуллин бұрын лирикалық әңгіме, повестерімен танылған жазушы. Ал мына «Өмір, қымбатсың маған» атты шығармасы жазушының соңғы жылдардағы табысы. Бұған оның «Оралу», «Кестелі орамал», «Белгілер, іздер...» және «Бозторғай әні» деген повестері еніп отыр.*

*«Оралу», «Кестелі орамал» хикаялары кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі халқымыздың асқан ерлігін жырласа, «Белгілер, іздер...», «Бозторғай әні»— қазіргі ауылдың суретін әр қырынан көз алдымызға әкеледі. Алмагүл, Амандос, Ораз, Зейнел, Шамшия сияқты қажырлы, әділ, ақжарқын жастардың бейнесін жасайды; солармен таныстырып, сырластырады. Аталған повестердің тілі жатық, тартымды.*



ОРАЛУ

## I

Сол қолынан жараланып госпитальға түскен аға сержант Ақжол Бекжанов осы емдеу орнынан шыққан бойда теміржол станциясына тіке келіп, вокзалдан ауылдағы ағасына телеграмма жолдады. «Мүгедек болдым. Үйге

қайтамын. Бірақ, қобалжымаңдар, он екі мүшем түгел» деп жазды.

Снаряд жарықшағы оның сол жақ қарының бұлшық етін жұлып әкеткен еді. Ақжол бұл жарақатты әуелгі бетте онша қауып көрмей, аз уақытта-ақ айығып шығармын деп үміттенген-ді. Осы жарақат зардабынан кемтар болармын, қайтып қару ұстауға жарамай саптан шығып қалармын деген — үш ұйықтаса ойында жоқ-ты. «Өз бөлімшем ұзап кетіп, ізінен адасып қалмасам жарар еді», деп тіледі ол ішінен. Жалғыз қорқынышы сол ғана болды. Бірақ, жарасы тез арада айықпады; ушығып, бүкіл сол жақ қолы тұлыптай боп қабарып, қызарған ісік иығына, мойнына қарай жайылды. Дәрігерлер екі рет операция жасады. Содан соң ғана қолдың ісігі бірте-бірте қайта бастаған еді.

Бірақ, Ақжол өзінен өзі әлденеден күдіктеніп, көңіліне қобалжу кірді. Ісігі қайтқан сайын қолының жансызданып, үсіген сияқтанып, бозғыл тартып бара жатқанын байқаған. Саусақтары мұздап тоңа берді, әрі боз қырау соққан гүлдің сабағындай бүрісіп, реңі қаша бастады. Енді біраз күннен кейін алақаны, саусақ ұштары теңбілденіп, әр жерінің терісі отқа күйгендей күлтілдеп қолдырады, тырнақтарының көбесі босады. «Қолымның шіруге айналғаны ма?» деп қауіптенді Ақжол. Әрине, дерт асқына берсе және бүкіл денеге зардабы жайылардай болса, бұл қолды дәрігерлер кесіп тастауы да хақ. Содан соң сыңар қанаты сынып, жерде далбаңдап қалған құсқа ұқсап, өмір бойы қорлық азабын тартып өткенің ғой. Бір жері майып болып, ағзаға ақау түскен соң, көңілге де кемдік кіріп, бұрынғы күй кетеді. Осыларды ойлағанда Ақжол қиналып жүдеп қалды. Көңіліндегі күдігі ұлғая түсіп, ойы ауырлай берді.

— Жолдас Бекжанов, қабағыңнан байқап жүрмін, осы соңғы күндерде неге тұнжырауың көбейіп кетті? — деп сұрады одан бір күні әскери хирург.

— Ұйқым түзу емес, жолдас дәрігер,— деп жауап берді Ақжол.

— Неге?

— Ой қалыңдап кетті. Көңілге сары уайым кірді.

— Немене, үйіңнен бір жайсыз хабар алдың ба? — деп, дәрігер селт етіп қалды.

— Жоқ,.. үй-ішімнің, ағайын-туғанымның халдері жақсы көрінеді. Ауылдағы туған ағамнан күні кеше ға-

на екі хат қатар келді,— деп, Ақжол сабырмен сөйледі де, жаралы, танулы қолын сау қолымен сыртынан сипап, ақырын ғана күрсінді. Төмен қарап, аз-кем үндемей отырды да, сонан соң басын жоғары көтеріп, хирургтің көзіне жанарын тік қадап: — Жолдас дәрігер, менің өтім жарылмайды, шындығын тура айтшы! Осы қолым жарақатынан жазылып, бір икемге келе ме, жоқ әлде, ағаштың құрт жеген бұтағындай боп қуарып, шіріп қала ма? — деді.

— Сен, немене, біздің сөзімізге шәк келтіремісің? Дәрігерлерге сенбеймісің? Айттық емес пе бір рет. Тоқ етер сөз — сол. Өз сөзім үшін қашан да болсын жауаптымын! — деп, әскери хирург жауапты қатқыл қайырды.

Ақжол бөгеліп қалды. Ол әлгі сұрағын бұрын да бір рет қойғанда дәрігер оған жайлап түсіндірген болатын. Жарақаты бірте-бірте айығып, қолы бірте-бірте икемге келетінін, тек ақырын сабырмен күтіп, шыдам ету керектігін айтқан-ды. Бұл секілді қарынан жараланып госпитальға түскен жауынгер жалғыз Ақжол емес екендігін, солардың бәрінің де айығып шыққанын дәлелге келтіре отырып сөйлеген. «Өзіңе қояр шартым біреу-ақ, уайымға салынба! Сенен осыны талап етеміз!» деп және ескерткен-ді.

Ақжол хирургтің сол сөзін есіне алды. Әлгі сауалды өкінші рет бермесе де болатын еді. Бірақ, күдік кіріп қобалжыған көңілге дауа керек қой. Үмітті өсіріп, сенімді арттырар жылы лебіз білдірілсе, жанға шипа. Жақсы сөз — жарым ырыс. Бір берген сұрағын тағы да келіп қайталағанда, осы жылы сөзді тағы да бір естуді Ақжолдың алабұртқан көңілі қалап еді. Хирург оның өніндегі құбылыстан ішкі күйін тез таныды да, жаралы жауынгердің көңілін сергіткісі кеп, даусын кілт өзгертіп, күліп сөйледі.

— Сырт пормыңа қарап сабырлы болар деп едім, өзің, бірақ, кәрі қыз секілді шыдамсызсың ба қалай?! — деді әзілдеп. Сонсоң сөздің бетін басқа жайға шұғыл бұрып жіберді.

— Ауылда күтіп отырған жарың бар ма? — деп сұрады.

— Әйелім бар... Балам да бар,— деді Ақжол.

— Балаң ұл ма, қыз ба?

— Ұл.

— Молодец! Жасы қаншада?

— Мен қырық бірінші жылы сентябрьде майданға аттанғанда, ол дәл бір жаска толған еді. Қазір үшке келді. Жігіт боп қалды!

— Е-е, солай де! Үйіңнен аттанарда еңбектеп жүрген ұлың енді сен барғанда, алдыңнан дырдай жігіт боп жүгіріп шыға келгенде, оны танымай қап құдай ұрмасын,— деп күлді хирург.

— Қиядан таныр ем. Тек көзіме бір көрінсінші. Ұлым өзімнен айнымайды! — деді Ақжол көңілденіп.

— Молодец! Ал, әйелің қандай? Сағындың ба? Кеше бір егде жауынгер айтып еді — көкайыл қатынымның бәрінен де бұрын шаңқылдаған даусын сағындым деп. Адам жырақта, түзде жүргенде үйдегі тіршіліктің бәрі де сағынышпен еске түседі.

— Бұл рас,— деді Ақжол оны құптап.— Үй-ішімнің жандарын, әйелімді, баламды ойлағанда, солардың барлық мінезі, қылығы, жүріс-тұрысы, тіпті сөйлеген кездегі машығы — бәрі көз алдыма елестейді. Жүрек біртүрлі елжірейді сонда. Көңіл жадырап, тәтті бір қиялға берілесің. Біріне бірі сабақталып, көп нәрсе еске түседі... Әйелің қандай деп сұрадың ғой. Айтайын. Жиырма бес жасымда үйлендім. Ол менен төрт жас кіші. Әкесі ертерек өліп, жесір әрі кем-тар шешенің қолында тұрмыстың біраз таршылығын көріп өскен жетім қыз еді. Көңіліміз жарасқан соң қосылдық. Екі жылдан кейін нәресте сүйдік. Баламыз бірге тола бергенде соғыс басталды да, шырық бұзылды. Мен майданға аттандым, олар ауылда жылап-сықтап қала берді. Жұптық өмірден бар татқан дәмім осы ғана. Қызығына да тойғаным жоқ, ренішін де көргенім жоқ.

— Әйелің хатты жиі жазып тұра ма? Госпитальға түскелі одан неше хат алдың? — деп сұрады хирург.

Ақжол бөгеліңкіреп жауап берді.

— Неге екенін білмеймін, хат ала алмай тұрмын. Өзім бірнеше хат жолдадым, бірақ, әйелден жауап болмай тұр. Менің хатым оған жете алмай жүр ме, әлде оның хаты мені таппай жүр ме — екінің бірі. Бөтен себебі болуы мүмкін емес,— деді. Осыны айтты да, өзі біртүрлі ынғайсызданып қалды. «Соңғы сөзді бекер айттым-ау», — деп өкінді ішінен. «Бөтен адамның көзінше әйелімнің арын таразылағандай болдым-ау»,— деп қынжылды.

Хирург оның бұл жайын аңғарған жоқ, Ақжолдың

әйелімнен хат ала алмай тұрмын дегеніне де таңданбады. «Хат кейде адресатқа тура бармай адасып жүретіні болады. Және де қазір соғыс уақыты. Хаттың қолға жедел тимегені оқа емес, тек, қайсымыз қай жақта жүрсек те есен болайық»,— деп басалқы айтты да: — «Жә, алабұртпа, енді біраз күннен соң госпитальдан шығасың», ауылыңа қайтасың. Үйіңе хаттан бұрын өзің барып қаласың»,— деді Ақжолды иығынан қағып.

Сөйтіп, осы әңгімеден кейін жиырма күн өткен соң, Ақжол Бекжанов әскери комиссияның ұйғарымы бойынша госпитальдан шығып, тиісті документтерін алып, 1943 жылдың октябрь айының басында туған ауылына жол тартып еді.

Ол поезбен жеті күн жүріп, сегізінші күнге ауғанда, таң бозарып атып келе жатқан мезгілде, өзіне ежелден таныс станцияға жетті. Шағын ғана станцияның қызыл кірпіштен салынған, шошақ төбелі кішкене вокзалының қарасы көріне берген мезетте жүрегі алып-ұшып тамбурға шыққан Ақжол, поезд тоқтар-тоқтамастан-ақ жерге секіріп түсті де, сәл ілгері жүгіріп шығып, тұра қалып, жан-жағына қуанышты көзбен алақтап қарады.

Міне, вокзал алаңы! Анау аласа ақ үй — жүк қоймасы, анау — су тартатын биік мұнара... Бәрі де өз орнында, бәрі де көзге оттай ұшырады. Ақжолдар майданға осы вокзалдан аттанған еді. Ағайындар, туғандар олармен осы жерде соңғы рет қоштасып қала берген. Ақжол бір жасар ұлын жүрегіне басып тұрып, сәбидің балбыраған алма бетінен, тамағынан қайта-қайта сүйіп еді. Оның қан майданға аттанып бара жатқанында шаруасы жоқ нәресте, тамағына әкесінің қалың ерні тигенде қытығы келіп сықылықтаған сонда. Сол әсем үні әкесінің құлағында әлі. Ал, нәрестенің анасы шәлісінің ұшымен көзін сүртіп, үнсіз ғана жылап тұрған. Бұл сурет те Ақжолдың көз алдынан бір кеткен емес. Жүруге белгі болып, даңғыр етіп темір қағылғанда, Ақжол баланы шешесінің қолына беріп, әйелі мен ұлын көкірегіне қатты бір қысып құшақтады да, осы мезетте салдыр-гүлдір қозғалып жылжи берген составтың ең соңғы вагонына жүгіріп барып асылып мінді. Есік жақта жыпырлап тұрған жігіттер оны, кейін бұрылып қарауға да үлгіртпей, қолынан тартып алып, ішке бірден сүңгітіп жіберді. Ақжол тырмысып, сыналап, вагонның есігіне қайта жеткенше поезд станциядан ұзап та кетті. Составтың қарасы әбден үзіл-

ғенше тарқай алмай, вокзал алдында әлі де иіріліп тұрған жұрт Ақжолға енді бұлдырап, тұтасып қана көрінді. Рельске таман алғарақ шыққан біреудің ғана қарасы көзге оқшауырақ шалынды. Бұл адам Ақжолға нәресте көтерген өз әйелі секілденіп еді.

Ақжол енді қазір әйелі мен ұлын сол тұрған орындарынан іздегендей болды. Бірақ, көзіне таныс бейне ұшырамады.

Аға сержант вокзалға кіргенде де оны танитын ешкім жолықпады. Вокзалдың кішкентай залында бұрын жолаушылар лықылдап толып отырушы еді. Дан-дұң, гу-гу боп жататын. Сол дабыр-дұбырдың бірі жоқ. Залда ұзын скамейкада бес-алты адам ғана отыр. Бір қолын мойнына асынған, сұр шинельді әскери адам есіктен кіре бергенде, олар бұған бұрылып-бұрылып, үнсіз қадалып қарап қалды.

— Есенсіздер ме? — деді Ақжол сәлемдесіп.

Олар орындарынан шапшаң тұрысып, аға сержантқа қол беріп амандасты. Сонсоң жаралы жауынгердің атыжөнін, тұрағын, сапар жайын қысқа-қысқа сұрап білісті де, өздерінің де жөндерін айтты. Алдының бұ жерге келгеніне бес-алты күн болған, бірақ, поезд болмай, жол жүре алмай жатқан жолаушылар екен. Бұрын бұл станциядан күн ара өтетін жолаушылар поезы енді аптасына бір-ақ соғатын болыпты. Сол сәтіне тура келіп ілігіп кетпеген жолаушы, келесі поезды күтіп, амалсыз байланып қалады екен. Ал, қызыл вагонды жүк поездары станциядан күндіз-түні ағылып өтіп жатқан көрінеді. Бірақ, оған мініп кетуге болмайды, жолаушылардың айтуына қарағанда, жүк тиелген вагонға мініп, жолда ұсталған адам, дереу түрмеге жабылады.

Ақжол бұлардың сөздерінен соғыс зардабынан осы жақта да туған қиыншылықтардың көп екенін ішінен ұғып тұрды. «Жұрттың тұрмыс күйі де жұқарып қалған шығар» деп ойлады. Мына жолаушылардан мұндағы елдің хал-ақуалын, шаруа-күй жайын сұрап білуге бір оқталды да, «жетіскен не жағдай бар дейсің, жол жүре алмай онсыз да қажып отырған кісілерді көңілсіз әңгімемен жүдетпей-ақ қояйын», деп ұйғарды.

Ақжолдың туған ауылы «Қызыл таң» — станциядан жүз сексен шақырым қашық тұратын. Және оның ауылына шығатын жол вокзалдың дәл іргесінен өтетін. Сырттан машина дыбысы білінген сайын, аға сержант тысқа

шығып бақылап отырған еді. Оның ауылына қарай жүретін еш машина күн ұзақ кезікпеді. Қас қарайып, ымырт үйіріле берген кезде ғана бір машинаның сәті әрең болды. Мотор даусын естіп, Ақжол сыртқа асыға басып шыққанда, кузовына ағаш артқан жүк машина вокзалдың тұсынан өтіп бара жатыр еді. Аға сержант малақайын бұлғап, оған қарай төтелей жүгірді. Осы мезетте шофер де оны көріп, машинаның жүрісін тежеп, жолдың жиегіне ілбітіп әкеп тоқтатты.

— Қай жаққа бет алып барасыз? — деп дауыстады Ақжол жүгіріп келе жатып.

Ол бері жақындағанша шофер жауап қатқан жоқ. Қолын мойнына асқан әскери адамға тесіліп қарады да, анау дәл қасына тақалғанда ғана, кабинадан басын шығарып: «Өзің қайда барасың?» — деп сұрады салмақты үнмен.

Ақжол жөнін айтты:

— Кел, отыр қасыма! — деді шофер. Кабинаның есігін ашып жіберді. Ақжол жылдам көтеріліп қатарына отырғаннан кейін, шофер кабина есігін тарс еткізіп өзі жапты.

— Әбден тозған, осылай сарт еткізбесең, тиегі ағытылып кете береді. Буыны бос қатын секілді,— деді.

Ақжол езу тартып, шофердің бетіне таңдана бұрылып қарап еді, бірақ, оның жүзінен ешқандай күлкі нышанын байқай алмады. Ат жақты, кесек мұрынды, қалың қабақты шофердің қара сұр өңі сұстанып, көзге суық көрінді. Әлгі соңғы сөзді оның әзіл үшін айтпағанын, жүрегінде әйел затына деген бір зығырданы барын Ақжол ішінен сезді.

Машина орнынан қозғалды.

— Ал енді, жол қысқарсын, әңгімеңді шерте бер, қай майданда болдың? Қалай соғыстың? Қайтып жараландың? — деді шофер. Жаралы жауынгердің хал-жайын білуге шын ықыластанған әлпет білдірді.

Ақжол майданға қай жылы аттанғанын, қандай шайқастарға қатысқанын, қалай жараланғанын қысқа ғана айтып өтті. Болған, өткен жайларды ешбір сырлау-мінеусіз, жай әншейінгі әңгіме етіп қана сөйледі. Жорықта жүргенде талай-талай қиындықтар көріп еді, басына сан рет қатер де төнген. Бір жолы барлауға шыққанда, терең сайдың ығында жасырынып жатқан жаудың дәл

үстіне кеп қалып, қолға да түсіп қала жаздаған. Атыса шегініп, әрең жалтарып құтылып кеткен-ді.

Кейін осы оқиға есіне түскен сайын ол әрі таңданып, әрі көңілі біртүрлі қобалжып ойға шомып қалатын. Соғыстың аты соғыс, аяушылықты білмейді. Бораған оқ еш жеріне дарымай осылай аман қалуың да ықтимал, қаңғыған жалғыз оққа кез келіп, мұрттай ұшып, мерт болуың да оп-оңай. Ақжол осы жайды ойлағанда, тұнжырап та қалатын. Бірақ ол өз көңілін толқытқан бұл ойын майданда ешкімге айтқан емес-ті. Қазір қасындағы бейтаныс шоферға да бұл хақында ештеме демеді. Соғыс сұрапылы турасында шофер да одан еш нәрсе сұрамады. Ақжолдың өзі жөнінде келте қайырған әңгімесінен кейін, екеуі де үн-түнсіз отырып қалды...

— Немістің дәрісін мен де ішкеп қайтқан адаммын,— деді шофер бір мезгілде тіл қатып.— Соғыста екі жыл болдым. Оң аяғымды қиратып, кем-тар болып қайттым... ақсақпын...— Ол біраз уақыт тағы да үндемей қалды да, қабағы сәл түйіліңкіреп, алға қадала қарап отырып, баяу үнмен сөйледі.— Бірақ маған жау оғының жарасынан гөрі, қатынымның жаныма салған жарасы батыңқырап кетті. Жарым бар, жайым бар деп, үйге қуанып келсем, қатыным аузы-мұрнынан шығып, шермиіп отыр. Есіктен кіре бергенімде-ақ шеңбірек атқан іші көзіме бірден түсті. Әйелім де маған ұмтыла алмай, төбесінен жай соққандай боп, қалшиып қалды. «Ау, шырағым, аурумысың, саумысың?» деппін. Аузыма басқа сөз түспеді. Ақмақ қатын мойныма кеп асылып, сықсыңдап жылап жатыр: «Кешіре гөр, жаным, күнәлі боп қалдым»,— дейді даусы қалтырап. Арқам мұздап, денем дірілдеп кетті. Қеудесінен итеріп жібердім қатынды. Кейін шегіне бердім... Міне, бауырым, майданнан жараланып қайтқанымда, өз үйімнен көрген сыйым осы болды. Шаңырағын өз қолыммен көтерген үйім өзіме жат көрінді. Қайтып аттамадым босағасын...

Шофер ақырын сөйлесе де, үні қорғасындай салмақты естілді. «Мандайының соры бес елі еркек екен бұл байғұс»,— деп аға сержант шоферді ішінен аяды. «Сол қатынды бір кезде таңдап, сүйіп алды ма екен? Әлде ер жігіттің етегіне ошағанша жабыса кеткен бір пәле ме? Әй, сірә, солай-ақ болар. Әйтпесе, оқ асында жүрген ерін ұмытып, нәпсі қуа ма»,— деп ойлады Ақжол. Мана кабинаның есігін тарс еткізіп жапқанда шофердің

айтқан сөзін есіне түсірді: «Тиегі ағытылып кете береді, буыны бос қатын секілді...»

Ақжолды тұманданған бір ауыр ойлар қоршай бастады. Мұның да үйден аттанғанына екі жылдан асты. Бұл да майданнан жаралы боп қайтып келе жатыр. Мұның да үйде қалған жары бар. Сол жар ерін қай халде қарсы алар екен? Госпитальда жатқан күндерінде Ақжол әйелінен ешбір хат алған жоқ. Басқадан хат болғанда, жарынан хат келмеуі қалай? Хабарымды, адресімді білмеді дейін десе, басқаға жазған хаты ауылды тауып барғанда, жарына жолдаған хаты неге адасады? Жоқ, адаспаса керек. Хат әйелдің қолына тиюі хақ, бірақ, ол неге хабар білдірмеді? Ақжол госпитальда ағасынан алған екі хаттан да әйелі мен нәрестесі жайында еш мәлімет біле алмаған. Осы жайларға жігіттің көңілі алабұртқан еді, бірақ, басына ешқандай бөтен ой келмеген-ді. Енді қазір, шофердің әлгі әңгімесінен кейін, аға сержанттың ішкі дүниесінде құйын үйіріп өткендей болды. Өз әйелі жөнінде басына тұңғыш рет жат ой келді. «Бұл да мына бейбақтың қатыны құсап, ерін ұмытып кетті ме әлде?..»

Бірақ, Ақжолдың көңілі, жүрегі бұған сенбеді. Енді ол госпитальда жатқанда әйелінен хат-хабар ала алмауына себепші болған жайларды өзінше топшылап, ойы әр саққа тарады. Ендігі қалған жолда бұл да, шофер да, бір-біріне тіс жарып сөз қатқан жоқ, үн-түнсіз қалыпта, әрқайсысы өз ойының жетегінде отыра берді...

Бұлар еш жерге аялдамастан үздіксіз жүріп отырып, түн ортасы ауған шамада, өзен жағасындағы селоға жетіп еді. Кіре берісте көпір бар болатын. Машина көпірге таяп келгенде, Ақжол шоферға рахмет айтып, қоштасып, кабинадан түсіп қалды. Енді бұл арадан оның туған ауылына дейін он-ақ шақырым жер, жаяу баруға да болады.

Аға сержант еш жағына бұрылып қарамастан, өз ауылына апаратын қара жолға шыға беріп еді, оң жағынан жылқының пысқырынғаны естілді. Ақжол елең етіп қарады. Өзінен елу-алпыс қадамдай жерде, жолдан аулағырақта, қарауытқан көлікті көрді. Біреу қарандап, Ақжолға қарсы жүріп келе жатыр. Аға сержант тоқтай қалғанда. «Шырағым, кімсің?» деп, дауыстап дыбыс берді қарандаған адам.

Бірге туған ағасы Сәдуақастың әйелі Құлшәрияны Ақжол даусынан бірден таныды.

— Мен қайның Ақжолмын! — деп қуанып үн қатты да, жеңгесіне қарай аяғын асыға басты.

Құлшәрия: «Ай, боздағым, тірегім» деп, айқайлап жылап ұмтылып кеп, Ақжолды бас сап құшақтап, дауыс салып көрісті. Өзінің дағдылы жарықшақ зор үнімен түнгі даланы жаңғырықтырып басына көтерді. Әуелі: «Сағындық қой, зарықтық қой,» деп үн салған әйел, бірте-бірте бәсеңдеп саябырлаудың орнына, қайта даусы қатайып, үдей түсті. Үнінде өзгеше бір зарлы сарын бар. Қаралы сарын. Ақжолдың бойын тітірентіп, суық, жат естілді.

— Ойбай, жеңеше-ау, бұның не, жоқтау айтатындай өлгенім жоқ, тірі келдім ғой,— деп, Ақжол жеңгесінің құшағын жазбақ болып еді, саусақтарын айқастырып алған Құлшәрия қолын босатпады.

— Мен қалайша зарламайын, бауырым-ай. Басымызға қара бұлт оралды ғой,— деп боздап, өксіп күрсінді.

Ақжол тұла бойы дір етіп шошып қалды. Әйелдің мына зары бір сұмдықтың болғанын сездіреді. Ет жақын ағайынның біреуі өлген болар ма?

— Не жаманат естірткелі тұрсың, Құлшәрия. Кімнен айрылдық? Айтшы шапшаң! — деп, аға сержант шошынып сұрады.

Еңіреген Құлшәрия: «Артында... қалған... тұяғың...» — деп, сөзін үзіп-үзіп естірте бергенде, Ақжол дәл төбесінен біреу сойылмен салып жібергендей болып, басы айналып, көзі қарауытып кетті. Түбінен қиылған ағаштай теңселіп, салмағының ауған жағына қарай қисайып құлап бара жатты...

## II

Ауылға бет алып келе жатқан жолда, ұзын қорапты арбаның алдыңғы жағында делбе ұстап отырған Құлшәрия ақырын ғана сөйлеп, мән-жайды ретімен айта бастады.

— Үйге қайтамын деген телграмінді алғаннан кейін, ағаң екеуміз күн санадық. Келер шамасы осы-ау деп, ауылдан алдыңғы күні шығып ем. Қала жақтан машина көрінген сайын алдынан тосып қадағалап қарап тұрдым. Ағаңның да сенің алдыңнан шықпақ ойы бар еді, жұ-

мыстан қолы тимеді. Ағаң сол баяғы малдың соңында. Күндіз-түні өгіз бағады. Бұрын анда-санда жатып қалатын ыңқыл-сыңқылы бар еді ғой, қазір ондай емес, өзің кеткелі үйде бір күн дем алып отырған жоқ. Мен де жұмыстамын. Сарайда бидай тазалаймын. Ауылда қол қусырып қарап отырған ешкім жоқ. Қәрі де, жас та — бәрі де қыбырлап жүр. Енді қайтсын, азаматтар әскерде, олардың орнын кім басады? Нәуетекситін, ерігетін уақыт емес, соғыс кезі. Тақа бір дарақы болмаса, осы ауыр уақытта жыртаң-тыртаңға кім салынар. Әлгі біздің...

Құлшәрия кілт бөгеліп қалды да, ауыр күрсініп, біраз үндемей отырды. Ат бұлкілдеп жортып келеді. Ақжол арбаның артқы жағында, басын төмен салып, сұлық отыр. Құлшәрияның не айтып келе жатқанын ұға алмады. Өне бойы қалтырап-дірілдейді. Көзіне мөлтілдеп толған жас мұрнының екі жағын қуалай домалап-домалап кетеді. Өзі майданға аттанғанда талпынып қалған нәрестесі енді жүгіріп алдымнан шығады деп, көкірегін қуаныш кернеп, көңілі алып-ұшып келіп еді. Арқасына асынған жол-қапшығында баласына деп алған ойыншықтары да бар. Енді міне адыра қалды бәрі де.

Ақжолдың іші-бауыры қызып, күйіп бара жатқандай сезілді. Танауы қусырылып, тынысы тарылғандай боп, таңдайы құрғақсыды. Шинелінің, гимнастеркесінің көкірек түймелерін қолы дірілдеп ағытып, алдан ескен күзгі салқын желге ашық оңырауын тосты. Ішінен оттай ыстық дем шығарып, ауыр күрсінді.

Құлшәрия ығымен бұрылып қарады да, Ақжолдың қиналып отырған қалпын көріп, жұбату айтты.

— Мырзажігіт (қайын жұртының атын атамайтын бұрынғы қазақ әйелдерінің дағдысынша Құлшәрия Ақжолды осылай атайтын), өзің де жау оғынан жаралы қайттың, катты күйзеле бермей сабыр ет. Өлген тірілмейді. Жасың — жас, келешегің бар, шүкірлік қыл. Басқа түскен іске көнбеске болмайды,— деді. Көмейінде тағы да бір сөздер лықылдап тұрған сияқты. Бірақ, іркіп қалды.

Құлшәрия әр нәрсені күні бұрын ойлап, алдын-ала қам-харекет жасап отыратын әйел еді. Ақжолдан үйге қайтатындығы жөнінде телеграмма келген сағаттан бастап-ақ, ол қайнысын қалай қарсы алудың, оған баласының қазасы туралы қаралы хабарды қайтіп естіртудің, әйелі жайындағы көп-көп әңгімені қай ретпен білдірудің

қисынын жатпай-тұрмай ойланды. Ақыры, Ақжолдың алдынан өзінің көлік алып қарсы шыққанын, қайнысына бар сұмдықты ел көзінен оңашада көрісіп жылап естірткенді мақұл көрді.

Осыдан кейін, қашаннан бергі әдеті бойынша, күйеуінен жөн сұрап ақылдасқан боп отырып, оған өз ойын құптатып алған болатын.

Қайнысына жылап көрісу үстінде әйел сол қорытқан ойын ащы зармен түгел ақтарып өтуге бекінген еді. Бірақ, Ақжолдың шошынып, оқыстан қойған сұрауы оның ойының желісін үзіп жіберді де, Құлшәрия әзірлеп алған сөздерінен жаңылып қалды. Ақжолға баласының өлімін естіртсе де, нәрестенің қай науқастан қалай қайтыс болғанын, оның ажалына анасы жазықты деп, өзінің Күләнді жазғыратынын айта алмады.

Сөйтіп, көрісіп жылаған кезде ағыта алмаған сөзін енді қалай ретін келтіріп қозғаудың ыңғайын таппай Құлшәрия қиналып отыр еді.

— Күлән қайда, үйде ме? Ол байғұс не халде? — деп сұрады Ақжол қарлыққан бәсең үнмен.

— Жүр ғой үйде. Оған құдайдың не пәлесі жолығушы еді,— деді Құлшәрия. Даусынан бір түрлі ызғар білінді.

Ақжол және бір сауал беруге оқталды да, бірақ, тағы да бір жаманат хабар естірмін деп, қорқып тартынды.

— Күлән енді бізге келін болудан кетті ғой. Ел қазір оны жақсы атамайды. Өсек-аяңы басынан асады,— деп, Құлшәрия абысынына кінә таға сөйледі. Осы әңгімеге қалай жағалап келудің орайын таппай отырғанда, Ақжолдың өзі әлгі қойған сұрауымен жетелеп әкеп жолға салып жібергендей болды.

Құлшәрия Күлән туралы көп нәрсені қоңырсытты. Әуелі жұқалап бастады да, бірте-бірте қазбалап, сұмдықты шығара берді. Мұның айтуы рас болса, Күләннің қазір Ақжолға қарар беті жоқ. Үйі барын, ері барын ұмытқан, жеңілтек әйел атанған. Бригадир қайда жұмсаса, сонда барады; қайда қонғысы келсе, сонда қонады. Жұрт көзінен каймығу дегенді қойған. Үлкенді — үлкен деп, кішіні — кіші деп сыйлауды ұмытқан. Өзі сондай шайпау, көкайыл боп алған, басынан бір ауыз сөз асырмайды. Абысыны Құлшәрияны де, қайын ағасы Сәдуақасты да беттен алып, маңына бастырмай қойған. Көрші отырса да, бұлардың үйіне бас сұқпайтын көрінеді.

Күләнді осылай деп жазғырғанда, Күлшәрия оны құр жадағай жамандай бермеді, «өз көзіммен көрдім, өз құлағыммен естідім» деп, айтқандарына айғақ келтіре сөйледі. Оның әр сөзі Ақжолдың жүрегіне бір-бір ине боп шаншыла берді...

— Әл үстінде жатқан баласын да жөндеп бақпады ғой сайқал. Бишара сәби ажалынан бұрын өлді,— деп Күлшәрия тағы да бір сұмдықты айта бергенде:

— Қысқарт! Жетті! — деп, ақырып жіберді Ақжол.

Күлшәрия селк ете түсті. Қайнысына басын жалт бұрып қарағанда, Ақжолдың шоқтай жайнап ұшқындап тұрған көзін көріп сасып қалды.

— Ойбай-ай, енді қайтейін! Түсің бұзылып кетті ғой, Мырзажігіт-ай,— деді абыржып.


— Айда атыңды! Жеткіз тезірек үйіме! — деп тістеніп әмір етті Ақжол.

Күлшәрия божыны қағып-қағып қалып, ұзын көк шыбығымен атты сауырға салып жіберді. Ат ышқынып, арбаны лықтып қап, даңғыл қара жолды дүрсілдетіп, катты желіп кетті. Күлшәрия енді божыны мығымдап ұстап, атты осы жүрісінен тандырмауға тырысты. Дыбыстап, шыбығын сусылдатып үйіріп-үйіріп қояды. Қайнысына көзінің қиығын бір-екі рет аударып еді, Ақжолдың біртүрлі сұстанып, түйіліп отырғанын байқады. Согысқа кірген, қырғынға қатысқан кісінің қаны бұзылады дегенді Күлшәрия көп естіген. Бірақ, ондай адамның кәріне әзір ұшырап көрмеген еді. Енді Ақжолдың сұрланған сұсынан шошып: «мырзажігіттің қаны бұзылған екен»,— деді ішінен. Қоңіліне секем ала бастады. Ақжолдың: «Жеткіз тезірек үйіме!» деген әмірінен сескенді.

Ол қайнысын оның үйіне емес, өздерінің үйіне әкеліп түсіруі керек еді. Ері Сәдуақас екеуі осылай жоспар құрған. Ақжолдың алдынан көлік алып шығарында Күлшәрия ауылдың біраз әйелдеріне осы хабарды таратып та кеткен. Майданнан оралып келе жатқан жаралы жауынгерді күткен ауылдың кәрі-жасы, сондықтан да, Ақжолдың ағасының үйінде жиналып отырғаны хақ.

Күлшәрия қайнысын бірбеткей, әрі ызақор адам деп есептейтін бұрыннан. Ақжолдың тік сөйлейтін, шапшаң ашуланатын мінезіне қарап солай түсінетін. Енді соғыстан қаны бұзылып қайтқаннан кейін, әрі жаудың оғы тиген адам, мінез-құлқы мүлде бүлініп кеткен шығар.





Жеңгесінің ыркына көнбей, өзінің үйіне бір-ақ барып түссе, сұмдық пәле сонда болар. Бұрсанған ашу-ыза үстінде әйеліне бір зақым жасамаса неғысын? Күлшәрия осыдан қорықты. Ауылға жақындаған сайын күдігі ұлғая түсті.

Бозарып таң атып келеді. Қарауытып үйлер көрінді. Бір-біріне ұласа, созыла шыққан әтештердің үндері естілді. Үрген иттер даусы құлаққа келеді.

Ауылға таялғанда Күлшәрия аттың басын оңға бұрып, өздерінің мекен-жайларына қарай жолсызбен төтелей тартты. Ондағы ойы — көлікті өз үйінің қақпасына әкеп тіреу еді. Осы жақтан келгенде, әуелі Сәдуақастың үйі жолда тұрады да, оның ық жағында Ақжолдың үй-жайы бар. Оған алдыңғы үйді айналып өтеді.

Арба Сәдуақастың үйіне жақындай бергенде, үлкен қақпа алдында жиылып тұрған адамдар қарсы жүгірді. Жұрттың бәрінен бұрын Сәдуақастың он үш жасар Сәду дейтін ұлы жетіп, арбаға қарғып мініп, Ақжолдың мойнына асыла кетті. Жаралы жауынгер сау қолымен баланы қатты қысып құшақтап, екі бетінен құшырланып сүйді де, көкірегіне басып, тамағынан ұзақ иіскеді.

— Өй, ақмақ, босатсаңшы ағаңды, арбадан түсуіне мұрсат берсеңші,— деп, біреу баланы қолынан тартты.

Ақжол ақырын қозғалып арбадан түсе бергенде, Сәдуақас еңкілдеп жылап кеп, інісін айқара құшақтады.

— Аман-есен көрісетін күн бар екен ғой, бауырым,— деп даусы қалтырап, әзер сөйледі.

Ақжолдың да көзінен жас домалап кетті. Буындары дірілдеді. Ол көңілінің босап тұрғанын білдірмеуге тырысып: «Тірі келдік, өздеріңді көрдік, ендігі жылаудың керегі жоқ»,— деп, ағасын өзі жұбатты. Іші уланып, жүрегі езіліп тұрса да, даусы қалтырамады. «Япырай, Мырзажігіттің өзі қатал екен ғой», деп ойлап өтті Күлшәрия. Ақжолдың жолда келе жатқандағы сұсты кейпін көз алдына келтірді, айтқан ызғарлы сөзін есіне түсірді. Ол Ақжолға қай қақпаның қасына кеп тоқтағанын аңғартуға үлгіртпей, өздерінің үйіне тезірек кіргізіп жіберуге асықты. «Үйге бір кіргесін тұра жөнелмес. Жұрттың бәрі мұның ағасының үйіне келіп жатқанын көрген соң, өзі де шыға алмас, байланып қалар»,— деп ойлады.

— Ағайындар-ау, жол ашып үйге таман өткізсеңдерші! Жол соқты боп келген кісі, өзі жаралы адам, күздің мына қара суығының өтінде тұра бермей, үйге кірсін, бо-

йы жылынсын! — деп, Күлшәрия тұрғандарды екі жаққа айырып, өзі алға түсіп, Ақжолдарды үйге қарай бастап жүрді. Табалдырыққа көтерілгенде, есікті шалқайта ашып, үйге алдымен қайнысын кіргізді де, содан кейін басқаларға жол беріп, өзі кейін шегінді. «Сәдудің әкесі, бері жүрші»,— деп, Сәдуақасты оңашалап, бір жайларды еріне мықтап тапсырды да, ас-судың жабдығына кірісетін боп, шошалаға еніп кетті.

Сәдуақастың үлкен жалғыз бөлмелі ағаш үйі көп қонақтың келуін күткендей жинақы екен. Еденінен төріне дейін жағалай алаша, текемет төселген. Бұл төсеніштердің үстінен, іргеге тақай, құрақ көрпе, оюлы сырмақ жайылған. Оң босаға жақтағы жүкаяққа осы үйдің бар көзге тартар мүлкі сәндеп жиылыпты.

Үлкендер төрге шығып жайғасқаннан кейін, Ақжол солардың шет жағын ала отырды. Келгендер оған әрі майданнан есен-сау оралғанына шүкіршілік айтып, әрі ол жоқта қайтқан баласының қазасына көңіл білдіріп жатыр. Жаралы жігітті жұбатып, жанына медеу болар сөздер айтылды. Осыдан соң үлкендер енді Ақжолдың өз халін, саулық жайын білмек боп, одан қандай жағдайда калай жараланғанын, госпитальда жасалған ем-домның жөнін, қазір саламаттығы қай күйде екендігін сұрастырды. Соғыстың беталысы, екі жақтың қимылы турасында соны хабар білгілері келді.

Ақжол тікелей қойылған сұрауларға ғана, ақырын дауыспен, қысқаша жауап қайтарып отырды. Қазір әңгіме айтатын күйі жоқ, бірақ, мұның аузынан шығар әр сөзді ынтыға күтіп, сілтідей тына қалған ағайынға үндемей жауапсыз қалу да қиын. Сөздің орай-орайында ағайындар да, мұндағы — ауылдағы жағдай-күйді білдіріп өтті. Бұлардың да бастарына түскен салмақ жеңіл емес. Шағын ауылдың іске татыр барша ер азаматы әскерге алыныпты да, солардың бүкіл жұмысын, бар ауыртпалықты кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға арқалап қалған. Майданда жараланып, Ақжолдан бұрын ауылдың екі-ақ жігіті келіпті, екеуі де қол-аяқтан айрылып, еңбекке жарамсыз мүгедек боп оралыпты. Ал, төртбес үй, азаматтары соғыста қаза тауып, қаралы хабар алыпты. Бұл жерлестерінің есімдерін естігенде, Ақжолдың тұла бойы мұздап, бүкіл денесі бір түрлі қалтырады. Еңкейіп, басын алақанына сүйеп, ұзақ үнсіз отырып қалды.

Осы кезде үйге Күлшәрия кіріп, шай жасаймын деп хабар берді. Оның арғы жағынан қолына дастарқан ұстаған, табақ, шара көтерген екі-үш әйел көрінді. Сәдуақас ләген мен құман алып, екі жарыла отырған кісілерді жағалай жүріп, қолдарын шайдырып өтті. Күлшәрия жерге дастарқан жайды. Екінші әйел дастарқан бойына созылтып, құрт, ірімшік аралас бауырсақ төкті. Және бір әйел екі иінінен буы бұрқыраған үлкен сары самауырды қос құлағынан көтеріп әкеп, пештің алдына қойды да, өзі сол араға жайғасып, қонақтарға шай құюға кірісті.

Ақжол алдына қойылған кесені ептеп көтеріп, шайдан ұрттай бергенде, сыртта зарлап жылаған бір әйелдің даусы шықты. Жаралы жауынгер кесені қолынан түсіріп ала жаздап, жерге қайта қойды. Зарлы дауыс есік алдынан естілді. Жоқтау айтып, аңырап, боздап келеді. Сарыны сай-сүйекті сырқыратқандай.

— Бишара болған Сақып кемпір ғой, осыдан бір жеті бұрын жалғыз баласынан қара қағаз келген,— деді Сәдуақас.

Есік ашылды. Дауыс сап зарлаған Сақыпты бір әйел қолтығынан сүйемелдеп келеді екен. Іші-бауыры айықпас қайғыға өртенген сорлы кемпір аяғын әзер басып, есіктен теңселіп жылап кіріп келе жатқанда, Ақжол дастарқанның бір шетін қайырып жіберіп, орнынан шапшаң ұшып түрегеліп, қарсы ұмтылды.

Сақып Ақжолға ұзақ көрісіп жылады. Басының қасірет-шерін, жалғыз баласынан айрылып, қартайған шағында у жұтып сорлап қалған ғаріп екенін зар ғып төгеді. Жүрегі езіліп, ұлын жоқтайды. «Бірге кетіп едіңдер ғой, менің Әділғазым қайда?» деп, аһ ұрып, аңырап сұрайды. Отырған үлкендер кемпірге тоқтау айтып, сабырлық тілеп, зорға жұбатты.

Сақып жалғызілікті әйел еді. Өзінің де, ертеректе дүние салған ерінің де бірге туысқан ағайындары жоқ-ты. Әділғазыдан басқа, ұзатылған бір қызы бар еді, бұдан екі жыл бұрын ол да көкірек науқасынан қайтыс болған. Бар үміт артқаны жалғыз ұлы еді, енді одан айрылған соң, бұтағы солып, жапырағы құрап, түп-тұлдыр боп қалған ағаштай қуарып қалды.

Сақып кемпірдің ұлы Әділғазы Ақжолмен түйдей құрдас болатын. Екеуі кішкентайларынан құлын-тайдай тебісіп бірге өсті. Әділғазы үйленіп үлгірген жоқ еді, «биыл қайткенде де шешемнің қолына келін кіргізіп бер-

месем болатын емес» деп, үйленуге қамданып жүргенде тұтқылдан соғыс басталып кетті де, ауылдың әскерге еңалдымен шақырылған жігіттерінің қатарына ол да ілікті. Бәрі ауылдан бірге аттанды. Сақып кемпір жалғыз сүйеніші — ұлын алыс қиын сапарға шығарып сап тұрса да, сонда басқа әйелдерше дауыс сап жыламап еді. «Қандай қайратты кісі!» — деп, Ақжол ішінен таңданған-ды.

Ал, Сақып кемпірдің кеудесінен тек шықпаған жаны тұрған. Бірақ, жалғыз ұлым жүдеп аттанбасын деп, өзіне өзі қайрат беріп, буынын бекіткен. Ақжол мен Әділғазының жүктері бір арбаға салынған еді. Ақтық рет қоштасарда Сақып кемпір екеуін беттерінен кезек сүйіп, ақ тілеуін айтты. «Біріңе-бірің бас-көз боп жүріңдер», деп тапсырды. Иегі кемсеңдеп, көзінің жасын жаулығының етегімен сүртті. Арба орнынан қозғалып жылжи жөнелгенде, Сақып кемпір, теңселектеп құлап кете жаздады, бір әйел оны қолтығынан демеп сүйей берді. Ақжол мұны анық көріп еді. «Мықты бол, апа! Жауды жеңіп, Әділғазы екеуміз осы қалпымызда құшақтасып бірге ораламыз!» — деп дауыстады қайрат беріп.

Ауылдан аттанғанда, Ақжол мен Әділғазы — екеуі де бір-бірімізден жұбымызды жазбаспыз деп ойлаған-ды. Бірақ, облыс орталығына жиылып, соңғы әскери байқаудан өткенде, Әділғазы атқыштар полкіне жіберілді де, Ақжол басқа бөлімде қалдырылды. Келесі күні Әділғазылардың полкі күнбатысқа жүріп кетті. Ал, Ақжолдардың бөлімшесі, жоғарыдан арнайы бұйрық келгенше, облыс орталығына кідіріп, әскери дайындықты осы жерде өтетін болды.

Олар бұл қалада бір айдай тұрақтады. Майданға осы арадан тікелей аттануға жарлық келді. Қай күні жүретіндіктері белгілі болғаннан кейін, Ақжол телеграмма соғып, үйіне хабар берген. Ерімен соңғы рет қоштасып қалу үшін, телеграмманы алысымен іле-шала үйден шыққан Күлән, Ақжолдың жүруіне жарты сағат қалғанда станцияға жетіп үлгірген еді. Майданға аттанып бара жатқан туыстарымен қоштасып, көрісіп, жыласып, ығы-жығы болған қалың жұрттың арасымен кимелей ілгері ұмтылып, ол составтың бір шетінен түсіп алып, жағалап, жанұшырып келе жатыр еді. Кеудесіне басып, көтеріп алған баласы бар. Ақжол тек жүретіндігін ғана хабарлаған-ды, әйелін келеді деп ойламаған. Сондықтан

перронға шықпай, вагонның есігінен ғана қарап тұрған. Бір мезетте жұрттың арасынан: «Ақжол!» деп айқай салған таныс дауыс шыққанда, ол әуелі алақ-жұлақ етіп қалды. Өзіне қарай ұмтылып келе жатқан, бала көтерген әйелін көзі шалды. Жерге қарғып түсіп, жүгіріп келіп, әйелі мен баласын құшақтай алды.

— Жаным-ау, сонша жерден қалай кеп қалдың? Құс боп ұшып жеттіңдер ме? — дейді қуана сұрап.

Күлән демін алқына алып, тек күлімсірей берді.

— Әділғазы қайда? Қасында ма? — деп сұрады.

Ақжол оның жөнін айтты.

— Қәрі кісіге жол жүру оңай ма, Сақып шешейдің де ұшарға қанаты болмай зорға қалып еді,— деді Күлән. Сосын, қарына ілген дорбасынан екі түйіншек алды.— Мынаның бірі — саған арнаған біздің дәміміз. Ал, мынау,— деді ортасынан көк жіппен таңылған түйіншекті көрсетіп,— Сақып шешейдің баласына берген сәлемдемесі еді. Дәмді кері қайтарған жаман ырым ғой, бір жерде болмаса бір жерде әйтеуір бір кезігерсің, сонда Әділғазыға өз қолыңнан табыс қыл. Шешеңнің жіберген дәмі де...

Ақжол түйіншекті көп уақытқа дейін сақтады. Бірақ, Әділғазыға кездеспеді, табыс ете алмады. Ақыры, дәмнің бұзылған исі шыға бастағаннан кейін, енді сақтауға келмейтін болған соң, оны көң-қоқырдың арасына лақтырып тастамай, адам аяғы аз басатын жерге көмді.

Ақжол қиналып отырып осы әңгімені айтқанда, Сақып кемпір: «Құлыным-ай, апаңның ең соңғы дәмі де бұйырмаған екен ғой», деп, тағы да көңілі босап, егіліп кетті...

## III

Майданнан оралған жаралы жауынгерге сәлемдескелі жұрт бірінен соң бірі келіп жатты. Күлшәрияның таңертең жайған дастарқаны одан кейін де бес рет жайылды; жиналған кісілердің әр жаңа тобына жаңалап шай жасалып, дәм берілді. Бір жағынан жол соқты болған, әрі келген бойда оқыс ауыр қайғыға тағдыр душар еткен Ақжол өзінің өте шаршап, әлсіреп отырғанын сезсе де, бойын бекітіп ұстады. «Қайғыңа біз де ортақпыз», деп, ағайын қаншалық көңіл білдірсе де, әркімнің өз қайғысы өзіне қаттырақ батады ғой. Жүрегін езген қайғыға жаралы жауынгердің қазір табар дәруі жоқ. Бірақ, ауыр

шер тек мұның ғана басына түсіп отыр ма? Ақжолдың шағын ғана аулының талай семьясы соғыста бауырларынан айрылып, қара жамылып, зар еңіреп қалыпты. Сақып кемпірдей қаусаған көрінің қайғысына бұ жалғанда ем табылар ма? Ақжол өз қасіретінің уын жұтып отырып, бір ауық осы халді ойлағанда, өңі сұрлана құбылып, қатты қиналып, маңдайынан салқын тер шұбырды. Оның ауырлап отырғанын Күлшәрия ерте байқап еді. Дәл қазір: «Ағайындар, әңгімені жалғастыруға ертең де күн бар ғой. Мырзажігіт шаршады, дем алсын»,— деп қалды жұртқа.

Отырғандар бұл сөзді мақұл көріп, құптасып, кетуге ыңғайланып орындарынан қозғала бастағанда, Ақжол: «жұртты қуғандай бұл неткенің?» дегендей қабақ танытып, жеңгесіне бұрылып, салқын көзбен қарады.

Әл кісілердің соңынан сыртқа шығып еді. Үйде отырып байқамаған екен, кеш батып, дала қараңғы тартып қалыпты. Аспан түнеріңкі. Теріскейден қатқыл жел соғып тұр. Жылы үйден гимнастеркешең жеңіл шыққан Ақжолдың денесі сәл тітіренді. Бірақ, күйіп тұрған тұла бойы осы салқынды тілегендей еді. Күздің түнгі суық желіне ашық омырауын, бетін беріп, қарсы жүріңкіреп барып тоқтады. Қозғалысы ауырлап, денесі сал-сал боп шаршаған. Басы да зеңетіндей. Мына суық жел, салқын ауа тынысын кеңейтіңкіреді.

Әр үйдің терезесінен жылтыраған от көрінеді. Сол әлсіз сәулеге қарап, қай үйдің кімдікі екенін тануға болады. Мына бір үйдің терезесінен неге шырақ көрінбеді? Маңайынан қыбырлаған не адам, не мал көзге түспей, жым-жырт тұрғаны қалай? Тіршілік белгісі неге білінбейді?

Ақжол қабағы түйіліп, қадалып қарай берді. Өзінің үйі. Тақтай шатырлы, кішірек қана ағаш үй. Бір қабырғасына жапсыра салынған шағын қора; бұған жалғаса көтерілген шошала. Осы мекен-жайды, соғыс басталардан бір жыл бұрын, Ақжол мен Күлән екеуі, ешкімнің жәрдем-көмегінсіз, өздері-ақ оп-оңай салып алған; қыста керек-жарақ жабдығын түгел жинап әзірлеп қамдады да, жазда үйді де, қора-қопсыны да, жұртты таң қалдырып, ілезде көтере қойған.

Ақжол өз алдына отау тігіп бөлініп шыққанша, Сәдуақас ағасының үйінде тұрған еді. Күлән келін боп осы үйге түскен. Інісі жеке жай салуға ниет еткенде, ағасы

мен жеңгесі оған осы біздің үйге үш қабырға жалғап, бір бөлме қосайық та, бәріміз бірге тұра берейік деп ұсыныс қылған еді. Мұны жас келін де теріс көрмеген, тек Ақжол көнбеген. «Бүгін тату-тәтті отырғанмен, ертең абысының екеуің оп-оңай-ақ шекісіп қаласыңдар» — деп, келіншегіне ол оңашада дәлел айтқан. «О не дегенің? Бізге не жетпейді, неге шекісеміз?» — деп таңданған Күлән. «Шекісетін себебің мынау: Олардың балалары бар ма — бар. Ертең біздің де баламыз бола ма — болады. Бала мен бала қағыспай тұра ма — тұрмайды. Міне, сонда, әйелдер баланың арасына түседі де бір-бірімен шекісіп қалады, жүз жыртысады. Дүниеде ағайынмен араздасқаннан жаман да, азапты да нәрсе жоқ. Енді ұқтың ба мәністі?!» — деп, Ақжол келіншегіне күліп түсіндірген-ді. Күлән ұқтым дегенін жанарынан танытып, нұрлы көзі күлімсіреп төмен қараған. Жас жұбайлар өздеріне үй-жай салып алудың жағдайын сол күні ұзақ ақылдасып, ендігі жылы осы уақытта қайткенде де өз отауымыздан түтін түтетіп отырайық деп бел буысқан-ды.

Бұл — күз айында, осындай салқын кеште болған әңгіме еді. Қазір сол сөздер еске түсті. Ақжол өз үйінен көзін тайдыра алмады. Көз біресе үйдің бұрыш-бұрышына, қабырғаларына, шатырға қадалады, біресе, қораның жан-жағын, төбені, шошаланы шолады. Бәрі де өз қалпында. Еш өзгерісі, бүлінгені жоқ. Қақпа алдындағы ат байлайтын аша да орнында тұр. Көзге оттай ыстық ұшырады бәрі де. Бәрі де Ақжолдың өз қолымен орнатқаны ғой!

Бұлардың әкесі өте шебер болған кісі еді. Ақжол балта шабуды, ағаштан не бір бұйым жасауды, үй бұрауды сол әкесінің қасында жүріп жасынан үйренген. Сәдуақас екеуі бір кісінің баласы болса да, ағасына бұл өнер дарымады да, ал, Ақжол әкесіне тартқан шебер боп шықты. Ауылда талай кісіге көмегін, қолқабысын тигізген, бірақ, ешкімнен ақы алып, еңбегін сатып жұмыс істеп көрген жоқ-ты. Өз бетінше ең алғаш бұраған үйі — өз отауы болды. Мұның ілезде салып алған үйінің, мекен-жайының әдемілігі жұртты қатты қызықтырды. Талай кісілер ақысын ұсынып, бізге де үй бұрап бер деп, оны кейін көп қолқалады. Ақжол біреуіне де көнген жоқ, бас тартты. Қолхозда істеп отырған жұмысы барын, қолы тимейтіндігін сылтау етті. Ал, шын себебі — тек ақша табу үшін біреуге жалданып жұмыс қылуды іштей ма-

құл көрмеген еді. Ал, өз үй-жайын салғанда ол өзінен ақы сұраған жоқ, ешкімнің көмегін де қажетсінбеді, бірде кеште, бірде ертемен қимылдап, ісін бірте-бірте тындыра берді. Бөренелерді қиғанда — араның бір құлағын әйелі ұстайды, жоғарыға шығарғанда да — ағаштың бір басына Күлән ие болады. Екеуіне бұл үй бұрау жұмысы тіпті жеңіл, әрі қызық көрінді. Қарлығаштың тұмсығымен балшық тасып, ұяны қалай салатынын әңгіме етіп, өздерінің ісін сол құстың харекетіне ұқсатып күліседі. Үйдің төрт қабырғасы ілезде қалай қалқайып шыға келгенін екеуі де сезбей қалды.

— Міне енді біздің де үйіміз бар! — деп, қуанып дауыстап жіберді Ақжол.

— Әр ағашына екеуміздің де маңдайымыздан тамған тер сіңді. Тек қуаныш пен бақыттың ғана ұясы болады бұл үйіміз! — деп, Күлән еріне қарап күлімсіреді.

Сол ұя енді жамандық үңгіріне айналып қалғаны ма? Терезесінен шам жарығы неге көрінбейді? Ішінде қамалып тұрған, қараңғы түндей сұмдық бар ма? Күлән қазір үйде жатыр ма, түзде ме? Қарасы неге көрінбейді, дыбысы неге сезілмейді? Күлшәрия айтқан сөздің бәрі рас болғандықтан, беті күйіп, інге тығылған қосаяқтай бұғып жатыр ма әлде? Олай болса, ініне су құйып шығару керек.

Ақжол ойы мұздап, жұдырығы түйіліп, үйіне қарай екі-үш қадам аттап қалды.

— Мырзажігіт, далада көп тұрып қалдың ғой, суық тиер, үйге кір,— деп, оң жағынан шыққан Күлшәрияның даусын естіп тоқтады. Амалсыз бұрылып, жеңгесінің тұрған жағына қарай ақырын қозғалды.

Үйге кірісімен ол сырт киімдерін үн-түнсіз шешініп, төрге өзіне арналып салынған төсекке барып жатты да, көрпемен басын бүркеніп алды. Күлшәрия аяғын ұшынан басып кеп, пештің ығында сығырайып жанып тұрған керосин шамды өшіріп, шығып кетті.

Ол шошаладағы шаруаларын тындырып, ыдыс-аяқты жуып, ошақтың астының отын сөндіріп қайта оралғанда, Ақжолдың еш қыбыры білінбеді.

— Мырзажігіт ұйықтады ма? — деді әйел еріне күбірлеп.

— Көзі ілінді ғой деймін,— деді Сәдуақас.

— Жаны тыным алсын. Бұған енді өте қиын тиетін болды-ау, отағасы.

— Не лаж бар? Тағдыр басқа салған соң бәріне де көнеді.

— Күләні құрғырдың көзге күйік боп бүйтіп үйде отырғанынан біреуге тиіп кеткені жақсы еді ғой.

Сәдуақас үндемеді, келіні жөнінде ештеме демеді.

— Мырзажігіттің қайғысының үстіне қайғы қосатын болды ғой енді бұл қатын. Жер жұтып әкетпесе, қарасы өшуші ме еді оның! — деді Құлшәрия.

— Сен енді қой бұл сөзді. Ақжол бала емес, өз жөнін өзі біледі. Қалай етеді, не істейді — өзі шешсін,— деді Сәдуақас.

— Бұ не дегенің? Мырзажігіт сенің жатың ба, ағасы емеспісің. Оған біз ақыл бермегенде, кім береді?! Оның қамын біз ойламағанда, кім ойлайды?! Қайдағы жоқты айтады ғой, о несі! — деп кейіді Құлшәрия...

Ақжол ояу еді, бірақ, бұл екеуінің бір сөзін де естіген жоқ. Оны қалың ой меңдеген. Әуелі әр нәрсе есіне бір түсіп, ойы шашырап біраз жатты да, енді бір-біріне ұласа қалыңдап, қабат-қабат боп, ақ жауынның сұр бұлтындай тұтасып алған ауыр ойдың қоршауында қалды. Көз алдына біресе баласы, біресе әйелі Күлән елестейді. Құлшәрияның жолда Күлән жайында айтқан сұмдық сөздері есіне қайта-қайта түсе береді. Рас па екен? Күлән шынында да дәл соның айтқанындай төмендеп, азғындап кеткені ме? Ақжолдың көңілі сене алмайды. Күләннің бүкіл мінезі, сөзі, қылығы — бар сипаты көзіне елестеп өтті: кіршіксіз, мөлдір, нәзік...

Күлән де — осы Ақжол туып-өскен ауылдың қызы. Аға-іні, апа-сіңлілері бар; әке-шешесі шаруа баққан момын ғана адамдар. Бұл үйдің тұйықтау, жуас басқа балаларына қарағанда, Күлән мінезі өзгешелеу боп өсті. Өжет, пысық, айтқанынан қайтпайтын қайсар болды; ер балалардың өзін де ұрып жылатып жіберетін. Кіндік шешесі адуын адам еді. Ата-анасы Күләнді соған тартқан дейтін. Бұған Күлән мәз болатын, үдей түсетін. Кейін ол бой жетіп, есейе келе, ата-анасының күліп айтатын әлгі сөзі мақтау емес екендігін түсініп, адуын әйел атанған кіндік шешесіне ұқсамауға тырысты. Сұңғақтау келген түзу дене бітіміне, сөйлеген кезде екі бетінің ұшына сәл қызғылт бояу тарап, көзі күлімдеп тұратын сүйкімді жылы шырайына соншалық үйлесімді біртүрлі бір нәзік мінез бойына үйірілді. Бірақ, бала кезіндегі өжеттігі, батылдығы жоғалған жоқ. Сөзбен қағысқанда, әзілдес-

кенде, бозбалаларды аттатпай, іліп түйреп тастай беретін. Үйдегі-түздегі шаруаға да пысық еді, қолы да іс біледі.

Ақжол Күләнді сыртынан ұнатып жүрді. Бірақ, сөз айтқан екі жігітті қыздың кекеп-мұқап, көп жастар отырған бір жиында шайқы мазаққа айналдырғанын өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген Ақжол, мен де солардың кебін киіп қалармын деп, жүректегі сезімін жасырып, өзін тежеп ұстады. Ал, жүректегі сезім ұлғая берді...

Бір күні Ақжол өзінің ең жақын сырлас досына осы халін білдіріп, Күләнді көптен сүйетіндігін, оған шын ғашық екендігін айтты. Ал, қыздың көңілі кімге ауады? Ақжолды ұната ма, әлде алғашқы екі жігіттей ғып мұны да келемеж ете ме? Ақжол досынан қыздың көңілін барлап бер деп өтінді.

Досы оның бұл тілегін сол сағатта-ақ орындады. Алқынып, қуанып жүгіріп кеп, жолдасына хабарды дереу жеткізді. Ол Ақжолдың қасынан жөнелген бойында, тура қыздың үйіне барыпты. Күлән ағаш ұсақтап, есік алдында самауыр қойып жүр екен. Құрбысының бірдеңе дегісі кеп қыбыжықтап тұрған ыңғайын аңғарды да: «Иә, айта бер, құлағым сенде»,— дейді самауырға шоқ салып жатып. Жігіт абдырап, қалай дерін біле алмай, негізгі сөзді бірден қойып қалады. Қыз сақылдап күліп ала жөнеледі.

— Сен не дедің оған? — деп, асығып сұрады Ақжол.

— Сенде Ақжолдың көңілі бар көрінеді дедім. Аузыма басқа сөз түспей қалды,— деп, досы шынын айтты.

— Ол не деді? — Ақжолдың жүрегі лүпілдеп, аузына тығылды.

— Күлкісін тез тиып, жалт бұрылып, көзіме тік қарап: «Сен оның жеңгесімісің? Аузы жоқ па өзінің?» — деді де, қабағын тарс түйіп алып, үйіне еніп кетті,— деді досы.

«Оның сақылдап күлгені несі екен? — деп ойлады Ақжол оңашада.— Мені мазақ еткені ме? Әлде досымның аузына сөз түспей, абдырағанын қызық көрді ме? Сірә, мені мазақтағаны болу керек...»

Ақжол қызға сөз айтуға өзі бата алмай, біреуді жұмсағанына ішінен өкінді. Жайшылықта қуақыланып жүретін әзілкеш досының қыз алдында абдырап құдай ұрғанын қарашы! Келгендегі мақсатын, төбеден қойып

қалғандай ғып, тоқ еткізіп айтпай, мәселені төңіректей сөйлеп, қыз көңілін абайлап барламас па?! Ақжолды оның қалай көретінін, сөйтіп, ептеп білуі керек емес пе?! Ебі кетіп, сөз таппай, Ақжолдың бар жоспарын бұлдірді де келді.

Бірақ, Ақжол досын емес, өзін жазғырды. Осының бәріне басшы болған өзі ғой. Бұл қыз енді Ақжолды да жұрт көзінше әжуалап, сайқы мазақ етері хақ. Сөз сүйектен өтеді, дүниеде улы тілден жаман не бар?!

Ақжол Күләнмен жүзбе-жүз кездесуден жалтарып жүрді, оның үйінің тұсына жақындамай, алыстан орағытып өтетін болды. Өзінің қылығына ұялды.

Бір жолы ол ойға шомып келе жатып, қыздың үйінің дәл қақпасының алдына кеп қалғанын аңғармады. Құдықтан су әкелуге, иығына күйенте салып, нақ сол мезетте қақпадан шыға келген Күлән Ақжолды кенет көріп, жалт беріп, қораға қайтадан жүгіріп еніп кетті. Жігіт аңырып тұрып қалды. Қыздың жалт етіп бұрылғанда, ернін тістеп, жымия жөнелгенін анық көрді. «Мұнысы несі? Бұл қандай сықыры?»

Осы жағдайды Ақжол кейін де талай байқады. Мұның қарасы көріне берген кезде, қыз тұрған жерінен суси жөнеледі, бойын тасалайды; Ақжолдан біртүрлі ұялатын секілденеді. Жігіт енді, бұрынғыдай емес, батылдана түсті. Бір күні, бір жұмысты сылтау ғып, қыздың үйіне әдейі барды. Күлән мен оның шешесі ғана үйде екен. Терезе алдында қол машинамен іс тігіп отырған Күләннің ақшыл өңі есіктен Ақжол кіріп келе жатқанда лап етіп қызарды. Жігіт мұны анық байқады. Өзінің де беті ду етіп, тұла бойы ысып кетті. Жүрегінің лүп-лүп етіп, соғысы жиілегенін сезді.

Күләннің шешесі қыз бен жігіттің өңінен көрінген бұл құбылыстарды байқаған жоқ; Ақжолдың келген шаруасының жөнін білді де, жайымен жауап қайтарды. Кетуге ыңғайланып есікке бұрылған Ақжолды тоқтатып: «Біздің үйге сирек келетін бала едің. Қымыз құяйын, дәм татып кет, шырағым»,— деді. Оң жағында бұрышта жабулы тұрған үлкен көк шараның бетін ашып, имек, сырлы ожаумен сапырып, кәрлен кесеге мөлтілдетіп қымыз құйды. «Күлән, әперіп жібер», деп, қызын жұмсады.

Күлән жылдам түрегеліп, шешесінің қолынан кесені алып, екі жақ бүйірінен екі алақанымен ептеп қана қысып ұстап, сыпайы қозғалып кеп Ақжолға ұсынды.

Оның қолынан кесені ала бергенде жігіт қыздың бетіне қарап еді; Күлән астыңғы ернін жымқырып, жанарын төмен салып, көзін жоғары көтермеді. Өңі лып етіп қызарып, лып етіп ағарып, реңі біртүрлі құбылды. Қол машинаның қасына, ісін тігуге қайта барғанда, жігіттен жүзін жасырғысы келгендей, бетін терезеге қарата, бір жағына бұрылыңқырай отырды. Оның өңі Ақжолға енді бір қырынан көрінді. Жылтыраған майда қара шашы, ашық кең маңдайы, қырлы мұрны, иегі, жұмыр мойны — бәрі бір-біріне шебер үйлесіп әсем біткен. Басын сәл еңкейтіп иген кезінде тамағының астынан жұқа ғана толқын білінді. Машинаның тұтқасын зырылдатып айналдырғанда оң қолының шынашағы сәл жоғары көтеріліп, білегі бұралып, қимылынан ерекше сұлулық танылды. Ақжол елти қызығып, Күләннің бір қырынан отырған осы қалпына, қолының сәнді қозғалысына қадалып қарап қалды. Көзін тайдыра алар емес.

Күлән бір мезет басын бұрып қап еді. Кесенің ернеуіне ернін ғана тигізіп, сол күйінде қыбыр етпей телміріп қалған Ақжолдың көзіне көзі түсіп кеткенде, бір түрлі қысылып, төмен қарап, ұяла күлімсіреді.

— Қарағым, неге ішпей отырсың, біздің үйдің қымызы жаман болмайтын,— деді Ақжолға Күләннің шешесі.

Қыздан көзін ала алмай елтіп отырғанын жігіт енді ғана сезіп, ұялып, бірақ, сыр бермеуге тырысып, кеседегі қымызды дем алмастан сыңғытып жұтып ішті де, рахмет айтып, үйден тезірек шығып кетті.

Сол күннен бастап ол өзгеше бір халге түсті. Бүкіл бойды билеген ерекше сырлы сезім бар; жүректі елжіретіп лүпіл қақтырады, көңілге толқын салып тербетеді, қиялға ұшқыр қанат бітіріп, Ақжолды шырқау биікке көтеріп алып шығып, ғарышта қалықтатып самғатады. Жас жігіт жан-жағына қуана қарайды, еркелейді, көкіректегі шаттығын сол біктен айқай сап айтқысы келеді. Бұған қазір дүниедегінің бәрі дос,— адам түгіл тау да, орман да, өзен де, көл де — бәрі де соншалық ыстық. Жігіт бәрімен де сырласуға ынтығады. Қаяуы жоқ кіршіксіз таза жас көңілді алып-ұштырып тұрған, жалындаған іңкәрлік бар. Түнде төсекте жатқанда осы сезім жігітті тәтті ойларға шомдырып, көпке дейін ұйқысын келтірмейді. Көзін ашса да, жұмса да көз алдына нұрлы жүзі күлімсіреп тек қана Күлән тұрады; бірде ол жігіттің ығына басын сүйеп, назданып қана отырады, бірде екеуі

қол ұстасып, қияға өрлеп бара жатады. Жолдағы бел-белестер, ор-қырлар, адыр-шатқалдар — бірі де оларға бөгет емес; аяқты жеңіл басып, кідірмей, іркілмей, оңай өте беретін секілденеді.

Ол бір күні Күләнға: «Бүгін кеште өзен жағасында жолығайық. Ойымда көптен сақталған, әбден шираған, айтатын бір сөзім бар. Тек сенің ғана естуің керек»,— деп қағаз жазды да, оны бүктеп, сіріңкенің қорабына ұқыптап салып, бір кішірек баладан беріп жіберді. «Күләннің қолына табыс қыл. Басқа ешкімге берме»,— деп тапсырды. Бала үлкеннің тапсырмасын мүлтіксіз орындап, мақтанышпен оралды.

Ақжол уәделі жерге уақытынан ертерек барып күтті. Өзеннің тар қабағына ұйыса біткен бұйра талдың тасасында, қыздың үй жағынан көзін алмай, қадалып қарады да тұрды. Бір мезгілде қақпадан шығып, бері таман аяңдаған Күлән көрінді. Жігіттің жүрегі дүрс-дүрс соғып, аттай тулап кетті. Ақжол қыздың алдынан қарсы шығарын, яки осы тұрған жерінде күтерін біле алмай, бір олай, бір бұлай құр қозғалақтай берді. Қызды жолығысуға бірінші шақыруы еді.

Күлән жақындағанда төмен қарап жымиды да, жігіттің дәл қасына келгенде басын тәкаппарлана көтеріп, күліп сөз қатты.

— Сен неғып тұрсың бұл жерде? — деді қуақыланып.

Ақжол үнсіз күлімсіреді, тоңған адамдай қолын уқалады.

— Күлән, менің жазған қағазымды алдың ба? — деді демі дірілдеп.

— Қандай қағаз? Не жазып ең? — деп, ол қайтер екен дегендей қыз әдейі таңданды да, сәл кідіріп, күліп, шынын айтты.— Оқыдым. Маған ғана естірткің келген ол қандай сөз?

Ақжол тамағын қырынып, батылданып, қызға жақындай түсіп, оны қолынан ұстамақ болып еді, қыз шегініп кетті.

— Естимін ғой, орныңнан қозғалмай тұрып-ақ айт, бір елі жақындама! — деді көзі күлімдей бұйырып.

Жігіт бөгеліп, сәл күмілжіп тұрды да:

— Күлән! Айтайын деген сөзім... мен сені ұнатамын... Ғашықпын...— деді үнін ақырын ғана шығарып.

Күлімдеп тұрған қыз, екі беті лап етіп қызарып, ұялып қалды, төмен қарады.

— Күлән! Күндіз-түні ойлайтыным бір сен ғана... Екеуміз қосылсақ деп армандаймын...

Қыз төмен қараған қалпы үнсіз тұр.

—... бұ сөзіме қалай қарайсың?.. Жауабың қалай болады?

Қыз үндемейді.

— Мені ұнатасың ба? Шыныңды айтшы!

Қыз басын ақырын ғана изеп қалды да, екі қолымен бетін басып, алды-артына қарамай, келген ізімен жүгіріп кетті...

Осыдан бір ай өткен соң, інісінің тілегі бойынша, Сәдуақас әйелін, өздеріне қараған ағайынның және екі-үш үлкен адамын ертіп барып, қыздың әке-шешесімен сөйлесіп, құда түсісіп қайтты. Екі жақ бірін-бірі шақырысып, құдалықтың жол-жоралғысы жасалды. Сөйтіп арада және бірнеше күн өткеннен кейін, Күлән Ақжолдың ағасының үйіне келін боп түсіп еді.

Күләнді алғашқы күннен бастап-ақ Күлшәрия қатты ұнатқан. Оның тазалығын, шаруаға епті пысықтығын, үлкенді де, кішіні де сыйлағыш әдептілігін Күлшәрия ауылдың қатындарына ылғи мақтанып айтатын. «Келін болса, біздің Күләндай болсын!» — деп шалқитын. Ол Күләнді, оның сыртынан да, көзінше де, Ақжолға да талай мақтап сөйлеген. Әйелін мақтағанды іші ұнатып тұрса да Ақжол кейде: «Жеңеше, келініңді тым дәріптеп жібердің ғой!» — деп күлетін. «Жоқ, Күләнім — алтын келін, бақ келін, ырыс келін! Осы ауылдың бар келіні садаға кетсін бұдан!» — деп, сонда Күлшәрия көтеріле түсетін.

Ақжол әскерге алынып, үйден аттанып кеткенше, жеңгесінің Күләнға берген осы бағасы еш өзгерген жоқ еді. Бұл жоқтағы екі жылдың ішінде сол бағаның бытшыты шығып қалуы қалай? Кешегі мақтаулы келіннің аз уақыт ішінде оңып кетуі қалай? Осы ойдың салмағы Ақжолды көп қинады. Күлшәрия баланың өлімін де Күләннан көріп отыр. Науқастанып жатқанда оған жөндеп қарамады, дұрыстап бақпады дейді.

Ақжолдың көз алдына сәбидің бесікте балбырап ұйықтап жатқан бүлдіршін қалпы елестеді. Жас ана бөпесіне қуанып қарайды, күлімдейді. Ақжол да мекіреніп, бесікке төне берсе, Күлән оған: «Сенің танауың кең, деміңмен сятып жібересің, жақындама!» — дегенді ымдап ұқтырып, ерін кейін қарай жібере береді. Бұған өзі

және де мәз боп масайрап, жымиып күліп тұрады. Ақжол даладан кіргенде, ері үстіндегі сырт киімін шешіп, колы-басын жуып-сүртіп келмейінше оған баланы ұстатпайды. Түнде баланың қыбыр еткен қимылынан оянады. Түн ұйқысы жүз бөлінсе де, ренжуі, кеюі жоқ, балаға деген ыстық махаббатты ғана білдіріп, өцінде нұрлы шұғыла ойнап тұрады. Туғанына төрт-бес ай толғанда нәресте бесікке жатпай қойды. Бесікке бөлесе-ақ болды бұлқынып, зорланып жылайтынды шығарды. Күлән қасына алып жатса, бірден уанады. «Шешем жарықтық айтып отыратын: мен де осындай болыппын, бесікке жатпаппын. Ұлым өзіме тартқан!» — деп, бұған Ақжол мақтанды. Нәрестені екеуінің орталарына алып жатқанды мақұл көрді. Бірақ, мұнысына әйел көнген жоқ. «Сенің жатысың жаман, ұйқылы көзіңмен аунап кетіп, баланың бір жерін ауыртасың»,— деп, сәбиді ылғи өз жағына алып жататын.

Туғанына сегіз ай тола бергенде, нәресте бір рет қатты ауырды. Денесінің аздаған қызуы барын шешесі күндіз емізіп отырғанда сезіп еді, кешке жақын баланың тұла бойы күйіп-жанып, оттай ысыды, көзін ашпады, аузына емшек алмады. Танауы бітіп, кеудесінен сырыл сезілді. Сәбиге нендей дерт тап болғанын біле алмай, Ақжол да, Күлән да қатты қорықты. Баланы екеуі кезек-кезек алдарына алып, ұстап отырды. Ол кезде бұл ауылда дәрігер жоқ болатын. Он бес шақырым қашық тұратын селода аурухана бар; ауырған адам соған барып қаралатын, немесе, көлік жіберіп, дәрігерді шақыртып алдыратын. Таң қылаң берген мезгілде Ақжол ат жегіп, ауруханаға асығыс жүріп кетті де, сәске кезінде дәрігерді үйге алып келді. Есіктен кіре бергенде әйелінің әппақ боп өңі қашқан сұрына көзі бірден түскен Ақжол, жүрегі селк етіп, шошып қалды. Күлән ерінің көзіндегі үрейді ұғып: «Әлгі әзірде аздап емшек емді, бірақ, денесінің қызуы бір қалпы»,— деді қарлығыңқы үнмен. Көзінде мөлтілдеп жас тұрды. Шіркін, анакөкірек-ай! Бір түннің ішінде Күлән екі жағы ортайып, өңі қуарып, соншалық жүдеп қалыпты. Ақжол әйелін ішінен қатты аяды.

Дәрігер баланың екі өкпесіне бірдей қатты салқын тиген деп тапты. Шұғыл ем жасады. Ауруға үш-төрт мәртебе укол салу үшін өзі ертеңге дейін кідіретін болды. Келесі күні, баланың науқасының беті қайта бастағанын

өз көзімен көріп, Күләннің қолына сырқатқа керекті және де біраз дәрі-дәрмек беріп, нәрестені әбден айыққанша желге тигізбей, жылы ұстау керектігін қатты ескертіп, «Жассыңдар ғой, бәріне де көндігесіңдер әлі, төзімді болыңдар!» — деп әзіл де айтып, Ақжол мен Күләннің көңілін әбден орнықтырып аттанып кетті.

Сәби аз күнде науқасынан айықты. Анасының бұрынғы нұрлы шырайы қайта кірді. Өздерінің баласы болған уақыттан бері Ақжол бір халді ерекше тамашалады: нәрестенің көңіл-күйін шешесі оның «іңгәсінен» ұғатынын байқаған. Сондай ана бал бауыр сәбиін көзінен бір минут таса қалдыра алар ма? Бірақ, Күлшәрия құрғыр зығырданы қайнап сөйледі ғой. «Оқ астына кеткен адам оралмайды деген шығар, сені ілезде ұмытты, қуғаны — өз қызығы ғана болды»,— деп, Ақжолдың жүрегіне найза сұққандай ғып, сұмдық сөзді бірден айтып салған. Япырмай, рас па сол?! Ері үйден аттанарда Күләннің аузынан, жарына берген анттай боп айтылған, жан-жүрегін жарып шыққан сөз бар емес пе еді?! Қандай еді сол серттей сөз?!

Ақжол есіне түсірді. Ерінің жолға алатын қапшығына бау тағып отырып, Күлән алдағы күндерге ой жіберіп, жарын да, өзін де жұбатып, салмақты бір сөз айтқан.

— Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде ер де, әйел де сынға түседі. Бізді ойлап титтей аландама, деңі қарым сау болса еш жүдеушілік көрмеспін, ешкімге ауыртпалық салмаспын. Тек өзің аман болшы! Жолың — алыс, көрер қиыншылығың, теперішің көп болар, бірақ, жаным, қамықпа. Іші-бауырым елжіреп, жан-жүрегім егіліп отыр қазір, бірақ, көңілімде қорқыныш жоқ, үміт қана бар. Ертең-ақ есен-сау ораласың, қуанып қайта табысамыз. Бір күнгідей болмайды, бүкіл көрген қиындық, тартқан бейнет сол демде-ақ ұмытылады. Шуақ күніміз қайта туады.

Күлән осылай деп бөгелді де, аз-кем үндемей отырып, сөзін өзіне тіреп түйді.

— Бір жыл өте ме, екі жыл өте ме.. он жыл өте ме... жолыңа қараумен болармын... Көзім де талар, бірақ, көңілім күңгірт тартпас, үмітім сөнбес. Көз алдыма елестеген бейнеңді қуат, демеу етермін,— деді.

Ақжол жарының сөзіне аса разы болып, өте толқып, тебіреніп қалып еді. Енді қазір міне сол сөздер еске түскенде, жаралы жауынгердің ойы құйын үйіргендей астан-

кестен болды. Әлгіндей ақылды сөз аузынан шыққан әйел, жан-дүниесін кір басып, мүлде өзгеріп қалуы мүмкін бе? Сенбейін десе Күлшәрияның «бәрін де өз көзіммен көрдім» деген сөзі жүрегіне шөгірдей қадалып тұр. Кім біледі, басқа түскен қиындықтың салмағы Күләнді иіп әкетті ме? Темірді су тисе тот басады.

Ақжол ауыр күрсінді...

## IV

Маңайынан қарандаған не мал, не адам көзге түспей, терезесінен жылтыраған шырақ та көрінбей, Ақжолға еш тіршілік белгісі білінбеген көрші үйде — оның өз үйінде, жастыққа бетін басып, бір әйел үнсіз солқылдап жылап жатты. Күндіз өзіне-өзі қайрат беріп, көңілін босаңсытпай шыдап-ақ бағып еді. Тысқа шықпаған. Жұмысқа бармаған. Жалғыз сиырды, бұзауын қасына қосып, таңсәріде өріске айдап салған. Қешке салым алдынан шығып оларды да қораға кіргізіп алған жоқ. Ұзақ күнге өзі нәр де татпады, ешбір асқа зауқы болмады. Кереуеттің қасында, басын жастыққа сүйеп, терең ойға шомып, сұлық отырды да қойды. Қараңғы түсіп, күн батты. Шам жақпады. Төсегіне киімшең қисайды. Құс жастыққа бетін басты. Көкірегінде толып тұрған қайғысы сол мезетте төмен төгіліп, әйел қатты еңіреп жылап жіберді. Екі иіні дірілдеп, ағыл-тегіл ұзақ жылады. Көзінің жасын тоқтата алмады.

Бұл әйел — Күлән еді.

Ол Ақжолдан ауылға қайтатындығы жөнінде телеграмма келгенін, оның алдынан көлік алып шығуға Күлшәрияның қамданып отырғанын, осыдан үш күн бұрын, жұмыс басында бір қатыннан естіген болатын. Бірақ, телеграммада не жазылғанын, Ақжолдың қай күні шығып, қашан келетіндігін ол қатын анықтап айта алмаған. Күн кешкіре жұмыстан оралып келе жатқан Күлән, қайын ағасының қорасының үлкен қақпасынан ат жетелеп шыға берген Күлшәрияны көрді. Үстіне күпі киіп, белін буынып, басына жылы шәлі тартыпты. Жіңішке ұзын қорапты арбаға, жақтауымен бірдей ғып, шөп салынған. Күлшәрияның бір жаққа жол жүруге бет алғанын Күлән ішінен сезді де: «Ақжолдың алдынан шығып бара жатқан түрі ме екен?» деп ойлады. Жөнін сұрағысы келді.

Күлшәрия бұл абысынымен былтырдан бері қатты

ыраздасып алған. Күлән отырған жерге кірмейтін, оның қарсы келе жатқанын көрсе, бұрылып кететін. Ал, алдажалда өқыстан ұшырасып қалса, бір ауыз тіл қатпайтын. Күлән кішілік, ибалықпен амандасса, ол терісі жарыла жаздап тырсиып, теріс қарайтын. Соның бәрін Күлән біле тұра, арбаға орнығып отырып жатқан Күлшәрияға, аяғын шапшаң басып, үмітпен жақындады.

— Жеңеше, қайда жүргелі тұрсыз? — деп сұрады.

— Онда шаруаң қанша! — деді Күлшәрия қатқыл үнмен.

Күлән шегініп кеткісі келіп еді, бір күш итермелеп жібермеді.

— Жеңеше!.. Ақжол телеграммасында не жазыпты?.. Жалынамын, айтыңызшы! — деді өтініп.

— Өй, садаға кет Мырзажігіттен! Оны сұрап неғыласың! — деді Күлшәрия зілденіп. Қалың қабағын түкситіп: — Ол келеді бүгін. Өзінің үйіне түспейді. Мүлдем үз күдеріңді! Оның тілгрәмда жазған сөзі сол! — деді де, божыны тартыңқырай ұстап, көк шыбықпен атты сирақ-қа осып қалып, жұлқынып жүріп кетті. Арбаның артқы дөңгелегі Күләнді қағып кете жаздады.

Күлшәрияның Күләнді бұлайша жек көруінің, оны күстәнәлап, арын қаралап сөгуінің себептері бар болатын. Пәленің басы өткен жылдың көктем айында басталды.

Көктемгі егіс науқанының кезі еді. Күлән пар өгіз жегілген үлкен жәшікті арбамен ауылдағы қоймадан егіс басына тұқым таситын. (Жас баласы болғандықтан, бригадир оны осы жұмысқа бөлген.) Ол екі жасар ұлы — кішкене Есенжолды өзімен бірге ерте тұрғызып алып, жақсылап тамақтандырып, Ақжолдың ағасының балаларының қасына қосып, күнде сол үйге қалдырып кететін-ді. Бұл үйдің балалары естияр, Есенжолға баскөз боп қарап жүреді, ойнатады, жыласа уатады. Күлшәрия да көбінесе үйде болады. Ол бала-шағасының көптігін сылтау етіп, даладағы жұмысқа бармай, ауыл ішіндегі ұсақ-түйек шаруаларды атқаратын.

Күлән қоймадан тұқым тиеп алып шыққан бетінде де, егіс басынан оралып келе жатқанда да, олардың үйі жол үстінде болғандықтан, ылғи тоқтап, баласының хал-жайын біле кететін. Оның үйге бұрылар кезінде Күлшәрия да үнемі алдынан шығып, сүт пе, шалап па — әйтеуір бір сусынды әзірлеп тұратын. Самауырды күжілдетіп, шай

да қайнатып қояды. Күлән кейде сусын орнына, асығып-үсігіп, бірер шыныаяқ шай ішетін.

Күн ыстық еді. Күләннің тұқым тиелген арбасы таныс қақпаның алдына кеп тоқтады. Күлшәрияның шәйі әзір тұр екен. Бүгін ол шайды қонақ келгенде ғана ұстайтын үлкен аққұманға шығарып, бұқтырып қойыпты.

— Күләнжан, бүгін бір тәтті шәй әзірлеп отырмын. Әлгі піркәшіктің қатыны, қолы ұзын ғой, ақша қосып, бір жақтан он пәшке қағаз шай алдырған екен, соның бір домалағын сүліктей жабысып сұрап алдым,— деп, Күлшәрия ұзын дастарқанды ортасынан екі бүктеп, Күләннің алдына шағындап жайып жіберіп, нан турап, сары ірімшік пен май қойып, ақ құманды әперді де: — Өзің құйып, мейіріңді қандырып бір ішші,— деді.

Күләннің асыққан ынғайын көріп: «Аландамай, іше бер, бидайыңа мен қарай тұрамын ғой», — деп, тыска жылдам шығып кетті.

Қаймақ құйып ішкен қою қағаз шай қандай тәтті! Бірақ, мандайды тершітіп жайланып отыруға уақыт жоқ. Егіс басындағы тұқым себушілер күтіп қалса ұят қой. Күлән екі-ақ шыныаяқ шайды асығып ішті де, дастарқанның бетін жапты. Ол аяғын жылдам басып қорадан шыға келгенде, Күлшәрия жәшіктегі тұқымдық бидайдан үлкен ақ шелекпен көсіп алып жатыр еді. Дәл қасына Күләннің қалай келіп қалғанын байқамады.

— Жеңеше-ау, бұныңыз не тапа-тал түсте ұрлық қып! — деді Күлән таңырқанып.

— Бұл ұрлық емес, келінжан, сені өзімсінгенім ғой. Сұрасам да бересің ғой осыны,— деп күлген болып, Күлшәрия шелегін толтырып, жерге алып қойды.

Күлән енді ғана байқады, бидай толы және бір шелек арбаның астында тұр. Жүрегі су ете түсті.

— Мұныңыз сұмдық екен, жеңеше! — деп, оң қолымен көкірегін басты.

Күлшәрия бұл сөзді елемегенсіп, екі шелекті бірдей көтеріп ала жөнелгенде: «Тоқтаңыз!» деді оның жолын бөгеп. Бір ауыз қатаң сөзі жоқ кішіпейіл келіннің қаттырақ шығып кеткен дауысынан именіп, әрі таңданып, Күлшәрия тоқтай қалды.

— Бұл масқара ғой, жеңеше! Шелектегі бидайды жәшікке апарып, қайтадан төгіңіз!

— Ойбай-ау, ойының ба десем, шындап барасың ғой өзің. Жә, белсенбе! Мен алған екі шелек бидайдан кол-

хоздың ештемесі ортайып қалмас,— деп, Күлшәрия қайтадан жүре бермек болғанда, Күлән ашуы келіп: «Мен не айтып тұрмын сізге?! Бері әкеліңіз шелекті!» — деді даусын қатайтып.

— Мә-ші, көпсіндің ғой! Біреуін апарып төк жәшікке. Екіншісіне тиме. Үйде бала-шағаның азығы таусылып қалды.

— Бұл тұқымдық бидай, бұдан бір уыс та алуға болмайды.

— Балаларға күнде қуырып беріп отырамын. Майға қуырған бидайды күтірлетіп шайнағанды сенің Есенжолың да сондай жақсы көреді!

— Жоқ, жеңеше, мен тұқымдық бидайды бере алмаймын. Бұл — көптің ырзығы. Оған өзім де қол салмаймын, басқаның да қолын сұқтырмаймын.

Күлшәрия бұрқ етіп ашуланды.

— Ойбай, адыра қал! Тұқым тасығанға, құдайдың құлағынан ұстағандай боп, жетіскен екенсің! — деп, екі шелектегі бидайды жәшікке апарып төңкере салды.— Бұдан былай сенен бір суыртпақ жіп сұрасам, тілім қырқылсын, Күлшәрия атым құрысын! Аштан үздігіп бара жатсам да сенің қолыңдағы нанға қарап жаутаңдамаспын! Құдайтағала екі дүниеде сендей қарауға ісімді түсірмесін!

Күлшәрия қораға жұлқынып кірді. Кішкентай Есенжолды қолынан дедектетіп жетелеп, іле-шала қайта шықты:

— Мына балаңа не бол! Мұны бағатын ешкім жоқ біздің үйде!

Күлән ұлын жүгіріп кеп көтеріп алды. Көкірегіне қысты. Таяныш іздегендей. Күлшәрияның жазықсыздан жазықсыз жәбірлегені жанына өте батып кетті. Көзіне мөлтілдеп жас та келіп қалды. Күлшәрияны үлкен тұтып, аса қадірлейтін, сыйлайтын-ды, оның көңілін қалдырған жері жоқ-ты. Үйіндегі шаруасына да көмектесіп, оған ылғи қолқабысын тигізетін. Бірақ мұнысын Күлән әсте міндет еткен емес-ті. Мұндай келінді Күлшәрия қайдан жек көрсін, мақтауын асырып, сөзбен сырлай беретін. «Күлшәрия — мінезі шатақ әйел»,— дегенді Күлән кейбіреулерден естігенде таңданатын, сенбейтін. «Біздің жеңгей ондай кісі емес»,— деп ара түсетін. Енді міне көрді өзі де. «Күлшәрия туралы жұрттың сөзі тегін емес екен ғой».

Күлән Есенжолды арбаға, бидайдың үстіне отырғызып, өгіздерді бас жібінен жетелеп жолға түсіре берген мезетте: «Келін, баланы қайда апарасың?»— деген дауыс естілді оң жағынан.

Жолдың екінші бетіндегі қамыс шатырлы үйдің терезесінің түбінде ақ жаулықты бір кемпір ұршық иіріп отыр еді. Оған Күлшәрияның шаңқылдаған даусы анық естілді. Кемпір басын бұрып қарағанда, қораға сөйлеп кіріп бара жатқан Күлшәрияні сыртынан ғана байқады. Оның жас баланы дедектетіп, қақпадан жұлқынып қайта шыға келгенін көрді. Сөзін естіді. Күләнді ішінен аяды. Ұршығын қамзолының қалтасына салып, орнынан жайлап түрегеліп, арбаға қарай жүрді. Бұл — Сақып кемпір еді.

— Ұлым өзіммен бірге егіс басына барады,— деді Күлән.

— Жаным-ау, күн ыстық, таңдайы кебеді ғой, ауыртып аларсың баланы,— деді Сақып кемпір .

Күлән: «Өз үйімде ешкім жоқ, кімге қалдырайын?»— деп қалғысы келді де, бірақ, мұны айтпады.

— Күннің ыстығы ештеме етпейді, апа. Басына көлеңке жасап қоямын ғой.

— Қой, қарағым, баланы қалдырып кет маған. Мен міндетсінетін кісі емеспін.

— Рахмет, апа!.. Міне көрдіңіз бе, ұлым арбаға мінгенге төбесі көккө тигендей масайрап отыр! Балам қасымда болғанда — ол да мәз, менің де көңілім жай!

Күлән өңі бал-бұл жанған ұлына қарап күлімдеді...

Ол кішкентай Есенжолды, сол күннен бастап, қасынан қалдырмай, егіс басына алып барып, алып қайтып жүрді. Баланы тапсырып кететұғын ауылда кісісі жоқ емес еді, басқа ағайынды айтпағанда өз шешесі — сәбидің туған нағашы әжесі бар; үйде отыр, дені сау, қолы бос. «Жұмысқа барарыңда баланы біздің қолымызға әкеп беріп кет, аяғына оралғы болады, біз бағамыз ғой»,— деді ол қызына талай рет. «Тіпті кедергісі жоқ! Ұлым сондай ақылды, есі кіріп қалған. Жәшіктен бидай түсіргенде де, тиеп жатқан кезде де бір бөгет жасамайды, қыңқ етіп жыламайды. Өзімен өзі ойнап, алданып отыра береді. Тек тамағын тойғызып қойсаң болғаны»,— деп, Күлән күліп айтатын. «Ал, арбада отырғанда, ұлымның қуанышында тіпті шек болмайды»,— деп, көңілдене сөйлейтін.

Мұнысы шын еді. Бірақ, жұмысқа барарында баланы қалдырып кетпеуінің басқаша себебі бар болатын. Күләннің ежелден бір мінезі — біреуге мұң шағуды сүймейтін. Балаға қарайтын кісі жоқ деп шешесіне барып айтуды Күлән мұң шағу деп түсінді. Өзі жұмысқа шығарында баланы оның қолына қалдырып кетуді — қиыншылыққа төзбеушілік деп ойлады. Кім біледі, «баласын көрші отырған ағайынына сыйғыза алмай, төркініне сүйреледі»,— деп, Күлшәрия табалап күлер де. Күлән мұны да ойлады.

Күлшәрияның қылығына қарсы әрекет жасағысы келді. Өзінің қиындықтан қаймықпайтын, арқасына салмақ батса, қайта қасарысып ширай түсетін әйел екенін дәлелдемек.

Алакөбеден тұрып өгіздерін жегеді. Қоймадан жәшікті арбаға тұқым артады. Бұл кезде нәрестe үйде, жылы төсекте, балбырап ұйықтап жатады.

Сағым ойнаған дала. Жердің көгі әлі аласа, түсі бірқелкі. Күн нұрынан жылтырап, жібек кілем түгіндей құлпырады. Шаңы әлі шыға қоймаған, иреленденген қара жол. Өгіздер тұяқтары сытырлап, арбаны созыла тартып келе жатады. Қішкентай Есенжол бұл кезде төңірекке қуанышты көзбен қызыға қарап, шешесінің алдында күлім қағып отырады. Кішкене қолы дамыл таппай, ұшқан құсты, қарайған малды саусағын шошайтып көрсетеді, біресе, өгіздерді ұрмақ боп, шешесінің қолындағы құнтына жармасады.

Күлән оның әр қылығын, былдырлаған сөздерін қызықтайды. Нәрестені құшақтап, бетінен сүйіп-сүйіп алады. Бір кез сәбиді көкірегіне қатты қысып, теңселе тербетіп кетеді. Осылай отырып ыңырсып ән айтады. Майдандағы ері көз алдына елестейді. Ынтығы, сағынышы мол нәзік әннің сазы баланың да жүрегіне жылы тиіп, ол шеше құшағында балбырап, маужырай бастайды. Ұйықтап қалады. Күлән үнін қатайтпай, әнін ақырын ғана сызылтып соза береді. Әнін тоқтатса, нәрестe оянып кететіндей, өзі тәтті ойынан ажырап қалатындай көрінеді.

Таң атқаннан күн батқанға шейін Күлән егіс басына бірнеше рет қатынайды. Соңғы рет оралып келе жатқанда жол қараңғыланып, түн болады. Ауылдың жылтыраған оттары алыстап көрінеді. Күлән өгіздерді қысыңқырап жүргізіп, үйге асығады.

Үйлеріне кіргенде, ұлы екеуі бір жақтан көшіп келгендей болады. Есенжол алақанын шапалақтап, секіріп қуанады. Күлән баласымен күліп дабырлап сөйлесіп, шам жағады, пешке асығып от тұтатады. Тез қимылдап, ас қамдауға кіріседі.

Екеуі тамақ ішіп отырғанда, Есенжол былдырлаған тілімен бірдемелерді айтады. Бүгінгі ұзақ күнгі көргендерін сөз еткісі келеді. Күлән баласымен кәдуілгі үлкен кісімен әңгімелескендей шүйіркелесіп сөйлеседі. Қуанады, күледі. Күні бойғы шаршағаны ұмытылады.

Төсекке келгенде, ол баланы ірге жағына алып жатады. Есенжол тамақтан кейін-ақ маужырап қалғи бастайды. Шешесі төсекке көтеріп әкеп жатқызысымен ұйықтап кетеді. Ал, Күлән көпке дейін ұйықтай алмайды. Қалың ойдың құшағына енеді. Жарының үйден аттанғанына бір жылдан асып барады. Хаты жиі кеп тұрады. Ол қан майданның ортасында жүр. Әзір аман. «Дәл қазір қай күйде отыр екен? — деп ойлайды Күлән.— Ояу ма, ұйқыда ма? Күзетте тұр ма, әлде жауды аңдып, бір тасада бұғып жатыр ма?..» Ақжол оның көзіне әр күйде елестейді. Толқындаған ой Күләнді біресе қуантады, біресе денесін тітірентіп қорқытады. «Бұл соғыс қашанға дейін созылмақ?..» Күләннің көзі жетпейді. Пошташыдан күнде бір жаңалық күтеді, бірақ, ылғи суық хабар естиді. Соғыс өрті совет елінің көп ауданын шарпыған. Шығын ауыр, қаза көп. Күлән соғысты шығарушы зұлымдық иелеріне қарғыс айтады: «Жақсы шырқымызды бұздың-ау, сұм дұшпан!»

Өмірдің тыныштық қалпы шайқалмағанда, Ақжол кішкентай Есенжолын мойнына мінгізіп еркелетіп отырмас па еді?! Күлән ұлын мақтаныш етіп, жарына нұрлы көзін төңкеріп, күлімсіреп қарар еді, назданар еді. Күләнді қазір әралуан жағдай қинайды: майдандағы жарын ойлап, күндіз-түні алабұртады; «деніміз сау болса екен, ауырып қалмасақ екен»,— деп өзінің, баласының есендігін тілеп толқиды; күнделікті жұмыс жайын, тіршілік қамын еске алып аландайды; үйде шөптің тауысылып, отынның азайып қалғаны да жанға батады; алдағы күндердің көп мәлімсіз жайлары көңілді қобалжытады.

Бір мезет Күлән осының бәрін де ұмытып, тәтті ойға беріледі. Соғыс бітіп, жарының майданнан жеңіспен оралып тұрған сәті көзіне елестейді. Ақжолдың омырауы толған орден, жарқ-жұрқ етеді. Өзі бұрынғысынан гөрі

жауырыны кеңейіп, бойы биіктеп өскендей. Ауылдың барша адамы Ақжолдың әскери киім жарасқан сұлу тұлғасына, омырауындағы жарқыраған ордендеріне қызыға тамсана қарайды. Күлән жүрегін қуаныш кернеп, бойын мақтаныш билеп, жарының қасында күлімдеп тұр. Ақжол оны ығынан ақырын ғана құшақтайды. Қару ұстаған мығым қолы сондай жұмсақ, сондай нәзік!

Осы тәтті ой жас әйелдің көңілін ақырын-ақырын тербете береді. Күләннің көзі ілінеді...

Бір жолы Күлән осы ойын түсінде көріп жатыр еді. Жары мұны сыңар қолымен ығынан орай құшақтап, өзіне қарай тартты. Әйел оның ыңғайына бейімделіп, бауырына тығыла берді. Ақжолдың жалпақ алақаны әйелді әуелі шашынан, арқасынан сипады. Қол жылжып төмендеп келеді. Белді басты. Мықынына таман барды... Тәніне суық саусақ тиіп кеткенде, Күлән шошып оянды. Мысықтай жыбырлаған зіп-зілдей бірдемені жамбасының үстінен қағып жіберді.

— Шошыма, Күләнжан, бұл менің қолым ғой,— деп сыбырлады біреу. Албастыдай жылжып, әйелдің көрпесінің шетін көтеріп, мұп-мұздай денесін жақындатып әкеле жатыр.

Күлән қорқып кетті. Жастықтан басын жұлқып көтерді.

— Мен Қожаханмын ғой. Үрікпе.

Ол Күләнді қапсыра құшақтай алды. Әйел бұлқынып, еркекті кеудесінен қатты итеріп жіберді.

— Жақындамаңыз төсегіме! — деді тістеніп. Ұйықтап жатқан нәресте шошып кетпесін деп, даусын ақырын шығарды. Сонда да үні зілді естілді.

Қожахан әйелге қайта ұмтылуға жасқанды. (Күләннің жұмысқа шыныққан қарулы қолы кеудесіне қатты тиіп еді.) Ол әйелдің күшке көнбесін сезді де, сөзбен жібітуді ойлады.

— Күләнжан, бұның қалай, әуелі ығыңа қолымды апарғанымда, арқаңнан сипап, беліңнен ұстағанымда ыңғай беріп, дәмелендіріп, кенеттен ыршып түскенің неткенің?..

Күлән тәтті түс көріп рахат ұйқыда жатқанда, Қожахан есікті сықырлатпай ептеп ашып, ұрланып ішке кіріп еді. Етігін шешті. Аяғын мысықша басып, Күләннің төсегінің қасына барды. Еңкейіп, әйелдің дем алысын тыңдады. Оқыс қимыл жасап үркітіп алмау үшін, әуелі көр-

пенің астынан қолын ептеп жүгіртіп, әйелдің иығынан ақырын ғана ұстады. Бір қырынан жатқан әйел сәл қозғалып, керіле созылды. Кей әйелдердің ояу жатып осындай қулық жасайтынын өз тәжірибесінен білетін Қожахан, жүрегі лүп ете түсіп, енді әйелді шашынан, арқасынан сипап, қолын төмен қарай жылжыта берді...

Күләннің көріп жатқан түсінің соңы Қожаханның осы әрекетіне ұласып кетіп еді. Оны түсінде иығынан құшақтаған Ақжол еді, ал, шашынан, арқасынан сипап, төмен қарай жылжыған қол — Қожаханның қолы болатын. Әйелді тәтті түстің соңы қалай шошытты? Бөтен қол тәнін сипады. Күләннің денесі дір ете түсті: «Сұмдық-ай!..»

— Ә. Күләнжан, мұның не? Судан қырға ыршып түскен балықтай неге шоршыдың? Мен сондай үрей ұшыратындай кісі емеспін ғой. Аяғымның сәл сылтымасы болмаса, қыз қызығарлықтай тұлғам бар, ажарсыз да емеспін («Ағаштың қожырындай бұжыр бет, жапалақ көз, жексұрын! Ұсқынына болайын сенің!» — деп кекетті Күлән ішінен.). Абырой-атақ дегенің және бар, колхоздың председателімін! Мені кеудеден итергенің не қылғаның? Ақылды әйелдер қазіргі таршылық уақытта өздерінің жадап-жүдемеуін ең алдымен ойлайды: Мен — көңілім түскенге көл кісімін. Ал, сен — мен үшін ерекше бағалысың! Сен дегенде ішкен асымды жерге қоямын, күндіз-түні ойымнан бір шықпайсың, басымды сиқырлап алдың ғой деймін... Мені осында, түн ішінде, мына қара жанбырдың құйып тұрғанына қаратпай еңкілдетіп алып келген күш — сол махаббат. Ұқшы осыны!

Оның бір сөзінен бір сөзі Күләнға соншалықты жиркеніште көрінді. «Айқай сап, ит терісін басына қаптайын ба? Балам шошиды-ау! Шаңқылдаған даусым сырттағы біреу-міреуге естілсе де ұят-ау!» Күлән өзін-өзі әрен тежеді.

— Қазір дереу шығыңыз үйімнен! Біздің үйге қарай бұдан былай қадам басушы болмаңыз! — деп, даусын көтермей зілмен айтты.

Қожахан бұл әйелден мұндай қарсылық көрермін деп ойлаған жоқ еді. Оның бұл ауылға председатель боп келгенінен бері қырық шақты күн өткен. Алғаш рет Күләнді ол, келген күнінің ертеңінде, бір үйге қонаққа шақырылып, сонда отырғанда көрген-ді. Күләннің үйі бұл үйге көрші тұратын. Жаңа председательді бас етіп, ауылдың біраз сыйлы адамдарын қонаққа шақыратындықтарын

айтып көршілері өтінген соң, Күлән қолғабыс тигізіп көмектесуге барған. Қонақ күту жабдығымен үйге кіріп-шығып жүрген Күләннің түзу біткен сұлу тұлғасына, тотығып қоңырқайлана түскен шырайлы жүзіне Қожахан-ның көзі бірден түсті. Әйелдің епті қимылына, еңкейген сәттерінде кеудесінің бұрала толқыған қозғалысына, қасындағы қатынына байқатпай, бірнеше рет қызығып қарады. «Басқалар осындай жақсы қатынды қайдан тауып алады?» деп, Күләннің бұл жерде жоқ ерін ішінен күндегендей болған. Келесі күні Күләнді көшеде көргенде, Қожахан күліп амандасты. Әйелдің хал-күйін, тұрмыс-жағдайын сұрастырды, жәрдем қажет болса, қамқорлық жасауға әзір екендігін білдірді. Түпкі көңілін сездіргісі кеп, аздап әзіл де қағытты.

Жаңа председательдің қарапайым адамға көңіл бөліп, хал-жай сұрағаны жаман ба? Басшылыққа қолы іліксе, өзінен төменгілерге көз ілмей, шалқақтап кететіндер аз ба екен? Күлән Қожаханды тәуір адам болар деп ойлады. Оның соңғы әзілі әйелге тосын көрінсе де, ерсі көрінбеді, бірақ, бірінші жол болған соң әдеп сақтап, Күлән әзілге әзілмен жауап қайтармады, көзін төмен аударып, үнсіз ғана күлімсіреді. «Тегі, көңілі бөтен емес, құрық салмай-ақ жалынан ұстататын ыңғайын білдіріп тұр»,— деп, Қожахан бұл күйді өзінше түсінді.

Сол күннен бастап оның есі-дерті Күләнға ауды да тұрды. Әйелдің көңілін анығырақ барламақ боп, әзіл қағытып, екінші рет қасақана соқтыққанда, бұл жолы Күлән да күліп қалжың айтты. Сөздің бір орайында Қожахан Күләнда өзінің көңілі барын да білдіріп өтті. Әйел бұл сөзге ойнақы әзілмен жауап қайырған. Қожахан әзіл-қалжыңның астарын, оның шыны мен мысқылының ара жігін түсіне бермейтін, сезімі доғал адам болатын. Ал, өзі қалжың айтқанда, сөзі дөкір шығатын. Күлән мұның сөзін сықақтап, Қожаханды тәлкек қылған. «Құйтырқыланып тұрсың ғой, ә? Білдім-білдім сырыңды, кет әрі емес екенсің?» — деп дәмеленді Қожахан ішінен.

Оны бүгінгі жаңбырлы түн ішінде Күләннің үйіне осы желіккен сезім жетелеп келіп еді.

«Қап, түнде келетінімді алдын ала білдіріп қоймай қате жасадым. Шошытып алдым. Әйтпегенде бұлай үрікпейтін еді бұл»,— деп өкінді Қожахан. Күләннің мына қату райын жұмсартатындай бір сөз тауып айтуға тырысты. Бірақ, ойы қусырылып, аузына ештеме түспеді.

— Неге отырсыз? Кетіңіз үйімнен! — деді Күлән.
— Япырай, бұның қалай... қуғаның ба?..
— Кетіңіз!..
— Тілге келші, мен арам оймен келген жоқпын...
— Кетіңіз!..

Қожахан дымы құрып, жасқана қозғалып, есікке қарай жүрді. Қараңғыда еденді сипалап, етігін іздеді.

— Күлән, сіріңке шағып жіберші, аяқ киімімді тауып алайын...

Күлән төсекте отырып көйлегін киіп, орнынан еріксіз тұрып, пештің иығындағы білте шамды амалсыз тұтатты.

Қожахан шұлғауды балтырына жайлап орап, етігін асықпай киді.

— Мені үйіңнен қудың ғой... Жарайды, бір еркелігіңді көтерейін. Жатырқағаның шығар, кейін үйренісіп кетеміз ғой.

Қожахан әйелге қарап арсыздана жымиды.

Дәл осы мезетте терезенің саңлауынан бір ұры көз сығалап еді. Қожаханның жымиғанда бір жағына қисая созылған езуін анық көрді ол. Ұры көз бажырая үлкейіп, үйдің ішін тінте қарады. Күләнді іздеді. Кереуетінің аяқ жағында үнсіз түрегеп тұрған Күләннің денесін перде қалқалап, бойын түгел көрсетпеді. Ұры көзге әйелдің жалаңаш жіліншігі мен көйлегінің етегі ғана шалынды.

Қожахан есіктен шыққан кезде ұры көз терезенің алдынан тайқып кетті. Жолы болмаған еркек иығы құнысып, сүмелек итше арқасы бүкшиіп, үйді жағалап жылысып бара жатқанда, қарсыдағы қораның бұрышынан әлгі ұры көз оны аңдып бағып тұрды...

Күлән мұның бірін де сезген жоқ. Қожахан шығысымен әйел есікті іштен мықтап бекітіп алды да, шамды өшіріп, төсегіне келіп жатты. Бірақ ұйықтай алмады, көпке дейін көңілі қатты алабұртты. Өте назаланды, қайнап намыстанды. «Мені қорғаушысы, тірегі жоқ әлсіз әйел деп басынғаны ма? Ашып қарасын көзін!.. Әлде мені көрінгеннің құшағына құлай кететін нәпсіқұмар, шыдамсыз әйел дей ме? Қарашы сұмдық ойын! Осыдан жақындап көрші қасыма!..»

Ірі тамшы әйнекке тысыр-тысыр тиіп, жаңбырдың күшейе түскені білінді. Күн күркіреді. Жарқылдаған найзағайдың сәулесі терезеден жалт етіп көрінді. Күлән нәресте шошыр деп, шапшаң тұрып, терезені жұқа торкөз перденің сыртынан ақпен жапты. Ол төсегіне бұрыла

бергенде, күн қатты шатыр ете түсті. Әйел селк етіп, төсегіне жылдам жата қалды, баласын бауырына қысты, көрпесін қымтанды...

Таң алдында ғана Күләннің көзі ілініп еді. Біреудің есікті тарсылдатып қатты қаққанынан шошып оянды. «Бұл кім?» деді дыбыс беріп.

— Аш есігіңді, жүзіқара!

Құлшәрияның зілді даусы Күләннің көкірегіне найзаша қадалды. Күлән есікке таман бара беріп, жүрегі зу етіп, үрейленіп тоқтады. «Тағы да бір сұмдық сөзді айтқалы келді ғой бұл?! Ашпайын есікті? Жуымасыншы қасыма!.. Жоқ... ағайын адам ғой, жасым да кіші, көтерейін сөзін. Түсінер мені, ұғар. Қашанғы тұлан тұта берер дейсің...»

Күлән есікті ашқанда, табалдырықтың үстінде мықынын таянып, басы кекшіп тұрған Құлшәрия, екі көзі маңдайына шыға шақшиып, дүрсе қоя берді.

— Сен жүзіқара, адал қайнымның ақ төсегін ластауға кірістің бе енді! Бетім-ай, мұндай да масқараны көрсеттің-ау бізге! Тарғыл мысықтай сұмырайды ыржақтатып, шам жағып, қасында ілініп тұрғаныңды өз көзіммен көрдім-ау. Ойбай-ай, енді қайтейін! Қара жер қақ айрылып, қаранды батырып, сол тұрғаныңда түбіне неге ғана тартып кетпеді екен сен сайқалды!

Құлшәрия Күләнді көйлегінің омырауынан бүріп ұстай алып, жұлқып-жұлқып қалды. Күлән бұл қорлыққа шыдамады, Құлшәрияның қолын кейін серпіп, итеріп жіберді.

Енді Құлшәрия тіпті өршеленіп, бұрқырады. Көзі қызара шатынап, денесі қалшылдап кетті, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты. Күлән төзіп тұра алмады, екі құлағын басып, үйге кіріп кетті де, есіктің шөткесін ілып алды. Құлшәрия есікті теуіп-теуіп жіберді, құртам, жоям деп кіжінді.

Көшеге шыққанда да оның шаңқылдаған даусы біразға дейін басылмады.

«Уһ, тағдыр-ай, бұ не қорлығың? Осынша сөгіс естіртетіндей не жазығым бар еді менің?» — деп, Күлән қинала күрсінді. Бойы толқып, көзіне мөлтілдеп жас келді. Ғұмырында еш адамнан қарғыс-сөгіс естіген жоқ еді, енді міне, жазықсыздан жазықсыз қиянат көріп, жаны жәбірленіп, азап тартты. Соғыс болмағанда, жар қосағы қасында отырғанда, осы азаптың біреуін де көрмес еді

ғой. Ойыны — ойын, күлкісі — күлкі боп, шырық бұзылмай, тіршілік жақсы сәнімен өте берер еді-ау. Күлән үнсіз жылады. Бір жағынан, Қожаханның жәбірі мен Күлшәрияның қиянатына назаланып, әрі Ақжолды есіне алып толқып, көңілін жуырманда жұбата алмады.

Күлән тартар қайғы азабының бұл — басы ғана еді. Дауасы табылмастай, дерті өмірбақи айықпастай үлкен қасірет алда еді. Оның жалбыраған бұлты қап-қара боп түйіліп, үрейді ұшырып, жер бауырлап тез жылжып келе жатты. Кеше Күлән жұмыстан қайтқанда, шешесінің алдында күліп-ойнап отырған сап-сау Есенжол, ертеңіне мұрттай ұшып ауырып қалды. Баланың екі беті өзгеше балбырай қызарып тұрғанын, денесінің қызуы барын, Күлән оны өзімен бірге жұмыс басына ала кетпек боп, ертемен оятып, киімдерін киіндіргелі алдына алғанда байқап еді. Есенжол буындары былқылдап, басын көтергісі келмей, шешесінің білегіне қисая берді. Күлән баланың маңдайына алақанын басып еді, Есенжол осыны тілегендей, көзін сәл жұмып, аяғын көсілді. Шешесі ақырын ғана көтеріп, төсегіне оны қайта жатқызды. Баланың маңдайына, бетіне алақанын тағы да басты, нәрестенің денесі оттай лапылдап күйіп тұр, шеке тамырының бүлк-бүлк еткені айқын көрінді. Кеше ғана сап-сау жүрген балаға тұтқиылдан нендей науқас жабысты? Кеше арба үстінде жалаң бас отырған еді, басына күн өтті ме? Әлде жел тиді ме? Бала ернін тамсанды: Таңдайы құрғақсығандай. Шешесі оны алдына қайта алып, азырақ сүт жұтқызбақ болып еді, бала ішкісі келмей, басын бұрып әкетті, ыңырсып жылады, төсекке қайтадан жатқызған соң ғана тыныштанды.

Күлән оның дем алысын бақылап, қасынан қозғала алмай отырды.

Үйге колхоз кеңсесінің үй сыпырушысы — Қатша дейтін кішкене әйел, аяғындағы үлкен етігі тарпылдап кіріп келді.

— Күлән-ау, астық тиелген көлікті есігіңнің алдына тоқтатып қойып, үйде неғып отырсың? Ұрсып жатыр. Мені жіберді,— деді алқынып.

Күлән оған дабырлама деп қолымен белгі етті де:

— Қайтерімді өзім де білмей отырмын... балам ауырып қалды,— деді ақырын сөйлеп. Сонсоң, әйелдің сонша ентігіп келгеніне таңданғандай боп: — Кім ол ұрсып жатқан? — деп сұрады.

— Кім болушы ед тәйірі, әлгі басқарма. Қашан кеп тоқтағанынды терезеден көріп отырыпты. Кеңсеге шақырып кел деді. Шытынап отыр.

Күлән күрсініп, қабағын шытты.

— Ойбай-ау, балаң сырқаттанып қалса, үйден шықпа. Орныңа басқа біреуді жіберер. Қазір барып айтайын жағдайыңды,— деп, Қатша Күләннің жауабын күтпестен, үйден асығып шығып кетті.

Ол тез оралды. Есіктен ренжи кіріп, Қожаханды жазғыра сөйледі. Оның айтқанын сол қалпында жеткізді. «Баланың ауырғанын сылтауратпасын! Қай бала ауырмайды? Тамақтан ұшынған шығар, өлмейді. Дереу жөнелсін жұмысына! Жөнелмейтін болса, кеңсеге келсін. Құтырайын деген екен бұлар! Үйретермін оларды!» — деп, Қожахан столды жұдырығымен түйіп жіберіпті.

— Қарағым Күлән, менің қолымнан не келеді, жағдайынды өзің барып айтсаң қайтеді. Ол да адам баласы ғой, түсінер,— деді Қатша жаны ашығандық білдіріп.

Күлән ләм деген жоқ. Екі беті қызарып ауырып жатқан баласына жүзі қобалжи қарады. Қожаханның түнеукүпі үйге ұры мысықша ұрланып кіргендегі түнде айтқан жылымшы сөздерін есіне тез түсіріп өтті. Күлән оған жалынса, жалбарынса, жәрдем-көмек сұраса... Ол қылмыңдап, ыржыңдап, әйелдің қысылып тұрған шағын пайдаланып, сезімін көлденеңдетсе... Ал, көнбесе, жауша өшігіп, қысас жасамақ. Бұл зұлымдық емес пе? Мұндай сұмдықты ойлаған адамнан не қайыр күтуге болады? Күләннің жүрегі мұздай бастады. Ол Қожаханнан рақым тілемейді. Жалынбайды. Басына қандай ауыртпалық түссе де, қиналса да, ешкімге мұңын шақпайды, өзі көтереді. Шыдайды. Күлән өзін осыған іштей бекітті.

Ол орнынан үнсіз ғана түрегелді. Көрпе мен жастық алып, сыртқа беттеді. Арбаның үстіне апарып, балаға төсек салды. Сонан соң баланы жылы киіндіріп, үйден көтеріп шықты да, осы төсекке ептеп әкеліп жатқызды. Көрпесінің жан-жағын қымтады, басына күн түспесін деп, үстіне көлеңке жасады. Өгіздерді бас жібінен жетелеп, жолға түсірді. Өзі арбаға шығып, баланың аяқ жағынан кеп отырды. Дағды алған өгіздер, Күлән отыра бергенде-ақ, арбаны ырғай тартып, тұяқтары сытырлап қозғала берді...

Күн желдеу еді. Қарсы алдан ескен көктем дымқылының салқын лебі бетке қатқылдау тиді. Жеңнен, қойын-

нан суылдай еніп, денені тітіркентті. Үстіне жеңіл ғана шапан киген Күлән, бойының аздап тоңазығанын сезді. «Япырай, балаға суық тиіп қала ма?» — деп қауіптенді ол. Баласының көрпесін қайта-қайта қымтай түседі. Үстіндегі шапанын шешіп алып, баланы күркелеп, желдің өтінен қалқалады.

Ол тұқымды егіс басына жеткізіп, кейін қайтқан жолында, бала тынышы кетіп, жыланқырай берді. Күлән оны біресе алдына жатқызып, біресе баланың басын көтеріп ұстап, кеудесіне қысып тербетеді. Нәрестенің денесі тіпті ысып, тұла бойы күйіп-жанып барады. Минут сайын күдікті күшейте берді...

Сол күні түнде баланың жағдайы тым ауырлап, екіүш қайтара қысылды. Таң алдында, соңғы рет қысылғанда, сәби тыныс ала алмай, демі біржола үзіліп кетті. Оны қоярда ақ жуып, ақыретке ораған әйелдер, нәрестенің денесінің қарайғанын көріп, «екі өкпесі бірдей қабынып, сәбидің тынысы бітіп қалған екен ғой»,— деп күрсіністі.

Баласынан айрылып, өкпе-бауыры езіліп, Күлән зар еңіреп жылап жатқанда, бір өш ауыз оны аямай сыртынан кінәлап, сөгіп отырды.

— Білгем осы сұмдықтың боларын. Жас баланы далаға сүйрелемей, ауыл ішіндегі бір жұмысты атқарса қайтетін еді? Кім қарсы болады? Есі-дерті еркектің құшағы боп желіккен қатын көз таса іздеді. Баланы неғылсын ол! Ажалынан бұрын өлтірді.

Мұны айтқан Күлшәрия еді. Оның осы сұмдық сөзін Күлән кейін бір әйелден естігенде, қатты күйініп жылады. Баласы өліп қазіргідей сорлап қалған шағында жүрегіне екінші бүйірінен және бір қырлы найза сұғылғандай болды.

Күлән әуелгі естіген секундта жаны түршігіп-үрейленіп, есінен танғандай күйге түсіп, әйелдің алдына әлсіреп жығыла берді. Бүкіл денесі дір-дір етті. Аздан соң басын көтеріп, көзінің жасын тыйып:

— Адамды қайғы жұтып отырғанда жәбірлейтін не деген жауыз әйел еді бұл Күлшәрия! — деп күйініп айтты...

Былтырғы жылы Күләннің басынан өткен осы ауыр халдер қазір оның есіне түсіп жатыр. Қайғылы әйелдің күткен, сағынған, демеуін тілеген асыл жары майданнан оралғанда, Күлшәрияның таратқан жаласы Ақжолдың

алдына қап-қара шымылдық боп құрылды. Ақжол сол қара шымылдықты жолынан жұлып тастай алар ма әлде...

Күләннің басына күдікті ойлар да келеді...

## V

«Бишара бала, тумай жатып не жазып ең сұм тағдырға? Әуелі әкеңді алып кетті алысқа. Жырақта болдым, ажалыңа араша тұра алмадым. Тағдыр шешеңді де шатастырды... бірақ, жазасына сен ұшырадың... Топырағың томпайып жатыр міне алдымда. Қабырғасы қайысып, жаны күйзеліп әкең тұр. Білермісің? Сезермісің? Неге дыбыс бермейсің?.. Иә, сен енді маған мәңгі тіл қатпайтын болдың...»

Ақжол баласының қабіріне өңі бұзыла қарап, үн-түнсіз ұзақ тұрды. Шығыс жақ көк жиек енді-енді ғана сарғыл реңдене бастаған бозғыл таң. Маңай жым-жырт, тып-тыныш. Теріскейден білінген әлсіз жел бар, лебі салқын. Жапырағы құрап түскен жаланаш құрай дір қағады. Қабірге ағаштан қиылып, шағын қоршау орнатылған. Ығына иіріліп қаңбақ тоқтапты. Бір кезде жап-жасыл боп, шашағы желкілдеп тұратын өсімдік, тамыры қуарып, бозарып солған соң, жел оны түбінен қопарып алып, тәлкек қып мазақтап, ебелектетіп ұшырып әкеп, осы араға ұйлықтыра тығыпты. Тым-тырыс тұрған моланың маңайында бір кездегі тіршіліктің тек осындай сөнген, солған іздері ғана жатыр.

Топшысы сынып, қанатын сүйреткен құстай, Ақжол екі иығы салбырап, аяғын ілби басып, ауылға қарай ақырын қозғалып келе жатқанда, моланың ығына иірілген қуарған қаңбақ оның көз алдына елестей берді. Өлген, өшкен нәрсенің бәрін тағдыр дәл осылай келемеж етпек пе? Қуартып, шіртіп, тозаң ғып ұшырып, санадан мүлде өшіріп тастамақ па? Тағдырдың қаталдығына көнген адам оның осы зорлығына да мойын ұсынбақ па? Онда ол адамның адам деген аты қайда қалады?

Әскерге шақырылар алдында Ақжол қасына әйелін, баласын алып, аудан орталығына әдейілеп ат жалдап барып, үшеуі фотоға түскен болатын. Кішкентай Есенжолды фотоға жеке де түсіріп және сол суреттің бір данасын үлкейттіріп, үйдің дәл төріне әкеп ілген. Сол сурет орнында тұр ма қазір? Бетін шаң-тозаң басып қалған жоқ

па? Баланың үйдегі отырған, жатқан орындары не күйде? Қандай ізі қалды?

Осы ойлар Ақжолды өзінің үйіне қарай бұрды. Ол қораға кірді. Есіктің алдына таман жақындап барып бөгелді. Әлденеден түршіктіргендей боп, денесін мұздатып, бір суық ызғар тұла бойын қуалап соғып өтті. Ақжол тұтқаны сығымдап ұстап, бірақ, есікті ақырын ғана тартып ашты.

Күлән кереуеттің қалқаймасына қолын төсеп, маңдайын білегіне сүйеп, төсегінің аяқ жағында үнсіз мұңайып отыр еді. Есік сықыр етіп ашылғанда басын жайлап көтерді. Есіктен кіріп келе жатқан сұр шинельді, бір қолын мойнына асынған, басына пилотка киген әскери адамды көргенде селт етіп, көзі шарасынан шыға үлкейіп, таңдана қарап, аңырып қалды да кенет ұшып түрегеліп, ұмтылып кеп, Ақжолдың мойнына асылды. Еңіреп жылап жіберді.

Ақжол оны итеріп қалғысы кеп, сау қолын шапшаң көтере беріп, кілт тоқтады. Ұлының төрдегі күліп тұрған суретіне көзі түсіп кетіп еді. Сәбидің жайнап, масайрап тұрған қалпы; жүзінде күдікті, үрейді білдіретіндей ешбір белгі жоқ, шаттанып, қуанып қарайды. Әкесіне қарай талпынып, жүгіріп кеткелі тұр. «Келші, келші, ботам! Секіріп шықшы мойныма!» — деп шақырады әке жүрегі. Сәби қозғалмай, тіл де қатпай, әкесіне тек қана күлімдеп қарап тұр. Ақжол да суретке көзін қадап, орнынан қозғала алмай қалды. Бірақ, мұның жүзінде қуаныш нышаны жоқ, өңі суықтанып, біртүрлі сұрланды. Иегі дірілдеп, екі көзінің алдыңғы бұрышынан жас домалап кетті. Ол енді қозғалуға дәрмені болмай, қуарған, бірақ, тереңге бойлаған тамыры құлатпай ұстап тұрған жансыз ағаш секілденіп, сұлық тұра берді. Әйелінің жүрегіндегі қасірет-шерді сезбеді.

Күлән мауқын басқанша жылады. Іштегі қалың дерті, қайғы-зары, шеккен жәбірі — бәрі қозғалып, көзінен ағыл-тегіл жас боп төгілді. Ақжолдың мойнынан қолын босатқан кезінде дірілдеген буындарын бекіте алмай, құлап кете жаздады. Ақжол сау қолымен сүйеп, демеп жіберді. Ол әйелінің жадау кескінін сол мезетте ғана анық байқады; Күләннің жағы ортайып, бет сүйегі білініп, өңі арып жүдеген. Бұрынғы күлімдеп тұратын шұғылалы қара көзінің алдына әжім пайда болған. Қасы төмендеп, ашық қабағына күңгірттеу көленке түскен. Осы бел-

гілер Күләннің бұрыңғы нұрлы ажарын суытыңқырап, өңіне қатулау түр бітірген. Оның бетінің реңі неге бұлай өзгергенін дәл осы сәтте ойлауға Ақжолдың мұршасы болған жоқ.

Күлән шәлісінің шетімен көзінің жасын сүртті.

— Аман-есен келдің бе? — деді дірілдеген дауыспен. Ақжолдың мойынға асқан таңулы қолына мұңды көзбен қарады.

Ақжол үн қатпады. Сұрлана бұзылған пішінінен жүректі тітіреткендей бір түрлі ызғар білінеді.

Оны бұл күйге душар еткен жағдайды Күлән ішінен сезіп, күйзеле түсті.

Енді ол жыламады, өзіне өзі қайрат беріп, бойын бекітті. Бірақ, зарыға күткен жарының үнін, бір ауыз сезін естуді жан-жүрегі тілеп тұр.

Күлән Ақжолдың бетіне, бойына көз тоқтатып қарап еді; жарақаттан шеккен көп мехнат зардабынан көзі үңірейіп, иегі ұзарып, мойны жіңішкеріп, қатты жүдеген Ақжолдың қуқыл өңі әйелге суық көрінді. Ерінің неге мұнша арығанын, пішіні неліктен бұлай суық тартып тұрғанын Күлән өзінше түсінді, сырқаттың азабынан болар деп ойлаған жоқ. Ол қинала күрсініп, іштегі мұң-наласын қозғағысы кеп ыңғайланып еді.

— Ақжол, сөзіме құлақ салармысың...— деп, жүдеген үнмен бастап айта бергенде:

— Айтпа! Естіртпе маған ештемені. Тыңдайтұғын халім жоқ...— деді Ақжол даусы қалтырап. Қабағы жабылып, басы иіліп, тұнжырап біраз тұрды да: — Сенің бұрынғы Ақжолың жоқ, ол өлген,— деді. Күләнға суық көзбен қарады да, ақырын бұрылып, ауыр қозғалып, үйден шығып кетті...

## VI

Содан беріде бірнеше күн өтті. Ағайын-туғандар, жақын жегжаттар, замандас құрбылар Ақжолды бірінен кейін бірі қонаққа шақырып, үйлерінен дәм таттырып, жақсы көңілдерін, адал ықыластарын білдірді. Майданнан мүгедек боп қайтқан, әрі мұндағы ауылдағы үйінің сәні кетіп, семьялық тіршілігінің шырқы бұзылған жігітті олар іштерінен қатты аяса да, Ақжолдың көңілін жүдете бермеуге тырысып, ешқайсысы да бұл тақырыпта сөз қозғамады. «Бұл күйді айта берсек, мүмкін оны та-

балағандай болармыз,— деп, кейбіреулер сақтық жасады.

Жүрегін жыланша сорып жатқан қайғыны, жанын қинаған азапты Ақжол да ешкімге айтпады. Басына тағдырдың түсірген салмағын өзі ғана көтермек, төзбек. Қайғылы адам жалғыз бұл ғана ма? Ақжол өз қайғысының салмағын басқалардың басындағы қайғымен салыстырып көреді. Құрығыр соғыс кімнің басына қайғы салмады?! Майданда баласы өліп, артында аңырап қалған ата-ана да бар. Жары оққа ұшып, көкірегі шерге толған жесір де, әкесі мерт боп, жетім қалған бала да бар. «Өзекті жан өлмей ме, бірақ, ақ жуып, арулап қоя алмадық-ау, қолымыздан топырақ сала алмадық-ау»,— деп қариялар еңірегенде етектері жасқа толады. Айдалада оққа ұшып, беті жабусыз, көмусіз қалған адамдардың да сүйегін Ақжол майданда өз көзімен көрген. Сол фақырлар кімдер? Олардан ешбір хабар-ошар келмейтіні Ақжолға анық. Бірақ олардың туғандары күдер үзер ме?! Еш хабардың жоқтығы көңілге күдік салғанмен, жақынды өлді деуге қия алар ма?! Екі көздері төрт болып, күндіз-түні жолына қарап, зарыға күтпек. Осыларды ойлағанда Ақжол қатты қиналып, өңі бұзылып, ұзақ тұнжырап отырып қалады. Біраздан кейін ғана, айналасындағы кісілердің тіршілік үшін, өмір үшін жасап жатқан қам-харекетін байқап, содан көңіліне демеу табады.

Ауылға келген күннен беріде Ақжол бір жағдайды анық байқады: бұл жақтағы, яғни, тылдағы жұрт өз арқаларына батқан ауыртпалықты майданда, борағаи оқ астында жүрген туыстарының, жақын жұрағаттарының басындағы қатерлі қиыншылықпен салыстырады екен де, өздері шеккен азапты жеңілге санайды екен. «Біз көрген қиыншылық — қиыншылық па тәйірі. Анау қар жастанып, мұз төсеніп жүрген бауырларды айтсаңшы!» — деп сөйлейді. Сол бауырлары үшін не қиямет кешуге де әзір. Майданнан қаралы хабар алған ағайын да ертелі-кеш еңіреп отырған жоқ. Ақжол келгенде, бұған көрісіп, іштегі зар-шерлерін босатып, тағы да бір-бір жылап алысты да, енді күнбе-күнгі тіршілік харакетінде жүр. Көңілдегі үмітті демеу етеді, алдағы күндер жайын, шаруа қамын ойласады. Қара бастары үшін ғана қам жемейді, соғыстың зардабынан ауыл тұрмысының күннен-күнге ауырлап, мұқтаждықтың көбейіп, жағдайдың қиындап бара жатқанына көңілдері қобалжиды. Бі-

рақ өз үйлеріндегі жоқтықты, жетімсіздікті Ақжолға ешқайсысы да мұң ғып шақпады, арқаларына батқан ауыртпалықты, жұмыстан қажып-шаршайтын жағдайларын реніш қып айтпады. Қазіргі қиын-қыстау уақытта бұлар да қайраттанып, бойларына өлшеусіз зор жігер біткенін танытады.

Ақжол бұл адамдарды өзіне зор медеу тұтты. Қара бастың қайғысына көміліп, тұнжырай беру осалдық болатынын енді ол тереңірек ұқты. Іштегі айықпастай қалың дертін сыртқа сездірмеуге тырысты.

Сол мақсатпен және қарап жүрсем басыма уайым орала берер деген оймен, ол бригадирден бір жұмыс беруді сұрап еді. «Дем ал, тынық, жаралы қолың әбден айықсын»,— деген жан ашу сөздерге көнетін райы болмаған соң, бригадир оны лайықты бір жұмысқа орналастырудың ретін ойластырып, Ақжолды сиыр фермасының меңгерушісі етіп тағайындау жөнінде колхоз басқармасының мәжілісінде ұсыныс жасады.

Бұл жұмысқа тиянақты кісі табылмай, әркім бір атқарып келген еді. Бригадирдің ұсынысын басқарма мүшелері бірден құптады. Тек председатель Қожахан ғана ықыластанбады. Ол әр нәрсені сылтау етіп, олай-бұлай бұлтақтатқысы келіп еді, мосқал бригадир: «Ақжолды сіз білмейсіз, ал біз оны бала жасынан білеміз, тыңғылықты жігіт. Өзі соғыстан жараланып келіп отыр. Майданнан оралған жауынгерге сенімсіздік білдіруге қақымыз жоқ!» — деп тік кеткен соң, Қожахан үндей алмай қалды. Ақжолдың ферма бастығы болғанын іші құп көрмесе де, басқарманың өңге мүшелері Ақжолды түгел қуаттап отырған соң, көпшілікке қарсы шығуға дәлел таба алмай амалсыз көнді.

Ақжол бұл қызметіне кіріскенде, жұмысты мал басын түгендеуден бастады. Сауын сиыр қанша, неше табын бойдақ мал бар; торпақ, бұзау саны қанша — осының бәрінің тізімін кеңседегі ақпардан мұқияттап біліп алды да, қасына ферманың есепшісін ертіп, екеуі екі атқа салт мініп, жайлаудағы табындарды аралауға таң сәріден аттанып кетіп еді. Бұлар күнұзын аттан түспестен, әр табындағы малды бөлек-бөлек түгендеді. Сауын сиырдың, торпақ пен бұзаудың саны кеңседен алған қағаздағы цифрмен тура шықты да, бойдақ ірі қараның табынынан бес малдың орны толмады. Ақжол мұның себебін дәл бір тергеушідей қадалып сұрағанда, селдір шоқша са-

қалды, аласа бойлы, қаңғалақтаған кішкене шал — бақташы Сыздық абдырап, ойы шатасып, бір сөзіне бір сөзі қиғаш шықты. Оның шынын айтпай тұрғанын, ішінде бүккен бір құпиясы барын Ақжол сезді де, түсін суытып, шалға түйіле қарап:

— Ақсақал, мен бала емеспін, жөнге көш те, шынынды сөйле. Ал, әйтпейді екенсің, жақсылық күтпе! — деді қатқыл үнмен.

Сыздық Ақжолдың қату түрінен шошып қалды.

— Ойбай, қарағым Ақжол, менде тұқ те жазық жоқ. Ол малды мен жоғалтпадым... Өздері алған,— деді сасқалақтап.

— Кім олар?

— Әлгі... әлгі ақсақ Әлибек...

— Кладовщик Әлибекті айтады. Бұл ферманы ол да басқарған. Ат үстінде жүруді денсаулығым көтермейді деп, сіз келердің аз-ақ алдында кілтшілікке ауыскан,— деп, Ақжолға қасындағы есепші бала түсінік берді.

Ақжол оған жалт етіп қарады:

— Оның алғанын сен де білесің бе?

— Жоқ, ... білмеймін, естіп тұрғаным осы,— деді есепші. Өзін жазықты санағандай боп, қысылып, қызарып кетті.

Ақжол бақташыға бұрылып:

— Әлибек қашан, қалай алды? Бес бірдей ірі қараны бір күнде әкетті ме? Кім рұқсат беріпті? Не мақсатқа жұмсалды? Білесің бе? — деп сұрады.

— Қыста біреуін, көктемде екеуін, жазда және екеуін алды. Басқарманың қол қойған қағазын көрсетті. Ал, алған малдарын не мақсатқа жаратқандарын білмеймін. Әлибектің маған бар айтқаны — «бұл мал колхоздың қаражатына керек, бірақ, мал әкетті деп, кім көрінгенге көкі берме, шал. Қазір соғыс уақыты, аузыңды бақ»,— деді. Бір жолы Қожаханның өзі де сүйдеп ескертті. Бастықтарым осылай деген соң...

— О, сорлы бейбақ! Бірден осылай деп шынынды айтпаймысың! — деді Ақжол ызасы келіп.

Ол қабағы түйіліп, ойланып қалды. Бақташы шалдың сөзінен бір қылмыстың ұшығын көрді. Қамшысының сабын сығымдап ұстап, орнынан сұрланып түрегелді.

— Сен қал! Осы жердегі жұмысқа бас-көз бол! — деп, есепші балаға бұйрық қылды да, өзі ерге жылдам

қонып, ауылды бетке алып, атын қатты тебініп, желдіртіп жүріп кетті.

Ол ауылға түн ортасы шамасында жетті. Мұның дүбірін естіп, Сәдуақастың сабалақ қара төбеті алдынан дүңкілдеп үріп шығып еді. Ақжолды таныған соң, құйрығын бұлғаңдатып қыңсылады.

Ақжол тершіген атты қақпаның алдындағы ашаға байлады да, өзі азырақ тыныс алмақ боп, қораның іргесінде жатқан жуан дөңбектің үстіне кеп отырды. Сабалақ төбет еркелеп, мұның тізесіне аяғын салып еді, Ақжол итті қаңқ еткізіп, қамшымен басқа тартып жіберді.

— Бұл кім әй, итті ұрған? — деп терезеден дауыстаған Күлшәрияның үні естілді.

Ақжол дыбыс бермеді.

Шапанын басына бүркеніп, жан-жағына аңди қарап, қақпадан шығып келе жатқан Күлшәрия көрінді. Ол Ақжолды байқап:

— Мырзажігіт, итті қаңсылатқан сенбісің? — деді таңырқанып.

Ақжолдың ызасы келді:

— Немене, итің өлсе, құнын даулайын деп пе едің?

— Ойбай көтек, ашулысың ғой... жәй айтам, үйді торып жүрген бөтен біреу ме деп ем. Неғып отсың бұ жерде? Үйге кір, тамақ жылтайын...

— Бара бер! Ас ішпеймін, тоқпын!

— Түн салқын, суық тиіп қалар.

— Мені өледі екен деп қорықпа...

Ақжолдың қатқыл үнінен оның көңлінде бір жайсыздық барын ұқты да, енді бірдеме десем мүлде ашуландырып алармын деп жасқанып, Күлшәрия үйге кірді. «Қу катынның ылаңы ғой бәрі»,— деп, Ақжолдың тарылуын Күләннан көрді.

Ақжол сыртта ұзақ отырды. Бүгінгі ісін көз алдына келтіріп, тағы да бір тексеріп өтті. Жұмысқа кіріскен алғашқы күннің өзінде бес бірдей ірі қараның жоғалған ізін көрді. Бұдан ірі қылмыстың исі білініп тұр. Қара тырнақтарын батырып жіберіп, халықтың ырзығын сүлікше сорып жатқан бір сұмдар көзге елестеді. Солардың жуан ортасында Қожахан ыржың-ыржың күліп отырған секілденді.

«Ah, оңбағандар! Жақсы азаматтардың жырақта жүргенін пайдаланып, кесірткеше жықпыл-жықпылмен ірендей жорғалап, жылы жерлерге ұялап алғандарын

қарашы бұлардың! Бәлем, сендермен болсын ісім! Кесірткеше құйрықтарыңды үзіп тастап қашсаңдар да, бұлтартпаспын. Киярмын желкелеріңді!» — деп, Ақжол қаны қайнап ызаланды. Ол жоқ малдың орнын тауып бер деп, ақсақ Әлибекті түн ішінде төсегінен тұрғызып қыспаққа алуға бір оқталды. Бірақ, оны жұмсаған Қожахан болғандықтан, әуелі соған барып соқтығайын ба деп бір түйілді. Басына: «Мұным асығыстық болмай ма? Анығына көзім әбден жетті ме?»—деген ой келіп, сонсоң тоқтады.

Және бір ой қабаттасты. Ақжолға кейбір жерлестері Қожаханнан көрген жәбірін арыз ғып шаққан болатын. Қожахан бала-шағаға, әйелдерге, кемпір-шалға қожаңдап, талай кісіге тілін де тигізіпті. «Осыған ерегескенде жұмысқа шықпай, үйде жатып алайын деп едім, бірақ, дәтім шыдамады. Бүйтсем, оны мұқатпайды екем, колхоздың жұмысын ақсатады екем. Жаудың күйреуін, майдандағы туысқан-туғанның үйге тезірек оралуын тілеген адам өйте алар ма? Ал осыны Қожахан түсінбейді, жұрт менен қорыққанынан, ыққанынан дедектеп жүр деп ойлайды. Жұмыстың жөнін, істің мәнісін білмейтін, ақылы шолақ, дорақ адам. Ауданның бір әкімі өзі ертіп әкеп, колхозға бастық етіп сайлап кеткен соң, амалсыз көніп отырмыз»,— деген арызды Ақжол біреуден емес, бірнеше кісіден естіген-ді. Қожаханның қылығына зығырданы қайнаған. Бірақ, ашуын сыртқа шығармай, ішінен буырқанған. Құлән мен Қожахан жөнінде Құлшәрнядан естіген сөздері жүрегінде инеше қадалып тұрғандықтан, егер бұл Қожаханға барып соқтығар болса, көлденең жұрт: «бейбақ жігіт жетесіз қатынына түк қыла алмай, ашу-кегін Қожаханнан алғысы келген екен»,— деп күлер деген күдікпен өзін-өзі тежеген еді.

Қазір осы ой басына тағы да келгенде Ақжол, екі көзін тас қып жауып тұрған томағасын өткір тұяғымен долдана қаққан бүркіттей ызаланып, мықты сау қолымен тізесін сығымдап, тісін шықырлата тістенді...

Келесі күні ол кеңсеге ертемен келіп, бухгалтерден Қожахан председатель боп істегеннен бергі уақыт ішінде колхоздың есеп-қисабы жазылған қағаздарды көрсетуді талап етті. Бухгалтер қарсылық білдірген жоқ, Ақжолдың жабыңқы қабағына, сұрланған өңіне барлай қарады да, оң жағындағы ескірген шкафты ашып, бір қалың папканы алып берді.

— Үйге алып кетуге болмайды, осы жерде отырып қара,— деді.

Ақжол ұқыпты тігілген қағаздарды бір-бірлеп асықпай аударып, әр парақтағы жазуларды қадағалап оқыды. Кейбір тұстарда бөгеліп, дәптеріне бір цифрларды жазып алады. Кеңсеге біреулер кіріп, біреулер шығып жатты. Ақжол бұлардың ешқайсысына назар аударған жоқ. Қалың шытырман арасында бір қадырлы затын жоғалтып, соны іздеген адамдай халге түсіп, шұқшиып отыр.

Ол қанша уақыт өткенін аңғармады. Қағаздарды түгел көзінен өткізіп сүзіп шықты, бірақ, іздегенін таппады. Мұның қобалжыған түрін байқаған бухгалтер: «Мүмкін мен білетін шығармын, нені іздедің, не керек еді?» — деп сұрады. Ақжол мән-жайды қысқаша айтқанда, бухгалтер таңданып қалды.

— Тышқақ лақ шығын болса да, санаттан шығарып отыратын ек, ал мына бес қараның не қажетке жұмсалғаны маған бимағлұм. Қолымда еш дерегі жоқ. Уақтүйек қозы-лақ емес, бес білдей ірі қараның қағаздағы санатта бар болып, ал, табында жоқ боп шыққаны қалай? Бұл бір жұмбақ екен,— деді.

— Иә, жұмбақ...— деді Ақжол. Басқа сөз айтқан жоқ, қабағын түйіп, ойланып қалды...

Ақжолдың бір ғадеті — нендей істі бастаса да, қашан тындырып шыққанша көңілі алабұртып, тынышы кететін. Күндіз-түні ойлайтыны бір ғана сол болып, өңге жайларға дәл мұншалық алаңдамайтын.

Ол кеңседен шыққан бойында ақсақ Әлибектің үйіне барды. Әлибек маңдайы тершіп, шай ішіп отыр еді.

— Оһо, франтовик, жоғары шық! Мақтап жүреді екенсің, дәм үстіне келдің ғой,— деп, Әлибек күлімдеп сөйлеп, Ақжолды дастарқан басына шақырды.

— Рахмет! Зауқым жоқ,— деді Ақжол.

— О несі?! Бұл — таңертеңгі тамағымыз. Таңертеңгі тамақтан татпасаң...— Әлибек: «қатының тастап кетеді» деп айтып қала жаздап, кілт тоқтады.

— Сенде тығыз бір шаруам боп келдім. Оңаша сөйлесейік, тысқа шықшы,— деді Ақжол салқын үнмен.

Ақсақ Әлибектің өңіндегі күлкі ізі өше қалды, үрпие бозарып, түсі өзгеріп кетті. Ол өзінің қобалжыған күйін сездірмеуге тырысып:

— Япырай, құпия сөзге қырым жоқ еді, не айтпақшы едің? — деп күлген болды. Орнынан ықылассыз түрегелді.

Ақжол оның шошығандай боп, өңінің ілезде қуқылдана құбылғанын бірден байқап еді. «Қылмысың жоқ болса, бүйтіп түсің қаша ма? Тегін емессің, сен ақсақ!» — деген ызалы ой Ақжолдың басына сол секундта-ақ келді. Сонда да ашуын білдірмей, өзін тежеп ұстады. Тысқа шыққанда да Әлибекке бірден дүрсе қоя бермеді. Сөзін жайлап бастады. Мал басын түгендегенде бес ірі қараның орны толмағанын, олардың не қажетке жұмсалғаны хақында кеңседен ешқандай мәлімет табылмағанын айтты да, осы жоқ боп шығып отырған мал жөнінде Әлибектен дерек сұрады. Бұл малды бақташының қолынан Әлибектің өзі барып алғанын қасақана айтпай, ол шынын сөйлер ме екен деп, барлау жасап, сабырмен жауап күтті.

Әлибек қасын жоғары қиғаштай көтеріп, Ақжолдың сөзіне таңырқаған әлпет білдірді.

— Жоқ болуы мүмкін емес, менің тұсымда мал басы түгел болатын. Санағанда өзің бір жерінен жаңсақтық жіберіп алған шығарсың,— деп, кінәні Ақжолға қарай аудара берді.

Ақжол бұрқ етіп қайнап, оң қолымен Әлибекті омырауынан бүріп ұстай алды.

— Ах, оңбаған! Мені айыпты еткің келе ме? Ашып қара көзіңді! Кім тұрғанын біл алдыңда! — деді тіктеніп. Көзінен от ұшқындап, төне түсті.— Білемін бәрін де! Ізіңді қуып келіп отырмын. Бақташыдан өзің барып алыпсың. Қайда тығып қойдың ол малды? Қайда жітіріп жібердің? Айт жаныңның барында!

— Өй, дәуірлеме! Ойының ба десем, шындап барасың ғой. Қайдағы мал? Бақташыдан кім алыпты оны? Тантыма босқа! — деді Әлибек көзі шатынап. Ақжолдың қолын кейін серпіп жібергісі келіп еді, омырауға бүркіттің тұяғынша қадалған темір саусақтар жазылмады.

— Жемтіктес серігіңді де білемін, сасық күзен! Қожахан екеуіңнің жымың бір ғой! — деп, Ақжол жұлқып-жұлқып жіберді.

— Әй, сен өзің ақылыңнан алжасып тұрсың ба? Нең бар менде? Қожаханмен жымың бір дегенің — не деп тантығаның? Онымен ашына болған қатыңа мені де

барып жабысты деп тұрмысың? Қатыныңның бүлінгенін де менен көремісің? Сен әуелі өзіңнің қатыңды жөнге сал.

— Өшір үніңді!

Әлибектің омырауын бүріп тұрған күшті қол оның мойнына шап беріп, кеңірдегін мытып жіберді. Ақсақ Әлибек шала бауыздалған тауықша қиқылдап, тізелері бүгіліп құлай берді...

Ол есі кіріп, көзін ашып қарағанда, Ақжолдың мас адамша теңселіп, аяғын зорға басып кетіп бара жатқанын көрді. «Ә, бәлем, со керек, есемді жіберген жоқ екем»,— деді ішінен.

Өзінің сөзі Ақжолдың жүрегіне оқ боп қадалғанына разы болды. Бірақ, сол мезетте бір бөтен ой тұтқиыл келіп, үрейін ұшырып жіберді.

«Ақжолдың еш нәрседен тайынатын да, аянатын да түрі жоқ. Беті жаман. Егер ол менің бес ірі қараны жасырын сойып, қаланың базарына астыртын шығарып сатқанымды, түскен ақшаны Қожахан мен өзімнің қалтама бөліп салғанымды білсе, алдымен мені құртады»,— деп қауіптенді. Көзінің алдына торкөз терезелі түрме елестеп үрейленді. Орнынан құты қаша түрегеліп, көшенің сыртымен Қожаханның үйіне қарай ақсандай тартты.

Қожахан екеуі сол күні түнде еш адамға білдіртпей бір қулық іс жасады. Кейін қайырып берерміз деп, жақын-жұрағаттарынан бір-бір ірі қараны астыртын алып, бес малды түн ішінде жасырын айдап әкеліп, бақташыға сездіртпей табынға қосып жіберді.

Сол түннің ертеңінде ақсақ Әлибек аудандық прокуратураға жедел хат жөнелтті. Ақжолды қаралайтын жайларды тізіп, теріп келіп, хатының соңын: «Бұл Бекжанов майданнан жаралы қайтқанын міндет қып, бәрімізді басынып, қырып-жойып барады. Мені қылқындырып өлтірмек болды. Бар жазығым — оған ескерту жасағаным. Бұл Бекжанов тек бұзақы емес, әрі барып тұрған пәлеқор. Колхозымыздың қадірлі кісісі Қожаханға және маған «мал ұрладың» деп, тапа-тал түсте жала жауып отыр. Содыр, жалақор Бекжанов жауапқа тартылсын. Бір мен емес, бүкіл колхозшылардың тілегі осы», — деп қайырды.

## VII

Бір аптадан бері күздің суық қара жаңбыры сылбырап жауып тұр. Бүкіл аспанды қара сұр бұлт басқан. Дала сұрқай; үй ішінде де рең жоқ, қаракөлеңке тартқан. Жаңбырдың толастамай, күн райының бүйтіп бұзылып тұрып алғаны, әсіресе, шаруа адамының берекесін алып, әбден ығыр қылды.

Бұл күндері Ақжол бір түнді де тыныш ұйқымен өткізе алмады. Көңілдің тыныштығын кетірген, миды шағып, жанды қинаған қолайсыз жайлар бірінен кейін бірі шыға берді. Ол мал қыстатуға әзірлік жұмыстарының жағдайын тексергенде, ойсырап жатқан көп олқылықты көрген. Мал қоралары әлі жөнделмепті, есік-терезелері үңірейіп, сабанмен жабылған төбелері ашық-тесік боп, аңғал-саңғалы шығып қалған. Сиыр қораларының қасына пішен де жеткізілмеген. «Бұлар қыс болмайды деп ойлаған ба, түге!»—деп, Ақжол қатты кейіп еді. Ол бұл жұмыстарды шұғыл қолға алып, өз қарауындағы жұрттың басым көпшілігін осы іске жұмылдырған-ды. Мұны қасақана сынағысы келгендей күн райы кенет бұзылды да, қара жаңбыр күндіз-түні сіркіреді де тұрды. Сыртқа шыққан адамның мойнына су сорғалап, киімнен өткен күзгі суық жаңбырдың ызғары денені тоңдырып, дірдек қақтырады. Қімнің болса да мұндай күндерде жылы үйде отырғысы-ақ келеді.

Ақжол әсіресе әйелдерді аяды; кейбірінің киімі жұқа, кейбірінің аяқ киімі бүтін емес. Мынадай жаңбырлы күнде бұларды даладағы жұмысқа шығармауға болар еді, бірақ, кім барады, ер азамат аз, адам күші жетпей жатыр. Қыс болса тақау, мына қара жаңбырдың аяғы қарға ұласып кетуі де ықтимал. Қазақстанның бұл теріскей аймағының ауа райының мінезін Ақжол бала жасынан жақсы біледі. Қазіргі шақта оның аса алабұртып, сабыр-тағаты кетіп, көңілінің қатты қобалжуы да сондықтан.

Ақжол іштей аяп қиналса да, даладан пішен таситын, мал қораларының төбесін жабуға сабан әкелетін әйелдерді ала-көбелек тұрғызып, күн сайын ерте аттандырып отырды.

Кеше ол қораларды жөндеуге қажет ағаш кесіп әкелуге өзі бас болып барып еді. Қолына өткір балта алып, қиылған ағаштардың бұтағын бұтасты, жіңішке ұзын

сырғауылдарды арбаға тасып, тиесті. Арқадан өткен жаңбырды, жаралы қолының анда-санда бір дыз етіп шаншып ауырғанын қызу жұмыс үстінде елемеді. Түнде оның жаралы қолы қақсап сырқырап, денесі оттай күйіп-жанып, Ақжол сырқаттанып шықты. Таңертең төсектен басын көтергенде, екі беті күреңітіп, көздері де қызарыңқырап тұрды.

Ақжолдың сырқаттанып қалғанын оның өңінің реңінен ағасы Сәдуақас та, жеңгесі Құлшәрия да тез байқап, қасына тақау келіп хал-жайын сұрап еді. Аяныш білдіргенді Ақжол ұнатпай қалды. Ағасы мен жеңгесіне салқын қабақпен қарады да, ләм деместен, төсегінен үнсіз тұра берді.

Ол басының қатты зеңіп тұрғанын түрегелгенде ғана байқады. Қозғалған сайын екі шекесі шағып, шаншып кетті. Ақжол тістеніп, ауыруға ырық бермеуте тырысты. Жылы киініп, белін қысып буынып, малақайының бауын байлап алып, сыртқа шықты.

Жаңбыр сіркіреп тұр. Терістіктен кешегіден де өткірлеу суық ызғар білінеді. Ақжол аспанға қарады. Айналаңы түгел жауып, тұтасқан сұрғылт бұлттың теріскей жағы түтініденіп, көзге біртүрлі сұсты көрінді. Солтүстіктен жылжып келе жатқан қардың белгісін аңғартады.

Ақжол сиыр қорасына қарай жүрді. Бұл қораның ішкі жөндеуі бітіп, төбесі бүтінделіп, енді есік-терезелерін оңдау жұмысы қалған еді. Ақжол терезелердің орнын кеңейтіп, бәрін жаңадан салуға, ұзын қораның екі басындағы тозған, мыжырайған қамыс есіктерді алып тастап, жаңа тақтай қақпалар орнатуға нұсқау берген болатын. Оның есебінше, бұл жұмыстар әлі екі-үш күнсіз бітпейді. Бірақ, уақыт күте ме?

Ақжол терістік жақтан түнере жылжып келе жатқан бұлттың сұсынан шошыды. Қар жауатыны анық. Сол қар жапалақтап түспей, борай жауып, жел катайып, ұйқы-тұйқыны шығармаса нағылсын. Соғыстан бұрынғы бір жылы дәл осындай хал болған. Бірнеше күнге созылып сылбыраған жаңбырдың соңы қарға айналып, күн кенет суытып, жел де кенет күшейіп, алай-дүлей боран соққан-ды. Үш-төрт күнге дейін долданып, ақ түтек боп тұрып алған. Уақытында жөнделмеген ашық-тесік қора пана болмай, қыруар мал шығынға ұшырап еді, арық торпақ, қатпа бұзаулар суыққа алдымен ұшқан. Сол

боранның зардабынан біраз буаз сиыр іш тастаған. Осы жайлар Ақжолдың есіне түскенде, көңіліне қорқыныш кіре бастады.

Күн райының бүлініп тұрған түрі мынау, осының үстіне қар жауып, күн кенет суытып кетсе, даладағы малдың күйі не болмақ? Ал егер етек-жеңді жинауға мұрсат бермей, алай-дүлей боран соғып кетсе, оған қарсы не шара бар? Малды жөңкілтіп әкеп қораға қамарсың. Бірақ, оның әлі орнатылмаған, орны үңірейіп тұрған терезелерінен, ашық есіктерінен ұйтқып қар кірмей ме? Даланың бүкіл суығын ызғырық жел ішке айдамай ма? Дірдектеген мал жылу іздеп, бір-біріне тығылып қысыла түскенде әлсіздері, торпақ-тана секілді ұсақтары қағылып құлап, көп тұяқтың астында жаншылып қалуы да ықтимал. Сонда бұл шығынға кім жауап бермек? Қысқа әзірлік жұмысы дер шағында жүргізілмеген деп, Ақжол кінәлі кісіні іздеу керек пе? Қош, кінәлі де табылар, ол мейлі жазаға да тартылсын. Бірақ, мұнымен шығасының орны тола ма? Өлген мал қайта тіріле ме?

Осының бәрін ойлап өтіп, Ақжол бүкіл жүкті өз арқасына аударды. Бұл жүктің салмағы қанша ауыр болса да өзі көтермек, шыдамақ. Алда-жалда шамасы келмей, жүкті ығынан аударып алса, бұл үшін өзін ғана жазғырмақ. Жұмыстың бұрынғы ақсап жатқан жақтарын тілге тиек етіп, кінәні басқаға аударуға тырысу — Ақжолға, бір жағынан, осалдық белгісі секілді көрінді; екінші жағынан, тек мақтан құмар адам ғана өстеді деп ойлады. Рас-ау, бір жұмыстың басына жаңадан келген адам, осы орында өзінен бұрынғы әріптесі атқарған істен табылған ақауды әр жерде сөз қып, «оның бүлдіргенін мен түзетіп жатырмын» деп айта берсе, мұның өзі мақтан емей немене?

Ақжол ферма меңгерушісі болғаннан бері, осы жұмысты одан бұрын басқарған адамдардың ісінен көп кемшілік тапты. Істің мәнісін білмеуден, әрі қырсыздықтан, шалағайлықтан туған олқылықтар да, тапсырылған жұмысқа жауапсыз қарау салдарынан өрбіген ақаулар да бар. Ақжол бұл кемшіліктерді колхозшылардың жиналысында бір рет айтты, бірақ, сол міндердің зардабынан ертең басыма қиыншылық туса, осы сөзім өзімді арашалар деген ниеті болған жоқ. «Бұл міндерді мен өзімнің жүгімді жеңілдету үшін әдейі айтып тұрғаным жоқ. Кейін жұмысым ілгері баспай жатса, мұның бірін

де себеп етпеймін. Істі жолға қоя алмадың деп, ең алдымен өзімді сөгемін. Қазіргі жұмыста қандай ақау бар — соны білсін деп, оны қайткенде тезірек жөндейміз — соған сендер ақыл-кеңес берсін де, міне, тек осы мақсатпен айтып тұрмын»,— деген-ді.

Сол мезетте, мұның арт жағындағы біреу мырс етіп күлді. Ақжол жалт бұрылып қарап еді. Сыңар езуін тартып, сығырая күліп отырған Әлибектің кескініне көзі түсті.

Ақжол қазір сиыр қорасына қарай беттеп келе жатқанда, ақсақ Әлибектің сол ұнамсыз ұсқыны көзіне елестеді. Ол, әрине, Ақжолдың сүрінгенін тілейді. Сонда оның ойдағысы орындалып, құрған есебі тура шыға берер еді.

Әлибек әзірше үмітсіз емес, бір амалы көздеген жерден шықты. Оның аудандық прокуратураға жөнелткен арызы бойынша, істің жайын тексеруге арнайы адам келіп еді. Ол қасына куә ретінде екі-үш кісіні ертіп жүріп, малды түгендеді. Бес ірі қараның орны жоқ деген Ақжолдың сөзі расталмады, санағанда табындағы малдың басы түгел боп шықты.

Ақжол: «Біз түгелдегенде жоқ боп шыққан малдың орны қалай толды? Табынға олар қалай қосылды? Сенің маған айтқаның не сөз еді?» — деп бақташыны қыспаққа алып еді; Қожахан мен Әлибек те қосарланып бақташыға ұрсып, зекіп сөйлеп шалдың аузын ашырмады. Мал саны түгел болғаннан кейін, ауданнан келген өкіл бұл жөніндегі ендігі дауды артық деп санады да, Ақжолдан Әлибекке қол жұмсағаның рас па деп сұрады. Ақжол жалтарған жоқ, мұны мойындады. Аудандық өкіл мұндай әрекетті совет заңы айыптайтынын айтып кеп: «Бұл — сотқа тартылатын іс, бірақ сенің соғысқа қатысқан, майданнан жаралы қайтқан жағдайыңды ескеріп қана бір жолға кешірім етемін»,— деп, Ақжолға қатаң ескерту жасаған-ды.

Өкіл сөзін жайлап айтқан; әйтпегенде, егер ол жаралы жігітті бірден жалақорсың деп жазғыра жөнелгенде, Ақжолдың өзіне өзі ие бола алмай қалуы да ықтимал еді. Ақжол ашуы қайнап, өзін зорға тежеп тұрған-ды. Ол Қожахан мен Әлибекті көзінің қиығымен бақылап еді. Аудандық өкіл әлгі ескертуді айтқан кезде, Қожахан көзін төмен салып, сазарып отырды. Ақжолдың ауыр жазаға тартылмағанына наразы болған ыңғайы бар. Ал,

Әлибек орындыққа шалқайып, екі көзі жоғарыда отыр. өз есебінің ойлаған жерден шыққанына ішінен өте разы болып отырған әлпеті байқалды.

Ақжол қазір Қожахан мен Әлибектің сол кескіндерін көз алдына келтірді. «Алай-дүлей боран соғып, мен малды қайда паналатарымды біле алмай абдырасам, сендер қуанар едіңдер-ау ә?! Егер суыққа ұшып, мал шетінен сетіней бастаса, сендер бұған дұшпанша сүйсінесіңдер. Бұл анық. Малды қастандықпен қырғынға ұшыратып жатыр деп, Әлибек сен, прокурорға тағы да хат айдарсың... Жоқ, болмас ол дәмелерің! Кеудемде жаным тұрғанда сендерді басыма шығармаспын! Қуандырмаспын, күйіндірермін!» — деп тістенді Ақжол.

Ол кораға жақындағанда балтаның дүңкілі естілді. Іске жаны ашитын, алабұртатын жұрт бар екен ғой! Ақжол аяғын асыға басты.

Кора жөндеушілер жұмысқа бүгін күндегіден де ерте шыққан еді. Күн райының ыңғайы олардың да көңіліне қобалжу салған. Бригадирдің қозғауынсыз-ақ әрқайсысы ертерек қимылдап, таңертеңгі астарын да асығып ішіп, жұмыс басына тезірек жетуге тырысқан-ды. Ақжол қызу істі көріп қуанып қалды. Қақпадан кіре беріп: — Іске сәт! — деп дауыстады. Тұла бойының құрыстап, ауыр тартып тұрғаны да, екі шекесінің зырқылдап, басының ауырғаны да іп-ілезде айығып кеткендей болды.

Ол ілгері жүре түсіп, жұмыстың барысына жағалай қарап өтті. Кешеден бері қыруар іс бітіп қалған. Қаркын жақсы.

Ақжол қақпаның жақтауын қашап жатқан шоқша сақалды, арық шалдың қасына тақау барып:

— Ақсақал, қалған жұмысты бүгін бітіре аламыз ба? — деп сұрау беріп еді:

— Мына күннің түрі жаман, бітірмеуге бола ма, қайткенде де бітіру керек, шырағым,— деді шал.

— Рахмет, ақсақал!

— Не үшін?

— Жақсы сөзің үшін. Жақсы сөз — жарым ырыс!

Ақжол белбеуін ағытып, брезент шекпенін шешті. Мұның ішінен киген фуфайкасының түймелерін жөндеп салып, белін қысып, белбеуін қайта буынды. Шалдың қасында жатқан балтаны қолына алып, жүзін бармағымен байқады да: «қылпып тұр екен, текке жатпасын, мына ағашты мен шауып көрейінші»,— деп, бір жағы тегістей

шабылған жұмыр ағаштың қырналмаған екінші бетін жаңғырыққа аударып салды.

Ақжол ағаштан түйін түйген шебер атанбаса да, бұл іске бұрын қолының ебі бар болатын. Ұзын бөренені қырлап шапқанда, арамен тілгендей етіп, түп-түзу ғып шығаратын. Сол машықпен балтаны батыл сілтеп еді. Балтаның жүзі түзу тимей, ағашқа қисық түсе берді. Ақжол сонсоң қолын қалтаның сағағына таман сырғытыңқырап, сапты қысқарақ етіп ұстап көрді, бірақ, күш ала алмады, қары да, саусақтары да тез талды. Сонда да тістеніп, тырысып бағып еді, бірақ, сыңар қолмен балта шабуға оңтайы келмеді, құрылыс ағашын бүлдіріп алатын болған соң амалсыз тоқтады. «Ех, құрғыр соғыс, сенің қырсығың ғой бұл!» деп кейіп, жаңғырықтың үстіне отыра кетті ол. Маңдайынан шыққан суық терді алақанының қырымен сүртті.

Бұдан он қадамдай жерде бір әйел мен он үш жастар шамасындағы бір бала ағаш аралап жатыр еді. Ақжол соларға бұрылып қарағанда көңілі біртүрлі бұзылды. Баланы аяды. «Бейбіт уақыт болса, сен бала қазір жылы төсекте ұйықтап жатар едің ғой... Күздің жаңбырлы мына қара суығында ересектермен бірге алакөбеден тұрып, шамаңнан артық жұмыс арқалап, қабырғаң қайысып бүйтіп жүрер ме едің?..»

Араның тұтқасын тартып ала алмай жатқан баланың жіп-жіңішке, сәл суық сорған қызғылт білегін көріп Ақжол оны қатты аяп кетті. Қасына барып, жаурынынан қағып, басынан сипады да:

— Қарағым, шаршадың білем, дем алшы. Араңның құлағын маған бере тұршы, — деді.

— Жоқ, өзім... Мен шаршаған жоқпын, ағай,— деді бала араның құлағын қос қолымен жұлқи тартып.

Ақжол оның «шаршадың білем» деген сөзге намыстанғанын түсіне қойды да: — Жоқ, сені шаршады деген ойым жоқ, бірақ, мен де ағаш аралап көрейінші, шамам келер ме екен, байқайыншы,— деді ақырын ғана жымиып.

— Ә, онда мейліңіз, — деп, бала да жымиды. Орнынан тұра беріп, Ақжолдың мойнына асынған жаралы қолына көзі түсіп: — Сіздің қолыңыз ауырады ғой,— деді түсі кенет өзгеріп:

— Бұл қолға салмақ түспейді, араны сау қолымен тартпаймын ба?! — деді Ақжол.

Ол төмен еңкейіп, араны құлағынан ұстап, қозғап тарта бастағанда, бала сенбегендей пішінмен Ақжолдың қимылынан көз алмай қарап тұрды. Бір тұтқасын бала ұстағанда қысылып, қайта-қайта бүктеліп, жөндеп жүрмей тұрған ара, сол тұтқаны Ақжолдың қолы ұстағаннан кейін еркін көсілді. Жуандығы бөренедей ағаштарды, балтамен таңба салынған жерлерінен, тез-тез қиып түсіре берді. Араны сынар қолымен тартқан Ақжолдың қимылына араның екінші құлағын ұстаған әйел әзер ілесіп отырды. «Ох, бұл ағай қандай мықты! Фашистермен соғысқан адам осал бола ма?!» — деп, сүйсіне ойлады бала...

Бұл күні кешке дейін жұмыс бір толастаған жоқ. Ақжол түскі ас мезгілі кезінде де қарамағындағы кісілерге үйлеріне баруға рұқсат етпеді. Бір әйелді арнайы жіберіп, бәрінің тамағын жұмыс басына алдыртты. Ас ішуге арналған аз үзілістен кейін жұмыс қайта қызды. Кеш батып, қараңғылық түскен кезде қораның ішіне үш-төрт жерден фонарь жағылып ілінді. Жұмыс тоқтаған жоқ.

Сөйтіп, осылайша қауырт қимылдау нәтижесінде, бүкіл жөндеу жұмысы түн ортасы ауа ойдағыдай аяқталып еді. Кісілер үйді-үйіне тарқады.

Ақжол қолына фонарь ұстап, қорадан бәрінің соңынан шықты. Жаңбыр сіркіреп жауып тұр. Ақжол қақпаның алдында біраз тұрды. Басына бір ой келді. «Осы, таң атуға жақын емес пе? Үйге барып төсекке құлағанмен, ендігі ұйқының мәні бар ма? Түн ішінде тықырлап, жатқан жұрттың ұйқысын бұзып, мазасын алмай-ақ қояйын»,— деп ұйғарды. Қораға қайта кірді. Ұзын қораның оң жақ бүйіріне жанастыра салынған шым үй бар еді; сауыншылардың сүт қоятын, жабдық сақтайтын, мал күтушілердің қыстығүні кіріп бой жылытатын орынжайы осы болатын. Оған қарай қораның ішінен өтетін кішкене есік бар. Ақжол осылай таман жүрді.

Ол шым үйдің есігін сықырлатып ашып, ішке кірді. Қолындағы фонарын жоғары көтеріңкірей ұстап, үйдің бұрыш-бұрышына, терезесіне, пештің қуысына жарық түсіріп, жағалай қарап өтті. Содан соң фонарьды есік жақ қабырғаға қағылған борананың тісіне апарып ілді де, өзі пештің қасындағы нарға шығып қисайды. Азырақ мызғып алғысы кеп көзін жұмды, бірақ, жуыр маңда ұйқы келе қоймады...

Ақжол ең алдымен бүгінгі күнгі біткен жұмыстың

Әр ауылдың рет-ретімен есіне түсірді. Әр адамның жан сала қимылдаған қалпын көз алдына елестетті. Тартынбақтаған, жұмыстың түнге қалғанына реніш білдірген ешбіреуі де болған жоқ. Ақжол қазір бәріне де қатты ұнады боп, жаны толқып сүйсінді. Көңіліндегі үміт молайып, сенім зорая түсті.

Осы үміт пен сенімнің Ақжолды алдаған жері жоқты. Бұрын да басына қиыншылық түскен талай уақыттарда оған осы сезімдер қуат беріп, алға ылғи жетелеп әкететін. Майданда болған кезінің қауіпты сын сағаттарында оны ерлік айқасқа рухтандырған — сол үміт пен сенім.

Бір жолы Ақжолдың бөлімшесіне жаудың қоршауында қалып қою қаупі төнді. Лайсаң көктем уақыты болатын. Бұлар аласа бір төбенің солтүстік жағынан бекініс жасап, тура алдыңғы беттегі орманға орналасқан жаумен аңдыса атыс жүргізіп жатыр еді. Дұшпан алға жылжуға әрекет жасап, бірнеше рет атакаға ұмтылды, бірақ, қарсыдан жаңбырша бораған біздің жауынгерлердің оғына төтеп бере алмай, кейін шегініп кете берді. Енді жау әдіс ойлап, бұлар бекінген төбені екі жағынан алыстан орағыта өтіп, қоршап алудың әрекетін жасады. Және біздің жауынгерлерге бұл айласын білдірмеуге тырысып, қарсы беттен шабуылды күшейтті. Ақжолдардың командирі қауіпты тез сезді де, әрі жаудың сан жағынан бұлардан әлдеқайда басым екенін барлап анықтап алғандықтан, бөлімшені шығынға ұшыратпау үшін кейін шегінуге әмір қылды.

— Бөлімшенің кейін шегінуіне мүмкіндік туғызу үшін, мына қарсы беттегі дұшпанды оқпен бұқтырып бөгеу керек. Кім қалады осыған? — деп сұрады командир.

— Мен қаламын! — деді Ақжол сенімді нық дауыспен. Ол пулеметчик болатын.

— Жолдас командир! Маған да рұқсат етіңіз! — деп тілек білдірді оның көмекшісі.

Жауды бөгеуге екеуі қалды. Бұлар оқты бората жаудырып, дұшпанға бас көтертпеді. Екі рет немістерді қасына әбден жақындатып алып жусатып салды. Күн кешкіріп, төңірек қаракөлеңке тарта бастады. Атыс күшейе түсті. Жау мылтығының даусы енді тек алдыңғы беттен гана емес, екі жақ бүйірден де естіле бастады. Ақжолдың көмекшісі бір мезетте етпетінен жығылды. Оған оқ тиді. Ақжол ұмтылып кеп, жолдасының басын көте-

ріп еді, ол көзін ашпады, дәл маңдайынан оқ тиіпті, демі үзіліп кетіпті. Ақжол оны шалқасынан аударып, бетін орамалмен бүркеді де, пулеметке қайта ұмтылды.

Ол енді еш қауыпты сезбеді, еш дыбысты естімеді. Тек қарсы алдынан көрінген дұшпанға оқты бората берді. Бір мезгілде пулеметтің үні шықпай қалды. Оқ таусылған еді. Пулеметтің үні тына қалғанын дұшпан да сезіп, төбеге қарай қаптай ұмтылды. Ақжол енді ғана байқады, мұның сырт жағынан да немістер өрмелеп кеп қалған екен. Жаудың құрсауына түскенін Ақжол тез аңғарды. Енді қайтпек керек? Ол белінe қыстырған гранатын суырып алып, сырт жағынан тақап қалған немістерге лақтырды да, өзі оларға қарсы жүгірді. Жүгіріп келе жатып, гранаттың тағы да екеуін, бірінен кейін бірін лақтырып, жауды үркіте бұқтырып, құрсауды бұзып өтіп кетті. Ілгері жүгіре берді. Осы кезде даланы түгел бүркеген қою қараңғылық оны дұшпанның көзінен тасалады. Ақжол өз бөлімшесіне сау-саламат қосылды.

Сөйтіп, со жолы басына аса қатерлі шақ туғанда, ол үрейі ұшпай, тәуекелге бел буып, батыл қайрат жасағандықтан ғана аман қалған еді. Сол оқиға қазір Ақжолдың есіне түсті. Қалың жауға қарсы ұмтылған сондағы өзінің батыл әрекетіне ішінен сүйсінді. «Қандай ауыр жағдайға тап болсаң да, нендей қиыншылыққа кез келсең де, ең абзалы — еңсең түсіп, торықпау. Уайым мен қайғы басқан бойда қуат болмайды»,— деп ойлады. Өз басындағы қайғыны таразылап көрді. Жеңіл емес, егер ырқына берілсе, бұл шер мына бұзылып тұрған лайсаң күн райы секілденіп, көңілді кірлете беруі мүмкін. Ондай халге душар болмау үшін көңілді ылғи серпілтер күй керек. Бұл күй мына бүгінгідей қызу еңбекте деп ұқты Ақжол.

Оның көзі ілініп кетіп еді. Бір жаман түс көрді. Қожахан мен Әлибек мұны бірі аяғынан, екіншісі қолынан ұстап, теңселтіп тұрып, биік құз басынан өзенге қарай ытқытып атып жіберді. Ақжол суға күмп ете түсті. Тынысы тарылып, тереңге батып барады. Күшін жиып, жан-жағын соңғы рет қарманып қалды. Қолына бір бұта ілікті. Соған жармасып, бұлқынып, судың бетіне шыға бергенде, Қожахан мен Әлибек тұрған биік құз ортасынан қақ жарылып, сатыр-күтір етіп суға құлады.

Ақжол шошып оянды. Орнынан ұшып түрегелді. Аяғын басқанда етігінің іші сұп-суық болып, табанына ыз-

ыр білінді. Ақжолдың денесі біртүрлі тітіркенді. Тұла бойы ауыр тартты. Жұмыстан денесі қызынып, арқасы жиіспіп, ысуы басылмаған сол қалпында келіп салқын жерге жатып қалғандықтан, оның бойын суық ұстап еді. Үстіндегі киімін де суық сорып, көйлегі етіне салқын тиіп. Мұның бәрін Ақжол басқаша ұқты, әлгі жаман түстен дененің тітіркенуі деп түсінді.

Ол ақырын қозғалып, қорадан сыртқа шықты. Қалай қарай жүрерін біле алмаған адамша қақпаның алдында біраз тұрды. Маңай бозғыл тартып көрінеді. Таң атқаны біліпеді. Бірақ ауыл жақтан қыбырлаған еш қара көзге түспеді. Жұрт әлі тұра қоймаған мезгіл. Жаңбыр сыбдырлап жауып тұр.

Ақжол ауылға қарай аяңдады. Табанына саз балшық жабысып ауырлай түскен етігі зілдей болып, әрі өзін ой мендеп, аяғын сүйрете басып келе жатты.

Қамыс шатырлы ағаш үйдің тұсынан өте бергенде, ол есік алдында ағаш сүйреп бара жатқан бір әйелді көрді. Сақып кемпірді таныды. Солай қарай бұрылды. Қораның іргесінде, сыртта үюлі жатқан отын бар болатын. Сақып кемпір соны ішке тасып кіргізіп алмақ еді. Ақжол жанына келіп, сәлемдесіп, амандық сұрағанда:

— Қар жауғалы тұр, бүгін қораға кіргізіп қоймасам, ертең бұл отынды қар астынан қопарып алуға менің әлім келе ме? — деді кемпір.

Ол қалтыраған қолын созып, ағаштың біреуін тырмысып көтеріп ала бөріп еді, Ақжол жылдам ұмтылып кеп, ағашты сау қолымен құшақтай ұстады.

— Шешей, маған бер, мен тасиын, — деді.

— Қой, балам, жаралы қолыңды ауыртып аларсың, өзім-ақ тасимын ғой, бұ жұмысқа әзір шамам келеді.

— Жоқ, мен тасимын.

Ақжол құшағына қысқан ағашты қораға сүйретіп енгізіп, отын үйетін іргеге әкеп тастады да, сыртқа жылдам шықты. Сақып кемпір жіңішкерек ағаштың біреуін тағы да көтеріп алғалы жатыр еді.

— Шешей, ренжимін. Үйге барып, жылы жерде отыра бер. Мына отынды қораның ішіне қазір өзім кіргізіп беремін,— деді Ақжол. Кемпірдің қолынан ағашты тағы да барып алды.

Оның айтқанынан қайтпас райын танып, шын пейілін ұғып, әрі Ақжолдың осы қылығына жүрегі елжіреп, Сақып көнді, аяғын ақырын басып, үйге қарай қозғалды.

Өзінің туған ұлы Әділғазы есіне түсіп, көзінен жас домалап кетті. Ақжол мен Әділғазының жасы ғана құрдас емес, мінездері де ұқсас болатын.

Ақжол сырттағы отынды қораның ішіне түгел тасып үйіп, үйге кіргенде Сақып кемпір дастарқанын жайып, шайын жасап, мұны күтіп отыр еді.

— Ой, шешей-ай, несіне әуре болдың, мені аш деп ойладың ба? — деді Ақжол.

— Аш емесіңді білемін, бірақ, дәм татуың керек,— деді Сақып.

Ақжол сырт киімін, етігін шешіп, қолын жуып, дастарқанның басына келіп отырғаннан кейін, кемпір сары май салынған тәрелкені оның алдына таман сырғытып жақындатып қойды.

— Әділғазыма сақтаған бір қарын майым бар еді, соның аузын шештім, өз құрбыңа арналған дәм ғой, алдымен сен ауыз тиші,— деді.

Ақжол шай ішіп отырып, үнсіз ойға шомды. «Бір үйде жападан-жалғыз қалған кәрі адамның халі жеңіл болар ма? Күнбе-күнгі тіршіліктің қамы көп, отын керек, су керек, қолдағы бағып отырған бір сиыр мен бірер ұсақ малына күтім керек,— күнкөрістің осы алуандас ірілі-уақ жұмыстары толып жатыр. Қысқасы, бір адамның ертеден кешке дейін қолын босатпай, болдыртып жығатындай іс бар. Бұл үйде осы жұмыстың бәрін Сақып қария өзі атқарады. Жылы суға қолын малып, жанын күтіп қана отыратын жасқа жеткен адам ғой. Қай жетісіп жүр дейсің, сенері болмаған соң, амалсыздың күнін кешеді де. Дені сау боп отырса, бұл қария кісіге міндетін де сала қоймас, бірақ, қарт адам ғой, ауырып-сырқап қалса, күйі не болмақ?»

Ақжол Сақып кемпірді ішінен қатты аяды.

Сақып та ауыр бір ойға шомғандай қалыпта отырған. Бір кезде ол әжімді жүзін Ақжолға бұрып, оған салмақты пішінмен тура қарап, оқыс сауал берді.

— Балам, сенің не ойың бар осы? Қабырғасын өзің қалап тұрғызған өз үйіңнен өзің безіп жүргенің қалай? Сен жоқта нәрестесінен айрылып, қаралы болған Күлән келіннің қайғысына қайғы қосып қинағаның неткенің? Ол сені зарығып, сарғайып күткен еді. Обалы қайда? — деді.

Ақжол үндей алмады. Күлән туралы естіген сұмдық сөздерін, өзін қинаған сол жағдайлар екенін қарт ана-

шал алдында айтуды ретсіз көрді. Екі беті қызарып, мандайынан шып-шып салқын тер шығып, біртүрлі жайсыз күйге түсті.

Мұның қиналуының себебін Сақып қария аналық сезімтал жүрегімен тез ұқты. Енді ол Ақжолдың айта алмай отырған сөзін өзі қозғады.

— Құлшәрия жеңгеңнің елге жайған өсегі аз емес-ті. Сұмдық-ай! Адам адамға осыншалық қастық жасайды екен?! Тік сөйлесем, көңіліңе келмесін, қарағым, осы жеңгең пейілі тым тар кісі. Күлән келінге оның неліктен өшігетінін де білемін. Бар пәле мен қырсықтың көзі — сол Құлшәриянің өзінде...

Сақып кемпір кеседегі шайын ақырын ғана ұрттап, сәл бөгелді. Аздан кейін сөзін қайта сабақтап, Құлшәрия жөнінде әлгі айтқанын дәлелдегісі келгендей, бір оқиғаны есіне алып сөйледі. Былтырғы көктемде егіс басына тұқым тасыған Күләннің арбасынан Құлшәриянің бидайды қалай ұрлағанын, мұны Күлән көріп қалып, арбаға қайтадан төктірткенін, осыған шамданған Құлшәрия көкайылданып, Күләнді жазықсыз сөккенін, кішкентай Есенжолды қорадан дедектетіп алып шығып, шешесіне қарай итеріп тастағанын айтып өтті. «Күләнді ауырып жатқан баласын өзімен бірге жұмыс басына алып шығуға мәжбүр еткен соның ылаң сөзі»,— деп, Құлшәрияны қатаң жазғырды.

— Күлән — жаны таза адам, жала сөзге күйіп жүр,— деді Сақып.

Қарт әйелдің айтқанын үнсіз қиналып тыңдап отырған Ақжол осы тұста ғана сөз қатты.

— Шеше, ол жөнінде ештеме деме маған,— деді.

Сақып оның сұрлана қалған кескініне таңдана қарады.

Ақжол басын терезе жаққа бұрып еді, сыртта жапалақтап жауа бастаған қар әйнектен анық көрінді...

## VIII

Өз үйінен жатсырап жүрген Ақжолды Күлән бастапқы уақытта қатал жазғыра қоймаған. Майданнан оралғаны жаңа ғой, алды-артын абайлар, жағдайды ұғар, өсек пен шындықтың ара жігін айырып түсінер деп үміттенген. Ақжолдың ауылға оралған бойда өз үйіне кірмей,

ағасының үйіне барып түскені Күләшің жанына қатты батқан еді. Осының бәрі Күлшәрияның әрекетінен болып отырғанына өте күйзеліп, күйініп жылаған-ды.

Ол сонда да, өзі удай қайғы жұтса да, Ақжолға еш кінә таққысы келмеген, қайта оны ішінен ақтаған. «Мен өзім Ақжолдың орнында болсам, қайтер ем? Үйімді, семьямды зарығып сағынып жырақтан келгенімде, алдымнан өз ағайыным қарсы алып, дәл осындай сұмдық сөзді естіртсе қайтер ем? Мұның өсек яки шын екенін бағдарлауға мұрсат бермей, өз үйіме тіпті жақын келтірмей, бұрып ала жөнеліп, басқа үйге есеңгіретіп әкеп енгізіп жіберсе, не күйге түсер едім?.. Әрине, Ақжолдың тап болған халіне мен де дұшар болмас па ем»,— деп ойлады Күлән. Ол Ақжолды шын аяды.

Бірақ, міне, ерінің ауылға келгеніне бірнеше күн болды, ұясынан үркіп безген құстай, Ақжол өз үйін жатсынып жүр. Келген күнінің ертеңіне, баласының төрде ілулі тұрған суретін көру үшін ғана, есіктен амалсыз бір рет бас сұққаны болмаса, содан кейін бұл үйдің босағасын аттамады. Әйелімен тым құрыса арыздасып сөйлескен де жоқ. Күләнді кінәлі деп есептесе, тағар айыбын бетпе-бет отырып айтпас па? Кімнің ақ, кімнің қара екенін білмей тұрып, естіген сөздерінің жетегіне еріп жүре бергені қалай? Күлән осы жағдайды киналып ойлады.

Бұрынғы Ақжолға мұндай мінез жат еді. Өзі көрмесе, көзі әбден жетпесе, көлденең сөзге иланып, біреуді сыртынан әсте қарақтамайтын. «Енді бұған не болды? Соғыстан өзгерді ме, жарақаттың зардабы ма?» Күлән оңашада жылап алып жүрді. Бірақ іштегі ауыр қайғышерін ешкімге шақпады. Жұмысқа барған уақыттарында көбінесе тұйық жүрді. Бірақ, қайғыға берілген, босаңсыған түр білдірмеді. Жұмыста бірге жүрген қатындар мұны іштерінен аяп, жаны ашығандықтарын сездіріп, Күләннен жатсырап жүрген Ақжолды кейде отырып сыртынан сөгіп, кінәлай бастайды. Бұл сөздерді Күләннің естігісі келмейді. Ақжолды жазғырған тілдер жүрегіне инеше қадалады. «Жә, қойыңдаршы! Керегі не осындай сөздің!» — дейді жақтырмай. Қатындар тыйылып қалады.

Күлән түнде төсегіне жатқан кезінде, қатындардың сол сөздері есіне қайта түседі. Көңілі бұзылады, басына түрлі ойлар келеді.

Ол соңғы уақытта өз жағдайы емес, әсіресе, Ақжол-

ның халін көбірек ойлайтын болды. «Ақжол—жарымжан адам; оған жақсы ем, жайлы күтім керек, көңіліне де тыныштық керек. Бұл жағдай жасалмаса, Ақжол жаралы екенін ұмытып, қалай болса солай жүрсе, жарасын ушықтырып алуы ықтимал. Сауығудың орнына ілбиген науқас болып қалуы да мүмкін. Тіпті халі қиындап, міндеті кісіге түсіп, төсек тартып жатып қалса қайтер? Мұның ақыры қайда апарар?..» Құлән өз ойынан шошыды.

Ол Ақжолдың фермаға бастық боп тағайындалған алғашқы күннен бастап-ақ іске жан сала кіріскенін, күндіз түгіл түнде де жөндеп дем алмай, жұмыс соңында дамылсыз жүргенін байқаған-ды. Қора жөндеу кезінде, орманнан ағаш кесіп әкелуге жаңбырлы күні таңсәріден жөнелген төрт арбаның біреуіне Ақжолдың өзі ие боп кетіп бара жатқанын да сыртынан көріп еді. Ақжол — үстінде сұр шинелі, белбеуінің артқы жағына қыстырған балтасы бар, еш жаққа басын бұрмай, өгіздердің қыбырлаған тұяғына ғана қарап, төмен тұқырып отырды. Оның ауыр бір ойда бара жатқанын Құлән ішінен сезіп, Ақжолды аяп, қинала күрсінді.

Кешке таяна олардың оралып келе жатқанын да көрді Құлән. Ақжол соңғы арбада, ағаш үстінде, манағы таңертеңгі төмен тұқырған қалпында отырды. Орнынан қозғалмаған секілді. Тек жауырыны құнысыңқырап, мойынға асқан жаралы қолын омырауына тығып алыпты. Оның қазіргі қалпы, мойнын иығына тығып, жүні үрпиіп, тұғырда ауырып отырған бүркітке ұқсады. Құләннің нағашысы бүркітші адам болатын. Ол бес-он алты жастағы кезінде, сол нағашысының үйіне қонаққа барған бір жолы, тұғырда ауырып отырған бүркітті көргені бар еді. Сау шағында жүні жылтырап, тықыр еткен дыбысқа елең етіп, сергек отыратын сақ құс, ауырған кезінде үрпиіп, ұнжырғасы түсіп, еш нәрсеге назар аудармайды, қатып қалған секілденіп, орнынан қозғалмайды, алдына тастаған жемге де қарамайды. Бұл кезінде оны мазаламау керек. Сіркесі су көтермей отырады. Бүркіті екі күннен бері жем жемеген соң, иесі тықыршып, тұғырдағы құсының әр жерін сипап, жемсауын басып байқамақ болып еді. Қыбырсыз отырған бүркіт иесінің білегіне өткір тұяғын сарт еткізіп салып қалды. Әйтеуір абырой болғанда, тырнағы етке дарымай, бүркітшінің тонының жеңін бүрді. Иесі құсының жеңге қадалған тырнақтарын бір-бірлеп зорға жазып алып еді.

Арбадағы ағаш үстінде ауру бүркіт секілденіп отырған Ақжолды көргенде Күләннің есіне осы оқиға түсті. Біреу қасына барып мазасын алса, Ақжол да сол бүркіттше ашуланатын сияқтанды. Оның жанына батып қинайтын жайлар бірінің үстіне бірі жамалып жатқанын Күлән аянышпен ойлады. Ақжолдың үстінен жазылған арыз бойынша жуырда ауданнан арнайы адам келіп, жағдайды тексергенін, бес ірі қараның орны жоқ деген Ақжолдың сөзі расталмағанын, арызда майданнан оралған жігітке жалақор деген айып тағылғанын да Күлән естіген болатын. Істің мән-жайына әйелдің көзі анық жетпеді, бірақ, Ақжол біреуге қасақана пәле ойлап, жала жапқысы келді, өш алмақ болды дегенде Күлән сенбеді.

Жұмыстан мін тапса, біреудің өзіне тапсырылған іске жауапсыз қарап, бұлдіріп жүргенін көрсе, мұндайға Ақжолдың шыдай алмай кететін мінезі бар-ды. Көлденеңнен соқтыға кетіп, жөнсіздікті көзге шұқып айтатын. Біреулер сонда кінәсін мойындап, қысылып-қызарақтайтын, ал, қайсыбіреулер Ақжолдың белсенділігін ұнатпай қалатын да, оны сыртынан қыжыртып сөйлейтін.

«Арызды кім жазса да, ол Ақжолдың сынына ұшырап, кектенген біреу ғой»,— деп ойлады Күлән. Арыздың Ақжолдан есе қайтармақ ниетпен жазылғанын түсінді.

«Ей, тіршілік-ай, біреуді өстіп қаскөйлікке жетелейсің, біреудің басына ауыр азап саласың. Бұның не, адамды ойыншық еткенің бе?.. Әлде бәріне адамның өзі кінәлі ме? Ол сенің ырқыңа көнбесе қайтер ең? Адам мықты емес пе?! Бірақ осалдық қайдан туады?..»

Ақжол Сақып кемпірдің үйінен шығып, бері қарай баяу козғалып, төмен қарап, ақырын аяңдап келе жатқанда, Күлән терезе алдында осы ойға шомып отыр еді. Ақжолды көріп, көзін қадай қарады. Оның кеше таңсәріден тұрып кетіп, күні бойы жұмыс басында болғанын, үйге кешкілікте де оралмағанын білетін. Күлән түнде жатар алдында тысқа шыққан кезінде сиыр қорасының терезелерінен жылтыраған әлсіз жарық көрінген. Жұмыстың түнде толастамағанын содан сезген-ді.

Ол төсегіне кеп жатқанда, көпке дейін ұйқысы келмеген. Құлағына бір тықыр естілгендей боп, екі-үш рет кереуетінен тұрып, терезеден қарап еді, маңай қап-қара түнек болып, көзіне еш нәрсе көрінбеді.

Бір мезгілде қорадағы сиырдың ыңылдаған дыбысын

естіді. Күлән білте шам тұтатып, есікті шалқасынан ашып, қораның ішіне жарық түсіріп, сиыр тұратын бұрышқа көзін салды. Қызыл қасқа сиыр күйіс қайырып, жайымен жатыр, иесіне мойнын бұрып, жайбарақат қарады.

Күлән төсегіне қайта кеп жатты, бірақ, ұйқысы енді тіпті шайдай ашылып алды. Ұйықтай алмайтын болған соң, ол тағы да аспанға қарады. Түнерген түн; төңірек қап-қараңғы; жаңбыр сыбдырлап жауып тұр; бөтен дыбыс білінбейді. Ақжолдар жұмыс істеп жатқан сиыр қорасының терезесінен көрінген әлсіз жарық әлі сөнбеген. Сол жылтыраған сәуле Күләнға алыстан көрінген үміт секілденді. Әйел одан көзін алмай, қақпа аузында ұзақ тұрды.

Ол денесі әбден тоңған кезде ғана үйге кірді.

«Ақжол, сен қазір жатсырап жүргенмен, түбі менен, үйіңнен безбейсің,— деп ойлады ол төсегінде жатып.— Мінезіңді білемін ғой, Күлшәрияның сөзіне иланбағаның анық. Бірақ, өсек пен шындықтың жігін ажырата алмай, көлденең сөзден қорынып жоламай жүрсің үйіңе. Жігіт болған соң, әрине, әйелің туралы тараған жаман сөзге намыстанатын шығарсың. Бірақ сол сөз неден туды, кім өршітті? Осы арасын ойладың ба?.. Менің де күйім жеңіл емес, сенен демеу тілеп едім, сағынып, зарығып күтіп ем. Сенің намысыңа тиген жағдай, менің арымды қаралап, жанымды қинамайды дейсің бе? Оның үстіне, өз ұяңнан сенің безіп жүргенің маған у ішкендей азап шектірді. Әйелдің де намысы бар ғой. Және оның жүрегіндегі бұл сезім, бір үзілсе жамауға келмейтіндей өте жіңішке, нәзік болады. Мұны сен ұқпайды демеймін, бірақ, таң қаламын. Кінәлап жазғырайын десем, аяймын...»

Ақжол қазір терезенің тұсынан, төмен қараған күйінде өте бергенде, оның қабағы қатып, кескінінің тым жадау тартқан қалпын Күлән анық байқады. Ақжолдың жұмыстан ғана емес, ауыр ойдың салмағынан да шаршаған күйін түсінді.

Жапалақтап жауған қар Ақжолдың етігінің ізін бүркеп жаба берді. Сәлден кейін із мүлде көрінбей қалды. Күлән шошып кетті: «Жоқ! Адамның өмірдегі ізі бұлай жылдам өшуге тиіс емес!»..

Қар бір күн, бір түн жауды. Келесі күні жел үдеп, боран тұрды. Бұл күні жұрт қораларының қар бораған жыртық-тесігін бітеп, қақпаларының алдын қайта-қайта

күреп, арпалысумен болды. Борандатып, үскірік үріп, бірден түскен қыс кейбір қамсыздау отырған үйлерді қысып та әкетті.

Ақжол ат үстінен түскен жоқ; ферма малын — сауын сиырларын бірыңғай, бойдақтарын, тана-торпақтарын және ажыратып, қораға бөліп-бөліп жайғастырғанда, өзі тікелей басшылық жасап, жұмыстың басы-қасында болды.

Оның бар күдік еткен жайы — осы бірден бұрқырай жөнелген бораннан туар қатер еді. Мал қораға жақсы жайғастырылып, бүкіл шаруа реттелгеннен кейін Ақжолдың көңілі жайлана бастады. «Ең басты қауіптен аман өттік, ендігі жағдай мен үшін қиын емес»,— деп, өзіне өзі ішінен сенім білдірді.

Ол іңір кезінде, Күлшәрияның қаймақ құйылған қою шайын, бүкіл денесі жіпсіп, рахаттанып ішіп отыр еді. Ауызғы бөлменің есігі ақырын ғана ашылып, ішке сыпайы қозғалып кіріп келе жатқан Күлән көрінді. Ақжол шыны аяғын ерніне тигізе берген күйінде қыбырсыз отырып қалды. Ағасы Сәдуақас төмен қарады. Самаурынның қасында шай ағызып отырған Күлшәрия бетін тыжырайта қабағын түйіп, бір түрлі жиырылды.

Сәдуақастың оң жағында отырған ұлы Сәду ғана Күләннің келгеніне шын қуанды. Үйдегі үлкендердің қаскабағын байқаған жоқ, балалық таза көңілмен жайраңдап, көздері күлімдеп:

— О, тәтем келді! Жоғары шық, тәте! — деді.

— Отыр әрман! Саған не жоқ! — деп, Күлшәрия оған жекіп, тыйып тастады.

Бала ұрсу естігеніне әрі намыстанып, әрі шешесінің мінезіне ұялып, жылайтын секілденіп өңі бұзылып, Күләнге бір түрлі пішінмен қарады. Содан кейін орнынан түрегеліп, төргі бөлмеге еніп кетті. Қайтып шыққан жоқ.

Күлән үйдегілердің райын бақылап, есік жақта сәл үнсіз тұрды да:

— Ақжол, сенімен сөйлеспек едім... айтар сөзім бар,— деп ақырын ғана сөйледі.

Ақжол үндемеді, бірақ, қолындағы шыны аяғын жерге қойып, әйелінің арызын тыңдауға ыңғай білдірді. Сәдуақас өзінен-өзі ыңғайсызданып, атқа жем салуым керек еді деп сылтауратып, орнынан тұрды. Ол үйден шығып кетті де, іле есікті қайта ашып: «Күлшәрия, бері келші»,— деп, әйелін шақырды. Күлшәрия амалсыз түре-

келді. Күләннің қасынан өте бергенде, оған қабағының астынан түйіле, ызалана қарады.

Оңаша қалған алғашқы минутта Күлән мен Ақжол бір-біріне тік қарай алмай, көздерін төмен салды.

Күлән босаға жақтағы ұзынша орындықтың шетіне ептеп келіп отырды. Бір кезде әйел иегін сәл көтеріңкіреп көзін Ақжолға аударды. Осы мезетте Ақжол да бұған жүзін бұрып еді, екеуінің көздері ұшырасып қалды да, осы көздер бірінің сырын бірі ұққысы келгендей, кірпік қақпай қарасты.

«Eh, Ақжол... сені қанша жазғырмайын десем де, көңіліме аса ауыр тиген бір сөзің бар. Осы сөзің жүрегіме шөгірше қадалады да тұрады. «Бұрынғы Ақжолың жоқ, ол өлген», дедің ғой маған. Салқын үнмен айттың да, шығып кеттің. Мен жүрегім қансырап қала бердім. Неге айттың сол қатал сөзді? Өзіңнің жараланып келгеніңе кейігенің бе? Тағдырға ызаланып күйінгенің бе?.. Солай да шығар... бірақ, сол жолы мен жөнінде басында бір жаман ой тұрғаны да рас. Ол ойға сен сене алмасаң да, бой алдырдың, ырқына көндің. Ең жақын адамың мен емес пе ем? Мен туралы көңіліңе күдік кіргені қалай? Адал, таза арыма сенбегенің бе? Әлі де ұқпағаның ба мені? Сенген, ұққан болсаң, көлденең сөзге еріп, өз үйіңнен өстіп жатсырап жүресің бе? Міне, осы хал ғой менің жанымды азаптайтын, жүрегімді шағатын... Әлде маған сенбейтінің анық па? Онда мені шын ұқпағаның ғой. Онда бұрынғы жұптық өміріміз жай ғана үйреншікті тіршілік болғаны ғой. Мұндай тіршіліктің шырқы бұзылуы оңай; жаман салынған үй секілденіп, бұрышынан бір кірпіші алынса, қисая құлап, қирайды да қалады. Жоқ, біздің семьялық өміріміз олай бұзылмақ емес! Сенемін бұған, сені жан-жүрегіммен сүйемін, сондықтан да кәміл сенемін бұған. Махаббаты тиянақсыз адамдарда ғана біріне бірі сенбестік, біріне бірінің қиянаты болмақ. Сенің де мені қалтқысыз сүйетінің анық. Сол жарынды біреудің өштікпен қаралаған сөзіне неге құлақ асасың?! Сол үшін ғана жазғырамын...»

Бірақ, Күлән мұның бірін де айтқан жоқ, бұл оның көңілінде тұрған сөздер еді.

Ақжол әйелдің ішіндегі осы сырды көзінен ұққандай болды. Ол енді Күләннің қабағына, мандайына, бетіне бір түрлі қобалжып қарады. Әйелдің қабағы ауыру адамның қабағындай қатыңқы көрінді,— іштегі дертінің

азабын танытады; көзінің алдына тарамдалып жұқа әжім түскен,— шеккен қайғысының ізі секілденеді; өңі тотығып күреңіткен, екі бетінің дәл ұшындағы бұрынғы нұрлы қызғылт шырайы білінбеді.

Ақжолға Күләннің кескіні бұрынғысынан гөрі өзгеріңкіреп көрінсе де, оның бір іске қатуланып кіріскен шағында осылай салмақты пішінге енетін баяғы қалпын танытты. Кіршіксіз таза көңілдің қамырығын жасырмай сездіріп, бірақ, жасымағанын білдіріп тұрған байсалды жүз. Ақжол мұны ұқты; үйінен, әйелінен жатсырап жүрген мінезі өзіне жөнсіз көрініп, ішінен біртүрлі қолайсызданды. Бірақ, еркектік намысын сақтап, сыр бермеді, әйелдің сөзін күтті.

— Мен жол жүретін болдым... станцияға астық апарамыз,— деп, Күлән сөзін ақырын ғана бастады да, сәл бөгеліп, соңын төмен қарап отырып айтты.— Үй несіз қалады... Қорада бір сиыр, бірер ұсақ тұяқ бар. Аздаған құс бар... соған бас-көз бол деп басқа адамға айтуды намыс көрдім...

Күлән күмілжіп бөгелді, «бәріне өзің бас-көз бол» деген сөзді ол айтпады, бұл мағнаны Ақжол ішінен ұқты, бірақ, ләм демеді.

— Ертең жүреміз,— деді әйел.

— Жолдарың болсын...— деді Ақжол.

## IX

Станцияға астық тартуға он бес көлік әзірленген еді; қос-қос аттан жегілген әр үш шанаға бір кісі ие боп, барлығы бес адам жол жүретін болған,— үшеуі әйел, біреуі шал, біреуі бала. Қолхоздың мемлекетке өткізуге тиісті қыруар астығы ауылдағы қоймада үюлі жатқан. Құрғақ болған август, сентябрь ішінде, күн жылы, жер қарада колхоз председателі бұл жұмысты жөндеп ұйымдастыра алмаған еді. Сол үшін жуырда ауданда есебі тыңдалып, өзі қатаң сөгіс алып қайтқан. Содан кейін жаны қысылып, келе-сала станцияға астық жөнелтпек болып еді. Күндіз-түні жауып тұрған қара жаңбыр еш мүмкіндік бермеді. Қожахан астықты жаңбырға қарамай-ақ жөнелте беруге де ниеттенді, бірақ, элеватор су астықты қабылдамайды, сондықтан амалы құрыды. Енді ол қардың жауғанын асыға күтіп, шана жүретін болысымен-ақ,

станцияға астықты дереу жөнелтуге ішінен ұйғарым қылған.

Қар мол жауды, бірақ, әлі бекімеген үлпек қар, күн сәл жылынса, оңай еріп кетеді. Көлікке ауыр болмау үшін кардың қатып, жолдың түсуін аз күн күткен теріс емес еді. Мұны айтқан жұрттың сөзін Қожахан құлаққа ілмеді, жолаушыларды асықтырып, шұғыл әмір берді.

Сонымен, станцияға астық тартушылар кеше таң алдында жүріп кеткен-ді. Боран басылған; аспан ашық, жалтаң еді. Табандары қарды сықырлата сызып, бірінің соңынан бірі бозала таңда шұбай жөнелген он бес шананың ізі таңертең ап-айқын боп сайрап жатты.

Ақжол қақпа алдында тұрып, сол ізге көз сүзіп ұзақ қарады. Жол бойынан біреуді іздегендей, ынтығып жоқтағандай. Бірақ көзіне таспадай созылып жатқан ізден басқа еш нәрсе көрінбеді.

Ақжолдың өз үйінің қорасынан сиыр мөңіреді. Күлән өзінің аз малын күнде ерте жайлайтын еді. Алдына жем салынатын уақыты болған соң жануар иесін жоқтады.

Сиыр тағы да екі қайыра мөңіреді. Ақжол қораға қарай жүрді. Майданға аттанар жазда өзі жасаған үлкен тақтай қақпаны сәл шалқайтып ашты.

Ол қақпадан кіре бергенде сиыр ыңылдап, құлағын елеңдете қарады; бұрышта үюлі жатқан ағаш үстінде тонып бүрісіп отырған тауықтар, Ақжол жем шашады деді білем, аяғының астына шүпірлесіп жүгіріп келді. Бұл құстар да ылғи осы уақытта жем жеп дағдыланған еді.

Ақжол жан-жағына қаранды; қораның іші тап-таза, ыбырсып жатқан, селкеу тұрған еш нәрсе жоқ. Бір бұрышқа отын, бір бұрышқа шөп үйілген; Күләннің қыс жабдығын жақсы қамдап алғаны білініп тұр.

Ақжол әуелі құстарға жем тауып берейін деген оймен шошалаға кірді. Мұнда да тап-түйнақтай тазалықты көрді. Босаға жақта Ақжолдың талдан тоқыған сусәгі бар еді, бұрын ол бидайға сықалып тұратын. Қазір беті ашық жатыр; Ақжол тақау келіп ішіне үңілгенде, бір бұрышына ғана үйілген азғантай бидайға көзі түсті. Колхозшылардың еңбеккүніне бір рет қана аз-мұз аванс бөлінгенін Ақжол естіп еді, мына бидай Күләнға сонда тиген үлес екенін ішінен ұқты, мөлшерін екі-екі жарым пұттай болар деп шамалады.

«Бұл астық қанша күнге жетеді, бірақ, амал жоқ, үн-

емдейді ғой»,— деп ойлады Ақжол. Ол соғыс уақытының ауыртпалығын, тапшылықты сусәктің үнірейіп тұрған ішінен де сезді.

Сусәкке тақай, босаға жаққа, бидайдың, тарының, сұлының қиқымы және қарамық араласқан қоқым үйіліпті. Құстың жемі осы еді. Ақжол қоқымнан легенмен көсіп алып, қораға шығарып, тақырға шашқанда, тауықтар жемге жапырласып қалды. Қыт-қыттаған дыбыстары кенет басылып, бастарын жерден көтермей, епті тұмсықтарымен дәнді жанталасып асыға шоқыды. Бұлардың қарбаласып қалғанына қарап тұрып, Ақжол сәл езу тартты: «Бұ шіркіндердің де тіршілік үшін жанталасуын қарашы!»

Содан кейін ол бұрыштағы үйілген пішеннен, сыңар қолымен құшақтап әкеп, сиырдың алдына шөп салды. Қолына күрек алып, оның жатқан орнын тазалады. Сиырдың биылғы бұзауымен бірге бөлек қоршауға қамалған екі ешкінің оттығына да шөп тастады. Сосын өзі олардың бытыр-бытыр шөп шайнағанын бақылап, айырға сүйеніп үнсіз тұрды.

Бір мезгілде ол өз үйінің есігіне көз аударды. Есікте құлып тұр, кілті аузында қалыпты. «Ұмытып кетті ме екен?» — деп ойлады Ақжол. Есікке таман жақындады. Құлыптың төменгі жағына қыстырылған кішірек, бүктеулі қағазға көзі түсті. Алып оқыды. Қағазда, ешкімге арнап айтылмай, бір-ақ ауыз сөз жазылыпты. «Үй азынап қалмаса екен» депті Күлән. Бұл — пешке күнбе-күн от жағылып, үй жылы тұрса деген тілек екенін Ақжол ішінен түсінді.

Ол қағаздағы жазуға үнсіз қарап біраз тұрды. Сосын құлыпты ашып, үйге кірді. Бетіне жылы леп тиді. Ақжол пештің бүйіріне алақанын басып байқап еді, ыссы көрінді. (Күләннің дәл жүрер алдында жаққан отының қызуы әлі кайта қоймаған еді.) «Үй кешке дейін суи қоймас,— деп ойлады Ақжол.— Отты түнге карай жакса да болады».

Ол үй ішіне көз жүгіртті. Үйде тіреліп тұрған алуан түрлі мол жиһаз жоқ, бар мүлік те жұпыны, бірақ, бірбіріне үйлестігін сақтап, рет-ретімен қойылғандықтан, әрі әдемі жиылғандықтан, үй ішіне ерекше ажар бітіріп тұр. Төрге төселген, қой жүнінен тоқылған түрлі түсті алаша, тұсына кілем құрылған, үстіне сәндеп төсек жиылған ақ кереует, босаға жақтағы оюланған үлкен сан-

дық, бұрышта сүйсулі тұрған дөңгелек стол — үйдегі барлық зат көзге жылы ұшырады. Мұның бәрі де Ақжол әскерге кетпей тұрғанда үйде бар заттар еді. Әйелімен екеуінің адал еңбекпен, бір-бірлеп жинаған мүліктері болатын. Сол бұрынғы қалыптары өзгермепті, тозбаған, кірлемеген. Епті қолдан ұқыпты күтім көргендікті танытады.

Ақжол төрге ілінген, рамкаға салынған суретке — өзінің, әйелінің, баласының — үшеуінің бірге түскен фотосына қарағанда, одан көпке дейін көзін тайдыра алмады. Бірақ, түнеугі жолғыдай көңілі босамады, буындары дірілдемеді, өңінен біртүрлі қатулық білінді. Қайтыс болған ұлының, өсек таңылған әйелінің, үйінен жатсырап жүрген өзінің — үш тағдырдың азабының салмағын ол үнсіз көтеріп тұрды...

Оң жақ босаға жақта, ақ бүркеудің астында бұрын Ақжолдың киімдері ілулі тұратын еді. Ақжол перденің бір шетінен ептеп ұстап, ақырын ғана қайырып, жоғары көтерді. Өзінің бұрынғы киімдерін таныды: жаздық қара пальтосы да, қоңыр мақпал костюмі де, қыста киетін шолақ сары тоны да, өзге сырт киімдері де түгел тұр, біреуін де шаң баспаған, бәрі де тап-таза қалпында.

Ақжол сары тонды кеше әйелінің үстінен көріп еді. «Мұны жолға неге кимеді екен?» — деді ішінен. Күләннің қыста киетін бұрынғы өз киімі жұқалау болатын. Ақжол осыны есіне алды. «Сонымен кетсе, суыққа ұшып өледі ғой байғұс,— деп аяды.— Мына жылы тонды киетін жөні бар емес пе? Мұны тозып қалады дегені ме, бүлінеді дегені ме?»

Ол тонды олай-бұлай айналдырып қарады, тонның өңі көзіне жайнап көрінді. Ине-жіптен жаңа шыққандай. «Сыздық салып тігілген тігістері қандай әсем еді»,— деді Ақжол күбірлеп.

Бұл тонды Күлән үш қойдың терісінен өзі илеп, қынаға өзі бояп, содан кейін өзі пішіп тігіп еді. Әуелі тіккенде, бір иығынан бір иығы төмендеу боп кетіп, тігісті қайтадан сөккені бар. Тонды үстіне киіп тұрған Ақжол киімнің бұл мінін байқамаған еді де, оны Күләннің өзі көріп, ерінің бір иығы көтеріліп, бір иығы салбырап, ұскыны кетіп тұрғанына шек-сілесі қатып күлген-ді. Мәз боп күліп отырып тонның иығын пышақпен жалма-жан сөге бастағанда: «Ойбай-ау, бүлдірмесеңші» — деп, Ақжол қорқып кеткен-ді. «Бүлінбейді, қайта әсемдене түсе-

ді»,— деп, Күлән еріне күлімсірей қараған. Мағналы, назды қарас еді.

Ақжолдың көз алдына Күләннің сол сүйкімді жүзі елестеді.

Киімілгіштің бұрыш жағынан, байпақ секілденген бір зат көрінді. Ақжол таңырқағандай боп, оны қолына алып қарады. Жүнін ішіне аударып, түлкінің терісінен тігілген бұл зат ұзын қонышты биялайға ұқсайды, бірақ, бас жағы бүйен секілді бүрілген бітеу, ал, қоныш жағында — тағылған бауы бар. Сырты берік матамен қапталып, арасына жұқалап жүн салынып сырылған. Ақжол оны әрлі-берлі айналдырып көріп тұрды да, өзінің жаралы қолына қарады. Күн суытқаннан бері, қолы шыдамай тоңа берген соң, ол қолының басын жұмсақ поманимен томардай ғып орап алып жүр еді. Мына зат Ақжолдың осы жаралы қолына киюге әдейілеп жасалған жылы қолғап секілді.

Ақжол орауды шешіп, қолғапты жаралы қолына киіп көріп еді, іші әрі жылы, әрі жұп-жұмсақ екен. Қолына өте жайлы тиді.

«Рахмет, Күлән»,— деді Ақжол ішінен. Көңілі біртүрлі толқып қалды. «Сен бұрыннан осындай едің ғой. Ал, мен...»

Ақжол ойын кілт үзді. Үстіндегі сұр шинелін тез шешіп, жаздық пальтосының қатарына ілді де, сары тонды шапшаң киіп алып, сыртқа шықты. Жұмысына жөнелді...

Сол күні ол ағасының үйіне бармады, түнде өз үйіне қонды. Қалың ойға шомып, түннің қақ жарымын ұйқысыз өткізді. Бозарып таң ата берген кезде және ерте оянып кетті. Денесі ауыр тартып, төсектен басы сәл ауырыңқырап тұрды.

Ол пешке ағаш салып от тұтатты. Қорадан әкелген тамызығы дымқылдау болып, бықсып жанды. Ақжол отты қыздыру үшін аузына жел толтырып, қатты-қатты үрледі. Дәл осы мезетте есік ашылды.

— Ойбай-ау, Мырзажігіт-ау, бұның не? Қатынның ісін істеп жатқаның неткенің? — деп, Күлшәрия есіктен сөйлеї енді.

Ақжол оның үйге кіргенін де, бірден соқтыға келген сөзін де жақтырмай қалды, басын көтермеді, отты үрлей берді.

— Ағаң екеуміз сені қайда жүр деп, түні бойы қобалжысақ, осында ма едің? Бұл адыра қалған үйде нең бар?

Ақжол кеудесін жұлқи көтеріп, Күлшәрияға бетін жалт бұрып, ызалана қарады:

— Бұл адыра қалған үй емес. Менмін иесі!

Күлшәрия мұның қалай айтылған сөз екенін әуелі түсіне алмай қалды да, сәлден кейін өзінше ұғып:

— Күләнді енді бұл үйге кіргізбеймін деп бекінген түрің бе? — деді.

— Жоқ, кіреді ол бұл үйге. Бұл үй — оның да ұясы.

— Мырзажігіт, түсінбей тұрмын сөзіңе.

— Неге түсінбейсің?

— Күләнмен қайтадан табысамын дегенің бе?

— Мен оны тастаған жоқпын.

— Ойбай-ау, бұ не дегенің? Үйіңнен безіп жүргенің тастағаның емей немене?

— Бұл менің шатасқаным.

Күлшәрия көзі бажырайып, Ақжолдың сөзінен шошығандай болып, сұмдық көргендей жағасын ұстай алды.

— Ойпырай, бұл қатынға дауа жоқ екен. Алдыңғы күні іңірде үйге келгенде, сенің басыңа дуа жасап кеткен екен ғой. Ол — әйел емес, сиқыр!

— Тоқтат, Күлшәрия, сөзіңді! — деді Ақжол даусын қатаңырақ шығарып.— Тағы да не сұмдықты түтеткелі келесің. Осы сенің өсегің Күләннің түбіне жетіп жүрген! Бар пәленің көзі сенсің!

— Ойбай, есің дұрыс па өзіңнің! Қатыныңның қасына жігітті мен салып беріп пе екем? — деп, Күлшәрия көзі шатынап ашуланды.

Ақжол әрі намыстанып, әрі ызаға булықты. «Мына әйелдің жағын қарыстырар ма еді? Бірақ, дүниеде еркектің әйелмен төбелескенінен жаман нәрсе бар ма?» Ақжол ашуы қатты қысып келсе де, өзін күшпен тежеді, бірақ, қайнап тұрғаны бетінен білініп, өңі күреңденіп, үні суық естілді.

— Күлшәрия, тый бейпіл аузыңды! Жаңағы сөзді сенен, немесе сен айтты дегенді өзгеден ендігәрі естісем, менен еш жақсылық күтпе,— деді.

Күлшәрия есікті тарс еткізіп жауып, жұлқынып шығып кетті...

«Күләнға өштігін неге қоймайды бұл қатын? — деп, түнде төсекте жатқанда Ақжол кейіп ойлады.— Күлән екеуміз ажырап, менің семьямның шырқы бұзылғанда не түседі бұған? Асылы, пейілің тар, мейрімің аз адам-

сың-ау, Құлшәрия. Адамды аяй білмейсің. Адамды аяй білсең, майданнан жараланып келе жатқан маған баламның қазасын естіртіп отырып, әйелім жөнінде сұмдық сөзді айтар ма едің... Ей, Ақжол-ай, жаңа түсініп отырмысың,— деді басын шайқап.— Адамды аяй білмеген кісіде мейір бола ма? Одан еш жақсылық күтпе».

«Осы әйелдің сөзіне қалай иланып қалдым? Осалдығым ба? — деп, өзіне өзі сұрау берді.

Бұған ішінен жауап қайырды. Бірақ бұл жауабы — Күләннің жауабы болар ма? Күлән не дер?

Ақжол Күләннің жауабын естігісі келді. Әйелінің сапардан тезірек оралуын асыға тіледі.

Бірақ, станцияға астық әкеткен жолаушылар тез оралмады. Ақжолдың есептеуінше, олардың келетін уақытынан бес күн асты. Станция бұл ауылдан жүз сексен шақырым жырақ тұрады. Бұл екі араға Ақжол көлікпен талай жүрген. Сондықтан оның есебі тура еді.

«Жолда олар бір қиындыққа кезікті-ау, сірә,— деп ойлады Ақжол.— Олар кеткен күннің ертеңінде бұ жақта күн жылынып, тағы да жұрттың мазасын алып, бір күн күндіз қар аралас жаңбыр жауған. Сонда астықтары суға тиіп, элеватор қабылдамай жатыр ма? Әлде жол жаман боп, станцияға титіндеп жете алмай жүр ме?»

Ақжол кеңсеге келіп, осы күдікті айтқанда, Қожахан оның сөзін салғырт тыңдады.

— Мен білемін олардың жайын, қаланың базарын аралап, сауда жасап жүр олар,— деп Қожахан жолаушыларды жазғырды.

— Мен бұған иланбаймын,— деді Ақжол.

— Ықтияр өзіңде. Бұл ауылдың жұртын әбден танып болдым мен; шеттерінен жалқау, шеттерінен керенау.

— Басқарма, байқап сөйле. Бүкіл жұртты олай жазғыруға еш қақың жоқ. Бұл ауыл сен председатель боп келгенге дейін де түтінін түтетіп, күнін көріп, мемлекет алдындағы өз борышын жап-жақсы-ақ өтеп келген. Біздің «Қызыл таң» колхозы аудан бойынша ылғи алдыңғы қатарда жүретін. Тек қазір екен көткеншектеп кеткені. Бірақ бұған жұрт кінәлі емес, тигізбе жұртқа тіліңді.

Қожахан Ақжолға жақтырмаған қабақпен қарады. Ол мұндайда қарсы алдында отырған адамы яки әйел, яки шал, не бала болса, өктемдік жасап, ақырып, зекіп сөйлей жөнелуші еді, қазір бұл мінезін Ақжолға көрсете

алмады; жаралы жауынгердің тік сөйлегенінен жасқанып қалды.

— Колхоздың артта қалып отырғанына мен айыпты емеспін, жолдас. Бәріне соғыс кінәлі,— деді Қожахан.

Ақжол мұнымен ұғысып сөйлесе алмайтынын түсінді де, әдейі келгендегі жұмысын тіке айтты.

— Станцияға астық әкеткен жолаушылардың көліктерінің шөбі таусылды. Алдарынан бір көлікпен шөп жіберу керек. Және қазір дереу жөнелсін ол,— деп ұсыныс жасады.

— Жібере алмаймын,— деді Қожахан.

— Неге?

— Басы артық көлік те, кісі де жоқ. Далада шашылып жатқан шөп те жоқ. Шөпті үнемдеп жаратыңдар деп нұсқау бергем оларға. Шөпті рәсуа ғып, көлікті ашықтырса, келген соң жауап береді, өлтірсе — құнын төлейді.

— Осы ма бар жауабың?

— Осы.

— Ендеше сөз қысқа!

Ақжол әскери дағдысынша шапшаң бұрылып, аяғын тез-тез басып, кеңседен шығып кетті.

Ол со бетінде фермаға кеп, сиыр қорасының қасындағы шарбақ ішіне үйілген маядан өз қарауындағы адамдарға бір шана шөп тиетті де, көлікті, кісіні тез қамдап, дереу аттандырды,— станцияға астық әкеткен жолаушылардың алдынан жіберді.

Бұл күнді Ақжол қатты алабұртумен өткізді. «Жолаушылардың өздері, ат-көліктері аман болса жарар еді»,— деп, тықырши ойлады. Көңілі аландап, түнде де ұйқысынан бірнеше рет оянды.

Тағы да көзі іліне беріп еді. Құлағына шананың сықыры естілгендей болды. Ақжол көрпені серпіп жіберіп, төсегінен шапшаң тұрып, терезеден қарап еді. Ат-шаналы біреу үйдің тұсынан өтіп бара жатты.

«Түн ортасында тықырлап жүрген бұл кім? Қай жақтан келе жатыр? Біздің жолаушылар көзіне түспеді ме екен?»

Ақжол пимасын аяғына сұға салып, сұр шинелін жүре киіп, үйден асыға басып шықты.

— Ей, тоқта! Кімсің? Осы ауылдың адамысың ба? Қай жақтан келесің? — деп дауыстады.

Шананың үстінде томарша құсап жалпиып отырған жолаушы, дауысты естімеген кісі секілденіп, бірақ, құнтын үйіріп, шүу-шүулеп, атын тез жүргізіп әкеткісі келді.

— Ей, тоқта деймін! — деп айқайлады Ақжол.

Шаналы артына бұрылмады. Ақжол оны жүгіріп қуып жетті. Аттың делбесінен ұстай алып, көлікті шұғыл тоқтатты да, жолаушыға бетін жалт бұрып: — Неге қайырылмайсың? Зытып бара жатқан ұры емессің бе, кімсің өзің? — деді қатқыл үнмен.

— Шырағым-ау, даусыңды естімедім, әйтпесе тоқтаймын ғой. Өзім асығыс едім. Асығыс жүріп бара жатқан кісінің бәрі ұры бола ма? Ұры емессің бе дегенің не, шырағым! — деп жолаушы қыр көрсетті.

Түлкі тымақты басына бастырта киіп, иегін, аузын бөкебаймен бүркеп алған бұл кісіні Ақжол сыртқы қалпынан да, даусынан да танымады. «Сен мені сөзбен алдай саламын деп әуреленбе. Сезіп тұрмын кім екенің-ді»,— деді ішінен.

— Ал, жол болсын? — Ақжол жолаушыға барлай қарады.

— Әлей болсын. Асығыспын.

— Шанадағы жүгің не?

— О, тәйірі, не жүк дейсің, шөп қой иленіп жатқан. Астыма жұмсақ болсын деп молырақ салып ем.

«Соқпа өтірікті,— деді Ақжол ішінен,— шанадағың құр шөп болса, атың неге тасырлап желіп кетпеді? Шананы мықшыңдап тарта алмай бара жатты ғой».

Ақжол көңіліне күдік алып, шанадағы шөпті қолымен әдейі үстінен басып байқап еді, шөптің астында теңкиіп жатқан қап білінді.

— Е, мынауың бидай ғой, мұны неге жасырдың?

Жолаушы сасқалақтап қалды.

Ақжол шөптің астында, бидай сықалған төрт-бес қап жатқанын қолымен байқап білді де, мына жолаушының түнделетіп жүруінде бір гәп барын ішінен ұқты. «Бір жақтан ұрлап әкеле жатқан астық болуға керек. Әлде біздің қоймадан қымқырды ма? — деп ойлады.— Жоқ, бейтаныс жолаушы, мен енді сені ешқайда жібермеймін. Түстің қақпанға».

— Ал, жолаушы, атыңның басын бұр кейін қарай,— деді Ақжол.

— Неге бұрам?

— Қашқын құсап түн ішінде қайда барасың? Менің үйіме қонасың. Жайланып жатып, ертең күндіз жүресің.

Ақжол қасақана айтты. Жолаушы бұл сөзге сенер-сенбесін білмесе де, үміттеніп қалды.

— Пейіліңе рахмет, жігітім. Өзің бір асыл азамат екенсің. Бірақ, асығыс едім, жолымнан қалмаймын,— деді.

— Мен екі сөйлемейтін кісімін. Бір айттым — болды. Барасың біздің үйге. Қонасың.

Ақжол жолаушының қарсылығын елемей, атты шылбырынан жетелеп, кейін қарай өзі бұрды.

— Қалжыңдама, шырағым. Жібер аттың басын. Бұ не деген бейбастақтық! — деп, жолаушы ашуланып, шанадан түсе қалып, Ақжолдың қолындағы шылбырға жармасты.

— Мұныңнан түк те өнбейді, жағаласпа менімен, ызаландырма. Ашуласам, морт кететін адаммын,— деді Ақжол даусын қатайтып.

Оның үнінің кенет зілденіп өзгере қалғанынан, әрі үстіндегі әскери формасынан жасқанып, жолаушы кейін шегінді. Ақжол атты жетелеп ілгері қозғалғанда, ол қалың киімімен қорбаңдап, шананың соңынан үнсіз ерді.

Ақжол көлікті қораға кіргізді. Атты иесіне доғартты. Бұрыштағы оттыққа байлатып, алдына шөп салдырды. Өзі шанадағы қаптарды санап, біреуінің аузын шешіп, бидайды алақанына салып көрді. Сонсоң қақпаны іштен мықтап бекітті де, жолаушыны бастап, үйге кірді. Шинелін шешіп ілді де, пештің иығында сығырайып тұрған керосин шамның білтесін көтеріп, жарығын үйге молырақ етіп түсірді. Басына түлкі тымақты бастыра киген жолаушының мосқал өңін, жылтыраған кішкене көздерін, ешкінің құйрығынша шошайған сүйір шоқша сақалын Ақжол енді ғана анық байқады.

— Ал, отағасы, сырт киімдеріңді шеш те, төрге шығып отыр. Жатқың келсе, басыңа жастық әперейін, қисай.

— Шырағым, әлі түсінбей тұрмын, мені үйіңе зорлап алып келгенің қай құрметің? Ойының ба, шының ба? Әлде мазағың ба? — деді жолаушы.

— Шыным,— деді Ақжол.— Біріншіден, түн ортасында неге ұрланып жүресің? Дауыстағанға тоқтамай, сырғып кеткің келді ғой. Екіншіден, мөлдіреген бес қап

бидайды қайдан алдың? Бір жақтан қымқырдың ба? Тексеремін. Бірақ, қорықпа, қиянат жасамаймын.

— Бұл бидайды мен еш жерден ұрлап алған жоқпын, шырағым.

— Кім берді?

— Өзімнің адал ақшама сатып алдым?

— Кімнен? —

— Бір адамнан.

— Есімін білесің бе?

Жолаушы үндемеді.

— Есімі кім? — деп, Ақжол қайталап сұрады.— Ұмытып қалдың ба? Әлде айтқың келмей отыр ма?

Жолаушы ернін жымқырып, басын төмен тұқырды.

— Мақұл ендеше. Тиісті жерде айтарсың,— деді Ақжол да түйіліп.

Осыдан кейін екеуінің сөзі пышақ кескендей үзілді. Жолаушы киімін шешпестен, қабырғаға арқасын сүйеп, басы салбырап, босаға жақта үн-түнсіз отырды. Ақжол төсек үстінде шалқасынан көсіліп, сау қолын басына жастанып, оны аңдып жатты. Таң атқанша кірпігі ілінбеді.

Терезеден таңның бозғыл сәулесі түскен кезде Ақжол тұрегеліп, киініп, тысқа шықты. Тұсынан өте беріп жолаушыға көзін салып еді, оның ояу яки ұйықтап отырғаны білінбеді.

— Сәду, қайда бара жатырсың? — деп дауыстады Ақжол, қақпаның алдынан өтіп бара жатқан баланы сырттан танып.

— Мектепке.

— Ерте емес пе?

— Білмеймін, үйде сағат жоқ, бірақ, таң атты ғой. Күнде осындай ала көбеде тұрамын.

— Бері келші,— деді Ақжол баланы қасына шақырып.— Біздің үйде бір бөгде кісі отыр, көріп шықшы, мүмкін сен танитын шығарсың. Ал, танысаң, ләм деп тіл қатпа оған. Ұқтың ба?

— Ұқтым.

Сәду үйге кіріп кетті де, ілезде қайта шықты.

— Білем бұ шалды. Көктемде біздің ауылға кеп, Әлібектің үйінде бірнеше күн жатып, тұз сатқан. Біздің жақта тұз жоғын естіп келіп, қырғын сауда жасаған,— деді бала.

— Мм..— Ақжол бір жайды ішіне түйгендей болды.— Біздің есепші балаға, үйі жолында ғой, мен шақырып жатыр деп айта кетші. Тез келсін,— деді Сәдуге.

Бала сумкесін қолтығына қысып, жүгіріп кетті.

Ақжол өзінің есепшісі келген соң оны көрші селодағы милиция бөлімшесіне жедел аттандырып хабар бергізді де, саудагерді ат-көлігімен қоса сол күні милиционерлің қолына тапсырды.

Өзі келесі күні осы мәселеге байланысты, куә ретінде, тергеу орнына шақырылды.

## X

Станцияға астық әкеткен жолаушылар ауылға дәл со күні бесін кезінде оралып еді. Бұлар жолда көп мехнат көріп, өздері де жадап-жүдеп, көліктері де арып-талып келді.

Бейнет оларға ауылдан аттанып шыққан күннің ертеңінде-ақ кезіккен-ді. Бір дөңнен асарда, үстінің қарын жел сыпырып әкеткендіктен, шаналардың табандары кара жерге тиіп, аттар тарта алмады, шартылдап постромкалар үзілді. Амал жоқ, әр шанадағы қаптардың бірazын жерге түсіріп, жүкті дөннен бөліп-бөліп тасып өткізуге тура келді. Бұл дөң — бір шақырымға дейін жайылып жатқан жалпақ дөң еді, жолаушыларды көп азапқа салды.

Ал, станцияға жетуге жарты күндік жол қалғанда, бейнеттің нағыз қалыңы кездесті. Күн жылынып, жер жібіп, қар еріді.

Жолдың әлі шиырланып бекімеген жұмсақ қары күннің қыздырғанына шыдамай, ілезде жоғалды. Шаналар табандары балшыққа тиген соң, қайраңға шығып қалған қайықтардай, табандап тұрды да қалды.

Жолаушылар ықтасыны жоқ жол үстінде, елсіз далада, үш күн, үш түн жіпсіз байланды. Жол азықтары түгесіліп, көліктің де жемі азайып, енді не шара қыламыз деп, дал болған шақтарында, әйтеуір, қар жауып, жер ақ көрпе бүркеніп, шанаға жол түсті. Жолаушылар енді асыға қозғалып, астықтарын станцияға тезірек жеткізуге тырысты.

Элеваторға келгенде олар жөнді бөгелген жоқ, астықтары тез қабылданды. «Жолшыбайғы көрген көп мехнаттың есесі қайтты»,— деп қуанысты.

Сөйтіп, бұл іс ойдағыдай тынғаннан кейін, жолаушылар еш жерге аялдамастан, еш нәрсеге бөгелместен, дереу ауылға қайтып еді.

Ақжолдың бұлардың алдынан жіберген бір көлік шөбі олар станциядан елу шақырым ұзап шыққанда қарсы кездесті. Шаналарындағы шөптері таусылып, енді жолдағы селодан тым болмаса сабан сұрап алармыз деп келе жатқан жолаушыларға мына бір шана шөптің жеткені ірі қуаныш болды. Пішен артылған шананы орталарына алып, көліктер иіріле тоқтады.

Жолаушылар аш аттарын жақсылап шалдырып алғаннан кейін қайта қозғалды. Күлән алдыңғы шанада еді. Бұлардың алдынан көлікке шөп алып шығуға Қожаханның қарсы болғанын, оның наразылығына қарамай, мына шөпті Ақжолдың дереу жібергенін пішен жеткізуші тәптіштеп айтқан; Қожаханды колхозға жаны ашымайды деп сөгіп, Ақжолды асыл азамат, деп мақтап сөйлеген-ді. Оны құптап, жолаушылар да Қожаханды кінәлап, Ақжолды дәріптей бастаған. Сонда Күлән өзінен-өзі біртүрлі қысылып, ішінен ыңғайсызданып еді. «Сөздің ұшы әдейі маған тисін деп айтып тұр-ау бұлар,— деп ойлап қалды ол.— Мені қайтер екен деп, сынамақ па? Әлде маған жанашу білдіріп, басындағы қайғысы ыдырасын дегені ме?»

Күлән көңілі қобалжыса да, сыр бермеуге тырысты. Өңінен еш құбылыс білдірмей, тек көзін ғана төмен салып, үн-түнсіз тұра берді. Бірақ, Ақжол жөнінде жақсы сөз айтыла түссе екен деп, ішінен тілеп те тұрды.

«Менің орнымда басқа бір әйел болса, өз үйінен безіп жүрген ерін, жолың болмасын деп, қарғап-сілеп сөгер ме еді, қайтер еді,— деп ойлады Күлән шанада келе жатып,— Ақжолдың жат кісі құсап жүргені жаныма батады-ақ, қиналамын. Бірақ оған қарғыс тілей алмаймын. Жағдайын ойлаймын да, аяймын. Оның жаны таза ғой...»

Күлән өз ойын өзі бөлді: «Ал, Ақжол сен жөнінде не ойлайды?» деп сұрау берді өзіне. Бірақ, бұған жауап қайтармады. Ойы бұзылып, ішінен қиналды.

Жүгі жеңілденген пар ат бүйірлері бұлк-бұлк етіп, ақырын ғана жортып келеді. Күлән аттардың басын еркіне жіберіп, божыны бос қана ұстап отырды. Әлгі ой көңіліне қатты толқын салды.

Әйел бір мұңды әнді ақырын ғана ыңырсып айтты. Әннің әуелі тек әуені ғана созылып шығып еді, сәлден соң, дертті жүректің бір шерлі сөздері айтылып кетті:

*Тәттінің дәмін білер татқан балды,*
*Көңілімде қуаныш сөніп, уайым қалды.*
*Өмірімнің құлпырған қызыл гүлін*
*Күздің бозғыл қырауы қалай шалды...*

Әйелдің жеңіне жас тамды. Күлән өзінің жылап отырғанын сонда ғана аңғарды. Дереу бойын жиды да, шыбыртқысын үйіріп, божыны қатты қағып-қағып қалды. Аттар аяқтарын жылдамырақ баса жөнелді. Әйелдің көзінің жасын алдан ескен суық жел құрғатты.

Қашан ауылға жеткенше осы суық желге Күлән бетін тура тосты да отырды.

Ол өзінің үйіне кеп кіргенде, моншаның буындай ыстық леп бетіне лап етіп тиді. Үйдің іші оншалық ыстық емес-ті, қоңыржай еді, бірақ, екі бетін аяз сорып, суықтан келген адамға үй қайнап тұрған секілденді. «Үйде біреу бар-ау» деген үмітпен Күлән қаракөлеңке үй ішіне шапшаң көз жүгіртіп еді, ешкімді көре алмады. Сонсоң сыртқы қалың киімін шешіп, босаға жақта тұрған орындықтың үстіне қоя салды да, шам жақты.

Пөзірлі шамның жарығы үйдің ішін жайнатып көрсетті. Үйдегі бар мүлік орны-орнында тап-тұйнақтай боп тұр. Терезелердің алды, столдың беті—бәрі де тап-таза, ешқандай кір шалмаған, шаң тұрмаған. Бір қол күнбекүн сүртіп, күтім көрсеткен секілді. «Ақжол шығар» деп ойлады Күлән. Басына бөтен ой келмеді.

Ол киімілгішке қарай бұрылғанда, жапқыштың шетінен шығыңқырап көрініп тұрған сұр шинельдің жеңіне көзі түсті. Шапшаң ұмтылып кеп, жапқышты қайырып көтеріп қалғанда, Ақжолдың сұр шинелі көзіне оттай басылды.

Күлән ерінің әскери киіміне көзін қадап, қыбыр етпей бірер минут үнсіз тұрып қалды да, содан соң шинельді алып, көкірегіне басты. Сұр шинельді кеудесіне жабыстырып қысып тұрып, нақ Ақжолдың өзіне үн қатқандай болып: «Аяулым, асылым, оралдың ғой үйіңе?»—деді толқып. Жүрегі елжіреп, іштегі шері қозғалып, көңілі босап кетті, бірақ, өзін бекітіп ұстады, жыламады. «Сен енді ешқашан да жылауға тиіс емессің»,—деді әйел өзіне өзі ішінен қайрат беріп...

Ақжол кеткен жұмысынан келесі күні сәске кезінде оралды. Ол есіктен кіре бергенде өзіне қарай күлімсіреп қозғалған әйелін сау қолымен иығынан орай құшақтады. Сол күйде қыбыр етпестен, үн де қатпастан, әйелінің иығына иегін сүйеп, ұзақ тұрып қалды.

Ол жылап тұр еді...

## XI

Бір ай өтті. Ақжолдың көкейінде бір досы тұрады да, сол досымен ол ылғи ойша тілдесіп алады.

«Иә, менің басымнан өткен бұл оқиға, сырттай қарасаң саған жәй бір болмашы нәрсе секілді көрінуі де ықтимал,— деп ойлайды ол.— Жараланып майданнан келгенімде өсек сөзге наныр, әйеліңнен, үйіннен біраз уақыт безіп жүрдің, ақыры қатеңді түсініп, жөніңді таптың,— мұнда тұрған не бар? — деп сауал беруге қақың бар. Әрине, мұның бәрі айтуға оңай, ал, сен сол кездегі менің күйіме түсінші, жанымды қинаған азапты ұқшы. Өмірден алған сабағың бар ғой, өзің де жақсы түсінерсің, дүниеде өсек сөзден жаман нәрсе жоқ. Талай адамдардың жарасқан шырқын осындай өсек бұзады. Сұм өсектің тұзағына мен де ілініп қала жаздадым. Күләннің асыл мінезі болмағанда, шырматылып, сорымның қайнайтыны анық еді. Өз үйіме оралып, өз сәнімді қайта таптым ғой; міне, содан бері бірталай уақыт болды, бірақ осы бір ой басыма күнде бір соғып өтеді. Сен маған мұны да айып санама...»

— Адасқанның айыбы жоқ, қайтып жөнін тапқан соң,— дейді ішінен.

«Жан-жүйедегі қиналыс — бұл да күрес,— деп тағы да ойға енеді.— Ақылың я жеңеді, я жеңіледі. Ақылдың жеңілгенін қасың ғана тілейді».

Ақжолдың көз алдына Әлибектің, Қожаханның кескіндері тағы да елестеп өтеді.

Тергеу орны Қожахандардың қылмысын ізімен қуалап келіп ашып еді. Түнде ұсталған жолаушының шанасына тиелген бидай, тексере келгенде, колхоздың тұқымдық қорынан алынған астық екені расталды. Саудагерге мұны кілтші Әлибек ұрлап сатқан. Тергеу орны осы істі мұқият зерттеу барысында, тамырлары бір-біріне сабақталып жатқан басқа да қылмыстарды әшкереледі. Әлибек пен Қожахан колхоз қазынасына суық қолдарын

батыра салып, және іздерін бүркеу үшін сан алуан айлашарық жасап келген; Әлибекке нұсқауды Қожахан беріп отырған,— бәрі де дәлелденіп, қылмыскерлер сотқа тартылды.

«Сұмдар! — дейді Ақжол қаны қызып.— Ел басына қиын-қыстау күн туған қысылшақ шақта осындай бір оңбағандар таса-тасамен өрмелеп, биікке ұмтылады. Көздеген бигіне, ебін тауып шығып алатыны да болады. Міне ол нақ сонда қалың елдің сорына айналады».

— Тек осындай сорға ұшырай көрмелік,— дейді Ақжол көкейіндегі досына.

Келер күндерге көз жібереді; бірақ, өмірдің бұралаңдаған ойлы-қырлы жолы алдағы көп нәрсені көзге көрсете де бермейді. Соғыс болса, жүріп жатыр. Алда көп сын барын, көп теперіш көруге тура келерін Ақжол жүрекпен сезінді, соларға өзін іштей дайындай берді...



# Белгілер, ізгер...

*Бір ауылда туып-өскен, бірге оқыған аяулы досым Айқын Нұрқатовқа ескерткіш.*

*А в т о р.*

Екеуміз кенесіп отырмыз...

— Біз әдетте өзіміз күнде көріп жүрген, көзімізге әбден қанық болған затқа таңдана бермейміз ғой, таңыркамаймыз. Айталық, сенің туған мекенің табиғаттың ең бір сұлу жеріне орналасқан екен делік. Жаздың әсем айы болсын; ертемен тұрып, далаға шықтың... Үйдің дәл іргесінен сылдырап бұлақ ағып жатады; қарсы алдыңнан

көкпеңбек тау көрінеді; оның етек жағында жалтырап жатқан қамысты көл бар; оң жағына қарасаң да, сол жағына бұрылсаң да сыңсыған қалың ағаш. Бәрі де сұлу. Ал, сен таңданбайсың осыларға. Өйткені, сен бұларды күнде көресің, бәрі де саған дағдылы, үйреншікті заттар. Ал егер бір жаққа сапар шегіп қайтсаң, сол ұзақ жолдан оралып келе жатқан шағыңда әлгі үйреншікті заттардың бәріне де өте қуанып, қатты қызығып қарайсың, көз алмайсың, жүрегің біртүрлі елжірейді, көңілің толқиды.

— Бұл рас, бәріміздің де басымызда осындай күй болады.

— Бұрын өзің келмеген, көрмеген бір аймаққа барғанында, ол жердің де әсем табиғатына қызығып қарайсың, бірақ жүрегің әлгідей елжіремейді, табиғаттың сұлу жаратқан затына тек таңырқап қана қарайсың, құр тамашалайсың.

— Қасына жақын барып, тыныстын тыңдай білсең, табиғат жаратқан заттың бәрі де сыр шертпей ме кісіге?

— Шертері анық. Бірақ өзіңнің кір жуып, кіндік кескен жеріңнің табиғаты шертер сырда көңіліңді мың бұралтып толқытар саз бар-ау. Өйткені, бұ табиғат — сенің алғаш таныған дүниең. Бірінші ұстазың іспетті; сен жаратылыстың сырын да әуелі содан үйрендің, өмірдің алуан-алуан сырына да ең алғаш сол дүние құшағында түсіне бастадың. Туып-өскен жеріңнің табиғаты саған әбден кезіңнен сырлас қой, оның үнемі ыстық тартып тұратыны да, сағынып көрген сайын жүрегіңді елжіретіп жіберетіні де, міне, сондықтан.

— Осыны жазғым келер еді...

— Жазу керек.

— Бірақ бұл шығармада, әдеттегідей, басынан аяғына дейін тартылған бір ғана ұзын желісі бар оқиға болмауы ықтимал. Мұнда суреттелетін адамдар да, дағдыдағы әңгіме-повестердегідей, шығарманың өн бойында көрінбей, сахнаға тиісті жерінде ғана шығып, сосын қалып қоя беруі мүмкін. Әрине, мұның бәрі де шығарманың өрбу ыңғайына қарай болады.

— Бірақ соның бәрі де негізгі бір ойдың желісі бойына тартылуға тиісті ғой.

— Әрине...

## БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауылға барғысы келген жолаушы Көкшетау шаһарынан шыққан бойда тура оңтүстік-батысқа қарай тартар еді; жалтырап жатқан түп-түзу асфальт жол бар.

Жол әуелі, Көкшетау қаласының етегіне орнаған «Бұқпа» тауының ық жағымен өтеді. Бұл тау Алатаудай заңғар биік тау емес; төбесіне бұлт оралған асқар шоқылары, найзадай шаншыла біткен сүйір шыңдары жоқ мұның. Етегінде сыңсып тұрған, иығына асыла біткен қалың жыныс орманы да жоқ. Тек күнгей беткейінде, сай-сайына жабыса, тырмыса өскен, селдір, мықыр ағаштар ғана көзге түседі. Таудың бітімі атына лайық; шошақ шың-құздарын жасырып, төбесін көрсетпей, мойнын ішіне тығып, бүктүсіп бұғып жатқандай. Тас жолмен зулап ағып келе жатқан машина ішінде отырып, жолаушы осы тауға біртүрлі қызығып, таңданып қарар еді. Таудың әлдекімнен жасырынғысы келгендей бұғып қана жатқан мына қалпына, өзгеше бітіміне таңырқар еді.

Осы тауға байланысты Көкшетау елі айтатын бір аңыз бар. Табиғат тәңірісі бүкіл тауды қапқа салып, жер бетіне үлестіруге аркалап ап шыққан екен дейді. Халыққа арман іздеп жиһан кезген Асан қайғы осы қаптың ішіне білдірмей кіріп алады. Табиғат тәңірісі қазақ даласының үстінен өткен кезде, Асан қайғы қаптың түбін тесіп жіберіп, тауларды жерге сауылдатып түсіре беріпті; ең ақырында елеусіздеу етіп осы «Бұқпаны» түсіріп, оның сайының арасына өзі де бұғып, жасырынып қалыпты. Сол себепті бұл тау «Бұқпа» аталған делінеді. Осы аңыз кейде Алдар Көсе мен Қожанасырдың есімдеріне байланысты да айтылады.

«Бұқпаның» тұсынан өтіп бара жатқанда осы аңыз есіңе ылғи түседі. Таудың бұғып жатқан түріне қарап, ақырын ғана жымиып күлесің. Халықтың бір кездегі сәби ойы тудырған аңыз көңіліңді тербетіп әкетеді. Осы аңыздан сол жұрттың туып-өскен жеріне деген махаббатын сезесің. Халқына арман аңсаған Асан қайғыны тәңірінің қатал көзінен тасалап, қалған тау ғой бұл! Адамға пана, қорған бола алған тау!..

Тас жол «Бұқпаның» ық жағымен созылып келеді де, оңға қарай сәл шалқая бұрылады. Енді алдың тақтайдай жазық; жолда көлденең сұлап жатқан адыр-белес-

тер, қырқалар жоқ, оқыс жалт беретін бұрылыстар да жоқ; жан-жағың, бүкіл төңірек көзге түгел түседі. Жолдың екі жағы да теп-тегіс кең өңір, тұтас егіндік алаптар. Әріректен, әр тұстан, оқшау-оқшау жаралған шағын шошақ таулар көрінеді; созылып шұбалып жатқан сілемдері жоқ, аумағы шағын ғана, бойлары аласа ғана, бірақ, төбелері сүп-сүйір боп біткен әдемі таулар. Кейбіреуінің етегінен ұшар басына дейін жасыл жапырақты қарағай өскен, сондықтан болар, алыстан қарағанда, қыста да, жазда да бір түрмен қарауытып тұрады. Ал, кейбіреуінің төбесі жалаңаш; жазда бұлардың түсі аспан реңденіп көгілдір тартып, қыста аппақ боп көрінеді.

Көкшетау мен біздің ауылдың арасы — жүз алпыс шақырым; бұл екі ара құлазыған дала емес, жол бойында бірнеше деревня бар. Кейбіреуі жолдың нақ үстінде, тас жол қақ жарып өтеді. Енді біреулері жолдан сәл ғана бұрыстау тұрады; бұрынғы ескі жол бұлардың да үстімен өтетін-ді, ал қазіргі тас жол, олай-бұлай бұлғақтамай, тіп-тіке тартып кеткен; екі жағындағы сәл бұрыстау қалған мекендерге қарай шығатын қысқа-қысқа бұтақтары бар.

Қаладан қырық шақырымдай ұзаған шамада алдыңыздан шоқ-шоқ ағаштар ұшыраса бастайды; алып тұрған аумағы кейде аздау, кейде молдау боп кездеседі. Көбінесе ойпаңдау, өзекті жерлерде өніп-өсіп тұрған ағаштар, біреңкей ақ балтыр қайындар. Әсіресе жаздыгүні, жапырақтары төгіліп тұрған шағында, далаға ерекше сән бітіріп жібереді.

Бір-біріне іргесі жақын шоқ-шоқ ағаштар қанаттасып созылып кете береді. Қазақстанның оңтүстік аймағынан шығып, бұл жаққа тұңғыш келе жатқан жолаушы, әр шоқ көрінген сайын, бұл жерде бір қоныс бар екен деп, дәмеленіп қап отырар еді. Өйткені оңтүстік жерінде адыр-қыраттар, жал-жал жоталар, өзек-сайлар қаншама көп болғанымен, бәрі де жалаңаш; даласында үйір-үйір боп біткен шоқтары жоқ. Ал, шоқ ағаш көрінсе, о жерде бір қоныстың бары анық; бұ жақта әр үйдің терезесінің алдына, көше бойларына егілген жиі ағаштар, талдар тұтасып,бір шоқ боп, көзге алыстан кәдуілгі орман секілденіп көрінеді.

— Анау көрінген шоқтың аты не? — деп сұрар еді, бұл жақпен тұңғыш жол шегіп келе жатқан біздің ауылдың қазағы.

Оңтүстіктің тұрғыны бұл сауалға жымиып қана күлер еді. Мысқыл еткені емес, қызық көргені.

Енді міне, ол-дағы біздің ауылдың жолымен тұңғыш рет келе жатсын.

— Анау көрінген қай ауыл? — деп, бір шоқты қолымен нұсқап, ол да сұрау берер еді. Сонда бұл сауалға менің жерлесім де жымиып қана күлер еді. Мұның да мысқыл еткені емес, қызық көргені.

Біздің ауылға қарай тартылған тас жол осы шоқтардың кейбірін жанай, кейбірін жарып өтеді. Бәрі де таныс маған. Тұсынан өтіп бара жатқанда, ақ қайыңдар шашақты бастарын иіп, олар да сені таныған дай шырай білдіріп, сәлем етіп қалады. Көңілінде бір түрлі тербеліс туып, қуанып, елжіреп қарайсың. Дәл осы жерде болған бір оқиғалар сол мезетте еске түсіп, көзіңе елестеп өтеді. Қатты толқып қаласың...

1943 жылдың қысы еді. Қаңтар іші. Күн боран. Төңірек күңгірттеніп, кеш жақындай бастаған мезгіл-ді. Дара-дара ат жегілген он бес көлік бірінің соңынан бірі ақырын ғана ілбіп келеді. Жел карды ысырып қуалап, қисаландаған жаман жолдың үстіне көлденен-көлденең жал тұрғызып тастаған. Жолдың кейбір ойпаңдау тұстарына иірілген қар тіпті қалың, аттар омбылап, шаналарды зорға сүйреп өткізеді; бұл кезде жолаушы да шана үстінде отыра алмайды, жерге түсе қалып, шананы жақтауынан итеріп, жәрдемдесіп жібереді.

Ол шанаға қатарласып көбінесе жаяу жүріп отырады. Мұның үш түрлі себебі бар: әрі титықтап келе жатқан атты аяйды; әрі өзінің денесі тоңазыған соң, жаяу жүріп, бой жылытып алғысы келеді; әрі ол бір шана емес, үш шананы қадағалап отыруға керек, өйткені, кісі жетіспегендіктен, әр үш шанаға бір ие тағайындалған болатын.

Қазіргі он бес көліктің иесі бес адам; біреуі — шал, екеуі — әйел, екеуі — бала. Баланың бірі — менмін. Біз Көкшетау қаласына астық тартып келе жатырмыз. Колхоздың майданға жөнелтетін астығы. Осы астықты темір жол станциясының қасындағы биік, үлкен элеваторға апарып өткіземіз.

Мен бұл элеваторға өткен жолы да астық алып келгенмін. О сапар жолда еш мехнат көргеміз жоқ-ты, біз ауылдан аттанып шыққан күннен бастап, астықты қалаға аман-есен жеткізіп, элеваторға өткізіп, үйімізге

қайта оралып келгенше, күн райы бір қалпынан айнымай, үнемі ашық боп тұрған-ды. Бұл сапар сонша қызық көрініп, екінші ретте бригадирдің: «суыққа ұрынып қаларсың, орныңа ересек кісі жіберейін дегеніне көнбей, «мықтылығымды» дәлелдеп, өзім тіленіп аттанғанмын.

Біз ауылдан таң саз бере жөнеліп ек, аспан ашық, жалтаң болатын, биікте жымыңдап тұрған жұлдыздар анық көрінген. Сәске кезінде сол жақ бүйіріміздің ызғырықтап жел білінді, ептеп сырма жүре бастады. Ал, түс ауа жел күшейіңкіреп, күннің көзін бұлт бүркеп, боран тұрды. Біз бұл шақта ауылдан қыруар ұзап, Володаровка селосына таялып қалғанбыз-ды. Осы селоға жетіп қонбақпыз. Бірақ, боранның қырсығынан шанаға қар кептеліп, жүк ауырлап, жүрісіміз мандымай келеді.

Селоға бір шақырымдай қалғанда, жол екі шоқтың арасынан өтетін еді. Селдір ағашты таныс шоқтың қарасы көрінгенде қуанып кеттім, «Жеттік Володаровкаға!» деп, дауыстап та жібердім.

Бірақ, асығыстық жасаған екенмін. Екі шоқтың арасынан өтетін жолды боран бітеп тастапты. Мен алдыңғы шанада едім. Шана кеп қалың қарға кептелгенде, шаршаған ат шананы жұлып сүйреп әкете алмай, басқа ұрғандай тұрды да қалды. Делбені қағып, құнтымды үйіріп, сауырдан осып жібердім. Ат ышқынып, шананы алға қатты жұлқыды. Оң жақтағы жетектің түпкі жібі морт етіп үзіліп кетті. Екінші жетек қайырылып, сытырлап ортасынан сынды. Бәрі де қас-қаққанша болды, атты тыртырлап тоқтатқанымша бітті шаруа.

Бәрімізге бас-көз боп, ең артқы шанада келе жатқан шал, сынған жетекті көргенде басын шайқады, бірақ, кейіп ренжіген жоқ.

— Менің шанамның алдыңғы жағында балта жатыр еді. Бар, тез әкеле ғой,— деді жұмсақ үнмен ғана.

Ол шоқ ағаштың ішіне кіріп, бір жіңішке қызыл қайынды кесіп әкеліп, бұтақтарын бұтап, сыптығырлап, шанама жаңа жетек орнатып берді.

Шалмен екеуміз шананы жөндеп жатқанда өңге үш серігіміз де қол қусырып қарап тұрған жоқ, асыға қимылдап, жолдың омбы қарын аршыды.

Біз қайыра қозғалғанда малтықпай жүріп кеттік...

Әлгі екі шоқтың атын білмейтін ек, кейін оған өзіміз «Жетек сынған» деп ат қойып алдық.

Біздің қазақ жерге-суға, тауға-тасқа ат қоюға шебер ғой және де, көп қиналмай-ақ, солардың түрі-түсіне, бедеріне қарайды да қоя салады. Алатау, Қаратау, Шұбартау, Көкшетау деп, Ақсу, Көксу, Сарысу, Қарасу деп, Ұзынағаш, Қызылағаш, Сарыағаш деп, осылайша атай береді. Ал, енді бірталай атаулар, жаңағы біздің «Жетек сынған» деп ат тағып кеткеніміз секілді, сол жердің өзінде болған бір оқиғаға байланысты қойылады. Мәселен біздің ауылдың аймағында «Көшөткен», «Көкбиеөлген», «Итқырылған», «Күйгенкөл», «Төбелесшоқ» деген секілді жер, көл, шоқ аттары толып жатыр.

Бір қызығы — осы алуандас атауларды байтақ Қазақстанның бар жерінен де ұшыратасыз. Оған қайран қалмаңыз, егер байыппен зер салсаңыз, сол аттардың жеңіл-желпі қойыла салмағанын ұғасыз; біреуі өзінің бойындағы төл қасиетін танытып, соны паш етіп тұрады, біреуі сізге өз іргесінде бұрын бір оқиға боп өткенін ұқтырып, нә ерліктің, нә қайғылы халдың, немесе басқа бір күйдің сырын шертпек. Сонда сіз: «Уа, мына аттың өзі дұрыс қойылған екен-ау!» деп, разы да боласыз.

Ал, сіз де, біз де наразы болар бір жай бар; бұл — кісі аттарын қоюға байланысты. Жер-судың түрі-түсіне, бедеріне қарап ат таға салатын дағдысын, жаңа туған нәрестеге ат қоярда да қолданатын бір ғадеті бар біздің қазақтың. Жас баланың есімін оның өңіне сәйкестіріп: Ақбала, Сарыбала, Қарабала, тіпті Жаманбала деп те, сәбидің туған жерінің атына үйлестіріп: Орал, Сырымбет, Талғар, Тарбағатай деп те, нәрестенің туған кезіндегі жағдайға байланыстырып: Талас, Майдан, Жеңіс, Бейбіт деп те қоя береді. Қазекең кейде саяси термин сөздердің өзін де балаға ат қып таға салады. Колхозбек, Совхозбек, Совет, Кеңес, Социал, деген есімдер біздің қазақта толып жатыр.

Осы бір ғадет жақсы емес. Адамның есімі әрі мағналы, әрі әдемі болуға керек. Сәби кейін есейіп ержеткенде өз есімінен өзі ұялып жүрер болмасын. Ата-ана баласына ат қойғанда соны тереңірек ойлағаны ләзім.

«Жетек сынған» деп аталған шоқтың тұсынан өтіп бара жатып, оған бұл атаудың берілуіне себеп болған оқиғаны еске түсіргенде, міне, осы бір жайларға да ой бөлініп кетуші еді.

Біздің ауылға қарай тартылған тас жол қақ жарып өтетін қоныстардың үлкені — Володаровка селосы. Бұл—

Айыртау ауданының орталығы. Володаровка мен Көкшетаудың арасы тоқсан шақырым. Володаровкадан оңтүстік-батысқа қарай отыз шақырым жүргеннен кейін, бұл ауданның шекарасынан өтіп, Рузаев ауданының жеріне ілігесіз.

Осы тұста тура алдыңыздан әдемі ақ үйлерінің қабырғалары қылаңдап, бір село көрінеді. Бұл—Андреевка селосы.

Селоның дәл шетіне таяла бергенде, жол екі айырылады да, бір тармағы солға, бір тармағы оңға бұрылады. Біздің ауылға бет алған жолаушы оңға қарай бұрылған жолға түседі. Қарсы алдында көгеріп, етегінен ұшар басына дейін қалың ағаш өскен аласалау тау тұрады. Бұл — Салпық тауы. Салпықтың арғы жақ іргесінде, дөп-дөңгелек айна көлдің қасында біздің ауыл бар.

Жол бойы көріп келе жатқан шоқ-шоқ ағаштарыңыз енді бұл тұста іргелері жымдасып, тұтасып, қоюлана бастайды. Салпықтың төбесіне өрмелеп шығып кеткен қалың ағаштың етегі жайылып, қыруар алапты алып жатады; бір өңірі күнбатысқа қарай созыла тартылған. Ол осылай ұзарып созыла береді де, біраз жерге барған соң, тағы да үйір-үйір боп бөлініп, іргелерін бір-бірінен сәл ғана қашықтатып, шоқ-шоқ ағашқа айналады. Біздің ауыл сол шоқтардың арасында.

Алысқа ұзап шықпаған бала кезімізде осы селдір шоқтардың бәрі де бізге қара ормандай көрінетін; біздің ойымызша бұларды даланың небір ғаламат тағылары мекендейді, олар күндіз бұғып жатады да, түнде жортады, шоқ-шоқты кезіп шарлап жүреді. Сондықтан түнде бұл шоқтарға бару өте қатерлі. Күндіз барғанда да абайлап жүру керек. Тал түбінде бұғып жатқан бір қасқыр арс етіп ала түссе, біткені шаруаңның. Бізді үлкендер де қорқытып қоятын, бәріне де ілана беретінбіз.

Біз шоқ арасынан жидек, бүлдірген теруге топтасып баратынбыз. Бірақ, қып-қызыл боп жайнап тұрған бүлдіргенді көргенде, қауып-қатердің бәрін де ұмытып, бірімізді біріміз қасымызға дауыстап шақырып, тауықтың балапандарынша шүпірлесіп қалатын ек. Қолымызда кішкентай ғана бір-бір тобатайымыз болады; тұнып тұрған бүлдіргенді саусақтарымыздың ұшымен шөкіп алып, әуелі ауызға асап жібереміз де, екінші рет шөкіп алып, мұны ыдысымызға саламыз. Ә деген бетте ғана өстеміз;

осын қашан өзіміз жеміске сықпып тойып алғанша тобатайлар естен шығады.

Дегенмен ыдысымызды толтырмай қайтпайтынбыз. Бірақ, үйге жеткенше тобатайлар ортайып қала беруші еді. Ыдыстағы мөлдіреген қып-қызыл бұлдірген көзіңді қызықтырып, тамсантады да, қолыңмен бет жағынан аздап қана іліп алып, ауызға қағып жібересің. Бұлдіргенге көзің де қайта-қайта түсе береді, жіңішке тобатай ішіне қолың да қайта-қайта сұңгиді. Сөйтіп келе жатып, ыдыстағы жемістің азайғанын аңғармай да қаласың...

Біздің ауылдың үш жағында үш көл бар. Үлкенкөл, Кішкенекөл, Шұқыркөл деп аталатын, осы үш шалқардың аралығына орнаған ауыл, алыстан қарағанда, жолаушының көзіне арал секілденіп те елестейді. Бұл қамысты көлдер — жазда қалың құстың мекені. Балақты тізеден асыра түріп алып, суды кешіп, қамыстың арасынан жұмыртқа іздеп, бала кезімізде талай шарлаған ек. Көлге біздер жақындай бергенімізде, алдымыздан шырыл қағып, ең әуелі қызғыштар ұшып шығатын еді. Кез келген имек тұмсықтыдан жәбір көретін, жауынан қашып та құтыла алмайтын, жасырына да білмейтін бұл бишара құс, төбеңде айнала ұшып, құр шырылдай береді; ұямды бұзғалы келе жатыр деп ойлайды сені.

Қызғыш ұяны көлдің жағасына, құрғақ жерге салады. Ұясы — кішкентай ғана шұқыр; беті ашық жатады; маңайы тақыр; ұяға пана, қалқан боларлық ештеме жоқ. Жұмыртқасының түсі шұбар болады, үлкендігі торғайдың жұмыртқасындай ғана. Біз қызғыштың ұясына тимейтінбіз, оның тек бәйә-шәйә боп, төбеміздең шырылдап айналып ұшқанын ғана қызық көретінбіз.

Біздің іздейтініміз — қаздың жұмыртқасы. Қаз ұяны қамыстың арасына, су ішіне салады. Былтырғы өлі қамысты дөңгелетіп үйеді де, үстіне құрғақ құрақ төсеп, ұя жасайды. Суға жүзіп шығарында, жеміне барарында жұмыртқасының бетін бүркеп жауып кетіп отырады. Қаздар жайылғанда, ұшқанда топталып, тізіліп жүретін құс болса да, ұяларын бір-бірінен аулақ-аулақ салады. Қара карға секілді, немесе шағала сияқты құжынап, бір ұяның қасына бір ұяны жыпырлата бермейді; жұмыртқалайтын, ұя басатын шағында даңғазаны сүймейтін, тыныштықты көп тілейтін құс.

Жаратылыс ғаламат қой! Даланың неше түрлі аңы мен құсы, мақұлығы болса, солардың әрқайсысының әр

алуан мінезі бар, тіршілік ету үшін әрқайсысының өзінше жасар әрекет-амалы бар.

Даланы, тауды, орманды, суды мекендеген осындай небір жан иелері болатынын ең алғаш түсіне бастаған шағымда, олардың сол алуан сырын өзіме ұқтыра берген кісі — Әтәм еді.

Бұл кісінің шын аты — Қабди; менің әкемнің туған ағасы; жақ сүйегі білініп тұратын жүдеу өнді, арық денелі, селдір шоқша сақалды, орта бойлы, жұпыны ғана адам. Жасы қазір сексеннен асып, тоқсанға таяған осы қарияның бір ренжіп кейігенін, біреуге жекіп ұрысқанын көрген емеспіз. Өмірдің қандай тауқыметін көтерсе де, тұрмыстың нендей ауыртпалығын тартса да, соған бір налыған жан емес ол. Кейде бір нәрсе ойынан шықпағанда, көңілі қалғанда, әрине, Әтәм де ренжитін болуға керек, бірақ ол қабағынан кейістік байқатпайды, ешкімді күстәналап сөйлемейді. Сондықтан ол үнемі бір кейпінен, сабырлы, байсалды қалпынан айнымай ғана көрінеді.

Әтәм тағдырдың кермек уын қаршадайынан татып, теперішті көп көріп, әбден шыныққан өскен адам. Тамырлары білеуленіп тұратын жалпақ қолы еңбекке жаралғандай. Бұл қол шалғы ұстап, пішен де орған; айыр ұстап, мая да үйген; балта ұстап, ағаш та шапқан; балға ұстап, темір де соққан. Әтәм жай қара жұмыстың ғана кісісі емес, ол — әрі ағаш шебері, әрі ұста, әрі етікші, әрі аңшы.

Біздің ауыл қазіргі отырған жеріне 1929 жылы колхоз боп орнағанда, осы артельге алдымен кеп кірген кедей шаруаның бірі Әтәм екен. Колхоздың тұңғыш кеңсесінің үйін осы кісі салған; колхоз жеріне боразда тартқан алғашқы соқалардың түренін соққан да осы кісі; артельдің арба, шана, айыр, күрек секілді жабдықтарын да, қамыт, доға, ер, ыңыршақ сықылды саймандарын да жасаған осы кісі; жұмыска шығатын кедейлердің аяққиімін дұрыстап, біріне жаңадан тігіп, бірінің ескісін бүтіндеп беріп отырған да Әтәм болған.

Бәрі де көз алдымда... Күн батып, қараңғылық түсе бастаған кезде ол жұмыстан қайтады; екі қолын артына ұстап, төмен қарап, аяғын ақырын ғана басып, үн-түнсіз келе жатады, басын көтеріп еш жағына қарамайды да. Сыртынан бақылаған адам Әтәмді жұмыстан қажып-

шаршап, титықтап келе жатыр ғой деп ойлауы анық. Ал менің басыма ондай ой бір кеп көрген емес. Әтәмнің қарасы көріне бергенде-ақ, ағаш «атыма» міне сап, алдынан құйқылжытып шауып шығамын ылғи. Әтәм қуанып қалады; еміреніп, мені маңдайымнан иіскеп, арқамнан қағады.

— Әтә, жарысамысың менімен? — деймін оған.

— Кел! — дейді ол.

Мен «атымды» борбайға бір салып, ызғыта жөнелгенімде, Әтәм қалып қояды. Мен мәз болып күлемін.

Әтәм жуынып-шайынып, кешкі асын ішкен соң, төрге барып қисайып, сәл тынығады, содан кейін терезенің алдына кеп отырып, қасына керосин шамды жағып қойып, етік тігуге кіріседі. Күндегі дағдысы осы.

Ол етік тігуге отырған кезде қасына жақын барып орнығамын; менің де күндегі дағдым осы. Әтәмнің етікті қалай тіккеніне қызыға қарап жай ғана отырмаймын, оған түрлі-түрлі сұрау бере бастаймын. Сұрағым ылғи даланың аңы мен құсының тіршілігі, айла-әрекеті хақында болады. Әтәм жауапты келте қайыра салмайды, кең толғап, сөзін оқиғаға құрып, қызықты етіп айтады. Сөйтіп, әр кеш сайын Әтәмнен әдемі әңгіме естітінмін.

Әтәм аңға шыққанда ұстаған бір аңын, яки құсын, маған әдейі көрсету үшін, үйге кейде тірідей де алып келетін.

Күздің уақыты еді, бір күні ол қойнына тығып, бір құс алып келді.

— Мынау сұңғуір үйрек,— деді сүйір тұмсықты, төбесінде шошайған айдары бар құсты менің қолыма ұстатып.

— Бұл — сақ үйрек, мұны суда жүргенде атып алу өте қиын,— деп түсіндірді.

Өзі бұл үйректі айламен ұстапты, жалтыр судың ішіне апарып тармақ бұтақты ағаш шаншып, тармақтың үстіне дөңгелетіп қамыс, шөп салып, кішкентай төмпешік жасапты да, соның бетіне қақпан құрыпты. Жалтырда жүзіп жүрген үйрек осындай төмпешікке шығуға құмар болады. Ол төмпешікке шығып сілкінеді, таранады. Мына сұңғуір үйрек те сөйтпек болып төмпешікке көтеріле бергенде, қақпанға түсіп қапты.

— Бұл үйректі сойма, мен асыраймын,—дедім Әтәмә.

Әтәм сұңғуірді ұша алмайтындай етіп қанатын қиып берді.

Қораның бір бұрышынан үйрекке орын жасадым. Енді менің ертеден кешке дейінгі ермегім — осы құс болды, таңертең төсектен тұрған бойымда алдымен жүгіріп кеп үйрегімді караймын, алдына жем саламын, ыдысқа құйып су қоямын. Ол мен қасында тұрғанда жем де жемейді, су да ішпейді, сондықтан аулағырақ кетіп қалып, алыстан бақылаймын. Сұңгуір жемді жей бастайды, тез тауысып қояды. Мен оған тағы да әкеп жем саламын, сосын тағы да аулағырақ жерде тұрып бақылаймын.

Күндіз менің үйрегімді басқа балалар да келіп көреді, қатты қызығады. Оларға мен сұңгуірдің мінезі жөнінде өз байқағанымды, көргенімді айта бастаймын. Балалар мұны қызықсынады, күліседі.

Түнде жатарымның алдында үйрегімнің жағдайын соңғы рет келіп қадағалап кетемін. Содан қашан ұйқы құшағына енгенімше сұңгуірдің күндізгі бар қылығын көз алдыма елестетіп, оны ойлаймын да жатамын. «Сұңгуір — ашушаң үйрек, көп мазалағанды жақтырмайды»,— деп, Әтәмнің бір айтқаны бар еді, сол сөз есіме түседі. «Әтәм жәй айта салған ғой,— деп ойлаймын,— сұңгуірдің ашуланғанын әлі бір көргенім жоқ». «Сұңгуір — ашушаң емес, момын үйрек»,— деймін ішімнен. «Осыны ертең Әтәме дәлелдейінші»,— деп ұйғардым, бір күні төсекте жатып.

Бірақ қандай құс екендігін ертеңіне менен бұрын сұңгуірдің өзі-ақ дәлелдеді. Таңертең әуелі алдына жем салып, сосын үйректі қолыма ұстап көргім кеп, екі топшысынан қысып ұстап көтеріп ала бергенімде, ол сүйір тұмсығымен дәл астыңғы ернімнен тістеп алды. Тістеген жерінен бұрқ етіп қан шықты. Сұңгуірді мойнынан қылқындыра ұстап, жүгіріп келдім Әтәмә. Ол сыртта қақпа алдында арба жөндеп жатыр еді.

— Ерніңе не болды? — деді Әтәм абыржып.

— Мынау,— дедім үйректі сілкілеп.

— Қап! — деді Әтәм.

— Мә, қазір сой! — дедім сұңгуірді Әтәмә беріп.

Өзім үйге еніп кеттім де, қанаған ернімді сумен асығыс шая сап, сыртқа қайта жүгіріп шықтым. Әтәм үйректі жерге қырынан салып, екі қанатын табанымен басып, сұңгуірдің мойнын шалқайта созып, төмен еңкейіп қалған екен.

— Әтә, сойма! — деп, даусым қатты шығып кетті.

Бірақ, кеш қалдым. Үйректің тамағынан дірдектеп ағып жатқан қанға көзім түсті. Демі үзіліп бара жатқан құстың аяғы ғана дір-дір етті...

### ШЕЖІРЕ ҚАРТ

Міне, тағы да ауылдың дәл іргесіндегі айна көлдің жағасында тұрмын. Жазғы қоңыр самал лебінен ақырын ғана тербетілген айдын бетіне көз тігемін. Сол бір шақта тек жіп-жіңішке мойны мен арқасының қыры ғана көрініп, шапшаң жүзіп бара жатқан сұңғуірді көзім шалады. Сұңғуір тереңге қайта-қайта сұңғиді, су астында ұзақ жоғалып, бір кезде қылт етіп басқа жақтан шыға келеді, сен қарап үлгіргенше, ол тағы да сұңгіп кетеді...

Көлдің беті дәл баяғы қалпынша толқып жатыр. Жағадағы қамыстар да шашақты бастары желбіреп, дәл баяғы қалпынша тербеліп тұр. Қызғыш құстар дәл баяғы қалпынша шырыл қағып, төбемде шыр айналып ұшып жүр. «Бәя-шәя болма, байғұс құс! Саған қастық етер ойым жоқ»,— деп дауыстағым келеді оған, бірақ, түсінбейді ғой, сондықтан, қолымды ғана бұлғақтатып: «кете бер жайыңа»,— деп белгі етемін: Мұны да түсінбейді-ау ол шіркін!

Көлдің суы ескі ернеуіне тіреліп, лықылдап тұр екен бнып. Көктемдегі еріген қар суы жыра-жырамен бет алды ағып кетпей, адамның жетелеуімен осы көлге келіп құйғанын ішімнен түсініп тұрмын.

Бұл айдынның аты — Шұқыркөл. Бірақ, табиғат жаратқан көл емес, адам жасаған көл. Осы көлдің орны бұрын айналасына аласа бұта, тал өскен томар болатын. Жан-жағы жайпақ емес дөңестеу болғандықтан, томардың алып жатқан жері қазанның ішіндей шұқырайып тұратын. Іргесіне кеп колхоз орнаған жылы осы шұқыр томарға жергілікті жұрт көктемгі қар суын бұрып-бұрып ағызып әкелді де, шалқар көлді қолдан жасады. Шұқыр томардың орнына пайда болған көл «Шұқыркөл» деп аталды. Іргесі жаңа қаланып жатқан ауыл да «Шұқыркөл» атанып кетті.

Көлдің шығыс жағынан нар өркештеніп жалаңаш төбе көрінеді. Бұған жұрттың қойған аты да — «Жалаңаш төбе». Шаншыла біткен биік шың емес, етегі жалпиған аласа ғана жота. Бірақ, көзге елеусіз көрінгенімен, көп

оқиғаны бастан кешірген, сонау бір алыс замандарда қанды қырғын ұрыстардың куәсі болған қарт жота.

— Иә, бізден бұрынғы қариялар ақ сақалдарын желпіп қойып, сол ұрыстарға қатысқан аталарының ерлігін кейінгі немере-шөберелеріне мақтанышпен жыр ғып айтып отырар еді. Менің бұл шертер әңгімем солардан қалған сөз болар,— деп бастайтұғын әңгімесін Жұмағұл қария. Буырыл қабағын көтеріп, еңсесін жазып, ұзын ақ сақалын сипап қойып, ата-бабалар ерлігін өзі де мақтаныш қып сөйлейтін. Әңгіме толғаған кезінде бір түрлі шабыттанып, бабына келіп, өңі нұрланып отыратын. Сөзді мәнерлеп, тігісін жатық етіп, құлпыртып айтады. Біз қыбыр етпей, елтіп, ұйып, тыңдап қаламыз. Жасөспірімдер санатындағы біздер түгіл, жасамыс егделер де шежіре карттың қасына жақындай түсіп, әңгімесіне қызығып құлақ салады.

— Мынау «Жаланаш төбе» мен оған жалғас жатқан анау Салпықтың бауырын бір кезде қалмақ жайлаған,— деп, Жұмекең бізді бұдан екі жүз елу—үш жүз жыл бұрын болған бір оқиғалар сырына жетелеп әкетеді. Зерек карт қолбасшылардың, батырлардың есімдерін, қазақ пен қалмақ жасақтарының қай-қай жерлерге бетпе-бет кеп шайқасқанын, қанды ұрыстардың болған жылын, айын жаңылмай айтып отырып сөйлейді. Сол мезет біздің көз алдымыздан халқымыздың бастан кешкен қилы-қилы тарихының ауыр бір картиналары жылжып өтуші еді.

Қазақтың байтақ даласы не дүбірді көрмеді? Қанқұмар хан Шыңғыстың өрттей қаптаған қалың қолы да шаңдатты бұл даланы. Ақсақ барыс Темір де ылаң салды. Жоңғар шапқыншылары аттарының тағалы тұяқтары да тасырлатып жаныштады бұл жерді. Қатты шабындыға ұшыраған бабаларымыз бас сауғалап, жайлап отырған ата мекенін тастап, басының ауған жағына амалсыз шұбырып көшкен тар кезең де болған. Жолшыбай жұтап, ашығып, мың-мың қазақ қырылған. Бұл қайғылы оқиғаны халқымыз «Ақтабан шұбырынды» деп атаған. Қалың елдің сондағы қасірет-күйін кейінгі ұрпаққа шертетін әйгілі өлең қалған.

Қаратаудың басынан көш келеді...

Жұмағұл қария осы өленді айтқанда өңі бір түрлі бұзылып, төмен қарайды. Ауыр ойда үндемей сәл оты-

рып қалады. Сосын басын көтеріп, әңгімесін қайта сабақтайды. Енді ол әлгі әзірде тұнжырап қалған тыңдаушыларын желпіндіргісі кеп, дұшпаннан кек қайырған батырлар хақында ғана сөйлеуге тырысады.

— Шыңғыс ханның жер қайысқан қалың қолы біздің ата-бабалар мекеніне баса-көктеп кіргенде, өрттей қаптаған сұсты жаудан сескенбей, қарсы тұрып, қасара қылыш шабысқан, өліспей беріспеген небір ерлер өтіпті,— деп, көне қария енді бірде монгол шапқыншылығы кезінің шежіресінен әңгіме қозғап кетеді. Елін, жерін баскыншыдан қорғап, қарыса ұрыс салған батырлар ерлігін паш қылады. Шыңғыстың қалың әскеріне бой бермей, алты ай бойы өз қаласын қасарыса қорғаған Отырар шаһары жұртының ерлігін, әсіресе, мадақтап сөйлейтін-ді.

— Шыңғыс хан Отырарды өртеп жіберді. Бұрынғы әдемі шаһардың орнында күйген үйлердің үйілген күлі ғана қалды. Шапқыншылар шаһар халқын, бесіктегі сәбиіне дейін, аямай қырды. Отырардың ханы Гайрды байлап алып, көзін ойып, құлағына балқыған қорғасын құйды. Отырар да, оны ерлікпен қорғағандар да қырғын тапты, бірақ, олар жөнінде ұрпақтан ұрпаққа кететін, мәңгі өлмес аңыз қалды. Бұрыңғы ата-бабалар ерлігін ұрпақ мақтанып айтып отырса, бұл зор ғанибет!

— Жұмеке, енді бергі шежіреден, осы өңірді жайлаған ата-бабаларымыз ерлігі хақынан бір хикая шертіп жіберіңізші,— деп өтінер ек біз.

Шежіре қария ойлана бөгеліп, сонан соң қайта толғанып, тағы да бір әңгімені сабақтап әкетер еді.

— Қалмақ шапқыншылығының кезі екен,— деп бастар еді,— Толыбай батыр (біздің төртінші атамыз болады) он алты жасында жаудың қалың тобына жападан-жалғыз кеп тиісіп, қорықпай ұрыс салыпты. Жас ноянның жалғыз екенін көрген жау, оны қолға тірідей түсірмек боп, құрсаулап қоршап алған кезінде, Толыбай батыр ақырып ұмтылып, қоршауды жапырып өтеді. Бетпе-бет келген жиырма шапқыншыны найзамен іліп түсіріп кетеді...

— Жаужүрек жас батыр кейін қапыда мерт болған,— деп, Жұмекең сосын Толыбай ердің қалай өлгенін де баяндап кетер еді.— Жас батырдың жорықта жүрген кезінде, екінші бір жақтан кеп тиіскен жау мұның елін шауып, жандарын байлап, малдарын айдап әкетеді.

Дұшпан қолының басшысы әккі екен, шабылған елдің екі жас баласын түйеге артылған кебежеге салып, сыртынан тыңшы қойып, екеуінің не сөйлегенін бақтырады. Екі жас бала мұны сезбейді де: «Бәләм, дұшпан құтырма. Толыбай ағам қуып жетер. Талқаныңды шығарар»,— деп сөйлесіп отырыпты. Толыбайдың атын естігенде шапқыншылар үрейленеді, қатты шошиды. Ол жетсе, одан сау құтылмасын білген жау амал ойлайды. Жасақтың басшысы әр жарты шақырым сайын бір-бір мергенін Толыбайдың жолына жасырып қойып кетіп отырады. Толыбай батыр, астында жер апшысын қуырған ұзын бел торы ат, дұшпанды ізіне түсіп, қуып келе жатады. Жау қарасы көрінбейді, шырқап ұзап кеткен секілді. Күн шыжыған ыстық. Денесі пысынаған батыр, омырауын алдан ескен самалға желпітпек боп, сауытының ілгегін ағытып, көкірегін ашық тастап, қатты ағындап келе жатады. Жаудың аңдып жатқан мергені сонда Толыбайдың ашық көкірегін нысанаға іліп, садақты тартып қалады. Сұм жебе батырдың өңешіне қадалады. Толыбай «аһ» деп, қолындағы шашақты найзаны жерге қадап қалғанда, ағып келе жатқан ұзын бел торы ат жұлып әкете алмай, шырқ үйіріліп кетеді. Артынан жігіттері жеткенде, жерге шаншылған найзаны қарыса ұстаған күйі тас мүсінше қатып қалған Толыбайды көреді. Тақымы, қолы қарысып қалған өлі батырды олар аттан зорға түсіріп алады...

— Батыр өлді, бірақ, елінің намысын қорғаған ер жайлы аңыз қалды, жыр қалды. «Толыбай батыр мерт болған оба» деген жер аты да бар. Осының бәрі ер есімі ұмытылмасына, ерліктің өшпесіне айғақ болса керекті,— деп, шежіре қария әңгімесін аяқтағанда, шерткен күйінің әсері қалай болғанын барлағысы келгендей, бәрімізге жағалай қарап өтер еді.

Бір кезде ол орнынан тұрып, жоғарыға қадірлеп іліп қойған шашақты найзаны алып бізге көрсетер еді. Сабы қарайып тозған ескі найзаға біз де қадала қарап қалар ек.

— Атадан қалған мирас. Батыр ата ұстаған осы қаруды кейінгі бір ұрпағының әділет айқасына емес, зомбылық жортуылына алып шығып, ата мұрасына жасаған қатты бір қиянаты бар. Мұны да біліп қойындар,— деп, Жұмағұл қарт тағы да бір соны әңгіменің желісін тартар еді.

— Ауылдың түстік жағындағы жалтыр томар сыртындағы селдір шоқтың не себепті «Төбелес шоқ» атанғанын білесіңдер ме?—деп әуелі сауал берер еді. Сосын жайлап бастап әңгімесін шертер еді.

Ол сөйлеп отырады; қатыгез өткен заманның қатал бір суреттері көз алдыңа елестегендей болады.

Қақаған қыс. Күн боран. Салт атты біреу желге қарсы іркілмей жортып келе жатты. Өзі ықшам киінген, бораннан қорынғаны ма, әлде кескінін танытпайын дегені ме, тек екі көзін ғана жылтыратып қалдырып, бетін тымағының ішінен түгел таңып байлап алған. Қолтығынан жоғары қарай шошайып, найзаның ұшы көрінеді; тақымына басып алған қақ шоқпары және бар. Салт аттының жүрісі суыт, әрі жат.

Бұл Рәш ұры еді. Бір шоқтың бауырынан оңаша үй тігіп, оқшау отыратын. Сол үйден бесін кезінде жапажалғыз аттанып шықты. Жөнін айтпастан, үн-түнсіз аттанды. Бұрышта бүрісіп отырған көксау қатыны тық-тық жөтеліп қала берді. Ол ерінен жөн сұрамақ түгіл, оның сұсты кескініне қарауға да батпады. Ері аттанып кеткеннен кейін, есеңгіреген адамдай бей-жай күйде біраз отырды да, сосын орнынан ептеп қозғалып түрегеліп, өзінің дағдылы күйбең-күйбең харекетіне кірісті. Осы тіршілікке бұл сорлы әйел әбден көндіккен, көңілінде үміт жоқ, өзіне еш жақсылық тілемейді, кеудеден жаны шықпаған соң әйтеуір күн көріп жүр. Қатал зорлық мұны осы күйге душар еткен.

Ерінің қолына пайза алып аттанғанын көргенде, әйел бір сұмдықты іші сезіп: «О, жасаған, менің басымдағы халді басқаға бере көрме»,— деп, ішінен күбірлеп қана тілек қылып, қинала күрсінді.

Әйелдің сезгені қате емес еді. Рәш бұл жолы мал ұрлауға емес, адам ұрлауға аттанып шыққан. Қазір бет қойып келе жатқаны—Борлық өзенінің сағасында отырған аз үйлі шағын ауыл. Бұл ауылда оның баукеспе ұры серігі болатын. «Маған тоқал етіп алуға бір қызды таңдап қой»,— деп соған берген әмірі бар еді. Сол серігінің бір жүргіншіден айтып жіберген сәлемін Рәш кеше іңір кезінде естіген еді. «Нағашыма жүргелі жатырмын, маған тапсырар аманаты болса, ертең қонаға жетсін»,— депті серігі.

Өздері күнілгері келісіп алған сөздің астарын әккі ұры бірден ұғып, жедел қамданып, бүгін таң сәріден жө-

неліп еді. Атын барлықтырмау үшін ақырын ғана бүлкектетіп, бір қалыппен жүріп отырды. Күн түске тармыса бір үйілген маяға жетіп, атын соның ығына қойып, жақсылап шалдырып алды. Қоржынынан піскен суық етін алып, өзі де жүрек жалғады. Сонсоң атына қайта қонып, бастапқы бүлкілге сап, ілгері жүріп кетті.

Ол үйден аттанғанда боран жоқ еді, болмашы ғана сырма жүріп жатқан. Түске қарай жел қатайыңқырап, даланың қарын бұрқыратып бората бастаған еді. Рәш атын шалдырып алып, қайтадан жөнелген кезде, боран әжептәуір күшейіп, үдей соғып тұрған. Ат та, иесі де тура қарсы алдарынан соққан боранға қасқая қарап, іркілмей тартып келеді. Екеуі де мұндай жүріске дағдыланып алған қалып танытады.

Төңірек қараңғы тарта бастады. Күн кешкіргендіктің белгісі. Бір мезетте ат құлағы елең ете қалды. Рәш алға қадалып көз тікті, тақымын қысып, тізгінді тартыңқырай ұстады. Қарсы алдынан бұған қарай жылдам қозғалып келе жатқан бір қара көрінді. Оның салт атты кісі екенін Рәштің жіті көзі тез байқады. Анау да мұны тез болжап: «Уа, кімсің?» — деп, алыстан дауыстады.

Рәш оны дауысынан танып, атын шұғыл тежеп, тұра қалды, дыбыс берген жоқ. Мұның Рәш екенін анау да сезіп, қасына тез шоқытып жетті. Екеуі қысқа-қысқа сөздер қатысты. Ауылда ересек кісі аз қалған, көрші ауылдың бір қадірлы адамы өліп, үлкендердің бәрі соған бата қылуға кеткен екен: олар бүгін оралып келе алмайды, сол ауылға қонады. Рәшқа бұйыратын қыздың әке-шешесі де, ағасы да бата оқырға кетіпті, үйде бойжеткеннің өзінен басқа оның екі кішкене сіңлісі, бір жеңгесі бар. Қызды ұрлап алып қашудың сәті — осы бүгінгі түн.

Ұры серігі Рәшқа осы жайларды айтты да, осыдан соң екеуі енді қалай қимыл жасаудың жөнін қысқаша ақылдасты. Серігі Рәшқа қыздың үйін сыртынан нұсқап жіберіп, өзі еш нәрсені көрмеген, сезбеген бейхабар кісі сияқтанып, бір жаққа жылыса тұратын болды. Осылай ұйғарып, екеуі аттарының басын қатарластырып, ауылға қарай жүрді.

Ауылдың дәл іргесіндегі шоқ ағашқа жетіп, сәл бөгелді. Рәшқа енді қалай жүрудің, қыздың үйіне білдіртпей қалай кірудің жөнін түсіндірді де серігі қала берді. Рәш атын ақырын ғана тебініп, селдір шоқтың ішімен ілгері қозғалды.

Бұл кезде түн болып, ел орнына түгел отырып, қораларының қақпаларын іштен тас қып бекітіп алған. Боран ұлып соғып тұр. Рәш пішен үйілген шарбаққа жақындағанда атынан түсіп, аз кідірді. Тың тыңдады, көңілге секем салғандай бөтен дыбыс естілмеді, алдынан ит те үріп шыққан жоқ. Рәш атын жетелеп шарбаққа енгізіп, пішеннің ығына байлады да, шарбақтың қораға барып жалғасатын тұсындағы кішкене қақпақты оңай ашып, ішке білдіртпей кірді.

Үйдің есігін ол тіпті оңай тапты, тақтайының жік-жігі ашылып кеткен ескі есіктің саңылауынан жарық көрінді. Рәш тақау келіп, еңкейе қап, саңлаудан сығалап еді, қыз бен жеңгесі алдарына кішірек дастарқан жайып екеуі ғана оңаша шай ішіп отыр екен; жайнаған, күлімдеген түрлеріне қарағанда, еш қауып-қатер ойлайтындай қалпы жоқ: жас балалар ұйықтап қалғанға ұқсайды.

Рәш есікті шалқасынан қайырып ашып, үйге оқыс кіріп келгенде, бет-аузын таңып алған, найза ұстаған жат адамның суық түсіне қыз бен әйел шошына қарап, үркіп қалды. Әсіресе қыз қатты үрейленіп: «Апатай! — деп, жеңгесіне қарай тығыла бергенде, Рәш оның білегінен шап етіп ұстады да, беліне қыстырған қамшысын шапшаң суырып ап, қызды арқаға тартып қалды. Құлашын қайыра сермеп, әйелді де қамшымен басқа бір тартты. «Тыпыр етпе! Дыбысыңды шығарсаң өлесің!» — деп зекіп жіберді. Аласа орындықтың үстінде сығырайып тұрған білте шамды аяғымен теуіп құлатып, жалп еткізіп сөндірді.

Еңгезердей зор денелі, қайратты Рәш қызды үйден қолтығына лақша қысып алып шықты да, атына ырғып мініп, талықсыған бейбақ аруды алдына көлденең өңгеріп ап, келген ізімен зытып отырды.

Ол соңымнан іле-шала құғын шығар деп қауып ойлаған жоқ, бірақ, атын екпіндете желдіртіп, қатты жүрді. Арттан ызындай соққан боран да итермеледі.

Бір мезгілде қыз есін жиып, әлсіз дауыспен:

— Ағатай, бұ қай зорлығыңыз? Мені қайда апара жатырсыз? — деп, жалынышты үн қатып еді.

— Маған қатын боласың! — деп, ызғарлы жуан дауыс күж ете түсті.

Қыз қайтадан талықсып кетті...

Бір кезде ол көзін ашты, қасында суық түсті әлгі

адам жоқ; өзі ат үстінде емес, жерде жатыр, бірақ, далада емес, бір үйде жатқан секілді. Қыз мұның өңі яки түс екенін айыра алмай біраз жатты, сосын жан-жағына абайлап қарамақ боп, ептеп басын көтерді. Енді ғана анық байқады, рас бір үйде жатыр екен, кішкене терезеден бозғыл сәуле түсіп үйдің іші қара көлеңке тартып тұр, еденге төселген тықыр алашаны қыз қолымен сипап білді.

— Япырау, бұл кімнің мекені? — деп, қыз ақырын ғана сөйлеп еді.

— Бұл біздің мекен,— деп біреу үн қатты.

Бұрышта, абдыраның ығында, жапалақша шоқиып отырған адамды қыз сонда ғана көрді.

— Сен кімсің? — деді қыз.

— Күзетшімін, сені бағып отырмын,— деді анау.

— Ағажан, босатыңызшы, үйіме жіберіңізші мені,— деп жалынды қыз.

— Сенің иең мен емес Рәш, өзіңді осында алдына тоқтыша өңгеріп әкелген батыр. Сен енді оған мәңгі пенде болдың, құтылуды ойлама,— деді күзетші.

Қыз солқылдап жылай бәрді...

Әккі ұры Рәш ауылдан оқшау отырған өз үйіне бірден бармаған еді, белді ағайынын қорған тұтып, қызды соның ауылына әкеп, бір елеусіз үйге жасырған болатын. Қыздың төркіні ұрының ізі осы ауылға кеп жоғалғанын айтып, қалың қол боп келіп, келесі күні жанжал салды. Мына ауылдың жігіттерінің де бүйірі қызып, екі жақ қатты ерегіске кетіп, мұның ақыры жойқын төбелеске соқты. Сойылмен, шоқпармен бірін-бірі аямай ұрысқан бұл төбелесте кісі өлімі болған жоқ, бірақ, талайдың басы жарылып, қолы сынып, көп адам мертікті.

Ал қыз байғұс мұның бәрінен де бейхабар халде, көрдей үрейлі жат үйде, күзетшінің қарауында, әлсіз иығы дірілдеп, солқылдап жылай берді...

— Ол байғұстың көз жасын көріп мүсіркемеді тағдыр. Қыздың әлсіз төркініне мықты ауыл ырық бермеді. Ақыры байғұс қыз зорлықшыға күң болып қалды сорлап. Бишараның үсті өрім-өрім боп, «құдірет, құдірет» деп тезек теріп жүргенін жасырақ кезімде талай көріп ем,— деп, Жұмағұл қария бұл әңгімені шерткенде, бурыл қалың қабағы түйіліп, өткен заман зорлықшыларына қатал қарғыс айтқандай болушы еді. Сәл кідіріп, үнсіз отырып, сосын сабырлы даусымен сөйлеп:

— Дәл іргесінде осы төбелес болған сондағы шоқтың аты кейін «Төбелес шоқ» атанып кетті,— деп әңгімесін аяқтайтын-ды.

Жұмағұл қария сұңғақ бойлы, сақал-шашы аппақ, ақсары өңді, үлкен өткір көзді кісі болатын, жүргенде бойын тіп-тік ұстап жүретін, сыртынан көрген адам оны қарт деп ойламайтын. Тағдыр бұл адамға аса қатал қарады; қария балаларының қызығын көре алмады, бәрі де ата-анаға удай қайғы жұтқызып, жастай өле берді; бәйбішесі сырқат болды, қарт шеше қартайған шағында міндеті кісіге түсіп, төсектен мүлде тұра алмай дерт азабын тартты, аурудың көп азабын шегіп өлді.

Арқадан батқан тағдырдың зілдей салмағын Жұмағұл қарт ренжімей көтерді, ол тағдырға кейімеді. Біреуге мұң шағу, жалынып жәрдем тілеу — бұл адамға жат еді. Ол семьяның үйдегі де, түздегі де барша жұмысын өзі атқаратын, жаздың қамын қыста, қыстың қамын жазда ойлап, жыл бойына созылатын мол істі күнбе-күн ептеп-ептеп орындап, біртіндеп тындыра беретін. Соның нәтижесінде, оның қыс бойы жағатын отыны мен малын асырайтын шөбі жер қара, күн жылыда үйдің дәл іргесіне таудай боп үйіліп қалатын. Пішенді ол алыстан да тартпайтын, үйдің сыртындағы бос жатқан көңді мал аяғы тапамас үшін шарбақтап қоршап тастайтын да, ерекше күтіп, көңнің шөбі жетіліп өскен кезінде қол шалғымен шауып, жинып үйіп алатын. Қарияның үйдің іргесіне еккен жемісі, картобы және бар болатын. Мұны да баптап, күтетін өзі.

Жұмекең өле-өлгенше колхоздың жұмысынан да қол үзген жоқ. Бәрі де бүгін көз алдымда... Біз «Жаланаш төбенің» бауырында шөп шауып жатырмыз, көк жиектен күннің көзі алтын сәулесі шашырап көтеріле берген кезде, ауыл жақтан бір арбалы көрінер еді. Біз оны бірденақ таныйтын ек, қуанып: — Жұмекең атам келе жатыр! — деп айқайлап жіберетінбіз.

Ол күнде ертемен пішеншілерге ауылдан ас әкелетін. Ұзын қорапты арбаға жегілген шаңырақ мүйіз қызыл өгіз қостың дәл алдына келіп тоқтайды. Арбаның алдыңғы жағында отырған ақ сақалды Жұмекеңе пішеншілер жамырап сәлем береді. Қарияның күнде айтатын дағдылы бір сөзі бар.

— Уа, балалар, есенсіңдер ме? — дейді. Сонсоң әркімнің үйінен келген тағамдарды үлестіре бастайды, дәм

оралған неше алуан түйіншектерді, қымыз, сүт, қаймақ құйылған біркелкі құмыраларды иелеріне жаңылмай табыс етеді. «Ыдыстардың сыртында жазуы жоқ, бірін-біріне шатастырып алмас па екен» деп, біз ішімізден күдіктеніп те тұратынбыз. Бұл ынғайымызды қария сезіп қоятын.

— Әр қайсының тамағын өз орнында тұр. Сенің апаң бүгін піскен ет пен қымыз беріп жіберді саған,— деп қолыма бір түйіншек пен ұзын мойын үлкен құмыраны ұстата бергенде, әлгі ойымнан өзімнен өзім қысылып, қызарып кететінмін. Сонда да арбаның қасынан кетіп қалмайтынмын, зерек қарияға қызығып қарай бергім келетін.

— Ата, бізге тағы да бір қызық әңгіме айтып кетіңіз бүгін,— деуші едік.

Ол ақырын ғана жымиятын, бұл — мақұл дегені...

Содан бері жиырма шақты жыл өтті. Жұмағұл қарт қайтыс болған. Міне, мен оның үйінің алдында тұрмын. Үйдің есік-терезесі бекітулі, қорасының қақпағы да тарс жабылып, сыртынан тіреу қойылған, үйдің шатырының шет-шеті жеміріліп, ортасының да әр жері тесіліп, ішіне қарай опырайған. Осы сырт белгісінің бәрі де бұл үйдегі тіршіліктің тоқтағанын сездіреді.

Ауыл адамдары қадірлі қарттың аруағын сыйлап, оның үйін, біреу тимесін, мал сүйкенбесін деп, сыртынан сырғауылмен қоршап қойыпты. Бірақ, жым-жырт боп жүдеп-жадап тұрған иесіз үй көңілді біртүрлі қозғап, мұңды бір ойларға батырды...

«Әр нәрсе де ескірмек, тозбақ, бұл — табигат заңы ғой,— деп жұбаттым өзімді,— енді біраз жылдан соң бұл үйдің тек томпайған орны ғана қалар, бульдозердің қалағы бұл томпақты ысырып та әкетер, орнына жаңа үй де орнар, бірақ, Жұмағұл қарттың жұрты деген атын халайық айтып жүрер...»

### ДАЛА БОЛЬШЕВИГІ

— Жақсы адамды халық әмәнда ұмытпайды,— ол хақындағы сөзді атадан бала ұғып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе берер. Осы әңгімелер тек ауызша ғана айтылмай, хатқа түссе, әр ауылдың өз шежіресі жазылып қалса, қандай ігі болар еді. Мұның кейінгі ұрпаққа өнегесі қаншама,— деді менің қарсы алдымда отырған, ашық

кең маңдайлы, самай шашын, қою мұртын ақ шалған, бір кездегі сұлу қараторы өңінің бұл күнде әжімі көбейген, қазір қадырлы пенсионер қарт атанған Дәуренбек Бигожин.

Әр сөзін салмақты етіп, һәм мәнерлеп айтатын бұл қарияның ойлы жүзіне қарап отырып бір ойларға берілемін.

«Жылдар сырғып өтіп жатады, өмірде өзгерістер, жаңалықтар болып жатады. Сол сырғанап өтіп жатқан әр жылдың өз шежіресі бар, соны біле берсек, өнеге ала берсек»,— деймін ішімнен. Бүгінгі қабындап туып жатқан, өріс алған өзгерістердің, сан-сала жаңалықтардың жыр болып төгілердей, күй болып шертілердей ғажайып сырлары бар дейміз. Сондықтан да өскендіктің, жетілгендіктің бүгінгі айғақтарын көріп қуана отырып, осы өрлеп-өркендеу жолының бар шежіресін, әр өткелінің тарихын білуге ынтығамыз. Мен де қазір бір ғана сол сезімнің құшағында отырмын.

Дәуренбектің туып-өскен жері — осы өзіміздің ауыл. Қарапайым кедей табынан шығып, совет үкіметінің арқасында оқып жетіліп, еңбегімен жұрт сеніміне бөленіп, партия қатарына өтіп, бастауыш ұйым жетекшісінен аупартком секретарьлығына дейін жоғарылап, бірталай жылдар жауапты саяси қызмет атқарған кісі. Әрі кәрілік жетіп, әрі денсаулығы кеміп, пенсияға шыққаннан кейін, өзі туып-өскен осы ауылға көшіп кеп, үй-жай салып, тұрақты қоныс тепкен.

— Бұл жер маған туып-өскен мекенім болғандықтан ғана қымбат емес, осы жерде жаңа өмір орнату үшін күресіп ек бір кезде, әр төбесіне, әр ағашына бүгін қарасам, сол тар кезеңнің әр оқиғасы есіме түсіп тебіренемін, бұл жер маған сондықтан ерекше ыстық,— деді Дәуренбек толқи сөйлеп.

— Сол жылдар сырын шертермісіз? — деп тілек қылып ек, ол өткен күндер көріністерін есіне түсіргісі келгендей, сәл ойланып отырды.

— Азамат соғысының кезінен бір әңгіме айтып көрейін,— деді сонсын.

Дәукең машықты қоңыр даусымен әңгімесін жайлап бастады.

— О кезде осы Салпық тауының бауырында, мына сырттағы шұбар-шұбардың арасында шашырап қонған ұсақ-ұсақ ауылдар бар болатын,— деп, терезе жаққа

сығырая қарап, ескі қыстау, мекендерді көз алдына келтіргендей болды да, әңгімесін бастап кетті.— Колчактың әскері қызылдардың тегеурініне шыдамай, жосылып қашып келе жатыр, біздің ауылдардың үстінен өтуі мүмкін деген хабарды естіп, ауыл адамдары дүрлігіңкіреп отырған. Біздің, тепсе темір үзердей ,жас жігіт шағымыз, бірақ саясатқа шорқақпыз. Осы өзіміздің ауылдан шыққан тұңғыш коммунист — Зәркей Сейтбатталов деген адам еді. Мығым денелі, өткір көзді, табанды, қайсар жігіт болатын. Саясаттың ақ-қарасын маған алғаш таныткан сол кісі. Қазіргі біздің ауылдың түстік жағындағы, осы мына іргедегі Андреевка селосында және теріскей жағымыздағы Қазанка селосында астыртын ұйымдасқан партия ұясы болған. Зәркей сонда мүше еді, бытырай конған ауылдардағы қазақтар арасында большевиктік насихат тарататын. Бір күні ол мені Андреевка селосына ертіп барды, Тимофей, Петро, Данил деген орыс достарымен таныстырды. Бұлардың бәрі де — коммунистер, мұндағы партия ұясының жетекшісі Қосыгин (біз Көсебе дейтінбіз) деген адам екен. Ол менің жағдайыммен Зәркей аркылы бұрын танысқан болса керек, өзімді көрген бойда-ақ:

— Дала большевигі, саламат па? — деп қолымды қысты.

Мен аң-таңмын. Бұл кісінің өзімді большевик дегеніне қайран қалдым. Өйткені менің ұғымымда—большевик кол жетпес биік шыңардай көрінетін.

Бір түрлі ыңғайсызданып, Зәркейге бұрылып қарап едім, ол жымиып отыр екен. Менің ыңғайымды тез аңғара қойды да:

— Бұл кісі сенің өмір тарихынды өте жақсы біледі,— деді.

Оның сөзіне Қосыгин де түсініп қалды.

— Солай болуы мүмкін, бірақ сен турасында өте жақсы рекомендация берген адам — мынау Зәркей Сейтбатталов жолдас! — деді ол. Содан кейін бойын тік ұстап тұрып маған ақыл айтты: — Қазақ ауылдарында большевиктік насихат жүргізудің үлкен саяси маңызы бар. Жұрттың көбі хат танымайды, қараңғы. Оларға жау мен досын ажырата білуге жәрдемдесу керек. Ауылдағы байлар мен қожа-молдалар қараңғы жұртты алдап-арбап отқа итеруге, бүлік туғызуға тырысып бағады. Міне соларға жол бермеу керек, бар тамырын қиып тастау

керек. Ішкі жауды буындырсаң, сыртқы жауға табан тірер тиянақ қалмайды. Қазіргі күрес сол, ұқтың ба?

— Ұқтым! — деп басымды изедім.

Дәуренбек әңгімесінің дәл осы тұсына келгенде тағы да ойланып қалды да, сөзінің бастапқы жағына қайтадан оралды.

— Зәркеймен бірге Андреевкаға барғанымды айтқан тұстың бір жері көмескі қалып барады екен, айқынырақ баяндай кетейін,— деді ол.— Біз селоға жасырынып, түнде бардық. Селода бүлікшіл қазақ-орыс отряды жатқан. Бұлар осы жаққа ауып келе жатқан ақтың әскерлерін алдынан шығып қарсы алу үшін Имантау, Бабық, Арықбалық атырабынан жиналып, жасақтанғаннан кейін Андреевкаға келіп, тұрақтап тұрған еді. Бұл иттердің қиратпаған, тонамаған үйі жоқ. Өздері күдіктенген адамды, істің анық-танығына жетпей, табанда атып тастап отырды. Біз бұл бүлікшіл отрядтың әрекетін сыртынан барлап жүрдік. Бұлар қанша адам? Қару-жарағы қандай? Кімдермен байланысы бар? Пландары қалай? Міне осыны барлаймыз.

— Саған жауапты тапсырма жүктейміз, партиялық тапсырма! — деді Қосыгин бір күні мені қасына оңаша шақырып алып. Мен қандай тапсырыс болса да, орындауға әзір екенімді білдірдім.

— Бұл тапсырманы орындауға батылдық та керек, сақтық та керек,— деп ол салмақты үнмен ескерте сөйледі.— Қазанкада астыртын жұмыс жүргізіп жатқан коммунистерге бізден пакет жеткізесің.— Ол маған кішірек конверт ұстатты. Қазанкадағы қызыл шатырлы мектептің оң жақ бұрышына таңертеңгі алаң-еленде Кирилл деген адам келеді, осы пакетті соған тапсырасың. Бұл — бір. Екінші — осы өңірдегі қазақ ауылдарында қызылдарға қарсы бүлікшілер тобын ұйымдастырып жүрген бұзықтар бар көрінеді. Солар турасында толық мәлімет әкелесің.

Мен түнделетіп жүріп кеттім. Етігімнің өкшесін үнгідім де, пакетті соған бүктеп салып, үстінен былғарымен бастырып, өкшені қайтадан жөндеп қағып алдым. Жолшыбай еш қатерге кезіккем жоқ. Айтылған уақытта белгілі жерге жетіп, пакетті тапсырдым. Бұл жақтан екінші пакетті алып қайттым. Мұны беріп жатып Кирилл:

— Строго секретно! — деп ескертті. Бұл пакетті де етігімнің өкшесіне жасырдым. Күн батуға жақындаған

шақта Қазанкадан аттанып кеттім. Шамасы екі шақырымдай ұзап шықтым ғой деймін, бір шұбардың тұсынан өте бергенімде сойыл, шоқпар ұстаған бес-алты жаяу қарсы алдымнан шыға келді. Аңдып жатыр екен.

— Түс атыңнан! — деп ақырып қалды шоқпарын кезеніп ілгері шыға берген біреуі. Сөйткенше болған жоқ, екінші біреуінің ақ сойылы оң қарыма сарт етті. Көзім бұлдырап, аттан құлап түстім. Сойыл ма, шоқпар ма, етіктің өкшесі ме екен, айырып болмайды, үстіме таяқ жауып кетті.

— Қазанкаға қандай хабар әкелдің? Айт шапшаң! Айтпасаң, өлесің!

— Тістеніп, қасарып жатқанын қарашы иттің! — деп өшіккен ызалы үндерін естимін.

— Тоқтаңдар! Жауап алайық өзінен! — деп әмір етті бір жуан дауыс. Бұзықтар кейін шегініп тұрды.

— Түрегел, жан керек болса, жауап бер! — деді маған әлгі жуан дауысты төніп кеп. Бірақ түрегелуге менде дәрмен қалмаған екен.

— Тінтіңдер! — деп бұйырды жуан дауысты. Бұзықтар киімдерімді жұлқылап шешіп, қалталарымды далдал етіп жыртып, тұла бойымды түгел тінтіп қарады, бірақ пакетті таба алмады. Етіктің өкшесіне үңгіп кіріп кеткен құпияны қайдан білсін! Мен тіс жарып тіл қатпадым. Олар мені соққыға жығып тастап, кетіп отырды. Бұлардың жағдайын келесі күні Ахмеди деген досымнан білдім. Ахмеди — осы ауылдағы қазіргі он жылдық мектепте орыс тілінен сабақ беретін мұғалім Тайкеннің әкесі... Иә, әлгі бұзықтар жайына оралайық. Имантау-Арықбалық жағынан ұйымдасып шыққан казак-орыстар отряды Андреевкаға келіп бекініп жатқанда, «бұларға тізгін беріп, қосыламыз» деп, мына Бәсентиіннен Ташкент Мендібаев, Қобайтұяқтан Ешмұханбет, Бейімбеттен Аяжан, Жайықтан Мәжен дегендер өрекпіп шығып, қызылдарға қарсы жасақтар ұйымдастырыпты. Бұлар көбінесе жол торып, жолаушыларды тонап жүрді. Қазанкаға пакет апарып, одан пакет алып келе жатқанда маған тап болғандар сол бұзықтар екен. Біздің ауылдың тұңғыш коммунисі Зәркей Сейтбатталовты ақтардың қолына ұстап берген де сол азғындар...

Дәуренбек өңі бір түрлі бұзылып, терең толғанып қалды. Басын төмен салып отырып ақырын сөйледі:

— Коммунист Зәркейді ақтар Қазанкада айуандық-

пен азаптап өлтіріп кетті. Шіркін есіл ер-ай, десеңші! Бүгінгі осы ауылымыздың болашағы жолындағы айқаста аяулы, абзал азаматымыздың бірінің өмірі осылай қиылған... Ерлік іс өшпейді, Зәркейдің бар бейнесі бүгінге дейін көз алдымызда жайнап тұр.

— Әрине, ерлік іс өшпейді, ұрпақтан ұрпаққа жалғырып кете береді ғой,— деп қостадық біз.

— Дұшпанның да сазайын тарттықыздық,— деп Дәукең желпіне сөйледі,— ақтың шегініп қашқан әскерлері біздің жақта екі бағытпен ағылып өтіп жатқан еді. Бір қанаты қазіргі Рузаевка, Андреевка жолымен жосыды да, екінші қанаты Казанка арқылы Айыртауға қарай асып жатты. Шашырап жатқан біздің ауылдар осы екі аралықта. Біз тыным таппай ауыл арасында насихат таратамыз, большевиктердің жеңісі жайында жақсы хабарлар жеткіземіз. Қалың жұрт қызыл жауынгерлердің келуін асыға күтті. Бүлікшіл Аяжан, Ташкент, Мәжендердің азғырынды үгітін тыңдаушылар азайды. Жергілікті халық олардың бұзақы топтарын талқандап жіберді.

Бір күні маған Қосыгинмен Андреевкаға тез жетсін деген тығыз хабар келді. Ахмеди екеуміз түн ішінде жөнелдік. Селоның шет жағында тұратын кедей шаруа Латышев Акимнің үйінің терезесін ақырын ғана тықылдаттық. Біздің астыртын кездесетін жеріміз — осы шаруаның үйі болатын. Сыртқа жыртық тонын жамылып Аким шықты. Бізді қораға кіргізіп алды. Партия ұясының жетекшілерінің бірі коммунист Кирилл Петров бізбен қысқа ғана амандасты да, шұғыл тапсырмалар берді:

— Жаумен бетпе-бет айқасатын сәт туды, достар! Қызыл жауынгерлердің барлаушы отряды бізге келіп жетті. Мен қазір Раисовкаға жөнелемін, уақытым тығыз. Сендер осы селода бекініп жатқан бүлікшіл казак-орыстар отрядын бүгінгі түннен қалдырмай жоюдың қамын жасаңдар. Қызыл жауынгерлер отрядына Аким бастап апарады. Дұшпанды, байқатпай келіп, желкеден соғу керек. Жарлық — сол! Ал, көріскенше сау болыңдар!..

Ол аттанып кетті. Біз де айқасқа әзірлендік. Бүлікшіл казак-орыстар отрядының бекінісі — селодағы үлкен мектеп. Самогон ішіп, естері шығып, сол маңды неше күннен бері ойрандап жатқан. Ахмеди екеуміз қараңғыны жамылып, әуелі мектеп төңірегіне барлау жасадық.

Дүшпан қаннен-қаперсіз, күндегідей сауық-сайранға басып жатыр екен. Есік алдына қойған сақшысы да даурығып, теңселіп жүр. Мұндай қолайлы сәтте бір минут кідіруге болмайды. Өзіміздің отрядқа дереу хабар бердік. Азғантай ғана отряд қараңғы түнді жаңғырта ұран сап мектепке лап қойғанда, масайрап жатқан жау төбелерінен жай түскендей, есі ауып қалды. Терезеден ұшып кірген граната дүшпанның дәл ортасына түсіп жарылды. Жаудың өлгені өлді, қалғаны дүркірей қашты... Ертеңінде, селоның дәл ортасындағы үлкен кеңсенің төбесінде қызыл жалау желбіреп тұрды. Бұл хабар шұбар-шұбардың арасында отырған өзіміздің ауылдарға да ілезде тарады...

Кейіннен Андреевкада кооперация құрылды. Бұл ұйымға біздің ауылдан төрт семья мүше боп кірді. Мұның ішінде сіздің әкеңіз де бар (Дәукең бұл сөзді маған бұрылып айтты). Мені кооперацияның басқарма құрамына мүше етіп сайлады... Иә, қарап отырсақ, содан бері талай жыл зулап өтіп кетіпті, бірақ әр кездің, өмірдің әр өткелінің тарихы ұмытылмайды ғой...

## «АТАМАН»

... Ол маған сырты тозған көк тысты бір дәптерді ұсына берді...

Дәптердің әр бетін ақырын ғана аударып, ішіндегі жазуларына көз жүгіртіп отырмын. Бір тұста мына бір сөздерді оқыдым:

«Салпық тауының бауырында және оның терістік-батыс жағындағы шұбар-шұбардың қойнауында отырған ұсақ-ұсақ бытыраңқы ауылдар бір орталыққа бірте-бірте бірігіп, колхоз боп құрыла бастады. 1929 жылдың аяғында колхозда елуге тарта үй болды. Егістік жерінің көлемі — екі жүз гектар; жүз қаралы қойы, жиырма шақты сиыры бар. Ал, жылқы жағы көбірек — төрт жүзден асады, бір тілді соқасы — он; екі тілді соқасы — жалғыз; біраздаған ағаш тырмасы және арбалары бар. Қем-кетік көп-ақ, бірақ, жұмыс қарқыны қызу. Жұрттың ынтасы жақсы. Әсіресе, Әйәнді айтсаңшы! Әй, Әйәнай, ғажап көңілді адамсың-ау!..»

— Сіздің, мына Әйән деп жазып қойғаныңыз қай Әйән?

— Өзіміздің Байтастың Әуәрирасы... Әй, Әйәң-ай, қызық кісі еді ғой жарықтық.

— Иә, ол тамаша адам еді...

Орта бойлы, кішірек шоқша сақалды, жағы қушиғандау, бірақ, жүзінен ерекше мейірімді, ақжарқын жан екендігі білініп тұратын Әйәң көз алдыма елестеп кетті. Әйәңді ауылдың бар баласы өте жақсы көретін-ді, өйткені ол бір балаға ләм деп ұрсып көрген пенде емес; жұмыстан қажып шаршап келгенде де, балалардың асырына, шуына кейімейтін, тіпті жақтырмаған рай танытып қабағын да шытпайтын. Балалардың ойынына қызығып қарап тұрып, кей-кейде өзі де бірге араласып кететін-ді. Сондықтан біз оны «Атаман» сайлап қойғанбыз.

— Атаман? — дейміз.

— Әу,— дейді ол.

— Бізге доп ұратын таяқ жасап бересің бе?

— Беремін. Неше таяқ керек?

Біз санын айтамыз, ол бірер таяқты артық жасап береді.

— Атаман? — дейміз.

— Әу,— дейді ол.

— Бізге қамшы өруді үйретесің бе?

— Кел, отыра қалыңдар.

Біз оны қаумалап отыра қаламыз. Таспаны қалай тартып, қамшыны қалай өруді әуелі өзі көрсетіп береді де, сосын қайта тарқатып жіберіп, әр қайсымызға жекежеке өргізеді, ерінбейді бұған, жалықпайды...

Ұлы Отан соғысы басталды, ауылдың көп азаматы майданға аттанды, колхоз жұмысының бар ауыртпалығы карттардың, әйелдердің, балалардың мойнына түсті. Біздің қазақта «бала соққан кездіктің басы жарық» деген мақал бар ғой, кейбір үлкендер, жұмысқа шыққанда, бригадир олардың қасына бала қосып берсе олқысынады. Ал, Әйәң олай емес, ол балаларды өзі сұрап алады; жұмысқа онымен бірге баруға, Әйәңә серік болуға біз де құштармыз.

Қыста Әйәң фермаға даладан шөп тартады. Қос-қостан өгіз жегілген бес-алты шана таңғы алакөбеде бірінің соңынан бірі тізіліп, сықырлап кетіп бара жатады. Ең алдыңғы шанада, үстіне тон киіп, белін шарт буынып алған Әйәң отырады. Ол орнынан сәл көтеріліп, мойнын созып, кейінгілерге әлсін-әлсін көз тастап, бақылап қояды. Кейінгі шанада біздер келе жатамыз.

Ал, шаналарға шөпті сықита тиеп алып, ауылға қарай қозғалғанда, алда біз жүріп отырамыз, Әйән ең соңғы шанада келе жатады. Бізді қадағалайды.

Көктемде жер жыртамыз, Әйән соқаның тұтқасын ұстайды, біз көлігін жетелейміз. Соқаны шірене тартып өгіздер де ілбіп келе жатады, даусымызды шығарып, ұзын көк шыбығымызды әлсін-әлі бір суылдатып үйіріп қойып, біз де қыбырлап бара жатамыз.

— Аяқтарың талған жоқ па? Шаршаған жоқпысыңдар? — деп, Әйән анда-санда дауыстап сұрап қояды.

— Жоқ, шаршағамыз жоқ, мықтымыз біз,— дейміз. Шаршауын шаршайтын ек, тек сыр бермеуге тырысамыз, бірақ, Әйәнә жауап қатқанда әуелі қатты шығатын даусымыз бірте-бірте төмендей беретін еді де, Әйән біздің әлсірей бастаған халімізді сезе қоятын.

— Ал, баладар (ол ылғи осылай дейтін), аздап аяқ суытып алалық,— деп, бізді тоқтатып, өзі борозданың шетіне отыра кететін. Және жай отырмай, бір күлдіргі сөз айтып, бізді мәз етеді. Енді орнымыздан көтеріліп, қайырадан қозғалғанда, бойымыз бір түрлі жеңілденіп, аяқты еркін-еркін басатынбыз.

Пішен шабу науқаны басталғанда, Әйән шөп машина жүргізеді, егін орағы басталғанда лобогрейкаға отырады. Қысқасы, бүтін жыл бойында алмасып келіп отыратын жұмыстың бәріне де Әйән қатысады, және де осы жұмыстарды атқарғанда, оның қасындағы серіктері әмәнда балалар болатын-ды.

Әйән бізді ешкімге жәбірлеттірмейтін, біреудің бізге әкіренДегенін көрсе-ақ болды, дереу келіп араша түсе қалатын. Біз де «Атаманымыздың» әмірін бағып, ол қабағын қағып қалса болғаны, «шабуылға» шыға келетінбіз.

Бір күні қызық бір хал болды. Салқын күз. «Кішкене көлдің» ығында зябь айырып жатқанбыз, соқаның саны алтау, алтауы да қос тілді соқалар (құныса біткен түріне қарап біздің жақта мұндай соқаны «бүкір» дейтін). Бес «бүкірдің» иесі — бала, бір бүкірдің иесі — Әйән. Әйән және бәріміздің басшымыз. Бірер күннен бері ауа райы бұзылып, ақ жаңбыр сіркіреп тұрған. Жер саз, жұмыс тоқтап қалған. Жаздың жылы жаңбырындай емес, мына сіркіреген ақ жауынның лебі суық, ызғарлы, бойынды тітірентіп, тез тоңдырады. Егіс басында барақ секілді ұзын шым үй бар, біз содан шықпаймыз.

Бірақ бұл үйдің де панасы шамалы еді, есік-терезесі аңғал-саңғал, ішінде үйді жылтатын пеші жоқ, орта тұсында қазылған жер ошақ бар, от соған жағылады. Алаша шым үйдің дәл осы от жағылатын тұсының төбесі үңірейген тесік, түтін тік көтеріліп шықсын деп мұны әдеиі жасаған. Ал түтін осыған ерегескендей жан-жағына шалқып, отты айнала қоршап жылынып отырған біздің берекемізді кетіреді, ащы түтін көзімізден жас парлатады. Сол кезде Әйән бықсыған шаланың бастарын қағыстырып, еңкейе қап, ұртын желге толтырып ап, отты қаттықатты үрлеп жібереді. От лауылдап жанып кетеді. Лаулаған оттың түтіні әрқашанда тік шалқиды.

— Атаман, отқа картоп көмуге рұқсат па? — дейміз біріміз. («Атаман» дегенге Әйән көтеріліп, қуанып қалады).

— Рұқсат,— дейді ол.

Біреуміз көсеумен ыстық қоламтаның арасын аша береміз де, екіншіміз сол жерге қос уыстап картоп саламыз.

Бүгін де сөйтіп, қоламтаға картоп көміп отыр ек. Картоптың сырты күймесін деп, шалаларды кейін-кейін тартып қойдық.

Шым үйдің сықырлауық есігі шалқасынан ашылды.

— Ой, құдайдың қарғысы тигірлер! Отты ұйпалап тастағандарын қарашы!

Өгіз бағатын Шақиағаң қария есіктен кіре жекірді. Өзі ызақор кісі еді, үстіне су өтіп, енді даладан жаурап келгенде, оттың маздап тұрмай бықсып жатқаны ашуын бұрқ еткізді. Отты айнала отырған балалар Шақиағаңның ызғарлы түсінен жасқанып қалды.

Шақиағаң Әйәнә тете кісі еді.

— Әй, қара сақал, баладарға неге ақырасың? Жайлап сөйлесең болмай ма? — деді босаға жақта күрек саптап отырған Әйән бұрылып қарап.

Шақиағаң оның сөзін құлаққа ілген жоқ. «Сен басымды қатырма!» дегендей қолын бір сілтеді де, аяғын екі аттап, оттың қасына жетіп келді. Бір-екі баланы шекеден қатты нұқып жіберді. Отты лаулатып жандырмақ болып, шалаларды қағыстырып, басын біріктірді де, оттың астын бұрқ еткізіп көседі.

— Ойбай, картоп бар еді о жерде! — деп шу ете түстік.

— Ә, оңбағандар! Отты құйқалайтын немесіңдер ғой,

жегізейін мен сендерге картопты! — деп, Шақиағаң бір шаланы қолына ала салып, ыстық күлге көмілген картопты серпіп-серпіп шығарды да: «Ал же! Ал же!» — деп тістеніп, есікке қарай бір-бірлеп атты.

Дәл осы мезетте, жеміне аспаннан құйылып түскен бүркіттей боп, Шақиағаңның үстіне Әйәң қона кетті.

— Кәрі неме! Баладардың жейін деп отырған тамағын неге лақтырасың? Жын қақты ма? — деп Әйәң оны жағасынан қылқындыра ұстады. Зор денелі, ызалы бақташы арық, жеңіл Әйәңді көтеріп тұрып кетті, енді екеуі бірінің омырауынан бірі бүріп ұстасып, тіресіп тұрып қалды.

— Кәрі неме! Нең бар тыныш отырған баладарда,— деді Әйәң ашуланып.

Ызақор бақташы бір жеркеніште боқтықпен бәрімізді қоса сыбап салды да, қатты бұлқынып қап, Әйәңді иығымен қағып, ұшырып түсірді. Әйәң атып түрегеле бергенде, Шақиағаң оны басқа тартып жібермек боп қамшысын көтеріп алып еді, қимылы шапшаң Әйәң сілтеуге үлгіртпей, бақташыны қарынан шап беріп ұстады. «Жабыл, қара таяқ!» деп, біздерге де әмір етіп қалды.

Бәріміз тентек шалға жабыла кетіп, оны қыбыр еткізбей ұстап тұрдық.

— Мына ашаның түбіне алып келіңдер! — деп, шым үйдің ішінен қойылған жуан тіреуді қолымен нұсқап әмір берді Әйәң.

Біз айтқанын орындадық.

— Арқасын ашаға тіреңдер. Ә, дұрыс. Енді былқ еткізбей ұстап тұрыңдар,— деді де, Әйәң іргеде жатқан ұзын арқанды алып кеп, Шақиағаңды ашаға таңып байлап тастады.

— Бұл саған баладарға тіл тигізгенің үшін берілген жаза. Ертең осы уақытқа дейін тартасың бұл жазаны! — деді Әйәң.

Шақиағаң әлі кіжініп, бұрқырап тұр.

— Кәрі неме! Сақалың шошаңдап боқтық сөз айтуға ұялмаймысың мына баладардың көзінше? Енді тый бейпіл аузыңды. Әйтпесе төбеңнен мұздай су құямын,— деді Әйәң. Ол балалардың біреуін жұмсап, сырттағы бөшкеден бір шелек суды қасына алдыртып қойды.— Міне, көрдің ғой, мен айтқанымнан қайтпайтын кісімін. Енді маған өкпелеме, не көрсең де өзіңнің мінезіңнен көресің,— деп ескертті.

Шелектегі мөлтілдеген суды көргенде Шақпағақ мойнын ішіне тығып бүрісе қалды. Балалар сақылдап күліп ала жөнелді...

Арада жиырма шақты күн өткенде, дәл осыған ұқсас, тағы да бір күлкілі оқиға болды.

Бұл кез ноябрь айының жуан ортасы еді. Біздің жақ бұ мезгілде жылда қалың қар жамылып қалатын. Ал, биыл қар жаумай, жолдың шаңы бұрқырап жатқан, бірақ, күн суық, қыстың ызғары бар. Жердің бет жағы тоң болып қатып қалған, соқа батпайды, сонда да зябьтің басынан кете алмай, текке байланып отырмыз. Мұның мәнісі бар, осыдан екі-үш күн бұрын колхоздың председателі келіп: «ауылда ауданның уәкілі жұмыс тексеріп жүр, орындарыңнан тапжылмаңдар!» деп қатаң әмір беріп кеткен болатын.

Әйәң оған жердің сіресіп қатып қалғанын, соқа тілі батпайтынын айтып, «бұ жерде босқа қамалып жатқаннан не өнеді?» деп таңданып еді, «ақсақал, аузыңа абай бол, қазір соғыс уақыты», деп ескертті председатель. «Соқа батпаса да, өгіздері жегіліп, бораздада тұрсын күндіз» деп, аттанарында және де жарлық қып кетті.

Арада үш күн өтіп, төртінші күн дегенде, председательдің айтқан уәкілі де келіп қалды бізге. Таңертеңгі асымызды ішуге енді ғана отыра берген едік. Уәкіл әйел есіктен кіре беріп, тоқтай қап: «Күн сәске болды, бұ не тал түске дейін тамақ ішіп отырғандарың? Жұмыс қайда?» — деп, бәрімізге қыжырта бір қарап өтті де, ортамыздағы жалғыз үлкен кісіні көріп: «Шал, мұның калай? Ұялу керек қой»,— деді Әйәне. Аяғына біз өкше қызыл етік, үстіне қысқа қара тон киіп, басына ақ жібек шәлі тартқан ұзын бойлы, екі танауы делиген қара өңді әйел екен.

Кескіні тым ажарсыз көрінді, үстіндегі киімдері де бір-біріне үйлеспей тұр.

Әйәң уәкіл әйелдің бетіне таңданған пішінмен қарады да:

— Шырағым, түріңе карасам, менің жарты жасыма да жетпеген секілдісің. Сырттан келген кісі үйге сәлем берер болар еді. Кімсің өзің, жөніңді айтшы әуелі? — деді.

Бұ сөзге уәкіл әйел шамданып қалды.

— Мен сендермен танысқалы келгемін жоқ,— деп тік сөйледі.

— Енді неменеге келдің? — деді Әйән оның қытығына тие түскісі кеп.

— Жұмыстарыңды тексеремін! — деді әйел сес көрсетіп.

— Е, мейлің, тексере бер.

— Қеше қанша гектар зябь жырттыңдар?

— Нөл.

— Мен қалжыңдап тұрғаным жоқ,— деді әйел.

— Мен де шындықты айтып отырмын,— деді Әйән.

— Бүгін қанша гектар жыртасыңдар?

— Бүгін де нөл.

Уәкіл әйел Әйәңе шытынай қарады да: «Контра!» деді.

Ол енді қасына еріп жүрген председательді қыспаққа ала бастады. Ал председатель бізге қожаңдады, тамағымызды асықтырып ішкізді, өгіздерді соқаға дереу жекқізді. Уәкіл әйел екі бүйірін таянып, біздің қимылымызды бақты да тұрды.

Өгіздерді жегіп болған соң, Әйән, оның қасына ақырын ғана аяңдап барды да, бұл жұмыстан ештеме өнбейтінін жайлап түсіндірмек боп еді, уәкіл әйелдің тыңдағысы келмеді.

— Шырағым-ау, көрмей тұрсың ба, жер сіресіп қатып қалған жоқ па?! Соқаның тілі батпайды. Сөзге сенбесең, өз көзіңмен көрші жүріп,— деп, Әйән кейіп кетті.

— Ал, көремін, жүргіз соқаңды,— деді әйел.

Біз ысқырып, шыбығымызды үйірген кезде, бұған дағдыланған өгіздер созыла қозғалды. Қос тілді соқа жерге батпай секектеп кетті. Біз бөгелмей жүре бердік.

— Тоқта! — деп дауыстады әйел.

— Міне, айттым ғой, жер тоң боп қалған, батпайды соқаның тілі,— деді Әйән.

Бірақ уәкілдің сенер түрі жоқ, ол, сірә, Әйәнді қулық жасады деп ойлады білем, соқаны өзі байқап көргісі келді. Соқаның үстіне шығып, тұтқасынан мықтап ұстап отыра қалды да: — Ал, жүргіз өгіздеріңді! — деп әмір қылды.

Тағы да ысқырып, солқылдақ көк шыбығымызды үйіріп қалдық. Өгіздер ышқынып тарта жөнелгенде, үстінде отырған әйелдің салмағынан соқа жерге жабыса қалды, бірақ, бір метр жүрмей-ақ, қайтадан секек етіп, табаны бораздадан шығып кетті де, бір жағына жантая беріп, аударыла құлады. Уәкіл әйел соқаның астында қалды,

жан даусы шығып, шыңғырып жіберді. Біз де шошып кеттік, өгіздерді кілт тоқтаттық. Соқаны епте көтеріп, уәкіл әйелді темірдің астынан шығарып алдық.

Әйел бізге қарай алмай, теріс айналып кетіп, үстін қақты. Көйлегінің дәл артын темір іліп, тік айырып жыртып жіберген екен, шинельдің жырық етегі секілденіп көрінгенде, мырс етіп күліп жібердім.

Уәкіл әйел сол бойда арбасына барып мінді де, ешкімге ләм деместен, қоштаспастан кетіп отырды.

Қатты жолмен тарсылдап ұзап бара жатқан арбаның соңынан қарап тұрып Әйәң:

— Әлгі әйел мана мені «монтра» деді ме, не деді осы? — деп сұрады бізден.

—Контра деді.

— Бұ не дегені екен, ә? — деп күлді Әйәң...

Әйәң біздің атаманымыз болғанмен, одан гөрі біз оған бұйрықты көбірек беретінбіз, ал, ол балалардың айтқанын екі етпей орындайтын, ырқымызға көне беретін-ді.

— Атаман, біз саған бүгін ең жоғары әскери атақ береміз,— дедік бір күні Әйәңе.

— Қабыл аламын! — деді ол күлімсіреп.

— Сені генерал жасаймыз.

— Құп!

Август айының іші, егін орағына шыққан кезіміз болатын. Түскі үзіліс уақыты боп, қосқа қайтар мезгілімізде, Әйәңнің екі иығына күнбағыстың екі сары ала шашақты қалпағын орнаттық та, кеудесіне ақ қайыстан айқастыра портупей тартып, белбеуіне ағаш наган байлап, ортамызға алып жүрдік. Қосқа қарай қаздай тізіліп жүріп келе жатырмыз. Әйәңнің екі иығындағы күнбағыстың қалпағы бұрынғы генералдар тағатын сары ала шашақты эполетше жалт-жұлт етеді. Қостың маңайында жүрген адамдар Әйәңді алыстан тани алмай қалды, қолдарын маңдайларына көлегейлеп, таңданып қарасып тұрды.

Әйәң қосқа жақындағанда бойын тік ұстап, аяғын кербездене басты, еш жағына бұрылып қарамастан, есікке тура беттеді. Бір бала жүгіріп барып, есікті шалқайта ашты. Әйәң бөгелмей жүріп барып, төрге шығып бірақ отырды. Жан-жағына сосын ғана бұрылып қарады.

— Иә, жарандар, есенсіңдер ме? — деп, қостағыларға сәлем берді.

— Ал, жандарал, жол болсын! — деді бір әйел кәдуілгідей салмақты пішінде.

— Сендердің жұмыстарынды тексере келдім,— деді Әйән де салмақты үнмен.

Біз, уәкіл әйелдің сөзі есімізге түсіп, мәз боп күлдік. Қостағылар Әйәннің қылығына күліп жатыр.

— Жұмыс оңбай жатса қандай шара қолданасыз, жандарал? — деп сұрады әйел.

— Айыптыны трудармияға жіберемін,— деді жандарал.

— Мұныңыз тым қатал жаза емес пе?

— Қазір соғыс уақыты, ешкімге де жеңілдік жасалмайды. Өздерің көрмейсіңдер ме, мына қаршадай балалар да үлкендердің жұмысын атқарып жүрген жоқ па. Доп қуып ойнап жүретін бала емес пе бәрі де.

— Иә, қайтелік, Қитлер иттің ылаңы ғой,— деп, әйел мұңая сөйлеп, төмен қарады.

Әйәнмен екеуінің бастапқы диалогтары, сахнадағы ойындай, бізге қызық көрініп еді; әйел мына сөзді айтқанда қостағы үлкендердің бәрінің де өңдері томсарыңқы тарта қалды.

Әйән тамақ ішкенде белбеуін шешіп, шапанының түймелерін ағытып отырды, екі иығындағы эполетін қозғамады, бірақ, енді оған ешкім де күлген жоқ...

## МОМЫН БАЛА

Әйән жасы жетпістен асқанда дүние салды, ауырмай-сырқамай кенеттен қайтыс болды. Оның тәрбиелеген төрт ұлы қазір үйлі-баранды болған ересек азаматтар, әр қайсысы өз алдына отау тігіп, төрт үй боп отыр. Төрт жігіт төрт түрлі мамандық иесі: үлкені — мұғалім, екіншісі — агроном, үшіншісі — физкультурник, кенжесі — бухгалтер.

Агроном жігіттің есімі Тайжан; ол менімен түйдей құрдас, екеуміз бір жерде туып-өстік, ауылдық мектепте бірге оқыдық. Бүгінде ауылдың мақтаулы азаматтарының бірі болып, іскер маман атанған Тайжанның бала кезіндегі мінездері есіме түссе-ақ болды, еріксіз күліп жіберемін. Ол да бұған тез түсіне қойып, маған қарап ақырын ғана жымияды.

— Күш сынасамыз ба? -- дейді.

— Кел! — деймін.

Бір оқиғаны екеуміз де ұмытқамыз жоқ, күздің уақыты еді, ертемен ат суаруға барғанда, көл жағасында ұшырасып қалдық. Түн қатты суық болғанға ұқсайды, жерге аппақ боз қырау түскен, судың тайыз шеті қатып қапты, жұқа мұз шынындай жылтырайды. Екеуміз аттарымыздың бүйірлерін түйістіріп, суға қатарластыра түсірдік. Аттар жұқа мұзды тұмсықтарымен түртіп ойып жіберіп су ішті.

— Тайжан, күш сынасасың ба?

—Кел! — деді ол.

Екеуміздің қолымыз айқаса кетті. Су ішіп болған аттар дәл сол секундта алдыңғы аяқтарын саздан жұлқи көтеріп, екеуі екі жаққа бұрылып қалғанда, біз ат үстінен жарқ етіп аударылдық, қолымыздың айқасқан күйінде суға күмп етіп құладық. Мұздай суық су денені қарып жіберді, жалма-жан ұшып түрегеле беріп едім, Тайжан ығымнан басып қалып, суға қайта жықты. Өзі мұздай суға белуарынан батып отырып, сақылдап кеп күледі. Біз жарқ етіп құлағанда шошып, жағаға ытқып шыққан екі ат құлақтарын елеңдетіп қарады.

— Күш сынасасың ба? — дейді Тайжан күлкісін тия алмай. Енді оған өзім де қосыла күлдім...

Тайжан, міне сол оқиғаны еске түсіріп тұр.

Бала кезінде Тайжан өте момын болатын; өзі ешкімге соқтықпайтын, жұп-жуас боп, тып-тыныш қана жүретін. Ал өзіне біреу тиіссе, оған қақын жібермейтін, қалың ернін көнтітіп, өңі алаулап қызара қалып, айқаса кетіп, қашан кегін қайтарғанша шегінбейтін, тіпті әлі келмей бара жатса, алысқан кісісінің бір жерін қыршып тістеп алып қан қақсататын. Сол үшін кейде ол өзінен ересек баладан таяқ та жеп қалатын, бірақ, оның есесіне анау да енді запы болып, бұған қайтып соқтықпайтын-ды.

Тайжан сөзге жоқ еді, өзге құрбыларынша көргенбілгенін сөйлей бермейтін, біліп тұрған әңгімесін де айтпайтын, ойын кезінде біреуге жөн үйретіп білгішсінбейтін, ұсыныс та жасамайтын. Қойған сұрауына ғана жауап қайырады, құрбыларының айтқанына көне береді.

Бірақ Тайжан әңгіме тыңдауға құмар еді. Бір хикая шертілгенде, немесе ертегі айтылғанда, ол бар ықыласын

салып, ерекше елігіп, қыбыр етпей отырып тыңдайтын, аузы аңқиып ашылып кететін. Оның осы күйін қызық көріп, Тайжанның артқы жағында отырған бір құрбысы, кім екенін байқатпай, мұны желкеге ақырын ғана түртіп қалады. Тайжан оған бұрылып қарамайды. Әлгі құрбысы енді мұның басындағы малақайын көтеріп қап, көзіне түсіріп жібереді. Сонда да Тайжан бұрылмайды, малақайын қайтадан жөндеп киіп, әңгімені үн-түнсіз тыңдап отыра береді. Мұны желкеден түртікілеп, жыбырлап отырған құрбысы әрі-беріден соң жалығып өзі қоятын еді.

Балалардың намысқой келетін әдеті ғой, жарысқанда қалып қойса, күрескенде жығылып, ойын ойнағанда ұтылып қалса, бала бұған қатты намыстанады. Жеңген бала кеуде қағып дандайсыр болса, қытыққа тисе, ойыннан от шығып кетіп, шекісіп те қалады. Ал, Тайжан ойында ұтылғанда қызарақтап намыстанбайтын, күрескенде құрбысынан жығылып қалса, «қапы кеттім» деп, тұра сап қайта ұмтылмайтын, себеп іздемей, жеңілгенін бірден мойындайтын-ды. Бірақ жасқанып қалмайтын, құрбысы қайыра шақырса, күреске қайта түсетін, бұл жолы ол өте сақ қимылдап, құрбысымен я итжығыс түсетін, я оны жеңіп кететін. Жеңсе, масаттанып күлетін, бірақ ол өзінің әлі еркін жететін баламен күреспейтін.

Ал жарысқанда Тайжан құрбыларының бәрінен де қалып қоятын, бірақ, қолды бір сілтеп тоқтай қалмайтын, қашан сөреге жеткенше бар күшін сап жүгіре беретін.

— Сенің бізге жарысқанда ере алмайтын себебің — табаныңа көбелек ұстап жақпайсың. Мен күн сайын табаныма он көбелек жағып аламын. Сондықтан да желаяқпын, жүгіргенде ешқайсыңды ілестірмей кетемін. Өзің күнде-күнде табаныңа көбелек жағып отыршы, керемет жүйрік боп кетесің,— деп, өзінің жақсы көретін досы оған ақыл берді.

— Табаныңа көбелек жақтың ба? — деп сұрады ол келесі күні Тайжаннан.

— Жақтым,— деді Тайжан.

— Нешеуін.

— Тоғызын.

— Ендеше бүгін көбіміздің озасың!

Тайжан жымың қақты.

Бірақ, ауылдың сыртындағы жазық алаңға шығып жарысқанда, ол тағы да балалардың ең артында қалып қойды.

— Сенің табаныңа жаққаның қандай көбелек? — деп сұрады досы одан.

— Қәдуілгі көбелек,— деді Тайжан.— Түнде шам жаққан кезде, ашық тұрған терезеден үйге кіріп кеткен көбелектерді ұстап алдым да, қалбырға салып қойып, таңертең тұрған соң табаныма жақтым.

— Қап! — деп өкінді досы.— Сенің ол ұстағаның жарыққа ұмтылатын шайтан көбелек. Одан қырсық келеді, пайда жоқ. Далада ұшып жүретін ақ қанат көбелек бар ғой, қуып ұстап, соны ғана табанға жағу керек. Сонда ғана жүйрік боласың.

Тайжан келесі күні досының бұл айтқанын да орындады.

— Табаныңа ақ қанат көбелекті ұстап жақтың ба? — деп сұрады досы.

— Жақтым,— деді Тайжан.

— Нешеуін?

— Он бесін.

— Ендеше бүгін бәріміздің де озасың!

Бірақ жарысқанда Тайжан топтың соңында тағы да қалып қойды.

— Сен бар күшіңді сап жүгірмедің,— деп кінә қойды оған досы.

— Жоқ, бар күшімді сап жүгірдім,— деді Тайжан.— Бірақ, сенің ақ қанат көбелегіңнің түк те себі болмады.

Шынын айтып тұр. Табанына он бес көбелек жақса да құрбыларынан оза алмады, «қайткенде де озамын енді» деп ойлаған еді. Бірақ күлмеңіз бұған. Табанына көбелек жақса,— кісі жүйрік болады дегенге бәріміз де иланушы едік ол кезде. Ақ қанат, сары қанат, шұбар қанат көбелектерді қуа жөнеліп, соғып алып, отыра қалып табанға жағатынбыз. Шіркін, балалық аңғал, адал көңіл-ай!

Тайжанның артықша бір қасиеті — өте төзімді еді. «Мынау жұмысқа әлім жетпейді» деп шегініп кетпейтін ол, өзіне тапсырылған істі, қанша көп, қанша қиын болса да, орындап шығуға тырысатын, тырмысып, тістеніп, бар күшін сап, үн-түнсіз қимылдай беретін.

1941 жылы соғыс басталған жазда біз орта мектептің алтыншы класын бітірген ғана оқушы едік. Балалық

шақтың тәтті ойынының бәрі де қалды жайына, біз әскерге кеткен ағалардың орнына жұмысқа шықтық.

— Сен сырманың өгізін жетелейсің,— деп тапсырма берді бригадир маған.

— Сен аттырнауышпен шөп жинайсың,— деді Тайжанға.

Сырма дегені — бөренедей жұмыр, ұзын ағаш, екі басына жуан сым тағылып, оның біріккен ұшына қамыт бекітіледі де, мықты қос өгіз жегіледі. Қамыттың шығыршығына байланған ұзын арқаны болады. Арқанды ағаштың астынан өткізіп алып, сырманы аяғыңмен басып тұра қалғанында, қос өгіз сүйретіп келе жатқан бөрене кірені ысырып әкетеді. Сол бетте, өгіздердің тартқанынша ысыра бересің де, сосын бұрылып, таудай шөпті маяның қасына жақындатасың, дәл іргесіне тақалып барғанда арқанды ұшынан қос қолдап тартып кеп қаласың, сол мезетте жұмыр ағаш жоғары ытқып шығып кетеді де, таудай шөп деңкиіп қалып қояды.

Бұл істі атқарушыны — сырмашы дейді, ол — ересек адам. Ал, менің міндетім — қос өгізді кіренің үстімен тура жетелеп жүргізу. Өгіздер асықпайды, бір қалыппен ақырын ғана қозғалып келе жатады. Бұ жүріске бастапқы күндері ішің пысқанмен, артынан көндігіп аласың, өгіздердің шабан аяңына еріп, енді өзің де ілбіп қана отырасың.

Өгіздерімді жетелеп келе жатып бір кезде мен Тайжан жүрген жаққа көз саламын. Сол мезетте ол да маған қарайды, қолын көтереді, бірақ, тоқтамайды. Үлкен қос дөңгелекті тырнауыштың биік қалпағының үстінде отырған Тайжанның бүкіл қимылы маған анық көрінеді. Сол қолында — делбе, оң қолында — құнт. Құнтын жоғары көтере үйіріп, тырнауышқа жегілген жирен атты анда-санда сауырға бір салып қалады. Бірақ, жирен ат жас мал емес, қамытын лық еткізіп ілгері ұмтылмайды. Әбден әккі болған кәрі ат құйрықты тек шипаң ете түсіріп, бір әуенмен тарта береді. Иесінің бала екенін, оның құнты арқаға бата қоймасын біледі білем. Сонда да тырнауыш сүйреген жирен атты менің шабан өгіздеріме салғастыруға болмайды, аттың жүрісіне өгіздің аяңы қайдан тең келсін!

Біз кейде азырақ дем алуға аялдаймыз, сусын жұтамыз, көленкеге отырып, сәл салқындап тыныстаймыз. Ал,

Тайжан тоқтамайды, жүре береді, біздің қасымызға кеп сусын да ішпейді, апарып бермесең сұрамайды да.

Еңбек Тайжанды бұрынғыдан да төзімді етіп шыңдай берді...

Соғыс басылған жылы біз орта мектепті бітірдік. Енді кімнің қай оқуға барғысы келетіні жайында сырласып отыр ек.

— Мен ауылда қалып жұмыс істеймін. Жоғары оқу орнына түсуге әзір дайын емеспін,— деді Тайжан.

Бұл сөзі оқыстау көрінді бәрімізге, таңданып қалдық. Ол он жылдықты тәуір бітірген оқушылардың бірі еді. Институтқа барар болса, қабылдау емтиханынан аттай желіп өтері хақ. Бірақ, «әзір дайын емеспін» дегені несі?

— Мұның себебі бар,— деп, Тайжанның өзі түсіндірді.— Біз бірнеше пән оқыдық. Осылардың бірін олай, бірін былай деп, алалап бөлген емен, маған бәрі де бірдей көрінетұғын. Әдебиет те жақсы, тарих та қызық, математика да ғажап. Енді, міне, қайсысына қарай бұрыларымды біле алмай тұрмын. Ал, болашақта кім болам? Инженер ме? Агроном ба? Геолог па? Дәрігер ме?.. Осының бәріне де қызығамын. Бірақ түбінде соның біреуі ғана боп шығатынымды және білемін. Ал, қайсысы? Міне, осы арасы маған әлі айқындала қойған жоқ. Жоғары оқу орнына түсуге әзір дайын емеспін деуім сондықтан. Бір институтқа біреу ғұрлы емтихан тапсырып түсе алатынымды сеземін. Бірақ маған «түгенше жоғары оқу орнында оқып жүр» деген атақ керек емес, өзіме ғұмыр бойы серік болатын, жаным сүйетін мамандықты дәл таңдап алуға тиіспін. Бір жыл өтер, екі жыл өтер... Тура жолды өмірдің өзі көрсетеді...

### КІМ КІНӘЛІІ

Ол қателеспеді, іздеген мамандығын тапты, соның оқуын бітірді. Ол — агроном, егін шаруашылығының білікті бапкері.

Ал біздің Тоқтар деген жігітіміз қателесті, ол өмірден өз орнын әлі күнге таба алмай жүр.

— Осы менің-ақ жолым оңғарылмай қойды, өңгелерді бақыты алдынан тосып тұрады,— деп мұңаяды ол өзімен сөйлесе қалсаң-ақ.

Тоқтар бір ата-ананың әлпештеген жалғызы еді. Бұл туғанда әке-шешесі қандай қуанды екен! Алдыңғы ба-

лалары тұрмай өле берген ата-ана осы перзентінің ғұмыры ұзақ болуын тілеп, есімін Тоқтар қойыпты. Сол баласы есейіп ер жеткен шағында әкесі: «тілегіміз қабыл болды, бұл ұрпағым тоқтады» деп, ішінен шүкірлік етіп жүретін. Тоқтардың ата-анасы діни нанымы мол, бірақ, ниеті түзу, ақкөңіл, адал жандар еді. Жалғыз ұлының ер жетіп, жақсы азамат болуын, пәтуәлі қызмет етуін жақсы үмітпен күтетін.

Тоқтардың әкесі ферманың сиырын бағатын, дәулеті ешкімнен кем емес-ті, тұрмыстары жақсы еді. Әке-шешесінің жанына бататын бір ғана дерті — осы жалғыз балаларының жолы болмай, құтты орынға қонақтай алмай келе жатқандығы. Мейлі, Тоқтар өмір бақи жас нәрестe күйінде болып, ата-анасының алдында жөргекте ораулы отырып, олардың ырысын еме берсін. Жалғыз оның бүкіл ғұмырына жетер азығын әке жинап бере алады. Бірақ қадірлі ұлы өзінің қанаттас құрбыларынан қара үзіп, қалып қоймасын. Әке осыны ғана ойлайды.

— Бір айналдырғанды шыр айналдырады деген сөз рас. Қайда барсам да маған ылғи бір қырсық кездесе кетеді,— деп, Тоқтар кейде налып отырады.

Ол он жылдықты бітірген жылы заң институтына түсуді ойлап, Алматыға тартқан. Өзінің есіл-дерті прокурор боп, екі иығына жарқыратып погон іліп бір шығу еді. Сонда бұдан кейбіреулер ығысып қалса...

— О, азамат, жасқанбаңыз. Біздің заң нақақтан ешкімді күйдірмейді. Біз әділдігін айтамыз,— десе сонда прокурор Тоқтар Мәлімбаев.

«Әй, шіркін, прокурорлыққа қолым бір жетсе, жуликтердің сазайын мықтап тартқызар едім-ау»,— деп, Тоқтар мектепте жүрген кезінде талай бір тәтті ойдың құшағына енуші еді. Бірақ кім кінәлі, орта мектепті жығылып-сүрініп әрең бітірген ол, заң институтына түсу үшін қабылдау сынағын тапсырғанда конкурстен өтпей қалды. Емтихан алған доцентке, институт директорына алыстағы ауылдан келгенін, әке-шешесі қартаң кісілер екенін және олардың бұдан басқа сенер баласы жоғын айтып, мұңын шағып көріп еді, еш нәтиже шықпады. «Институтқа емтиханды үздік тапсырғандарды ғана іріктеп аламыз. Бізге жақсы оқушылар ғана керек»,— деген сөзді естіді. Қабылдау комиссиясы документтерін қайырып берді. Ендігі амалы нешік? Оқуға түсе алмай, ауылға қайтып барғаннан жаман нәрсе жоқ. Тоқтар үйге

қайтуды намыс көрді. Ол әйтеуір бір институтқа түсуді ойлады. Екі күндей әрлі-берлі сабылып еді, жоғарғы оқу орындарының бәрінде де қабылдау бітіп қалыпты. Тоқтар емтиханда өзі секілді екшеліп қалған бір серіктер тауып, біраз күн соларға ілесіп, техникумдар мен арнаулы училищелерге де бір-бір бас сұғып шықты. Бәрінде де басы артық орын жоқ. Тоқтардың серіктері селдіреп бастады; кейбірі амалы таусылып үйлеріне қайтты, қайсы біреуі кері қайтуды намыс көріп, әйтеуір қолы іліккен бір жұмысқа тұрып қалды. Тоқтар үйіне телеграмма жолдап, қыруар ақша алдыртып, не де болса ақырын күтті.

«Жұрт аяғы басылар, оқу басталған күнде де кейбір қаражаты жоқтар шыдамай кетіп қалар. Соның бірінің орнына ілігіп кетермін»,— деп дәмеленді ол.

Бір ай өтті, үміті ақталмады. Келесі ай туды, үміті ақталмады... Лажы болмай Тоқтар үйге қайтты.

— Орта мектептегідей емес, институттың сабағы ауыр болады екен. Денсаулығым көтермейтінін білдім. Алматының білгір бір дәрігеріне қаралғанымда: «қаның аз, ауруға шалдығасың» деген соң, оқуды тастап кетуге мәжбүр болдым,— деп мұңайды ол.

Әке-шешесі де, жақын көршілері де бұл сөзге иланып, «келгенің тәуір болған, адамға ең қымбаты денсаулық қой, оқу қайда қашар дейсің... басың әлі жас»,— десіп, оның көңілін жұбатты...

Сонымен арада ай өтті.. жыл өтті. Тоқтар бұрау басын сындырмай үйінде бос жүрді. Сыныкты сылтауратуы көбейді. Бұрын темекіні үй ішінен жасырып тартып жүруші еді, енді есейіп қалғанын паш еткісі келгендей, сояудай шылымды тісіне қыстырып, әке-шешесінің көзінше көк түтінді будақтатып отыруды шығарды. «Темекі ысы көкірегіңе жаман ғой»,— деп күдіктенген әкесіне: «Жоқ, көке, темекі шегу кісінің көңілін жадыратып, қанның толығуына себепші болады»,— деп дәлел табады. Әкесі басын шайқайды да: «Көк түтіннің де бір қасиеті болғаны ғой, сірә. Әйтпесе сыпыра жұрт неге шылым тартады, осы балам бірдемені білетін шығар»,— деп ойланып қалады.

Бір күні Тоқтар әкесіне: «Тек жүргенше бір қызмет істеп, ақша тапқым келеді»,— деп, ниет білдірді.

— Он екі ай аунап-қунадың ғой, қарағым. Тең құрбыннан қалмағаның жақсы. Әйтпесе күн көрісіміз ешкім-

пен де кем емес қой. Өзің адам боласың. Қызмет етсең, ысыласың,— деп қуанып қалды әкесі.

— Ауданға барып, бір жайлы қызмет іздестірмесем... Ауылда шеті көрініп тұрған ештеңе жоқ,— деді Тоқтар.

— Мейлің,— деді әкесі.

Тоқтар заң институтына түсе алмаса да, прокурорлықтан дәмесі зор еді. Аудандық заң орнының біріндегі, кіші-гірім болса да бір жұмысқа ілігіп кетсе, бара-бара ірі қызметкер болып шығуы мүмкін ғой. Ауданға келісімен Тоқтар сот мекемесіне барды. Хатшылық орынның бос екенін білді. Араға біреулерді салып, өйтіп-бүйтіп, әйтеуір сол қызметке қолы ілікті. Қажетті документтерін реттеп тапсырып, бір аптадан соң соттың хатшылық қызметіне кірісті. Өзіне жеке стол, жеке орындық тиді. Оңаша бөлмеде жалғыз отыратын болды. Келген адам сырттан есік қағып кіреді. «Да, кіріңіз» деп дауыстайды Тоқтар. Біреуге жөн сілтеп, біреуге ақыл айтып жібереді. Көңіл көтеріңкі. «Өзім дөй болдым ғой... Асықпасаңыз, екі-үш жылда Тоқтардың прокурор боп шіреніп отырғанын көресіз!»

Тоқтардың атағы өз ауылында да дүңкілдеп жатты. Кейбір желбуаздар оны: «Ойбай, біздің Тоқтардың несін айтасың, өсті ғой ол! Бүкіл ауданда оның әмірі жүрмейтін кісі жоқ көрінеді. Жуырда бір ұрының ісін қарағанда сақалын сапситып өзінің әкесін де куәге шақыртыпты»,— деп, қырық саққа жүгіртті. Осы сөздер сыпсыңдап хатшы жігіттің де құлағына жетіп жатты. Тоқтар оңашада жымың қағып ығын қомдап қояды. Бөлмесіне біреу кірсе, қабағын түйіп сөйлейді. Ауданға келген сапарында мұның амандығын білгелі әдейі бұрылып түскен ауылдас құрбысына да жылы ұшырамады. «Ие, бұл нағыз прокурор болуға лайық екен»,— деп ойлап кетті құрдасы. Баласының пәтуалы қызмет атқарып жүргеніне ата-анасы да қуанды. Бірақ не керек! Бұл қуаныштың ғұмыры қысқа болды.

Қызметке тұрғанына толық бір ай, бес күн дегенде Тоқтар салы суға кетіп, чемоданын арқалап, өз үйіне қайтып келді. «Бір ай сынақпен хатшылық қызметке алынсын» деген пәлесі бар екен, мерзімі толған күні «қолынан іс келмеді» деген бір жапырақ қағазды ұстатыпты да қоя беріпті.

— Өзі бір шатақ іс екен. Осы бір айдың ішінде-ақ

басым мәңгіріп қалды. Сең соққан балықтаймын,— деді Тоқтар мұңын шағып.

— Қылмысты аударып-төңкеріп тергеу қайдан оңай жұмыс болсын. Әу баста килікпейтін-ақ шаруаң еді... Өзіңнің аман қалғаныңа шүкір... Көзің шүңірейіп, тіпті, жүдеп кетіпсің,— деп әке-шеше аяныш білдірді.

Тоқтар тағы да бұрынғы қалпына түсті. Ерте жатып, кеш тұрады. Көңілі қаласа, күндіз сейіл құрады. Бірде аңға шығуға зауқы соғады. Жалғыз шүрегей бұйырмай, қара кешке дейін құр салпаңдайды.

Кейде ол терең ойға шомып, өз-өзінен мұңайып та қалады. Болашағына көз жібереді. Алдағы күннің не қуаныш әкелері мәлім емес. Буалдыр, тұман, күңгірт... Тоқтар ауыр күрсініп алады. «Шынымен-ақ осы менің бағым, талантым жоқ болғаны ма? Талабымның неге ғана бір сәті түспейді», — деп кейіп те қалып жүрді. Рас-ау, қолынан келетін бір қызмет бұған қайтіп табылмайды?!

— Жоқ, ағай, қолына қағаз-қарындаш алып стол басында отыратын жеңіл-желпі қызмет болмаса, басқа жұмысты атқаруға денсаулығым көтермейді. Институттан да ауырып қайттым ғой... Орта дәрежелі білімім бар, кеңсе маңынан бір қызмет тапсырыңыз,— деді Тоқтар, колхоз председателі оны кабинетіне шақырып алып оңаша сөйлескенде. Председатель әзірше ондай қызмет жоқ деп, сиыр фермасында есепші болып істейтін әйелдің жас босанғандығын, соның орнына ғана кісі керектігін айтып еді.

— Мейлі, уақытша болса да, соның орнына есепші бола тұрайын. Есепті кімнің жақсы жүргізгенін кейін көрерсіз! — деп, Тоқтар кішірек көздері күлім қағып, орнынан шапшаң түрегелді. Аса қуанып кетіп еді.

Ол есепшінің міндетін он сегіз күн ғана атқарды. Бар шатақты бір сауыншы әйел шығарды.

— Мұндай керенау жалқаудың бізге бес тиынға керегі жоқ,— деп лаң көтерді әйел.

Соның сөзі басқаларға қамшы болды да, Тоқтар тағы да қызметінен айырылып қалды. Өзіне де обал жоқ. Әуелгіде «жас қой, жаңа келген бала ғой, түзелер, ысылар» деген үмітпен сауыншылар да, ферма бастығы да Тоқтарға ескертіп жүрді. Бірақ жаңа есепші мұның бәрін шам көріп, кері бақты. Сонда да «жөнге түсер» деп дәме етті фермадағылар. Он шақты күннен соң: «мінезін

былай қойғанда, өзі істің ретін білмейтін олақ екен. Тайға таңба басқандай анық нәрсенің жөнін таппайды»,— деген сөз тарады. Ақыры ферма бастығы Тоқтарға: «Шырағым, басқа кәсіп қылып пайда келтірмесең, мына іске қырың жоқ екен»,— деген ауыр сөзді естіртуге мәжбүр болды.

Осы бір халден кейін Тоқтардың әке-шешесі жалғыз баласының қылығына ренжіп қалып еді. «Бұл шіркін он жыл бойына несін оқыған. Бесінші класты баяғыда бітірген Мәрпуға жұлындай ұшырып отырған есепшілік қызмет қолынан келмегені ұят-ау өзі. Қара есеп пен шотқа сол әйелден шорқақ болғаны ғой бұның», деп кейіді әкесі.

Содан былай Тоқтар қиялшыл болып алды. Кейде жұрт көзіне түсе бермеу үшін қораның төбесіне шығып кетіп, күншуақта маужырап отырып, тәтті бір ой құшағына енеді. Көңіл шіркін шар тарапқа жүгіреді, жігітті алысқа, биікке самғатады. Бірде оны погондарын жарқыратып прокурордың столына шірентіп отырғызып та қояды. Жүйріксің-ау көңіл! «Көк дөнен жүйрік пе, көңіл жүйрік пе?» дейміз ғой. Көңілге де тізгін керек. Тежемесең лағып кетеді. Тоқтар да ойын тежейді кейде. Ол бұл кезде өзін сиыр фермасының есепшісі Мәрпуғаға ұқсатып көреді. Сол ғұрлы беделі болса, ешкімнен кем болмас еді-ау! Өз әкесі ферманың сиырын бағатын жуас қана шал. Оны бүкіл ауыл қадірлейді, жақсы көреді, қошемет көрсетеді. Қарап жүргенше, осындай бір іске Тоқтар қолын іліктіріп көрсе қайтер еді?

«Он жылдықты бітіріп, бақташы боптың деп ешкім сөге қоймас. Әкеме ілесіп сиыр бағып көрейінші. Орта мектепті бітіріп, шопан боп жүргендер аз ба?» — деп ойлады Тоқтар.

Көктем туып, жер құлпырып қалған кез. Тоқтар осы ойын әкесіне айтып отырды. Әке оның ниетін құп көрді. «Өзімнің дәулетімді тасытып, қадірімді арттырған осы бақташылық еңбегім. Құдайға шүкір, ешкімнен де кем емеспін»,— деп көңілдене сөйледі. «Баққан малыңды жұтатпасаң, күйлі, өсімтал болса, кімнің еңбегі жанбасын. Абыройың артады, ырысқа кенелесің»,—деп ақылын айтты. Тоқтар күлімсіреді.

Сонымен бірер күннен соң ол астына жуас құлатөбел ат мініп, қолына тобылғы сапты әдемі қамшы ұстап, әкесіне еріп мал жаюға шықты.

Ауылда туып-өскен Тоқтар әр түлік малды қалай бағып-қағудың жайын, бұрын бақташы болмаса да білетін. Кең өрісте, таза ауада, ешкімге тәуелді болмай еміндеркін жүруді көңілі теріс көрмейді. «Ат үстіндегі адамның жаны да тыныш болмай ма?» Бірақ ол бір ғана нәрседен жасқанушы еді. Қыстың қақаған суығында боранды күні малмен бірге ығатын кездер болады. Жаздың шыжыған ыстығына күйіп, кейде судан шыққан тышқандай боп жаңбырға малшынатын шақтар туады. Түні бойы дамыл алмай, көз ілмей шығатын күйге де ұшырайды малшы. Бәрінен де ұлыған боранда қойны-қоншыңа қар толып мұхнат кешкенді, жазда өткінші жауынның астында қалып, мойынға су кетіп азап шеккенді айтсаңшы. «Осыған қалай шыдайды екен?» деп тітіренетін Тоқтар. Қазір ат үстінде келе жатып ол осы бір жайларды ойлағанда, тұла бойы тоңазығандай болып көзін жұмды.

— Солай, шырағым, малшы адамға үлкен төзім керек,— деген әке даусын естігенде Тоқтар селк етіп көзін ашты. Бөтен біреудің үні емес пе дегендей жан-жағына алақ-жұлақ қарады. Ешкім көрінбеді. Қайда барса да осы бір «төзім» дегені алдынан шыға беретін болды-ау. Тоқтар мектепте оқып жүрген кезінде: «Сабақты жақсы үлгіру үшін төзім керек»,— деп мұғалімі де мұның құлағының етін жеп, әбден мезі ғып еді. «Ой, мейлі айта берсін, өз ақылы өзіне»,— деп Тоқтар оңашада күңк етіп қалатын. Ал қазір ол үндемеді. Қабағын шытып, әкесінің сөзін жақтырмай қалды...

Малшылар қосы жайлауда болатын. Сауын сиырлардан бір бөлек бағылатын тана-торпақтарды күндізгі өріске Тоқтар шығаратын болды.

Жас бақташының әуелгі күні көңілді өтті. Күн шуақ болды. Аспанда қалықтап тұрып бозша торғай шырылдап ән салады. Нелер бір әсем дауысты құстар тоғай арасынан оған үн қосады. Дала ән мен күйге бөленгендей. Қыр гүлінің аңқыған хош иісі мұрынға келеді. «Бүкіл төңірекке жұпар шашып қойғандай», деп рахаттанды Тоқтар. Жамырай жайылып жатқан малға көз қыдыртып қарайды. «Жаныңа қандай тиыш!» Тоқтар атын тұсап қойып, бір ағаштың көлеңкесінде жайланып отырып, үйден орап алып шыққан етін жеп, тобатайдағы қымызын ішті. Осыдан соң көсіліп дем алды...

Кешке мал өрістен қайтып, әкесі баласынан хал-жай сұрағанда:

— Дүниедегі ең рахат жұмыс мал бағу екен ғой,— деп көңілдене сөйледі ол.

... Үш күннен кейін аспанды бұлт бүркеп, сіркіреп жаңбыр жауды. Тоқтар көп күйбеңдеп, малды кеш өргізіп әкетіп еді. Күн батпай ерте оралды. Өзіне су өтіп, қалшылдап тоңып келді. Алып шыққан тамағын да іше алмапты.

Тоқтар киімдерінің суын бұрап сығып отырып жаңбырға кейіді. «Не деген суық жаңбыр, иегіме дейін дірдек қағып кеттім». Бірақ келесі күні де аспан айықпады, ақ жауын себеледі де тұрды. Тоқтар жылы фуфайканың сыртынан брезент шекпен киіп, көңілі жабырқап, киім ауыстырғалы, жылынып қайтқалы түс кезінде қайта айналып келді. Су сіңіп, сіресіп қалған шекпенімен иіліге алмай, атынан әрең түсті.

— Түу, жауынды күні мал баққан деген қып-қызыл сор екен өзі,— деп кейіп, қосқа шұбатылып кірді.

Ол шекпенін, фуфайкасын шешіп, енді орныға бергенде сырттан дүрсілдетіп кеп тоқтаған салт атты әкесі:

— Ау, Тоқтар, бермен шық! — деп дауыстады. Оның мұнда отырғанын есік алдында қаңтарулы тұрған құлатөбел аттан андаған болу керек. Тоқтар күйбеңдеп тысқа шыққанша әкесі: «Малыңды егінге түскен жерінен қайырып тастадым. Дереу жет. Дәндеген мал егінге тағы барады. Мұнда отырғаны несі омалып!» — деді де жөнеліп кетті.

Тоқтар сірескен шекпенді қайта киіп, асығыста белбеуін орнында ұмыт қалдырып, құла атты шаужайлап, өрістегі малына қарай далбаңдап шаба жөнелді. Қолынан қамшысын түсіріп алып, бұған да бөгеліп, едәуір мехнаттанып қалды...

Сол күні Тоқтардың зықысы әбден шықты. Бұл барғанда малдың алды егінге тағы да жетіп қалған еді. Қайыру бермей, бытырай қашып көп сабылтты. Тоқтар ызаланды да, көзінен ыршып жас та шығып кетті. Діңкесі құрып, өлдім-талдым дегенде, малды әзер жөнге бұрды. Бүкіл киіміне су өтті. «Құрысын бұл жұмысы... Бұл бейнетті енді қайтіп көрмеспін»,— деп түңілді Тоқтар.

Ертеңіне ол: «Мұндай ауыр жұмысқа денсаулығым жарамайды»,— деп мұңайып сылтау айтып, үйге қайтуға әкесінен рұқсат сұрады.

— Осы ғой сенің ісің, осы ғой... Қиындыққа шыдамай тайқып шыға келесің ылғи! Сенің астыңа жұмсақ көрпе-

ні кім салып отырады? Бармайсың үйге. Бағасың малды! — деп әкесі өмірінде тұңғыш рет өз баласына қатты зекіп ұрысты.

— Менің-ақ жолым бір оңғарылмайды... Кімнен көрейін мұны... Кімнен көремін,— деп қынжылды Тоқтар...

### ӨМІР АҒЫНЫ

— Кімнен көресің? Жасында сені шалдуар ғып өсірген әке-шешең кінәлі ең алдымен. Ал, сосын, өзің кінәлісің. Қазір бала емессің, жасың жетті. Қарамаймысың жан-жағыңа? Көрмеймісің мына Тайжандай құрбыларыңның жақсы ісін? Солардан неге өнеге алмайсың?! — дер едім мен оған.

— Жә, Тоқтардың бұл естімей жүрген сөзі ме, көңілсіз әңгімені қайтесің. Өмірде көп қой жақсы адамдар, солар жайынан толғай бер сөзді,— деді серігім.

— Сен біздің Алмагүл апайды білесің бе?

— Жоқ, білмеймін,— деді ол.

— Ол даңқты адам!

— Социалистік Еңбек Ері ме? — деп сауал берді ол.

— Жоқ, жай ғана қарапайым кісі, үй шаруасындағы әйел.

Серігім менен қызық бір әңгіме күткендей, бетіме үміттене қарады.

— Ал, айта бер, құлағым сенде,— деді.

— Тіршілік-тұрмыс мүддесі үшін әр адамның өзінше құрған жоспары болмақ. Бірақ ол жоспарды өмір ағыны өз ырқына бұрып әкете бермек...

— Сөзді философтарша бастадың ғой.

— Алмагүл апай туралы әңгімені дәл осылай бастамаса, сөз өрістемейді... Иә, солай, адамның өзінше құрған жоспарын өмір ағыны өз ырқына бұрып әкете бермек. Бұл күнде жасы елудің жуан ортасына келген Алмагүл апай осы ғұмыры ішінде мұндай күйді басынан талай кешірді. Өмірден есе ала алмай опық жеген жері жоқ, бірақ өз тіршілік-тұрмыстарының мүддесін ойлап іштей құрған талай жоспары күтпеген жерден бұзылып қала беретін. Алмагүл бұл үшін өзін жазғырмайтын, кейбір әйелдердей құр өкініп қапаланбайтын, болған жайға өмірдің өзінен себеп тауып, көңілі соған дауалайтын да, тіршіліктің жаңа күйіне тез бейімделетін. «Адамның есейгенге дейінгі өмірінде өзгерістің жиі болуы табиғи нәрсе»,— деп ойлайтын ол.

Ал, қазір, Алмагүл өмірдің басқа заңын қадыр тұтатын болған. «Адамның жасы ұлғайғаннан кейінгі тіршілік-тұрмысы орнықты болып, бірқалыпты сарынмен тыныштықта өтуі жарасымды»,— деп ұғады.

Соңғы он жылдан бері өмір оның осы ойын құптап, Алмагүлдің іштей құрған жоспарының шырқы бұзылмай келе жатыр еді. «Ерім Рамазан да пенсияға шығатын жасына келді. Балалар болса ер жетті. Ендігі қалған өмірімізді, көп жылғы сіңірген еңбегіміздің рахатын көріп, осы отырған құтты мекенімізде тыныштықпен өткіземіз»,— деп, ол әсіресе соңғы кездерде жиі айтатын болған.

Өздерінің еңбек ақы, мандай терімен салып алған бес бөлмелі сәнді үйі бар-ды. Жасынан қолына күрек ұстап үйренген Алмагүл, ерінбей-жалықпай өзі еңбектеніп, үйдің маңын бау-бақшаға айналдырып, неше алуан жемісті ағаштар, гүлді бұталар өсіріп, құлпыртып тастаған. Ауылдың дәл іргесінде толқып жатқан көл бар. Жағасы — жасыл тоғай. Жазды күнгі ауасы қандай шіркін! Бұл жердің ауасының шипалық қасиетін Алмагүл артықша бағалайды.

«Дүниеде бұдан көрікті де, қасиеті артық та жерлер бар шығар, сонда да оларды осы отырған сар жайлауыма теңгермеймін!»,— деп отырады ылғи.

Алмагүлге бұл мекеннің ерекше қадырлы көрінетін және де бір себебі — олардың төрт баласының төртеуі де балалық шақтарын осы жерде өткізіп, орта мектепті осы ауылда бітіріп шыққан. Балаларының өскен ұясы, асыр салып ойнаған жері анаға сондықтан да аса ыстық тартып тұратын.

Сөйтіп, қалған ғұмырымыз осы құтты мекенде өтеді деп, еш алаңсыз тіршілік етіп жатқанда, өмір ағыны Алмагүлдің бүкіл ішкі жоспарын тағы да бұзды да кетті. Бірақ бұл жолы Алмагүл мұның себебін тек ерінен көріп, бар кінәні Рамазанға ғана аударды.

— Менімен, ағайын-туғандарымен ақылдаспай бұл неткеніңіз? Жасың ұлғайды, қайратың кеміді, енді елпілдеп қайда бармақсың? Құптамаймын бұл ісіңді. Үй-жайымыз бар, он жылдан бері осы ауылда әбден ірге бекітіп, орнығып қалдық... тағы да қопарылып, басқа жерге коныс аудармақпыз ба? Жоқ, құтты орнымнан тапжылмаймын мен,— деп, Алмагүл наразылығын айта отырып: « — өзің де әліне қара, баяғы жігіт күнің жоқ қа-

зір, жасың алпысқа келді, тізгінге ие бола алмай, құр күлкіге қаласың»,— деп бір жағынан күдік те білдірді.

Рамазан әйелінің бұл сөзіне күліп жауап қайырды.

— Сен мені жасы алпысқа келгенде басы қалтылдап алжып қалатын жаман шалдардың бірі ғой деймісің. Әлде сеніңше, алпысқа келдім деп, екі қолды жылы суға малып қойып, арқаны пешке қыздырып, маужырап-мүлгіп отыруым керек пе?! — деді.

Ол бурыл тартқан қою мұртын бір сипап қойды да, әйелінің кескініне сабырлы жүзбен барлай қарады.

— Рас айтасың, баяғы жігіт күнім жоқ, жасым ұлғайды, өңім тозды... бірақ, бойымда еңбектен сіңген қасиет бар, ол тозбақ емес...— деді салмақты сөйлеп. Сәл бөгеліп, сөзін әрі қарай жалғастырды.— Он жасымда қозы бағып, еңбек дәмін татқан ем, содан беріде еңбектен бір күн жалтарған жерім жоқ. Абыройсыз болған күнім және жоқ...

— Білемін ғой өзім де, мұны несін айтып отырсың маған,— деді әйелі оның сөзін бөліп.

— Білетінің рас. Бірақ бүгін мені құптамай, дау айтып отырғаныңа қайранмын.

— Дау емес, жөнін айтып отырмын мен. Бұдан бұрын осылай қарсы болған күнім бар ма?.. Бар ісіңді ылғи құптап келгенмін. Ал бүгінгі қарсылығым қисынды. Пенсияға шыққалы отырғанда қызмет ауыстырып, жаңа жерге қоныс аударамақ боласың... Ойланшы өзің, дұрыс па осының?

— Дұрыс деп ойлаймын.

— Не дейін саған... Бүкіл жақсы ойымды, жоспарымды өзің бұзғалы отырсың... Жоқ, қарсымын мен. Бұл жерден ешқайда да көшпейміз!.. Қартайғанда тентірер жайым жоқ.

— Жаным-ау, сабыр етші өзің,— деді Рамазан, әйелі даусын көтеріп қаттырақ сөйлеп бара жатқан соң.— Мен саған қиыр шығысқа көшеміз деп қыспақ сап отырған жоқпын ғой. Егер кететін болсақ, осы отырған ауылдан отыз шақырым ғана ұзап барып қонамыз. Бір ауданның аймағы...

— Сонда да көшпейміз... қарсымын...

— Қимайтының не сонда? Он жыл бойы үйреніп қалған осы ауылымыз ба, әлде мынау үй-жайымыз ба?

— Екеуін де қимаймын... Жайлы қоныстан, құтты мекеннен қозғама бізді. Екі балаң өз алдына үй болып,

олар да осы ауылда қызмет істеп отыр. Олардан жырақ кете алмаймын... Ойлан, отағасым, әлі де кеш емес, айны пікіріңнен... Жас кезің емес, кәріліктің сыбағасы — тыныштық өмір.

— Ал, мен қалай алмадым сол тыныштықты. Бұрқасынға үйренген адаммын, алпысқа келсем де, дауылға қарсы жүруге құмармын,— деді Рамазан.

Алмагүл ауыр күрсініп, үндемей отырып қалды. Ерінің табанды мінезін жақсы білетін ол, Рамазанды өзі үгіттеп райынан қайтара алмасын ұғынып, ендігі сөзді артық көрді. Ішінен ойға шомып, үнсіз-түнсіз біраз отырды да, орнынан жайлап қана түрегеліп, ақырын қозғалып, үйден шығып кетті.

Бұлардың үлкен ұлы Сабыр былтыр үйленіп, өз алдына отау боп шыққан болатын. Алмагүл ешқайда бұрылмастан, тұп-тура жүріп отырып осы баласының үйіне келді. Сабырдың даладағы жұмыс басынан жаңада ғана келіп отырған беті еді. Анасы есіктен кіріп келе жатқанда оның томсарыңқы жүзін шапшаң байқаған Сабыр, орнынан ұмтыла түрегеліп:

— Апа, өңің неге сынық? Бір жерің ауырған жоқ па? — деп асыға сұрады.

— Жоқ, сырқаудан аманмын, балам,— деп, Алмагүл төрге қарай өтіп, диванға барып отырды да,— әкеңнің үстінен арыз айта келдім,— деді баласына.

— Ә, солай деңіз, арыз етер деп өзім де ойлап едім,— деді Сабыр езу тартып.

Алмагүл баласының бұл сөзіне таңданғандай болып, Сабырға көзін тіктеп қарап:

— Әкең сенімен ақылдасып, әңгімені әбден пісіріп қойған екен ғой,— деді.

— Иә, бұл әңгіменің ішінде болдым мен,— деді Сабыр.— Ауданда партком секретарының алдында ұсынысты әкемнің өзі жасады. Бұл ұсынысқа бәрі қуанып қалды. Мен де қуандым. Жолда ауданнан қайтып келе жатқанда әкем: «агроном балам, сенің көзің менен гөрі жітірек қой, қалай дейсің, арқаға алған жүгін көтере алмай әкең ертең жұртқа күлкі боп жүрмей ме?» — деп сұрады. «Қәрілігіңе қарамай, осындай ұсыныс айтуыңның өзі батылдық, талайға өнеге болатын жай»,— дедім мен. Расында да солай емес пе, апа-ау!

— Ә, қойшы... әкеңе жел берген сен екенсің ғой. Әкеңді күннен-күнге жасарып келе жатыр деп ойлаймы-

сың? «Алпысқа келдің, енді жаныңды жей бермей, пенсияға шық. Көп жылғы еңбегіңнің рахатын көр, жаныңды күт»,— демеймісің қайта...

Алмагүл бұдан кейінгі сөзді артық көріп, төмен қарап, тұнжырап отырып қалды. Біраздан соң орнынан күрсіне түрегеліп, баласына реніштi қабақпен бір қарады да, бірақ ештеме демей, үйден үнсіз шықты.

Ол өз үйіне бұрылмады, тұрмысқа шыққан мұғалім қызы Күләннің пәтеріне бет алды.

— Қалқам, басым ауырып кетті... терлесем айығар, шай қойып жіберші,— деді Алмагүл, қызының үйіне есіктен ақырын қозғалып кіріп келе жатып.

— Самауырымыз қайнап тұр, апа,— деп Күлән шапшаң қимылдап, аласа дөңгелек столға дастарқанды жайып жіберіп, шайды тез қамдады.

Алмагүл қаймақ құйылған ыстық қою шайлың исіне сүйсініп, қолындағы кішкене сырлы кесені аузына таман апара берді де, қызына бұрылып:

— Әкеңнің жаңалығын естідің бе сен? — деп сұрады.

— Ағайдан естідім. Мен де қуанып жатырмын,— деді Күлән.

Алмагүл шайдан ұрттамастан, кесесін столға қойды.

— Шырағым-ау, әр нәрсенің жөнін білетін балам едің ғой. Мені жақтап, әкесіне тілін алғызар деп келсем... Өзің байыптап ойлап көрші, бауыр басқан ағайын жұртымыз, орнығып қалған үй жайымыз бар, осының бәрін тастап, көшіп кету оңай ма?.. Бұрынғы қайратты күніміз емес, әкең де, мен де кәріліктің құрсауына іліндік... қоныстан қозғалу оңай тимейді бізге...

Алмагүл Күлән ойлансын дегендей әдейі бөгеліп, сәл күтті де:

— Әсіресе әкеңді ая, басына бейнет тілеп алғалы отыр,— деді.

— Әй, апа-ай, қандай қызықсыз! Осы жасқа келгенше өз жөнінен бір жаңылып көрмеген менің көкем, қолынан келмес іске ешқашан да ұмтылмайды. Ал, ұмтылса, жеңіп шығады! Кәміл сенем бұған! — деді Күлән өңі жайнай сөйлеп.

Ана қызының райын осы сөзінен әбден ұқты да, енді ләм демеді. Біраз үнсіз отырды. Кеседегі шай суып қалды...

«Жас қой бұлар, өмірдің азабы мен тозағын қайдан білсін»,— деп ойлады Алмагүл.

Ол енді Рамазанмен жасы құрдас, қазір пенсияға шығып отырған, өздерінің ең сыйлас адамы — Ақпанмен ақылдасуды мақұл көрді. «Рамазанға дұрыс ақылды сол ғана бере алады»,— деп дәмеленді...

Ақпай — қырық жылдай бала оқытып, ұстаздық қылған кісі еді. Ойындағысын мәймөңкелемей тура сөйлейтін ашық адам болатын. Ол Алмагүлдің арызын әуелі бастан-аяқ түгел тыңдап алды. Сөзін бөлген жоқ. Әйел сөйлеп болғаннан кейін ғана Ақпай оған екі-үш сауал берді.

— Ал енді мені тыңда,— деп, ол осыдан соң өз ойын айтты...— Мен пенсияға жасым алпысқа келгендіктен шыққан жоқпын, денсаулығым нашарлап кетті.. Еңбекке үйренген адамның еңбектен қол үзгені қиын болады екен. Бірақ не шара, денсаулық кем... Рамазанның ісіне қызығамын. Ол — табаны тағалы кәрі тарлан ғой. Көк мұзға түссе де тайғанамайды. Рамазанның сүрінгенін көрдік пе? Әуелі колхоздың малын бақты — жүлде алды. Бригадир сайланды — озып шықты. Төрт жыл майданда болды — жауды жеңіп оралды. Тұралап қалған екі колхозға, бірінен кейін біріне, председатель боп барып еді — екеуін де алдыңғы қатарлы шаруашылықтар санатына қосты. Өзің де білесің, бұдан он жыл бұрын осы колхоз қандай еді? Ал, Рамазан председатель боп келгеннен кейін қалай көтерілді? Аудандағы ең бірінші колхоз! Рамазанды «бұрқасынға үйренген адаммын, дауылға қарсы жүруге құмармын» деп айтты дедің ғой. Бойдағы қайратты білдіретін жігерлі сөз! Оның ауандағы ең нашар колхозға председатель боп баруға тағы да тілек білдіргеніне мен шын жүректен қуанамын. Ерлік!

— Бүгінгі Рамазан кешегі Рамазан емес қой... Құрдасың алпысқа келді емес пе...— деп еді Алмагүл.

— Біздің ұғымымызда бір-ақ Рамазан бар. Ол — табанды, жігерлі, ер Рамазан,— деді Ақпай салмақпен.

«Менің жайымды сен де ұға алмадың ғой..» деп Алмагүл ішінен ренжіді.

Ол буындарынан әл кеткендей боп, бұл үйден ілбіп шықты. Өз үйіне аяғы талып, әрең жетті.

— Бәйбішем-ау, қайда жүрсің? Сені күтіп отырмын мападан,— деді Рамазан, әйелі есіктен күйбеңдеп кіре бергенде.

Алмагүл ләм-мим деместен, үнсіз қозғалып, жоғары шығып отырды да, еріне жүдеу жүзбен қарап, ауыр күрсінді.

— Жүргелі отырсың ба? — деді ернін қыбырлатып.

— Жүргелі отырмын. Қолхозшылардың жалпы жиналысы болады — деді Рамазан.

— Сол колхозға председатель боп баруға бір жола бекінгенің бе?

— Бүгінгі жиналыста шешіледі. Қолхозшылар қабыл алса, мен әзір,— деді Рамазан.

Алмагүл қабағын шытынды. Екі-үш минуттай үнсіз отырды да, еріне салмақты жүзін бұрып:

— Бұл ісіңді мен құп көрмеймін. Тыныштығымыздың сәнін бұзба, тағы да айтамын, бұрынғы жігіт күнің емес... ойлан...— деді...

Бірақ, Рамазан жөнеліп кеткеннен кейін, қалың ойдың қоршауында Алмагүлдің өзі қалды. Ойы әуелі бытырап, әр жайға бір ауыса берді де, жел иірген бұлттай бірте-бірте тұтасып, қоюланып алды. Есептеп көрсе, Рамазан екеуінің отасқанына қырық жыл болыпты. Екеуі бірге өткізген осы өмірлерінің ішінде талай қуанышты да көрді, талай ауыр күндерді де бастан кешті. Бірақ ерімен екеуі осы уақытқа дейін бір-біріне қатқыл сөйлеп, көңіл қалдырысқан күндері жоқ екен. Рамазанның осы соңғы әрекетіне дейінгі барлық ісін Алмагүл жөн көріп, ылғи құптап келген. Ерінің әр ісіне сәт тілеп, көңілі аландап, алабұртып отыратын. Балаларының алды өз алдына үй болып, Рамазанның жасы пенсияға шығуға тола бастаған кезде, «енді қалған ғұмырымызды тыныштықта алаңсыз өткіземіз» деп, көңілі жайлана бастаған еді. Міне, тағы да көңілге алаң кірді.

«Жоқ, ендігі қалған өмірімізге тыныштық керек. Қозғалмаймыз жылы орыннан. Рамазанды райынан қайтарамын»,— деп ойлады Алмагүл.

Осы мезетте бөтен бір суық ой оқыстан келіп, оның жүрегін тітірентіп жіберді. Рамазанды бүгінгі жиналыс председатель етіп сайламай тастаса жақсы болар ма еді? Ол барғысы келгенмен, колхозшылар қабыл алмаса, осы ауылда, өз орнында қала бермей ме?

Алмагүл өз ойынан өзі шошып қалды. «Ерім осы жасқа келгенше, оған жұрттың сенім білдірмеген жері жоқ еді ғой. Енді шашына ақ кіргенде, сол сенімнен айрылып, қор адам болғаны ма? Мүмкін емес... Иланбаймын...»— деді күбірлеп. Буыны сытыр етіп, орнынан жылдам түрегеліп, терезеден сыртқа көз салды. Қолын маңдайына

қалқалап, көрі көзін сығырайтып, ерінің келетін жолына ұзақ сүзіліп қарады.

Бір мезетте, дөңнен асып, даңғыраған күзгі қара жолмен төмен құлап зырлап ағып келе жатқан жеңіл машина көрінді. Көкзеңгір «Волганы» Алмагүл бірден таныды.

Машина үйге таяп қалғанда, ол шапанын ығына желбегей жамылып, есік алдына шықты.

Күлімдеген жас шофер «Волганы» Алмагүл тұрған табалдырыққа жанастыра әкеп тоқтатты.

Рамазан әйелінің жан толқынын реңінен таныды да:

— Көңіліңді орнықтыра бер енді, колхозшылар қабыл алды,— деді машинаның есігін ашып жіберіп.

— Бір ауыздан қуанып сайлады! — деді шофер көңілді үнмен.

Алмагүл еріне сүйсіне қарап, салмақпен жымиды.

## ШОФЕРДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Алмагүл апайды қуантқан жаңағы шофердің есімі — Ораз. Жарқылдаған ақ көңіл жігіт.

— Мен қуаныштың ғана жаршысымын,— деп мақтанады ол.— Осы ауылдың әр үйінде күнде бір қуаныш боп жатады, соны алдымен еститін де мен, елден бұрын көретін де мен. Мұның бәрі астымдағы жүйрік «Волганың» арқасы.

— Өмірімде бір-ақ рет, қуаныш естимін деп келгенде ренішке тап болғаным бар. Бұл оқиға жуырда ғана болды,— деп Ораз үлкен бір әңгіменің ұшығын көрсетіп қызықтырды да,— әйтеуір жолым боп оның ақыры да қуанышпен аяқталды,— деп, менің қасымдағы журналист серігіме өңі жайнап, нұрлы жүзбен қарады.

— Айтып берші сол әңгіменді,— деп ыштыға тілек қылды журналист.

— Амандос дейтін досым бар,— деп Ораз сөзін салмақты үнмен жайлап бастады.— Күн кешкірген уақыт еді, үйде, жұмсақ диван үстінде қисайып дем алып жатыр ем, бір бала келіп: «Сізді Амандос шақырады, тез кесін деді»,— деп хабар айтты да, жүгіріп шығып кетті. Тез киіндім де, тарттым үйіне. Ойымда бөтен ештеме жоқ.

Мен үйге сәлем беріп кіріп келгенімде Амандос үн

қатпады. Тіпті басын көтеріп қарамады да. Биік столды шынтақтап, маңдайын ұстап, тұнжырап отырған қалпынан өзгермеді.

— Амандос-ау, денің сау ма? Бұ не тұнжырап отырғаның, сырқатпысың?

Ол бұл сұрауыма да үн қатпады. Әрқашан ашық, жайдары мінезді, ақ көңіл досымның осы күйіне таң болып, есік жақта кібіртіктеп қалып едім.

— Есен бе, шырағым? Жоғары шық, отыр,— деді Амандостың қарт шешесі өзінің оң жағындағы аласа орындықты нұсқап. Бұл кісінің үні де маған бір түрлі салқын естілді. Сірә, үйдегі қолайсыз бір жағдайға тап келдім-ау деймін. Жүрегім әлде нені ептеп сезе бастағандай...

Жанына батып, қинап жүрген ауыр бір сырын жуырда гана Амандос маған мұңайып айтқан еді. Іштегі қайғысын сыртқа шығарып, көңіліне дем салғаны ма, әлде бір ойға бекіп алып, менен ақыл-кеңес сұрағысы келді ме, кім білсін. Досыма қайталап сұрау да бермедім, ол да ішіндегі дертін ушықтырғысы келмеді. Екеуіміз де тығырыққа тіреліп тоқтағанбыз. Бірақ содан бері оның сөзі көкейімнен шықпай қойды. Қайта-қайта есіме түсе береді, қайта-қайта терең ойға батырады. Ал досымның халі қандай? Сыртынан барласам еш сырын аңғартпайды, күнде ертемен қызметіне барады; қағаз жазады, тырсылдатып шот қағады, алуан адамның алуан сұрауына қабақ шытпай жауап береді (ол бухгалтерия қызметкері еді). Кешке қарай зайыбы Райханды қолтықтап, клубқа киноға бара жатқанын ылғи көремін. Күлімдей сөйлесіп, әлде неге қуанысып кетіп бара жатқандары. Бұларды көремін де іштей қуанамын. Екеуінің мөлдір махаббатын қына тастан сылдырап аққан бұлаққа балаймын. Сол жарасқан махаббаттың шырқы бұзылуы мүмкін бе? «Жоқ, мүмкін емес! — деймін сеніммен.— Асыл жарын нәресте көтермейсің деп жат көруі мүмкін емес!»

Оның үйіне келгенде осыдан өзге бөтен ой жоқ еді менде. Енді көңіліме күдік орала бастады. Ілгері аттап баса алмай, есік жақта әлі тұрмын.

— Балам, біздің ыңғайымызды көріп, абдырап қалдың ба... Қайтейік енді... тағдырдың әмірі...— деді қарт ана, үні дірілдеп, кемсеңдей сөйлеп, жаулығының шетімен көзін сүртті.

Мен ананың оң жағындағы аласа орындыққа үнсіз

барып отырдым. Амандос ақырын ғана бұрылып, менің түріме көз салды да, қайтадан тұнжырады. Екі-үш минуттай тым-тырыс отырып қалдық.

— Шырағым, жат емессің, жақынсың, Амандос екеуің әрі құрбысың, әрі бір анадан туғандай татусың. Сен де тыңда, ақыл бер құрбыңа,— деді қарт ана сөзін маған арнап.— Мынау Амандос бір атадан жалғыз, қаршадайында әкеден айрылып, жетім қалды... Бақтық, қақтық, өсірдік. Құдайға шүкір, ер жетті... Үй болды. Содан бері он жыл өтті. Тұрмысымыз жақсы, үй деген мынау — жасауға тіреліп тұрған. Бірақ өлгенде артта қалатын ку дүние ғой бәрі... Балам мен келінім жұмысқа кетіп, үйде жалғыз өзім қалғанда, көбіне қиялданып, шер жұтамын. Көзіме түк көрінбей кетеді. Қасымда әжетайлап, жаулығымнан тартып, бір жаман қозым жүгіріп жүрсе өстер ме едім... Осыны да көпсінді ғой... Не жаздық сұм тағдырға!.. Атадан жалғыз дербесімнің артында тұяқ қалмай ма деп қорқамын. Келінім де сезіп жүр бәрін. Қайтсін, бедеу қатын атану оған да жеңіл тиіп жүр деймісің. Нәресте сүйгісі келеді-ақ. Өзі қандай балажан десеңші! Біреудің жас баласын қолына алса болғаны, айналып-толғанып жатқаны...

Қарт ана ауыр күрсінді.

— Шеше, жабырқамаңыз, үміт үзбеңіз.

— Он жыл бойы үміт үзбей келген едім, шырағым. Райхан Алматыға барып, қаралып келгеннен бері сол үміт біржола үзілген... қиылған... Үлкен дәрігердің өзі айтыпты: «Жасында қатты ауырғансың, ауыр дертке шалдыққансың, соның зардабы тиген... нәресте көтермейсің»,— депті... Енді қалайша үмітің үзілмес...— қарт ана иегі кемсеңдеп, көзіне жас алып, бүгіліп отырып қалды.

«Қандай сөз тауып жұбатсам екен?» Мен үнсіз отырмын. Амандос та үнсіз... Ана бір кезде еңсесін көтеріп, сөзді тағы да өзі қозғады:

— Тағдырдың жазуы болар, шырағым, соңғы кезде бір байламға келгенмін. Әуелі баланың көңіліне қарап, келінімді аяп, айта алмай, іштей қиналып біраз жүрдім... Қайтейін, ақыры бекіндім. Балама бұдан бұрын жайлап бір рет айттым. Ләм деген жоқ, үнсіз қалды. Бүгін ақтық сөзімді айтып отырмын. Үндемейді, не ойы барын білмеймін... Келінімді өзім де қимаймын, қайтейін бірақ... мінезіне көркі сай мұндай асыл адам енді бізге кездеспес

те... Көнемін де бәріне... Жалғызымның артында тұяқ қалмай ма деп қорқамын... Қайран, жалғыздық-ай, өртедің-ау өзегімді.

— Шеше, жасымаңыз, сабыр етіңіз.

— Қалай ғана жасымайын, қарғам-ау! Амандосым бір атадан жалғыз ғой... жалғыз... оңай ма маған? Қиналамын, түн ұйқым төртке бөлінеді... Құрбысың ғой Амандос екеуің, менің осы күйімді сен де айтсаңшы түсіндіріп...

— Мен бәріне де түсінемін, апа, жас бала емеспін ғой... түсінемін... қиналамын. Сондықтан үндемеймін...— деп Амандос осы арада ғана ақырын тіл қатты.

— Күнім-ай, бұ не дегенің? Қәрі анаңның жанын қинай бермесеңші.

— Апа, шын ойланып қарасаңыз, мендегі қайғы сіздегіден ауырырақ. Мені де аяңыз... Өз семьямның тағдырына өзім ғана ортақ болайын, бар азабын өзім ғана тартайын...

— Япыр-ай, сөзің қалай ауытқып барады, ұлым,— деп қарт ана шошыңқырап қалды.— Жо-жоқ, балам, семьяның тағдырына сен ғана ортақ емессің. Тындайсың бізді де, ана сөзін аттамайсың. Саған әлгі айтқан бар сөзімді Райханға да өзім ептеп білдіремін. Оның ақылы бар, ұғады менің қайғымды, жол береді. Айтамын өзіне.

— Жоқ! Айтпайсыз оған! — Амандос орнынан атып тұрды. Өңі құп-қу болып, қолдары дірілдеп, қалшиып тұрып қалды да, аяғы тәлтіректеп, орындығына сылқ етіп қайта отыра кетті. Жазықты адамдай бір кезде шешесіне мұңая бұрылып: — Апажан, жалынамын, келініңізге әлгі жайында ләм дей көрмеңізші. Бәрін де өзім айтып, азап уын өзім ғана жұтайын,— деп тілек етті.

Ол өңі бұзылып, төмен қарап, тағы да тұнжырады. Қарт ана қайырып сөз қатқан жоқ. Тағы да үн-түнсіз, қимылсыз отырып қалдық... Сырттан тықыр естілді. Есік ашылды, басымды ақырын ғана көтеріп қарап едім: Райхан, жұқалаң жүзі нұрланып, күлімсіреп кіріп келе жатыр екен. Қолында қағазға орап алған бір заты бар.

— Магазинге әдемі барқыт түсіпті. Он метр алдым. Сізге жаңадан камзол-шапан тігемін, апа. Егер барқыттың түсін ұнатсаңыз, тағы да бес-алты метр...— Есіктен қуана сөйлей енген Райхан біздің тұнжырап отырғанымызды көріп шошып қалды.— Апа! Амандос!.. Не болды сіздерге?! — деді үрейі ұшып.

— Күнім-ай, қарағым-ай, қимаймын... қайтейін бірақ,— деп қарт ана жыламсырай сөйлеп, жаулығының ұшымен бетін басты.

— Апа, не айтып едім сізге әлгінде...— деді Амандос үні қалтырап.

Ол сұры қашқан жүзін Райханға бұрғанда, әйелінің қолындағы ораулы заты сусып жерге түсіп кетті.

— Айтпа! Естіртпе қазір!.. Сезіп тұрмын бәрін де... Ая мені, әл жияйын азырақ...— деп Райхан күйеуіне қинала сөйлеп, аяғын әрең басқан күйі төргі үйге еніп кетті.

«Күйеуі соңынан ере барып, сорлы әйелді жұбатар ма екен? Қайғылы жүрек жанашыр жылы сөзді тілейді ғой»,— деймін ішімнен. Бірақ, Амандос орнынан тұрмады. Әйелдің төргі үйде жастыққа бетін басып, бұлығып жылаған үні құлағыма келеді. Дәл қасымда қиналып, егіліп карт ана отыр. Амандоста да өң қалмаған. Мен қайғы мен азаптың қамауында қалдым...

Келесі күні Амандос ауыр хабар жеткізді.

— Райхан екеуміздің дәм-тұзымыз таусылды... Біз айрылысатын болдық... Бұған көнбеске амалым қалмады,— деді ол қинала сөйлеп.

Мен бұл хабарды оқыс көріп, әрі құптамай, реніш білдіре бастап едім.

— Әуелі түгел тыңдап алшы сөзімді... Сосын жазғыра бер,— деп тілек қылды Амандос.— Мән-жайға түсіншi... Мен еш қайсымызда жазық жоқ қой деп ойлаймын. Бір үйде үш адам екенбіз, бір-бірімізге қабақ шытқан, катты сөйлеген күніміз жоқ. Жұбайыммен он жыл бойы тату-тәтті өмір кештім. Осы тәтті өмірден бас тартпақ ой мүлде жоқ еді. Амалым құрыды бірақ... Қарт анамыз болса, ескінің адамы ғой, өз мұңын айтады. «Жалғызсың» дейді, менен ұрпақ болмаса бір атаның шаңырағы құлап, орны мәңгі бақи өшіп қалатындай көреді. Не дермін бұған?.. Жайлап айтып көрдім. «Семья шырқын бұза алмаймын, Райханды қайғыға батырмаймын. Адам... адам тағдыры қымбат! Адам арын қорлауға қақым жоқ»,— деп ақтық сөзім айтылды. Анам байғұс ұқты ма, ұқпады ма, білмеймін, әйтеуір қайырып сөз қатқан жоқ, көзінен жасын төгіп үнсіз қалды. Бір қиын асудан өттім-ау деп, дамыл тапқандай болып ем... Іле-шала қайта киліктім қалың сорға. Талпынып шыға алмадым, біржола баттым бұған... Құшып-сүйіп, ағыл-тегіл жылап оты-

рып, Райханның өзі менен рұқсат сұрады. «Бақытыңды байламайын, үмітіңді үзбейін, тек қайда жүрсең де есен бол»,— деп бетіме бетін басты. «Айтпа мұндай сөзіңді! Шығар бәрін де есіңнен!» — деймін зәрем ұшып... Жұбаттым, жалындым-жалбарындым... ештеме өнбеді. Әйелім жасын тыйып, бойын жиып, салқын тарта бастады. «Мен сені сүйемін, бақытты болуыңды тілеймін, сол үшін азап отына өзім ғана түсейін. Бақытты бол! Мені жақсы көретінің рас болса, енді қинама. Қадірлі қонағым деп қара да, үйіңнен құрметпен шығарып сал»,— деп соңғы тілегін айтты.

— Біржола бекінгені ме?

— Айнымастай қалпы бар...

— Үмітің біржола үзілді ме?

— Үмітімді үзгем жоқ, бірақ тілегін орындауға көнбеске лажым қалмады...

— Төркініне кете ме?

— Жоқ.. көрші ауданға орналаспақ... О, дүние-ай, Райханнан осылай айырылысармын деп ойлап па едім?!.

Амандос ауыр күрсініп, маңдайын ұстады. Түні бойы кірпігі ілінбеген, ұйқысы қашқан көздері ішіне қарай шүңірейіп, өңі аурудан тұрған адамдай қуқыл тартқан. Жағы ортайып, аз-ақ күннің ішінде қатты жүдеп қалған.

— Әйелім қазір жүріп кеткелі отыр... Қуанышымызға талай ортақ болып едің, енді қайғымызды да көр... Райханды ерекше құрметтейтін досым ең, оның көзіндегі жасты бөтен кісі көрмесін, машинаңмен өзің апарып сал... Осы жалғыз тілегім. Сол үшін келдім саған...— деді Амандос, қиналып айтты...

Біз келгенде Райхан буынып-түйініп, үнсіз отыр екен. Бозқырау соққан гүлдей болып, ажары тайған. Біз үйге кіргенде ол орнынан ақырын түрегелді. Төрде бүгіліп, мұңайып отырған қарт анаға жақын барып, сәл еңкейіп, қолын созды:

— Апа, қош болыңыз... кешіріңіз...

— Қайтейін, күнім... қайтейін... тағдырға не дауа қылайын,— деп қарт ана жыламсырап, келінінің қолынан ұзақ сүйді.

Райхан бетін шәлісімен бүркеп, үнсіз қозғалып, үйден шығуға бет алды. Амандос әйелінің жүгін көтеріп, аяғын әрең басып, оның соңынан үнсіз ерді.

Бұл күйді көріп, шыдап тұра алмадым, енді екеуінің

де түрлеріне қарауға батылым бармай, кабинаға кіріп отыра қалдым да, рульді сығымдай бердім.

— Қош бол, Амандос. Апамды ренжіте көрме,— деді әйел дірілдеген дауыспен ақырын ғана.

Амандосқа бұрылып қарап қап ем, ол сұлық тұр, үлкен көздері жасаурап, ажары мүлде өзгеріп, түсі бір түрлі жат көрінді. Басып қалдым педальды. Машина лықсып жүріп кетті...

Рульді сығымдап ұстап, зымырап келе жатырмын. Кабинаның артқы орындығында отырған Райханның еш дыбысы білінбейді.

— Ораз, тоқтатшы машинаңды,— деп, әйел бір кезде ақырын ғана үн қатты.

Мен дереу «Волганың» жүрісін бәсеңдете бергенімде: «Кейін қарай бұршы машинаңды»,— деп өтінді ол. Қуанып кеттім. Машинаны бұрып алып, кейін қарай қатты ызғыттым.

Есігінің дәл алдында, манағы орнында қозғалмай тұрып қалған Амандос, біздің бұрылғанымызды көріп, алдымыздан қарсы жүгірді.

Оған жақындап қалғанда машинаның жүрісін баяулатып, ақырын келіп тоқтадым. Райханға басымды жалт бұрып қуанып қарап едім, әйелдің өңі сұрланып, бір түрлі суық көрінді. Денем дір етіп қалды.

Алқына жүгіріп жеткен Амандос та Райханның салқын қабағын танып, қалт кідірді. Әйелін құшпақ болып, ұмтыла беріп, кейін шегінді.

Райхан кабинаның есігін ақырын ғана ашып, бір жапырақ көк қағазды күйеуіне ұсынды.

— Апамның аптекадан дәрі алатын қағазы менің қалтамда кетіпті... Іздеп әуре боласың ғой... Сол үшін... қағаз үшін ғана бұрылдым,— деп салқын тіл қатты.

Амандос басын ауыр қайғы ніп, үнсіз тұрды да, кенет еңсесін езген бар зілді лақтырып тастағандай құшағын жайып, ілгері ұмтылды. Әйелін айқара құшақтап, бетінен, маңдайынан, көзінен, есі кетіп сүйе берді.

— Бармайсың!.. Кетпейсің!.. Ұрпақсыз өтсем өтейін. Сен бар жерде жалғыздық жоқ, уайым жоқ басыма! Кетпейсің! Сенсіз дүние маған қарақ! — деп, демі дірілдеп, ерекше бір күйге түсті.

Райхан да шыдап отыра алмады, көзінен жасы шұбырып, күйеуінің кеудесіне басын сүйей берді...

Енді менің не істеуім керек? Машинаны дүр еткізіп

оталдырып жібердім де, көк зеңгір «Волганы» ақырын ғана сырғытып әкеп қораға кіргіздім.

— Ал, келдік, үйлеріңе! — деп кабинадан қуанып түсе қалғанымда, Райхан маған жас мөлтілдеп тұрған көзімен мөлдіреп қарап күлімсіреді...

... Айна көлдің жағасында тұрмын. Жылы желдің лебінен су беті ақырын ғана тербеліп толқып жатыр. Бұрын да осылай ғана толқып жатушы еді. Ол кезде мен бұл толқынға дәл қазіргідей елжіреп қарамайтын ем. Ал, қазір өзгеше бір күйге ендім, менің де көңілімде толқын туып, мына көлдің бетінше тербеліп тұр. Су жағасында жалаң аяқ жүгіріп жүретін балалық кездер еске түсті. Көбелек қуысқан, жарысқан, күш сынасқан, бірге жүрген құрбыларымның әр алуан мінездері, қылықтары, әрекеттері көз алдымнан тізбектеліп өте берді...



# кестелі орамал

Біз қаладан шыққанда күн кешкіріп қалып еді. Аспанды сұрғылт бұлт басып, бұлыңғыр тартып тұрған. Бүгін таң алдында жапалақтап қар жауып, мұның арты сіркіреген ақ жауынға айналып, жер лайсаң боп жатқан. Москал шофер алдына қадала қарап, машинаны сақ жүргізіп келеді.

— Біздің Солтүстік Қазақстанның күзі шаруаға тым жайсыз. Сіркіреген ақ жауыны кейде апта бойы айық-

пай, зықынды әбден кетіреді. Бүгінгі күннің тарпы солай секілді,— деді машинаның әйнегінен сыртқы далаға көз салып отырған Досан бір кезде маған бұрылып.

— Күзді кінәламасаңшы. Берекені күз кетірмейді... Жаз, қыс, көктем секілді, күздің де өз бойында мол әдемілік бар емес пе,— деп, Досан екеуміздің ортамызда отырған әйел Қалима үні сынғырлап күліп қойды.

— Өте жақсы айттыңыз,— дедім мен сүйсініп. Өңі шырайлана жымиып, Досан да әйел сөзіне сүйсінген рай білдірді.

Бұл екі адаммен танысқаныма бір-ақ күн болған. Еңбек адамы туралы болашақ очеркімнің геройын тауып алмақ боп, ауыл шаруашылығы озаттарының облыстық кеңесіне келген ем. Кеңес екі күнге созылды. Бірінші күні он бес адам сөйледі. Әрқайсысы өз тәжірибесін, табысқа қалай жеткенін баяндады. Бәрінің де сөзі бір реңді көрінді маған. Өз өмірі жайынан ғажайып бір әңгімені әйтеуір біреуі айтып қалар деп қатты дәмеленіп едім (очеркистердің іздейтіні сондай ғой). Бірақ, ойдағым орындалмай, алабұрта бастадым.

Келесі күні мәжіліске ерте келдім. Залға кірсем, жұрттың алды енді-енді ғана кеп, әр жерге шашырап отырысып жатыр екен. Алдыңғы жақ қатарда оқшаулау отырған бір еркек пен әйелге назарым бірден ауды. Әйел әлде нені күбірлеп айтып отыр да, еркек қарындашын жорғалатып дәптерге жазып алып отыр. «Сірә, екеуінің біреуі сөйлейтін шығар, алдын ала танысып, қойғаным теріс болмас»,— деп ойладым да, тақау келіп, рұқсат сұрап, қастарына жайғастым.

Олар маған жөнді назар аудара қоймады. Еркекке бұрылып, өзім ақырын ғана тіл қаттым.

— Жарыссөзге әзірленіп отырсыз ба?

— Біз жұрттың айтқан ойларын хатқа түсіріп отырмыз,— деп жауап берді еркек.

— Өзіңіз сөйлемейсіз бе?

— Жоқ... тыңдаймын.

Ол менің сауалымды оқыс көргендей, бетіме таңырқаған пішінмен қарады да:

— Бұл сұрауды не мақсатпен қойдыңыз маған? — деді.

Өзім ыңғайсызданып қалдым, аузыма қисындырақ сөз де түспей:

— Мәжілісте сөйлейтін болсаңыз, аты-жөніңізді жа-

зып алайын деп ем... Газет қызметкері едім,— дегенімде, еркек езу тартып, басын шайқады.

— Ә-ә, түсінікті. Сөзімді тыңдап алып, сыртымнан мақала жазбақ екенсіз ғой. Жоқ, ондай ойыңыз болса, аты-жөнімді айтпаймын. Газет қызметкері болсаңыз, бізді мәжіліс залынан іздемей, жұмыс басынан іздеңіз,— деп күліп сөйледі.

«Сөзіне қарап, кісіні ал». Қуанып кеттім. «Міне, табылды — болашақ очеркімнің геройы!» деген ой қылаң етті басымда.

— Бір көрген — біліс, екі көрген — таныс. Келесі көріскенде тосырқамас үшін бір-біріміздің жөнімізді білісіп қойсақ қайтер? — деп, өзімнің есімімді айтып, өтініш еткенімде:

— Сөз тапқанға қолқа жоқ. Мақұл... менің ныспым Досан,— деді ол салмақты үнмен. Оң жағына иығын бұрып, қасындағы көршісін де таныстырды.— Ал мына кісі... бұл да біздің ауылдың адамы болады, есімі — Қалима,— деді.

Міне, олармен осылай таныстым. Енді осы екі озатты еңбек басында көрмек болып, бұлардың тұратын «Үлкен көл» колхозына өздерімен бірге келе жатырмын. Жеңіл машинаның артқы жағында үшеуміз қатар отырмыз. («Біздің ауыл қаладан жүз он шақырым тұрады. Жеткенше әңгіме-дүкен құрып бару үшін, ық түйістіріп, қатар отырғанымыз жақсы»,— деп, осылай жайғасқанды Досан мақұл көрген болатын.)

Машина қаланың батыс жағын орағыта созылып жатқан аласа тауды айналып өтіп, оқтай түзу асфальт жолға шығып, жүрісін үдетіп ағындай жөнелген мезетте: «Ал енді әңгімені шертейік»,— деп, Досан қозғала түсіп, бізге қарай қырындай бұрылды.

— Әуелі мына кісінің әңгімесін тыңдайық...— Қалима маған жүзін сәл бұрып, күлімсіреп сөйледі.— Сіз газетте істейсіз, сан-алуан жаңалықтың ортасында жүресіз. Сол жайлардан әңгіме қозғаңыз. Мұндай әңгіме бізге әрі таңсық, әрі қызық.

— Дәмді сөзді тыңдаудан біз зерікпейміз,— деп Досан да оның сөзін құптай түсті.

Мен ойланып қалдым. Екеуі бірдей қолқалағаннан кейін, қызықты бір әңгіме тауып айтуым керек. Не жайды сөйлесем екен?.. Өздері күнде оқып жүрген газеттің

қалай басылып шығатының әңгімелеп берсем қайтеді? Газет шығару жұмысы да қызық қой.

Өз ішімнен осы ойды мақұл көріп, тамағымды бір қырынып қойып, сөзімді енді ғана бастай бергенімде, машина кілт тоқтады. Шофер кабинадан басын шығарып:

— Иә, немене? Не айтасың? — деп, дауыстады біреуге.

Жүгіре басып келе жатып, алқына сөйлеген бір әйелдің даусы естілді:

— «Сары бұлақ» совхозына қарай жүрсеңіз ала кетіңізші. Жиырма-ақ шақырым жерде ғой.

Ықшам киінген, басына түбіт шәлі тартқан, қолына ұстаған кішірек чемоданы бар бейтаныс әйел шоферға тақау келіп, еңкейіп, әлгі сөзін тағы да қайталап, өтініш қылды.

— Сенің бағыңа қарай, «Сары бұлақ» совхозың басып өтеміз. Жайғас тезірек,— деп, шофер кабинаның есігін ашты.

Әйел шофердің қасындағы бос орынға отырды. Машина ырғала қозғалып, жүріп кетті.

Бейтаныс әйел ойымның желісін үзіп жібергендіктен, әлгінде бастай берген әңгімемді бірден сабақтап әкете алмай, біраз бөгеліңкіреп қалдым. Менің бұл күйімді аңғарып, Досан мен Қалима да сабырмен күтіп, үнсіз отырды.

— Жер лайсаң, жаяулап осы кеште неге жолға шықтың? «Сары бұлақта» тығыз бір жұмысың бар ма еді? — деді шофер, бір мезгілде қасындағы әйелге.

— Сол совхозда тұрамын... Қалаға бір шаруамен келіп едім, жұмысым біткен соң, ертеңге қарайлай алмадым... Жол-жөнекей бір машина кезігер дедім...— деп, әйел солғын үнмен жөнін айтты да, артта отырған біздерге сәл бұрылып, көзінің қиығымен қарады.

Осы мезетте мен күтпеген оқыс бір хал болды. Бейтаныс әйелдің қырындай бұрылған жүзіне көзі түсіп кеткен Қалима селт етіп, қолымен көкірегін басып: «Жаным-ау, Қәмәлия ғой мынау!» — деп қалды. Анау да селт етіп, жалт қарады. Кенет шофердің білегінен ұстай алып, шошынғандай үнмен:

— Тоқтатыңыз машинаны! Түсемін,— деп, тұтқаға жармасты.

Әйелдің оқыс қимылынан шофер да сасып қалды бі-

лем, қос тормозды бірдей басып, машинаны шақыр еткізіп тоқтатты.

Бейтаныс әйел есікті ашып жіберіп, кабинадан шапшаң түсті.

— Ей, қатын, есің дұрыс па өзіңнің? — деп дауыстады шофер.

Әйел бұрылмады, шапшаң қозғалып, машинаны сырт айналып кетті. Шофер қолды бір сілтеді де, машинаны жүргізіп әкетті. Орнымнан сәл көтеріле түсіп, артқы әйнектен мойнымды созып қарап едім, бейтаныс әйел шәлісінің ұшымен бетін басып, жылап тұрған секілденді.

«Міне, жұмбақ!..» — дедім таңданып.

Қалима ақырын ғана күрсінді. Досан өңі бұзылып төмен қарады. Шофер бейтаныс әйелдің мінезін оғаш көріп, сөгіп келеді. Мен аң-таңмын.

— Бұл — Кәмәлия дейтін әйел. Көріспегенімізге он бес жылдай болған еді...— деді Қалима ақырын ғана.

— Көріспегеніне көп жыл болған адам табысқанда өсте ме екен? — деп, таңдана түстім мен.

— Бізге қарауға дәті бармады білем... Ұялды ма, әлде өзін кінәлі санады ма... Әйтеуір, біздің көзімізден тезірек таса болғысы келді ғой...— деді де, Қалима іркіліп қалды.

Бұл сөздің ар жағында өздеріне қатысы бар үлкен бір хикая жатқанын ішімнен ұғындым да, енді сол сырдың пернесін басып қалғым келді. Сипай қамшылап, сөзімнің бетін солай қарата бұрып едім:

— Бұл — ұзақ әңгіме... және оңашада ғана айтылатын қиын сыр,— деді Қалима сабырлы үнмен.

Осыдан кейін біз үн-түнсіз отырып қалдық. Ендігі сөздің сәні келмейтінін түсініп, әрқайсымыз өз ойымызбен бола бердік. Шофердің де біздерде ісі болған жоқ, көңілді бір әнді ыңылдап айтып келе жатты.

«Кәмәлияның кездескені жақсы болды-ау... Үлкен сырдың тиегін бұрап кетті. Бұл бір ғаламат қызық сыр шығар. Очеркімді, сөз жоқ, құлпыртады»,— деп ойлап, мен ішімнен қуанып отырмын...

Бірақ, бұл сыр — Қалиманың жан-жүрегін бір кездерде соншалық азаптаған ауыр сыр екен. Кейін бұл әңгімені Қалима бастап шертті де, соның Досан тәмамдады.

Қадырлы оқушы, Қалима мен Досан шерткен сол сырға енді сен де құлақ сал...

— Өткен күндерді ойласаң, бәрі де сол баяғы қалпынан айнымастан, көз алдыңнан тізбектеліп өтеді... Әкем марқұм мені еркелеткенде: «Денім сау боп тұрса, осы қызымды күнге күйдірмей, желге қақтырмай, алақанымда әлдилеп өсірермін-ау»,— деуші еді ылғи. Мен әке құшағында масайрап отырып, мәз болып күлетінмін. Әкемнің тізесіне шыққанға, заңғар таудың басына шыққандай боп, төңірекке масайрап қарағанда, көз алдымда болып жатқан істердің барлығы да маған соншалық оңай, жеңіл секілді көрінетін. Өмір соқпағы бұралаң болатыны, тік асуы, құлама ылдиы бар екені, аяғын шалыс басқан адамның терең шатқалға құлап кетуі оп-оңайлығы — ол кезде менің есіме кіріп те шыққан емес. «Өмірде жәбір көрермін, қамығармын, тіпті азапқа түсіп жылармын да», деген ой басыма еш келмейтұғын. Бар дүние маған, әкем құсап, тек күлімдеп қана қарап тұра беретіндей көрінетін. Қайран балалық аңқау көңіл-ай!

Ал, тағдыр салмағы ауыр екен. Мен он төртке тола бергенде әуелі әкем, алты айдан кейін шешем қайтыс болды да, өзімнен үш жас қана үлкен ағайым Оразбек екеуміз жетім қалдық. Әкеммен бірге туысқан ағайындар, аяушылық білдіріп, мүсіркеп, бізді өз қолдарына кіргізіп алғылары келіп еді, Оразбек көнбеді.

— Біз енді бала емеспіз, өз күнімізді өзіміз көре аламыз,— деді.

— Қалима жас қой әлі, әсіресе соған қиын болар,— деп, ағайындар менің жағдайымды айтып еді:

— Өзім барда қарындасым жетімшілік, жүдеушілік көрмейді,— деді Оразбек.

Әкеміздің үлкен ағасы — сақал-шашы аппақ қудай қарт кісі еді. Қәрі кісінің көңілі де жұқа келеді ғой. Оразбек әлгідей деген кезде, қария көзіне жас алды. Иегі кемсеңдеп: «Әкең осындай... бір бетінен қайтпайтын табанды адам еді марқұм...» — деп, қинала күрсінді.

Оразбек оған қарап, жүрегі елжірегендей боп, сәл үнсіз отырды да:

— Әкемнің салған үйі ғой... мүржесінен түтіні шалқып, тіршілігі үзілмегенін сездіріп тұрсын... Үй арасы қашық емес, қол ұштарыңызды беріп, қарайласып тұрарсыздар, — деді.

Қар жақында жауып, қыс жаңа түскен кез болатын. Күп райы бұзылыңқырап, аспан қорғасындай сұрғылт тартып тұрған. Түс ауа теріскейден ызғырық жел пайда болды да, бірте-бірте үдеп, күшейіп, әлі қата қоймаған жұмсақ қарды күлше боратып, қатты боран соқты.

Сол түні таң атқанша кірпігім ілінбеді. Күндізгі болған әңгіме есіме түсе берді: «Оразбек ағамның айтқаны — дұрыс сөз. Өз үйімізден ешқайда да кетпейміз. Біз енді бала емеспіз, күн көре аламыз»,— деймін ішімнен. Үйдің іші қап-қараңғы. Сыртта долы боран ішін тартып гүілдейді. Бір мезетте құлағыма алыстан талып жеткен бір жат үн естілді. Қасқырдың ұлығаны секілді. «Аш бөрі бұл үйде ересек адамның жоқ екенін біліп, қораға түскелі торып жүрген шығар»,— деген бір үрейлі ой басыма келе қалғанда, денем тітіркеп, қорқып кеттім. Біздің үйде мал дегеннен — бір бұзаулы сиыр, бес-алты қой-ешкі бар болатын. Қораға қасқыр түссе, бәрін жайратады да кетеді ғой. Өз ойымнан өзім қорқып, Оразбекті оятайын деп, төсегімнен ұшып түрегеліп едім, ол ояу жатыр екен.

— Қалима! — деп, шошып қалып, жастықтан басын жұлқып көтеріп алды.

— Қасқыр! Қораға түскелі келе жатыр. Ұлып тұр,— дедім мен үрейленіп.

Оразбек күліп жіберді.

— Қорықпа, қасқыр келмейді бұл маңайға. Боран ғой ұлып тұрған. Жата бер... ұйықта,— деді салмақты үнмен.

Мен төсегіме қайтадан жата қалып, басымды көрпемен бүркеп алдым. Бірақ, ұйқым келмеді. Сырттағы долырған боранның сарыны, аш бөрінің ұлығаны секілденіп, құлағымда тұрды да қойды...

Сол жылы қыс керім қатты болды. Сол жылдағыдай үскірік боранды қысты содан кейін көрген емеспін. Үй-үйдің арасына жал-жал боп биік күртік тұрды. Кейбір аласа шым үйлердің төбесі қардан тіпті көрінбей қалды. Біздің үйіміз —.ағаштан қиылған, шатырлы, еңселі үй еді, қар қанша қалың болғанмен, оның бойынан аса алған жоқ. Бірақ, үйге жабыстырыла салынған аласа қораның үстінен қар жүріп кетті. Төбеге үйілген шөп бар еді, соған мал өрмелеп, қыстай тыным бермеді. Оразбек қора айналасының күртігін орлап қазып қояды. Бірақ, боран оны қайта-қайта бітеп тастай береді. Қораның төбесіне мал шығармайын деп, қолыма таяқ алып,

күндіз мен қорығыштап жүремін. Бірақ, оңаза мал, көзің тая берсе-ақ болды, төбедегі шөпке ұмтылады. Көршіміздің бір торпағы, шөп түсіретін тесіктен құлап, мертігіп те қалды.

Ал, үйлердің, қоралардың төбесіне дейін қар басқаны, әсіресе, балалардың сырғанақ тебуіне жақсы болды. Бірі шаңғымен, бірі итшанамен жоғарыдан төмен құлдырай, құлап-жығылып, қуаныса күліп, таңның атқанынан күннің батқанына дейін думандатып, дуылдайды да жатады. Мен есік алдына шығып, олардың ойынына сүйсініп, қызығып қараймын.

Бір күні он шақты ересек бала бөрік күртік басына үлкен ат шананы жабыла сүйреп шығарды. Бетін ойға қаратып бұрып қойып, екі жетегін кейін қайырып байлады да, үймелеп кеп бәрі шанаға мініп, төмен сырғыта жөнелді. Үлкен шана, үстіндегі балалардың салмағымен сықырлап, екпіндеп, қыруар жерге ұзап барып тоқтады. Балалар қарғып-қарғып түсе қалысып, шананы жабыла сүйреп, тағы да жоғарыға шығарды.

Мен қақпаға сүйеніп, оларға үнсіз ғана қарап тұр едім.

Балалар шананы түзеп қойып, қайтадан төмен сырғанағалы жатқанда, қызығып кетіп: «Ей, тоқтаңдар! Мені отырғызыңдар!» — деп қарсы жүгірдім. Өрге еңтігіп шыққан бойымда, шананың шетіне кеп отыра кеттім. Балалар шананы лықсытып қап, төмен сырғыта жөнелгенде, сірә орнықсыздау отырсам керек, сусып түсіп қала жаздадым.

— Құшақта аш белімнен! — деді маған арқасын беріп, дәл алдымда отырған Досан деген бала. (Машинада кеше өзіңізбен бірге келген Досан — сол Досан.)

Шанадан құлап кетпейін деп, Досанды белінен құшақтай алдым. Төмен зулап келеміз. Бір мезетте шана оқапқа соғып қалғанда, мен орнымнан лықсып құлап кеттім. Досанды ала жығылдым. Екі қолымның айқаскан саусақтарын босата алмай, Досанды белінен құшақтаған күйімде, екеуміз етекке бірге домалап түстік. Шанадағылар мәз болып күліп жатыр.

— Ой, кесел қыз, мазаққа қалдырдың ғой кісіні,— деп, Досан үстінің қарын қағып жатып, маған ала көзімен бір қарады.

Ол менен бір жас үлкен болатын. Менімен бірге допша домалағанына ішінен намыстанды-ау деймін, сірә.

— Әдейі құлаттым ба мен сені? Өзің ғой белімнен ұшақта деген. Неге мықталып отырмайсың! — деп, ақтала бастағанымда, ол түйілген қабағын дереу жазып, әлі жадырап, жымиып күлді.

— Рас, мен мықталып отырғанда сен де құламайтын ең,— деп, кінәні өзіне аудара сөйледі.

Бұл кезде балалар тағы да жабыла қимылдап, үлкен шананы жоғарыға сүйреп бара жатыр еді.

— Жүр, қайтадан сырғанаймыз! — деді Досан асығып, мені қолымнан ұстай алып.

Үстімдегі мақпал шапанымның шанадан құлағанда шеге іліп кеткен жыртығын алақаныммен басып тұр едім. Соны көрсетпейін деп, қолымды шапшаң тартып ала қойып, теріс айналдым.

— Өздерің сырғанай бер. Мен бармаймын. Зауқым жоқ,— дедім де жүгіріп қораға еніп кеттім. Қақпаның саңлауынан ептеп қана сығалап көз салып ем, Досан аңтаң болып, орнынан қозғалмай тұр екен. Балалар оны дауыстап шақырып еді, ол мойнын бұрып қарағаны да жоқ. Басынан малақайын алып сілікті де, көзіне таман тұқыртып қайтадан киді. Содан кейін ақырын қозғалып, біздің үйге қарай аяңдады. Мен ауызғы бөлмеге жүгіріп кірдім де, шапанымды тастап, үстіме ағайдың шолақ тонын, жеңін қайырып кие салып, қайыра шықсам, Досан қақпаның алдында тұр.

— Қалима, жөніңді дұрыстап айтпай кетіп қалғаның не? Кімге өкпеледің?.. Менің «кесел қыз» деген сөзімді көңіліңе ауыр алып қалдың ба? — деді ол, жазығы бар адамдай қымсына сөйлеп.

— Ешкімге де өкпелеген жоқпын. Өзімнің зауқым соқпады,— дедім күліп.

— Жоқ, шыныңды айт. Не себеп болды? — деді Досан сеніңкіремей.

Мен, бірақ, шын себепті айтуға ұялып, жасырып қалдым. Күн батуға таяу екенін, пешке кешкі жағатын отынның әзір еместігін сылтау етіп сөйледім. Досан сәл ойланып тұрды да, кенет оқыс шешім тапқандай боп, көзі күлімдеп:

— Ал, отын қайда? — деді.

— Отын қорада, бірақ, ұсақталмаған,— дедім мен.

— Көрсетші маған! — деді Досан.

Қораның бір бұрышында үюлі отын бар болатын; жуан-жіңішкесі аралас, дестелеп жиылған қайың еді.

Соның жіңішкеректерін балтамен өзім ұсақтап, пешке отты жаға беретінмін.

Досан үюлі отынның о жағына бір, бұ жағына бір шығып қарап өтті де, қалың қожырмақты жуан дөңбекті ломмен ырғап қозғап көрді.

— Араны әкел, осыны кесейік,— деп, дөңбекті бері домалатып шығарды. Ағашты көзімен межелеп өлшеп, төрт жеріне балтамен таңба соқты да: — Осылай төртке бөлсек, пештеріңе тура болар, — деп, менің бетіме қарады.

— Мұны аралауға шамамыз келе ме? — деп едім:

— Мен тұрғанда жүрексінбе,— деді ол.

Әйткенмен, жуан ағашты төртке бөліп кесу маған да, оған да жеңіл тимеді. Екі қарым талып, самайымнан тер шұбырып, әбден берекем кетті. Сыр бермеуге тырысып, тістеніп алып, араны біресе еңкейіп, біресе тізерлеп тұра қалып тартамын. Қолым тіпті талған кезінде, азырақ аялдап тыныстап алу үшін араны тұтқасынан тұқыртып баса қоямын. Сонда Досан араны жылжыта алмай, амалсыз тоқтайды. Басын шайқап орнынан түрегеледі. Ағашқа қысылған араны босату үшін, қолына балта алып, тіліктің арасына сына қағады. Осы азғантай ғана бөгеліс кезінде мен әжептәуір әл жиып қаламын да, араның тұтқасын қайыра ұстағанда шырағырақ қимылдаймын.

Жуан ағашты төртке бөліп турап тастағаннан кейін, Досан оларды жаруға кірісті. Сыртқы қалың кнімін шешіп, жеңілденіп алды да, домаланған кесінділерді замата-ақ ұсақтады. Сосын маған болысып, ұсақталған ағашты қолына тиеп, үйге тасысып, пештің іргесіне үйісіп берді.

— Бұл жарылған ағаш бір аптаға жетеді. Үнемдеп жақ, қорадағы отын таусылып қалса, қақаған мына қыста таудан барып ағаш кесіп әкелу оңай шаруа емес,— деп ескертті маған. Өзі кәдуілгі ересек адам секілденіп, байсалды үнмен сөйледі.

Мен пешке отын қалап, от жағуға кіріскенде, ол менің сіріңке шаққаныма, ку тамызықты қалай тұтатқаныма жымия түсіп қарап отырды да, от дүрілдеп жана жөнелгенде, орнынан қуанып түрегелді. Жақын келіп арқамнан ақырын ғана қақты да:

— Өзің тіпті керемет ептісің ғой! — деді мақтап.

— Мен нанды да өзім пісіремін. Сиырды да өзім

сұлымын. Үйдегі шаруаның бәрі де менің мойнымда!— өзім мақтана түскім кеп.

– Білемін...— деді Досан. Ойымдағыны дәл тауып, сөзімді өзі жалғастырып әкетті.— Оразбек ағаң даладан фермаға шөп тартады. Таң ата кетіп, күн бата оралады. Үйдегі шаруамен айналысуға қолы қайдан тисін. Бір жағынан сағаң сенеді де ғой, сен пысық қызсың,— деді.

Ол осы сөзді айтқанда, мен ішімнен «өзің қандай ақылдысың, жақсысың!» деп сүйсініп, оның көзіне қуана қарап едім. Досан да маған жымиып қарап тұр екен.

— Әр уақытта осылай көңілді жүресің бе? — деп сұрады.

— Жоқ... үйде жалғыз өзім қалғанда көңілім көтерілмейді... қамығамын... әке-шешемді ойлаймын,— дедім, күндегі шын жағдайымды айтып. Көзіме мөлтілдеп жас келіп қалды. Шешем қайтқаннан бері, біреу өзіме аяушылық білдірсе, көңілім босап, жылағым кеп кететін еді.

Кірпігіме іркіле қалған жасты Досан тез байқады да:

— Көп қайғыра берме. Ертең-ақ үлкен кісі боп өсесің. Уақыт тез өтеді,— деп жұбаныш айтты...

Рас, уақыттың жүрісі жылдам екен. Үш жылдың қалай сырғып өте шыққанын өзім тіпті аңғармай да қалдым. Июнь айының бас кезі еді. Ауылда даладағы жұмыстың азырақ толастайтын уақыты осы мезгіл болатын. Көктемгі егістің қарбалас жұмысы аяқталған; пішенге орақ салуға шөп әлі еркін пісіп жетіле қойған жоқ; егін орағы — алыс. Ауылдағы жұрттың көбінің қолы бостау еді. Есік алдында, көлеңкеде, орамалға кесте тігіп отыр едім, біреу тықырын сездіртпей ту сыртымнан келді де көзімді баса қойды.

— Орамалды кімге арнап әшекейлеп отырсың? — деп даусын өзгертіп, құлағыма ақырын ғана сыбыр етті.

Мен Досанды үнінен біле қойдым да, бірақ, әдейі танымағансып:

— Бұл қайсың? Жіберші! — дедім бұлқынып.

— Жоқ, жібермеймін. Орамалды кімге арнағаныңды айт!— деді Досан сөзін тісінің арасынан шығарып.

— Ешкімге арнаған жоқпын әлі. Кейін болмаса...— деп шынымды айта бергенімде:

— Ендеше маған арна бұл орамалды!— Досан қолын жазып жіберді. Өңі қызара күлімдеп, қарсы алдыма кеп, бойын жазып тұра қалды.

Бала кезінде сыйдиған жіңішке Досанның бұл кезде денесі толысыңқырап, ірілене түскен: кең иықты, сұңғақ бойлы, сымбатты жігіт болған. Сөйлескенде, көзін көзіне қадалта қарап тұратын әдеті бар.

— Қалағаның осы орамал болса, құрметпен сыйға ұсынуға болады. Тек кестесі біте қойған жоқ әлі,— деп күліп мен де оның көзіне тік қарадым.

— Күтемін! Қыз сыйлаған кестелі орамалмен бетіңді желпігенге не жетсін! — деді Досан көңілденіп.

Менің қолымдағы орамалға көзін салып сәл тұрды да өзінің әдейілеп келген негізгі шаруасын айтты. Ауылдың күнгей жағындағы, «Салпық» деп аталатын аласа тауды көрдіңіз ғой. Дәл іргесінде дөңгеленіп мөлдіреп жатқан кішкене көлі бар, баурайына қалың жыныс ағаш біткен әдемі сұлу тау. Өзі аласа болса да, алыстан қарағанда түйе өркештеніп, көзге биік көрінеді. Бала кезімізде, ауылдан ешқайда ұзап шықпаған біздерге, жер бетінде бұдан көркем, бұдан заңғар тау жоқ секілденуші еді. Оның төбесіне шыққанда, көңіліміз шарықтап, бүкіл әлемді түгел шолып көріп тұрғандай болатынбыз. Ауылдағы қыз-бозбала жиналып, сол тауға серуендеп барып қайтуға ұйғарым жасалған екен. Бұл ой әуелі Досанның басына келіпті де, құрбы-жігіттері оның ұсынысын қуана мақұлдапты.

— Осы ұйғарымды әр жігіт өзінің тәуір көретін қызына бүгіннен қалдырмай жеткізсін де, ертең серуенге ертіп шықсын деген байлау болды. Саған келіп тұрғандағы басты жұмысым —осыны айту,—деді Досан. Неліктен екенін білмеймін, екі беті лып етіп қызара қалды. Осы мезетте өзімнің бетімнің де ду ете түскенін сездім.

— Бізбен бірге серуенге барасың ба? — деп сұрады Досан.

Мен ақырын ғана басымды изедім.

Келесі күні сәске кезінде біз, бір топ жас, «Салпық» тауын бетке алып, серуенге шықтық. Жігіттер бірыңғай, қыздар бірыңғай сән түзеп, бірақ, бәріміз қатарласып жүріп келеміз. Қыздар жағы қаздай тізіліп, қолтықтасып алғанбыз. Жігіттер біздерді өткір әзілмен қағытып, оларға есемізді біз де жібермей, екі ұдай боп, сөзбен қақпақай ойнап бара жатырмыз. Менің оң жағымда келе жатқан сұңғақ бойлы, аққұба өңді, ботакөз қыз Қәмәлия бір мезгілде тамағын кенеп, ән шырқай жөнелді.

«Базардан алып келген күміс қасық,
Боз бала, сөз сөйлейсің көңілің тасып.
Шешен болсаң менімен айтысқа шық,
Қаларсың отқа салған сымдай жасып».

деп, жігіттерге өлеңмен тиісті. Кәмәлия ашық әсем үнді әнші болатын. Даусын шырқай созып, әннің соңын сыңғырлатып әкеп қайырғанда, қыздар ду етіп күліп қостап, қол шапалақтадық.

Осы мезетте жігіттер жағынан Досан алға шығыңқырай беріп, бар даусымен айқайлап әндетіп кетті. Қазақтың халық әнінің әуеніне салып, Кәмәлияның өз сөзінен құрап, оған жауап қайырды.

«Базардан алып кепсің күміс қасық,
Ән шырқап қоя бердің көңілің тасып.
Айтысқанмен сен мені жеңесің бе,
Қалқатай, мен өзіңе болсам ғашық!»

дегенде, Досанды қошаметтеп, жігіттер мәз болды.

Кәмәлия тағы да шырқай жөнеліп, жігіттің әзіліне орай ойнақы сөзбен жауап беріп еді. Досан да іркілмеді, Кәмәлияның айтқанын қағып алып, өлеңді алғашқы жолғыдай, қыздың өз сөзінен жылдам құрап айтты.

Екеуі бір-біріне жеңістік бермей, біраз жерге дейін осылай өлеңмен айтысып барды. Мен Кәмәлия құрбымның еркелетіп айтқан әніне, ойнақы, өткір әзіліне шын разы болып, әрі Досанның да сөз тапқырлығына ішімнен қатты сүйсініп келемін. Досан бір-екі рет шапшаң жауап қайыра алмай мүдіріңкіреп қалғанда, көңілім алабұртып, жүрегім бір түрлі лүпілдеп те кетті. «Жеңіліп қалмаса жарар еді»,— деп тіледім ішімнен. Ол зор даусымен өлеңді қайтадан шырқатып ала жөнелгенде, қобалжыған көңілім орнына түсе қойды.

Біз тау етегіне келіп, жапырағы төгілген қарт қайыңның саясында отырып, азырақ дем алдық та, ағаштың арасымен тік өрлеп, ілгері жүрдік. Енді екеу-екеуден жұптасып, біріміздің соңымыздан біріміз, шұбай жүріп келеміз. Әзілдесіп, қатты күліп, орман ішін жаңғырықтырып жібердік.

Досан мені қолтықтап алған, біз алда келе жатырмыз. Таудың төбесі бөрік секілденіп шошая біткен және жақпар тасты болатын. Дәл осы шоқы тастың басына тырмыса өскен жалғыз қарағай бар.

— Қарашы, Қалима, қандай әсем! Қыз бөркінің шошақ төбесіне қадалған үкі сияқты емес пе?!— деп, Досан тамашалап, тоқтай қалып, қызыға қарады.

— Жүр, кәне! Тез жетелік қасына! — деп, мені қолымнан жетелей, өрге тырмыса ұмтылды.

Шоқы басына жүгіре басып шыққанша өкпем күйіп, қатты алқынып қалдым да, жақпар тасқа жете беріп отыра кеттім. Досан бөгелместен тасқа өрмелеп, үкі қарағайдың түбіне барып тұра қалды да, мені шақырды. Мен де тырмысып, жоғарыға өрмелей бергенімде, ол қолымнан тартып, мені қасына шапшаң шығарып алды.

— Қарашы төңірекке. Қандай сұлу! — деп, Досан биіктен алысқа көзін қадап, айнала атырапқа құмарлана қарап, ұзақ сүйсініп тұрды.

Оның қараған жағына мен де көз жіберіп, даланың сұлу суретін қызыға тамашаладым. Сабағы әлі қатая қоймаған жас селеуінің шашақты басы желбірей ырғалып, боз көделі дала кілемнің түгіндей құлпырып көрінді. Таудың ық жақ іргесінде, үлкен дөңгелек шар айна секілденіп, мөлдіреп көл жатыр. Одан әріректеу кең жазықта шашырай өрістеп мал жайылып жүр. Ауылдың әппақ үйлері, теңіз бетінде қалқыған ақ желкен секілденіп, алыстан қызықтыра көз тартты. Бозторғайдың әдемі әні, орманның кішкене әнші құстарының сүйкімді үні, шегірткенің бір сарынды жағымды шырылы, неше алуан күй аспаптарынан төгілген әуездей боп, үздіксіз естіліп тұр. Дала гүлінің, тау баурайының небір нәубәт өсімдігінің хош иісі жұпарша аңқиды. Тынысым кеңіп, көкірегіме күй толғандай боп, көңілім бір түрлі тебіреніп, Досанның жүзіне ақырын ғана бұрылып қарап едім; оның да өні қызара балбырап, ерекше құлпырып тұр екен. Осы сұлу кең даланы құшағына орағысы келгендей соншалық ынтыққан, құмартқан ажармен, елтіп қарап қалған. Дәл осы мезетінде менің көзіме Досан ғашықтық туралы қиссалардағы жар аңсаған жас батырдай елестеп кетті. «Қандай сүйкімді жігітсің, Досан!» деп, ішімнен сүйсініп, оның келбетіне қызығып, қадалып қарап қалғанымды өзім де байқамаппын.

— Екеуің, тіпті, Ләйлі мен Мәжнүн құсап жарасып тұрсыңдар ғой! — деп, сырт жағымнан Қәмәлиянің сынғырлаған күлкісі естілгенде селт етіп, өзімнен өзім қысылып, бір түрлі ыңғайсызданып қалдым.

Ол біз тұрған биік жақпар тастың үстіне жылдам көтеріліп шықты да, өзінен кейін келе жатқандарды сөзбен қамшылап, әзілдеп, қытығына тиді.

— Өрмекшіше өрмелемей, аяқтарыңды бассаңдаршы тезірек! Құмырысқаша қыбырлауын бұлардың. Қалима, Досан, қараңдаршы, анау семіз шіркіннің тілі аузынан салақтап шығып кетіпті,— деп, сықылықтап күледі келіп.

Оның сөзіне, әлде сүйсінгені ме, әлде ерсі көргені ме — ұқпадым, Досан да мырс-мырс етіп күліп тұрды.

Жақпартастың үстіне бәрі түгел шыққаннан кейін, екі беті нарттай жайнап, көзі күлім қаққан Қәмәлия: «Ал, қане, қосылып ән салайық!» — деп ұсыныс жасады да, қазақтың сұлу тау туралы әсем асқақ әнін өзі шырқап бастап жіберді. Қалғанымыз түгел қосыла жөнелдік.

Тау басынан шырқалған ән еңістегі қалың орманға жаңғырығып, алысқа тарап, кең атырап үстімен қалықтап ұшты. Осы мезетте даланың бар үні тына қалғандай, тау да, орман да, оның әнші құстары да тек біздің әнімізге ғана құлақ түргендей тым-тырыс бола қалды. Мен өзім әнші емеспін, ойын-тойда кезектен құтылуға ғана жарайтын даусым бар. Сол сапар биікте тұрып, құрбыларыммен қосылып ән салғанда, өз даусым өзіме сыбызғыдай сызылып естіліп, өзімнің үніме бір рет сүйсініп едім.

Біз әуелі тобымызбен, сосын екі-екіден, үш-үштен қосылып, бірнеше ән айттық. Содан кейін, бәріміз қалап, Қәмәлияға жеке ән салдырдық. Қәмәлияның бір мінезі— ән шырқаған кезінде көзін актрисаша ойнақшыта күлімдетіп, қасын анда-санда серпіп көтеріп қалып, тыңдаушыны өзіне қызықтыра тартып тұратын еді. Қасы-көзінің осы қимылы аққұба, сопақша өңіне сондай жарасып. кескінін ерекше сұлу етіп көрсететін. Мұны өзі де ішінен сезетін де, әсіресе ынтық-зары мол ғашықтық әнді айтқан кезінде сол машығын көбірек жасайтын. Қәмәлия тау қойнауын жаңғыртып, сондай бір сырлы әнді құлпыртып шырқап еді.

Құрбымның әдемі әнін, бар көңілді түгел аударып, тыңдап тұрғанымда, бір мезетте көзім Досанға түсіп кетті. Ол мана тау басына шыққан бойда төңірекке соншалық қызығып, құмарлана қараған кезіндегі кейпіне еніп, Қәмәлияға ынтығып қарап қалған екен. Қәмәлия әнін аяқтай беріп, басын Досанға қисайта бұрыңқырап, шұ-

ғылалы жанарын жалт еткізіп аударып қалғанда, жігіт көзін төмен салып, жеңіл ғана күрсінгендей болды. «Қыз көзінің шұғыласынан жігіт жүрегіне махаббат ұшқыны түсті ме?» Бірақ, сол сәтте менің басыма мұндай ой келген жоқ.

Ауылға бет алып қайтып келе жатқанымызда Досан маған: «Қәмәлиянің әні мен көзі-ай шіркін! Бірі сыңғырымен, бірі нұрымен жаныңды елтітеді»,— деп сырын айтып еді. Оның бұл сөздеріне де ешқандай мән берген жоқпын. Сүйсініп айтқан сөзде не тұр? Біреуді біреу қылығымен сүйсіндірсе, бұған қызығып қана қарау лайық қой. Адамға осындай мінез жарасар... Сол түнгі көңілді серуен, бәріміз тау басынан шырқаған ән көңілімді теңіздей шалқытып, жанымды тербетіп, жүрегіме зор қуаныш толтырып еді.

Үйге келгенімде тағы да бір үлкен қуаныш қарсы алды мені. Көрші ауылда Оразбек ағамның ұнатып, сөйлесіп жүрген бір қызы бар болатын. Есімі — Нәзия. Сыртынан өзім де бір-екі рет көргенмін. Отырыс-тұрысына, қимыл-қозғалысына қарап, өте әдепті, сыпайы адам болар деп топшылағам. Оразбек екеуінің сөзі әбден піскен соң, қыз бұл сырды жеңгесі арқылы ата-анасына білдірткен екен, олар мақұл көрмепті. «Бізге құда-құдағи болып сыйласатын, әке-шешесі бар күйеу керек. Үйінде дүние-мүліктен тұлдыры жоқ жетім жігітке қыз бере алмаймыз»,— деп сырғақсыпты да, осы үкімді шешесі қызына қатты қысым жасап отырып айтыпты. Нәзия ата-анасына қарсы келмепті, сырын ішіне бүгіпті. Өзінің бар ойын жеңгесіне ғана сездіріпті. «Әке-шешем ренжір, бірақ жалғыз қызынан түбі безе қоймас. Сүйгенім — Оразбек. Соған қосыламын. Кісіге дүние-мүлік серік емес, мен адамгершілікке қызықтым»,— депті.

Оразбек осы жайды маған баяндап айтты да:

—Нәзиямен бүгін сөз байласып келдім. Үш күннен кейін алып қашып әкелемін. Жеңгеңді қарсы алуға әзірлене бер,— деп жымиып күлді.

Мен қатты қуандым. Нәзиямен бұрын дидарласып, тіл қатысып көрмесем де, ата-анасының әлгіндей әмірінен кейін оның жасып қалмай, жылап-сықтамай, орнықты мінез көрсеткеніне, сертке бекемдігіне ішімнен өте сүйсініп, жер-көкке сыйғызбай мақтап жатырмын. Осындай асыл адамды таңдап тауып алған Оразбек қандай ақылды!

Үш күннен кейін Оразбек қасына екі жолдасын атқосшы ғып ертіп, солқылдақ жеңіл тарантасқа жүрдек үш атты қатарластыра жегіп, бесін кезінде үйден аттанып кетті де, ымырт үйіріле берген уақытта қалыңдығын алып қашып келді. Оразбектің келіншек әкелуге кеткенін ауыл жастары түгел хабарланып, жиналып келіп, біздің үйде күтіп отырған еді. Кезектесіп ән шырқап, домбыра тартып, көңілді думан құрып отырғанбыз. Арамызда егде кісі жоқ. Өзімізге қарасты ағайынның үлкендері де келген, бірақ олар той жабдығын қамдасып, шошала жақта жүрген-ді.

Ат-арбаның күрсілдеген дыбысы естілген кезде, орнымыздан бәріміз жабыла көтеріліп, қуана дабырлап, сыртқа жүгіріп шықтық.

— Е-ей, жолдан былай қағылыңдар! Алдымызға шықпаңдар! — деп, делбе ұстаған атқосшы алыстан дауыстады.

Ол шеткі екі атты қырындата ойқастатып, ортаңғы атты сар желдіріп, екпінімен өте шықты да, үйді орағыта айнала беріп, аттарды үлкен қақпаның дәл алдына ентелетіп әкеп тоқтатты. Біз арбаға жүгірдік. Өзім тарантасқа жұрттан бұрын секіріп шығып, Нәзияны мойнынан құшақтай алдым.

— Қарағым-ау, келіннің арбадан түсіп, әуелі қайын жұртына тағзым етуіне мұрсат берсеңші,— деп бір егде әйел құлағымның түбінен үн қатты.

Нәзияны қолтықтап арбадан түсіргенімде, өз ағайынымыздың қадырлы үлкені — Биапаң атанған әжем, келінді құшақтап екі бетінен сүйді де, ақ тілекпен жақсы бата берді.

— Енді «көсегем осы үйде көгерсін» деп, табалдырықтан оң аяғыңмен аттап, өз отауыңа кір, шырағым,— деп, қолын екі жағына ақырын ғана серпіп, «келінге жол беріңдер» дегенді аңғартып, белгі жасады.

Қаумалаған жұрт бірін-бірі қақпалап, араларынан жол аша берді. Үлкен қақпаның маңдайына ілінген қос фонарьдың жарығы алдымыздан тура түсті. Үстіне желбіреуік етекті ақ жібек көйлек, жеңіл шапан киіп, басына төгілтіп ақ торғын шәлі жамылған Нәзияні бір қолтығынан өзім, екінші қолтығынан басқа қыз қолтықтай ұстап, қақпаға қарай қозғалдық. Шәлісін көзіне түсіріңкірей жамылған Нәзия төмен қарап, сәл жымиып, ая-

ғын ақырын ғана басып жүріп келеді. Қақпадан табақ көтеріп шыға келген әйел алдымыздан шашу шашты.

Үйге кірген соң, ежелгі салт бойынша, келінді құрулы шымылдықтың тасасына отырғыздық та, замандас қыздар оның екі жағынан кеп, жалпақ текемет үстіне жағалай қатарласа жайғастық. Құрбыларымның бар ынтығы жаңа түскен жас келінге ғана ауып, оның түр-әлпетіне, қимыл-қозғалысына сынай қарап, бірімен-бірі ақырын ғана сыбырласып сөйлесіп отырды.

— Қыздар, неге қылымси қалдыңдар. Жас келіннің тойына әннен шашу шашайық. Бұл күн ертең бәріміздің де басымызға келеді ғой,— деп, оң жағымда отырған Кәмәлия күліп сөз қатты.

Нәзия маған қарап жымиып қойды. Терең сыр ұқтырғандай өте бір әсерлі, нәзік көзбен қарап еді. Менің еш жігітпен байласқан сөзім жоқ-ты. Ғашықтықтың мәнісін ұға да қоймаған кезім. Бірақ, жүрегімнің, тек өзім ғана білетін, бір құпиясы бар болатын. «Жеңгем соны көзімнен танып қойды ма?» — деп, сәл қысылдым. «Таныса қайтушы еді? Сезе берсін... Ертең өзімнің алдымен сыр айтатын ең жақын адамым осы емес пе» — деген бір ой басыма және лып етіп келе қалды да, жеңгеме қарап, өзім де жымиып күлдім.

Дәл осы секундті күткендей, Досанның көңілді даусы естілді.

— Достар, шымылдықты түріп қоялық! Нәзия бұрынғының келіні емес қой, тасада бұғып отыратын. Оның да, қасындағы қыздарының да ақ дидарын, күлім қаққан қарақат көздерін бәріміз де көріп отыралық! — деп, ол орнынан түрегеліп, өзі келіп, шымылдықты жоғары қайырып түріп қойды.

— Ал, Қалима, қуаныш бәріміздікі, жеңге сенікі, ауылдың алты аузын өзің баста,— деді маған бұрылып.

Жаңағы басыма келген ойлардың әсері ғой деймін, бір түрлі қысылып, бөгеліңкіреп қалдым. Екі күннің бірінде айта беретін әндердің біреуі аузыма түссейші. «Жеңеше-айды» айтсайшы», — деп, Кәмәлия әннің басқы ырғағын бәсең дауыспен сызылтып, мені жетелеп жіберді.

Мен әнді айтып тоқтаған кезімде Нәзия:

— Сіңлім, әнді жаныңмен айтады екенсің. Даусының сазы жақсы,— деп, жұмсақ үнмен сөз қатып, өзінің сүйсінгенін білдірді.

— Бізді қойшы, дауысымыз төрден есікке жетпейді... Әннің еркесі, міне, мынау отырған құрбым,— деп, мен Кәмәлияны нұсқадым.

— Сен де қара жаяу емессің ғой. Ән жарысы басталса, көштен қалып қоярмын деп қорықпа,— деді Кәмәлия күліп.

— Құрбың дұрыс айтады, адам жанын әннің айқайы тербемейді, сазы тербейді,— деді Нәзия маған.

Жеңгемнің осы сөзін бүгінде де есіме жиі аламын. Жақсы әнде талай сырлы қасиет бар ғой. Сезімтал адам, өлең айтқанда, әннің осы қасиетін өз әлінше бейнелеуге тырысады. Әннің сырлы әуенін өз жанының күйіне үйлестіре алады. Ол адам асқақ үнді әнші болмаса-дағы, өзінің табиғи даусыменен тыңдаушының көңілін тербетеді. Кей кісінің даусы зор болғанмен, ән айтқанда үйді басына көтеріп құр айқайлап, мезі қылады. Және мұнысын өзі сезбейді де, айқайы зорайған сайын екілене түседі. Асылы, әнді сезімге бөлеп айта білмегеннен кейін, ауызды жұмып, тыныш отырған жақсы ғой.

Оразбек пен Нәзиянің үйлену тойында әнді жұрттың бәрінен көп айтқан — Досан болды. Менен бастап, домбыраны қолдан-қолға жағалатып, кезекпен бір-бір реттен өлең айтып шыққаннан кейін, той басқарушы жігіт қыз-бозбаланы араластырып отырғызды да «көрші» деп аталатын ежелгі халық ойынын бастады. Ойынды жүргізуші ретінде ол әуелі өзінің қоятын талаптары мен шарттарын айтып, көпшілікке мақұлдатып алды да: «Енді кімде-кім осы тәртіпті орындаудан бас тартса, ойыннан аластап, бөркін басына теріс кигізіп, үйден шығарып жіберемін!» — деп ескертті. Жұрт не десін, ойында өрлік жоқ, ойынды көтере алмайтын болсаң, қатарға кірмеуге керек.

Ойын басталып кетті.

— Көршіңмен татусың ба, аразсың ба? — деді басқарушы жігіт, Кәмәлияның алдына бір тізесін бүгіп, жүресінен отыра қалып.

— Аразбын,— деді Кәмәлия ойнақыланып.— Маған Досанның көршісі керек.

Басқарушы жігіт жалт бұрылып:

— Досан! Көршіңді бересің бе, жоқ па? — деп сұрады.

Досан басын шайқады.

— Қәмәлия, жазаға не бұйырасың? — деді басқарушы жігіт.

— Жазасы — екі шыбық, екі ауыз өлең,— деп, Кәмәлия сыңқ етіп күлді.

— Төртіп бойынша, екі жазаның бірін ғана айт. Жаңа түсіндірдім ғой бәріңе,— деді басқарушы жігіт ескертіп.

— Ендеше өлең айтсын,— деді Қәмәлия, көзін Досанға жалт еткізіп бір аударып.

Басқарушы жігіт қолындағы жалпақ белбеуін көтеріп белгі берген кезде, Досан баяу қоңыр даусымен ән бастады. Үйдегі жарын сағынып, салт атпен ауылына асығып келе жатқан жолаушы жігіт сезімін паш ететін күйлі өленді ағытты. Өзі ырғала түсіп, өленнің сырына толқығандай болып, әнді толғанып айтып шықты.

Досан екеуміз бір көрші едік. Ол мен үшін ән айтып отырғанда, өз жүрегімнің өзгеше бір лүпілін сездім. Өне бойым бір суынып, бір ысып, денеме діріл енгендей болды. Досан әнін аяқтап, қолымнан ептеп қана ұстай берген мезетте, жүрегім тіпті қатты лүпілдеп кетті...

Қәмәлия өзіне кезек келген сайын: «мен көршіммен аразбын, Досанның көршісі керек»,— деп, осы райынан айнымай қадалып отырды да, Досанның өзгермес ыңғайына әбден көзі жеткен соң, енді мені сынамақшы болды. «Қалиманың көршісін қалаймын, бермесе, жазасы — екі шыбық»,— деді ол әуелгі жолы. Ойын басқарушы жігіт, оның әмірін орындап, менің алақаныма белбеумен шарт-шарт еткізіп екі рет ұрып қалғанда, Қәмәлия сықылықтап күлді. Ол бұдан кейін де маған екі рет ән айтқызып, алақаныма екі рет шыбық ұрғызып, төрт мәртебе жаза тартқызды. Досан екеумізге неге сонша қадалғанын білмеймін.

Қәмәлия тіпті қояр болмаған соң, ойын басқарушы жігіт бір ұсыныс жасады.

— Қалима мен Досан бірімен-бірі тату-тәтті көрші екенін дәлелдеді. Енді сол татулықтың белгісін көрсетіп, жігіт қыздың бетінен бір сүйсін. Содан кейін еш қайсың бұл екі көршінің мазасын алмайтын боласың. Қатаң тыйым саламын! — деді.

Бәрі ду етіп құптады. Мен қызарып төмен қарадым. Ойын басқарушы жігіт Досанға бұйрық беріп, қыспаққа ала бастады. Мен ұялып, бетімді алақаныммен қалқалай бердім. Досан күле түсіп, мені оң қолымен сыртым-

нан орай ыңғымнан құшақтады да, ыстық демін жақындата беріп, бетімнен сүйіп алды.

— Міне, біздің татулығымыздың белгісі осындай! — деді көңілді үнмен.

Сосын менің құлағыма: «Қалима, қымсынба... Мен сенің бала кезден бірге өскен досыңмын ғой. Досының бетінен досы сүйсе, онда тұрған дәнеме жоқ»,— деп, ақырын ғана сыбырлады.

Досан сүйіп алғанда бетім ду ете түсіп, өзгеше бір қызу тұла бойыма лап етіп тарап еді. Жігіт құлағыма сыбырлап үн қатқанда сол қызу тіпті күшейіп, денемді өрттей қыздырып, үйдің іші қайнап кеткендей болды...

Той тарқағаннан кейін, жеңгеммен бірге сыртқа салқынға шыққанда оған өзімнің басымнан өткен осы жағдайды сыр ғып айтып едім.

— Бұл махаббаттың белгісі,— деді Нәзия. Сосын мені құшақтады да, бетіме көзі күлімдеп қарап тұрып: — Досанды сүйесің бе? — деп ақырын ғана сұрады.

Мен жымиып күлдім де, бетімді оның кеудесіне баса қойдым.

— Енді түсіндім бәрін...— деді Нәзия. Жұмсақ алақанымен мені шашымнан сипады.

Жеңгемнің құшағында қуанып тұрып, биік аспанға көз аударып қалып едім, дәл төбеміздегі үлкен жарық жұлдыз жымың-жымың етті. Менің жүрегімнің сырын ол да сезіп қалғандай.

Жаздың бұлтсыз ашық кездегі түнгі аспаны қандай көркем! Сансыз жұлдыз биікте жымың қағып, саған ғана қызығып қарап тұрады. Қоңыр самал майда лебімен бетіңді желпиді. Ел ұйқыда. Дала тыным алған. Түнгі уақыттағы дыбыс та сондай әсерлі; жаңғырып естілгенде елең етіп, қызығып құлақ тігесің. Ауада да айрықша хош иіс болады, тынысыңды кеңейтіп, бойыңды ерекше сергітеді. Осындай қоңыр салқын тыныш түнде ой дүниесіне енсең, қиял еркін самғап ұшады. Тек тізгінін дұрыс ұстай біл.

— Нәзия, қарашы жоғарыға. Аспан қандай сұлу! — деймін жымыңдаған жұлдыздарды тамашалап.

Мені құшақтап тұрып, жеңгем де аспан көркіне сүйсініп ұзақ қарады.

Көшенің бір шетінен біреудің жуан даусы естілді.

— Досанбысың, ей?.. Тойдан жаңа тарқадыңдар ма?..

Ой, жастар-ай... Сен келінді қашан түсіресің? Қалыңдығың бар ма? — деп дауыстады.

— Бар... Қалыңдығымды үйіне шығарып сап келе жатырмын,— деп, күліп жауап қайырды Досан.

Жүрегім селт ете түсті. «Кім екен ол қалыңдығы? Мен бе?.. Бірақ, мен жеңгемнің қасында тұрмын ғой... Оның шығарып салғаны басқа қыз болғаны ма?» — деп, ойым ұйтқып кетті.

Таныс дауыс тағы да естілді.

— Ертең пішенге шығатынымызды білесің бе? — деп сұрады жуан дауысты адам.

— Білемін... әзірмін.— деп жауап қатты Досан.

— Пішен басына күн шыға көшеміз. Төсегіңе дереу барып жат та, соған дейін мызғып ал,— деді анау адам.

— Әй, білмеймін, бүгін ұйқым келер ме екен...— деді Досан. Одан арғы сөзін ести алмадым...

Ертеңіне олар шабындық басына көшіп кетті. Мен қалың ойдың шырмауында қала бердім. Арада біраз күндер өтті. Бірақ, қанша терең бойлағанмен, ой түбіне жете алған жоқпын. Бәрі де жұмбақ... Мәлімсіз... Тек жүрегіме әлде бір күдіктің орала бастағанын ғана сезем ін...

Бір күні кешқұрым үйде өзім ғана оңаша отыр едім, өңі жайраң қағып Досан кіріп келді.

— Қалима, сәләмат па? — деп, көңілді үнмен амандасты.— Саған айтар бір сырым бар. Сол үшін пішен басынан әдейі келдім. Ақылыма ақыл қос,— деді.

Ол қасыма келіп отырып, өңі қызарып, құбыла түсіп, сөзін жайлап қана бастады.

— Қалима, сенен бір құрбың туралы сыр сұраймын. Өз ойынды жасырмай, ірікпей ашық сөйлеуіңді өтінемін,— деді.

Мен оның ажарына қарадым да, күдік пен үміт араласқан сезіммен:

— Маған сенім артып келген болсаң, менің де сенен бүгерім жоқ,— дедім.

Досан менен Кәмәлия туралы сұрады. Мен бұл құрбымның ақ жарқын ашық мінезді қыз екенін, пысықтығын, қолының іс білетінін мақтап сөйледім.

— Өңі де келбетті, әнші де. Оның басынан тек бір ғана ұнатпайтын жайым бар. Көркі, әні жақсы болғанға, Кәмәлия өзін басқа құрбыларынан артықпын деп ой-

лайтын сияқты. Осы мінезін екі-үш рет байқадым,— деп, сынымды да айттым.

— Е, «ондай-ондай хан қызында да болады», жүре-бара қалады ғой мұндай мінез,— деді Досан күліп.

— Қайдан білейін,— дедім. Шыным сол еді.

— Кәмәлияні жалпы қалай бағалайсың? — деп сұрады Досан.

— Құрбымды жамандауға қақым жоқ. Кәмәлия — жақсы қыз. Бір жігітке серік болуға жарайды,— дедім мен.

— Ендеше жаза басқан жоқ екенмін. Сол қызды ұпатып қалып едім. Жүрегім бір түрлі лүпілдеп тұр! — деді Досан, кескіні құбыла қуанып.

Біреу үстімнен мұздай су құйып жібергендей денем дір ете қалды. Жұлын-тұтамды қуалай, суық ызғар жүгіріп өтті. Өңімнен білінген белгіні Досанға байқатпауға тырысып, бетімді бір жағыма бұра бердім...

Досан еш нәрсені сезген жоқ. Сол үшін жазғырайын ба оны? Онда айып бар ма? Досанға бар ынтығым ауып, өзім ғашық болдым. Жүрегіме оралған махаббат сезімі мені неше алуан толқынды күйге салды. Жанымның сол толқынды күйін көзімнен Досан қалайша ұқпады екен? Бірақ, жігітті кінәлай алмаймын. Ол маған махаббат жайынан бір ауыз сөз айтпаған. Бала жастан бірге өскен қатар құрбым деп, маған достық тұрғыдан ғана қарап келген...

Бір жетіден кейін екі жақ құда түсісіп, той жасалып, Досан мен Кәмәлия қосылды... Өткен іс қой несін жасырайын, олардың үйлену тойына баруға менің қайратым жетпеді. Досанның өзі арнап кісі жіберіп, екі рет шақыртты, «басым зеңіп науқастанып жатырмын»,— деп, төсегімнен тұрмадым...

Сол күні басыма келген ойдың ұшы-қиыры жоқ еді. Көңілім алау-далау болады... Бірақ, сонша күйзеліп қамықсам да, басыма қызғаныш ой келген жоқ еді. Тек жүрегіме әлде бір өкініш қана оралғандай болды. «Кәмәлия, Досан, бақытқа жетіңдер. Алдымызда өмір ұзақ, сын көп. Біріңе бірің опалы болыңдар»,— деп тіледім ішімнен.

Келешекте қандай халді басынан кешіретінін кісі болжап біле ме. Тағдыр біздерге өмірдің үлкен сынын әзірлеп тұр екен. Үш күннен кейін, «Герман фашизмі елімізге тұтқиылдан шабуыл жасап, соғыс бастады»,—

деген ауыр хабар естідік. Ол кезде, қазіргідей емес, ауылымызда радио да, телефон да жоқ болатын. Суық хабарды ауылдан он шақырым тұратын селодағы почта бөлімінің жіберген адамы салт атпен келіп хабарлады. Тыныш еңбекпен шұғылданып жатқан жұрт дүрілгісіп қалды. Келесі күні естіген хабарымыз тіпті ауыр болды. Жау еліміздің батыс шекарасын бұзып өтіп, қалалар мен деревняларды бомбалап, өрттей қаптап ілгерілеп келе жатқанын білдік. «Япырай, біздің әскерлер неғып төтеп бере алмады? Қапыда қалды-ау, ә? Бұның ақыры не болар екен?» — десіп, жұрт тықырши түсті. Бір күннен бір күннің хабары ауыр бола берді...

Қырық бірінші жылдың оныншы июль күні ауылдың жас азаматтарын аудандық соғыс комиссариаты шақырды. Жігіттер шақырту қағазды алған күні, пар-пар ат жегілген төрт көк арбаға бөлініп мініп, ауданға түнделетіп жүріп кетті.

Сол түні Нәзия жеңгем екеуміз көңіліміз аландап ұйықтай алмай, атар таңды көзімізбен атқыздық.

— Жүрегім әлденені сезгендей болады. Ағаң осы сапар әскерге жүретін боп келер, сірә,— дейді Нәзия.— Қайтеміз, басқа түскен іске пенде көнеді. Көппен көрген ұлы той. Тек амандық тілейік,— деп, сосын өзін де, мені де жұбатқан болады.

Жеңгемнің сөзін үнсіз тыңдап жатып, мен бір мезгіл Кәмәлияні ойға алдым. «Досанды ойлап аландап, ол да ұйықтай алмай жатқан шығар. Досан ертең әскерге жүріп кетсе, жарының күйі не болар. Қандай қиын»,— деп, Кәмәлияға ішімнен аяныш білдірдім. Енді бір уақытта басыма жаңа ой келіп, көңіліме өзгеше толқын салып тербеді. «Ел басына күн туғанда, азамат жарақ асынып жауға аттанса, елін қорғап от кешсе,— бұл абыройлы ерлік емес пе? Сол ердің үйдегі жары болып, оның тағдырына аландасаң, сағынсаң, ол жеңіспен оралғанда алдынан қуанып шығып, мойнына еркелеп кеп асылсаң,— мұның бәрі қандай бақыт!» — деп қызықтым. Көңіл шіркін де қызық-ау, толқыны бірде биіктеп, бірде аласарған теңіз құсап тербеліп тұрады. «Өз басыңа түспеген соң білмейсің ғой. Жаңа қосылған жарыңды жыраққа аттандыру қайдан оңай болсын»,— деп енді бір ой келгенде, көңілім қайтадан алабұртты.

Ауданға түнделетіп аттанған Оразбектер ауылға ертеңіне күн бата оралды. Әскери комиссиядан өтіп, бәрі

де армия қатарына алынатын боп келді. Жөнелту пунктіне үш күннен кейін, тағайындалған уақыттан кешікпей келуді міндеттеп, аудандық соғыс комиссариаты қолдарына бұйрық қағаз жазып беріпті.

Біздің кішкентай ауыл әскерге көп адамды бірден бұлай аттандырып көрмеген еді. Әскерге жүретін жігіттерді, бір үйден кейін бір үй тобымен қонаққа шақырып, дәм үстінде үлкендер ақ тілеулерін айтты. Алыс, қиын сапарға аттанғалы отырған азаматтарға жігер берер, медеу болар сөздер сөйледі.

Осы үш күн ішінде Оразбек Нәзияны да, мені де қасынан қалдырмай ертіп жүрді. Дәмге шақырған үйлердің қай-қайсысына барса да, көңілденіп өлең айтып, жұртты күлдіріп, қаяусыз жарқын мінез танытып отырды. Әскерге жүретін ерлерінің қасында отырған әйелдерге: «Бізді аттандырарда жыламаңдар. Көздің жасы көңілді жұқартады. Сендердің көздеріңнен қайғы емес, қайрат көріп аттансақ, біз де жігерлене түсеміз»,— деп, ақыл айтып қояды.

Мен Кәмәлияға қайран болдым. Ол осы үш күн ішінде қайғы-мұңға өте беріліп, қабағы қатып, екі жағы ортайып, науқас адамдай жүдеп қалды. Еңсесі түсіп кетті. Көңілі бір серпіліп көтерілмеді. Жағдайын ұғып, ішімнен оны қатты аядым.

Жігіттердің жүретін уақыты таялды. Пар-пар ат жегілген көк арбалар жолға шығып тоқтады. Оразбек Нәзия екеумізді үйден қолтықтап шықты да, арбалардың қасына жиналған жұртқа жақындай бергенде бөгеліп: «Ал енді жүреміз. Бізді ойлап қамығып, құр жадап-жүдемеңдер. Біріңе-бірің серік боп, бірінді-бірің жебеп, қайратпен күн көріңдер»,— деп, келіншегі мен мені көкірегіне қатты қысып құшақтады. Көңілім босап, көзіме толқып жас келді. Іші-бауырым езіліп тұрса да, Оразбектің кешегі сөзін ойлап, жыламауға бекіндім. Нәзия шыдамады. Оразбек құшақтаған кезде, жеңгемнің көзінен жас домалап кетті.

— Жылағалы тұрсың ба, жаным? — деді Оразбек оның көзінің жасын саусағымен сүртіп.

— Жоқ, жыламаймын... Қашан ораларсың... Сағынамын ғой,— деді Нәзия, көзінде жас мөлдіреп күлімсіреп.

Осы мезетте байқадым, үй-ішінің жандары, туысқандары қаумалаған Досан қақпадан шығып келе жатыр екен. Ол арбалардың қасына жиылған жұртпен жағалай

қол беріп қоштасты да, біздің қасымызға келгенде, Нәзия екеумізді қатар құшақтап: «Бірің алтын жеңге, бірің асыл құрбы едің. Қайда жүрсем де ұмытпаспын сендерді»,— деп, жеңгемді көзінен, мені маңдайымнан сүйді.

Алдыңғы арба жылжып қозғала берді. Бір-екі жігіт арбаға секіріп мінді. Қәмәлия шәлісінің шетімен аузын басып, екі иіні дірілдеп, үнсіз жылап тұр еді. Досанды мойнынан құшақтай алды. «Мені қайтіп қана қиып кетіп барасың, Досаным-ау? Сен жоқта мен қайтіп күн көрермін?» — деп дауыстап жылап, ерін құшағынан босатпай ұзақ егілді. Менің де жүрегім елжіреп, иегім дірілдеп, жылағым келді.

— Қәмәлия, сабыр ет, жаным. Біз жылап қалсақ, ерлеріміз көңілі жүдеп аттанады ғой,— деп, Нәзия жұбаныш сөз айтып, оның құшағын зорға айырды.

Досан арбаға үнсіз шығып отыра бергенде бір жігіт:

— Келіншегің жайшылықта жайнандап кісіге сөз бермеуші еді, бірақ өзі қайратсыз су мұрын екен ғой,— деп қатты әзілдеді де,— әй, келіншек, қазір сықсыңдап жылап қалып, ертең күйеуің жоқта шошаңдап жүрме! — деп, Қәмәлияға дауыстады.

Досан құрбысының әзілін көңіліне ауыр алды ма, әлде әйелінің егіліп жылағанына жүйесі босады ма, төмен қарап, қыбырсыз отырып қалды.

Аттар арбаны жұлқи тартып жөнеле бергенде, Досан басын сәл көтеріп, мен тұрған жаққа көзін аударды. Мен буындарым дірілдеп, қыбыр ете алмай, орнымда қалшиып тұрып қалдым. Соңдарынан шұбалтып шаң қалдырып, арбалар ұзай берді.

— Сіңлім, жылап тұрсың ғой,— деді Нәзия мені құшақтап. Екі көзімнің шұбырған жасын сонда ғана байқадым...

Сол күні кешке ауданнан уәкіл келіп, ауылда митинг өткізді. Бұл жиынға ауылдың ер-әйелі, кемпір-шал, бала-шаға түгел жиналды. Уәкіл тұтқындалған соғыстың жағдайына тоқталып, жаудың беті жаман екенін, ел басына ауыр күн туғанын, совет әскерлерінің кей жерлерде шегінгенін қысқаша айтты да, еліміз тәуелді, халқымыз құл болмау үшін барлық жұрт майданға көмектесуі керектігін, ол үшін тәртіпті бұрынғыдан қатайтып, ерекше еңбек ету қажет болатынын ұғындырды. Ауылдың дені сау ер азаматтары әскерге әлі де алына-

тынын, сондықтан карттарға, әйелдерге, балаларға көп ауыртпалық түсетінін ескертті.

Нәзия, Қәмәлия, мен — үшеуміз жұрттың шет жағында тұр едік.

— Барлық жағдайына қарағанда, бұл соғыс ұзаққа созылар тегі,— деп Нәзия қиналып күрсінді.

— Айтпашы сұмдық сөзді. Соғыс ұзаққа созылса, мұндағы біз қайтіп күн көреміз,— деп, Қәмәлия шошып қалды.

— Күн көре алмасақ, өз обалымыз өзімізге. Майданға, оқ өтіне аттанған күйеулерімізден жанымыз артық емес,— деді Нәзия.

— Өмірді жүдетпейміз! Әскердегі ағалардың орнын біз басамыз! — дедім мен жігерленіп.

Митинг аяқталысымен өзім дереу бригадирге жолығып, Оразбектің орнына шөп үюге баруға тілек білдірдім. Бригадир бұл жұмыстың ауырлығын айтып, әуелі келіспеп еді, бірақ мен қасарып көнбедім. «Қолыма айыр беріп, ағайымның орнына қоймасаңыз, басқа жұмыстың бірде-біреуіне шықпаймын»,— деп қорқыттым.

— Мен жұмысты аяп та, қызғанып та отырған жоқпын. Әлің жете ме? — деді бригадир.

— Жігері жеткеннің әлі де жетеді,— дедім мен.

Бұл сөзіме бригадир дау айта алған жоқ. Ол көнді. Мен Оразбектің орнына жұмысқа шықтым. Өзіммен бірге Нәзияның де шөп үюге шығуын мақұл көріп едім, бірақ, үйде өз шаруашылығымызға қарайтын басқа кісі жоқтықтан, ол ауыл ішіндегі жұмыста қалды.

Бригадирдің айтқаны рас екен, шөп үю жұмысы алғашқы күндерде маған өте ауыр тиді. Бұрын үй сылау, егіннің арам шөбін жұлу секілді жұмыстарға барғанда ешуақытта қажып-шаршамаушы едім. Ал, айырмен шөп көтергенде қабырғам қайысып, екі қарым үзіліп тала берді. Алғашқы күні ет қызуымен байқамаппын, таңертең тұрғанымда бір-ақ білдім,— тұла бойым қозғалтпай қапты, қара саным бастырмайды, жауырындарым ашитын сияқтанды, екі алақаным күлдіреп ісіп кетіпті. Сонда да жұмыстан қалғаным жоқ. Басқаларға сыр бермеуге тырысып бақтым.

Арада біраз күн өткеннен кейін денем ширап, етім қатайып, бұл жұмысқа көндігіп алдым. Бірақ, Нәзияні қатты сағындым. Ауылға барып қайтуға жұмыстан қол тимеді. Біз күндіз ыстықта дем алып, шөпті таңғы және

кешкі салқындарда үйетінбіз. Жеңгемді қанша көргім келсе де, жұрт жұмыс істеп жатқанда сылтауратып кетіп қалуға ұялдым. Шөпшілерге күнде сәске кезінде ауылдан азық-түлік әкелінеді. Жалғыз өгіз жеккен ас тасушы арбасының қарасы көрінген кезде ылғи алдынан жүгіріп шығамын. Асшыдан ең алдымен Нәзиянің амандығын сұраймын.

— Сенің жеңгең алтын әйел ғой,— дейді ол мақтап, маған Нәзиянің жіберген сәлемдемесін әперіп жатып. Жеңгем маған күнде әр түрлі тамақ пісіріп жіберіп тұрады.

Бір күні оның азық салып жіберген дорбасының ішінен үшкіл хат шықты. Дереу алып, сыртындағы жазуын оқып едім, Досанның маған арнап жолдаған хаты екен. Жүрегім лүпілдеп, хатты қалтама салдым да, ағаш арасына, оңаша жерге барып, ашып оқыдым. «Жақсы құрбым, қарындасым Қалимаға қызыл әскер Досаннан сәлем!» деп бастапты ол хатын. Содан кейін тікелей өз жағдайын баяндап, ауылдан аттанған күннен бері бастарынан нендей хал кешкенін, тіпті жігіттердің әзіл-оспағына шейін, тізіп хатқа түсіріпті. Оқып отырып, бір-екі тұсында күліп те алдым.

Хатының соңында Досан өздерінің полкы Москва түбіне келіп тоқтағанын, осы арада бірер ай аялдап, әскери әзірліктен өтетінін айтыпты. «Ауылдан бірге шыққан жолдастарым әр бөлімшеге ауысып кетті. Өзіміздің бөлімшеде, бір аудан емес-ау, бір облыстан жалғызбын. Жаңа достарым да тамаша жігіттер. Тек ауылдас құрбыларымның қазір қайсысы қай жерде жүргенін біле алмай, көңілім соған ғана алаңдайды», депті. Дәптердің екі бетін толтырып жазып келіп, хатты осы арадан тамамдап қолын қойыпты да, көкейіндегі ең асыл сөзін, жазуының шетін бастыра: «Сағындым сендерді, хатты күнде салыңдар!» деп, қиғаштап жазып қойыпты.

Осы бір қиғаш түскен жазудан көзімді тайдыра алмай ұзақ отырдым. Досан көз алдыма елестеді. Көңілді үні құлағыма келгендей болды...

Бірнеше күн бойы мені осы әсер биледі. Досанның хатын қайталап оқығым кеп қолыма алған сайын. «Сағындым сендерді...» деген сөзіне көзім бірден түсе қалады...

Менің оған жазған хатым тым келте болды. Жазуға сөз таппадым. Көңілімде: «Сені мен де сағындым» деген

сөз тұрса да, жаза алмадым. Бірақ сол сөзімді білдіріп, төс қалтамда көптен сақтаулы жүретін кестелі жібек орамалды Досанға хатпен бірге салып жібердім.

Көп ұзамай Досаннан жауап хат келді. Орамалды алғанда қуанғанын айтып, шексіз разы болғанын жазыпты, шын жүректен алғыс жолдапты...

Мен осыдан соң, қашан соғыс аяқталғанша, Досаннан хат ала алмадым. Ол кейін хабар-ошарсыз кетті...

Оразбек ағайдан хат жиі келіп тұрды. Бір жолы күн жауын-шашынды болып, жұмыс тоқтаған соң, амандық біліп қайтайын деп үйге келсем, Нәзия өң жоқ, түс жоқ бозарып отыр екен. «Ағаңның хаты...» деп, ақырын ғана айтып, менің қолыма шеті ашылған үшкіл хатты ұстата берді. Мен хатты оқып шыққанша, өзі қыбыр етпей, тымтырыс отырды.

— Соғысқа кірер алдында жаздым депті. Хаттың шыққанына бүгін он күн... кеше келді... Аман болса жарар еді,— деді Нәзия мұңайып. Менің де жүрегіме қорқыныш кірді.

— Нәзия келін, үйдемісің? Оразбектен хат бар,— деген дауыс естілді сырттан.

Почташы қарттың даусын танып, екеуміз де үйден жүгіріп шықтық.

— Оразбегім азамат екен, хатты содан жиі жазатыны жоқ. Мұнда біз оларды ойлап, алаңдап отырамыз ғой,— деп почташы қарт төрт бұрышты кішкентай хатты менің қолыма ұстатты да: — Қане, қарағым, маған да естіртіп оқып жіберші,— деді.

Қуанғаннан жүрегім дүрсіл қағып, асығып, аптығып оқыдым хатты. Оразбек хат жазғандағы қашанғы әдеті бойынша әуелі үй-ішінің, ауыл-аймақтың, жасы үлкен қариялардың есендік-саулығын, әрқайсысының атын жеке-жеке атап сұрапты да, содан кейін өз амандығын баяндапты. Ұрысқа екі рет кіріп шығыпты. «Мен аманмын. Дұшпанның бір танкісін гранатпен қираттым. Шайқас қатты. Жауды апанына қуып тығып, өз үңгірінде жаныштамай тоқтамаймыз. Біз жеңеміз. Қәміл сеніңдер бұған. Жігерлі болыңдар, уайымға салынбаңдар!» деп, хатының соңында бізге қайрат беріп жазыпты.

— О, бәрекелді! Жортқанда жолдары болсын ерлерімнің! — деп сүйсінді почташы қарт.

— Көрдің бе, біздің ағай кандай ер! Майданға ал-

ғаш кірген күні-ақ жаудың бір танкісін талқандаған! — деп қуандым мен.

— Уһ, жүрегім жаңа орнына түсті ғой,— деп, Нәзия көзіне жас алып күлімсіреді.

Сол күні түнде Нәзия екеуміздің қуанғаннан көпке дейін ұйқымыз келмей, әр жайды әңгімелесіп, ұзақ сырласып жаттық. Шамды өшіріп қойдық. Түн қап-қараңғы еді. Тамшысы терезеге тырс-тырс тиіп, сыртта сыбдырлап жауған жаңбырдың дыбысы білініп тұрды.

— Сен Досанды әлі де жақсы көресің бе? — деп сұрады Нәзия.

— Ол екеуміздің арамызда махаббат жайлы ешқандай сөз болған жоқ. Досан мені құрбым, досым деп жақсы көреді. Өзіне менің ғашық екенімді білмеді... Сізден несін жасырайын, жүрегімдегі оған деген ыстық сезім әлі де суынған жоқ,— дедім шынымды бүкпей.

— Ол үйленді ғой, келіншегі бар ғой,— деді Нәзия.

— Мейлі... Досан — жақсы адам. Жақсы адамды кісі жек көре ала ма? Оған қояр кінәм жоқ...— дедім мен.

Нәзия сәл үндемей жатты да:

— Иә-ә, өмір деген жеңіл нәрсе емес,— деді күрсініп.— Адамның ойлағаны орындала берсе, өмірдің қызығы бола ма? Өмірде қуаныш пен қайғы арпалысып жатады. Қуанғанда тасымаса, қайғырғанда үгілмесе, міне, шын асыл қасиет осы ғой.

— Өте әдемі айттың-ау. Өзің қандай ақылды едің! — дедім, жеңгемнің сөзіне сүйсініп...

Өстіп сырласып жатып, түннің қай кезінде көзіміз ұйқыға кеткенін білмеймін, біреудің сықылықтап күлген даусынан оянып кеттім. Көзімді ашып, көрпенің астынан ептеп қана қарап едім, таң атып, күн шығып қалған екен. Үйдің іші жап-жарық. Терезеден еденге дірілдеп сәуле түсіп тұр. Қай уақытта тұрып кеткенін білмеймін, Нәзия киініп алыпты, төсегін де жиып қойыпты. Пеш алдында нан илеп отыр. Оның қарсысында, пешке арқасын тіреп, өңі гүл-гүл жайнап отырған Кәмәлияға көзім түсті. Әлгі сықылықтап күлген осы екенін сездім де, мұнысын ішімнен жақтырмай, ұйықтап жатқан кісі болып, қыбырсыз жата бердім.

— Сондай қызық түс көрдім! Досаным денесі ып-ыстық болып қасымда жатыр екен дейім. Мені аймалап, аузымнан, тілімнен сүйіп-сүйіп алды да, қыса құшақтап,

өз ыңғайына бейімдеп...— Қәмәлия көзі күлімдеп, Нәзияның құлағына бір сөздерді сыбырлап айтты да,— кәдуілгі өңімдегідей, тіпті түс деуге қимаймын,— деп, тағы да сықылықтап күлді.

Нәзия оның сөзіне жәй ғана жымиды.

— Күйеулеріміздің кеткеніне үш айдан асты. Досанымның әсіресе құшағын сағындым. Ол мені көкірегіне қатты қысып құшақтағанда, тұла бойым қорғасынша балқушы еді. Еркектің құшағы мен демі от қой шіркін, шыжытып жібереді ғой...— деп, Қәмәлия, күле сөйлеп, сөзін жалғастыра берді.

Оның ендігі сөйлеген бір сөзінен бір сөзі анайы шығып, маған тым ерсі көрінді. Үнсіз жатып тыңдай беруге тіпті дәтім шыдамады да, көрпемнің шетін серпіп ашып, жастықтан басымды шапшаң көтеріп алдым.

— Таңқылдап сені оятып жібердім бе? Кешір, Қалима. Біз әйелміз ғой, сөзіміз көптеу болады,— деп, Қәмәлия маған көзін ойнақшытып қарады.

Бұл қылығын да ішімнен ұнатпадым.

— Өзің тіпті көңілді көрінесің ғой,— дедім кекетіп.

— Е, не бопты бізге! Құдайым ойын-күлкіден айырмасын,— деп күлді Қәмәлия.

Менің ызам келіп кетті.

— Сен мұнда күліп отырсың, ол оқ астында жүр. Ойласаңшы осыны,— дегенімде, үнім қатқылдау шығып кетті білем, Нәзия таңданғандай пішінмен бетіме қарады.

— Күлкіде тұрған айып жоқ қой, Қалима. Кісі тектен текке күлмейді. Әр күлкінің бір себебі болады. Сондай бір себептен күліп отырған шығармын,— деді Қәмәлия.

— Себебін айтпай-ақ қой, қалай десең де, осы күлкің мағнасыз,— дедім тіктеу сөйлеп.

— Ойбой, өзің ашуланып отырсың ғой. Ұйқың қанбаған екен ғой. Ендеше тыйдым сөзімді, көкетей,— деп, Қәмәлия тағы да сықылықтады.

Оның сөзі емес, осы күлкісі қытығыма тиді. Ойы шолақ, жеңілтек әйел ғана осылай күледі. Басыма Қәмәлия туралы тұңғыш рет жаман ой келді. «Нәпсі құмар, жеңіл мінезді әйел болғаны ма?» — деп, ішімнен таңданып, қиналып қалдым.

Қазақ: «ерді кебенек ішінде таны», дейді ғой. Адамның адамшылық қасиеті де, осалдығы да қиыншылық

уақытта анық жіктеліп көрінеді екен. Соғыстың ауыр жылдарында біздің басымызға көп қиыншылық түсті. Сіз де ауылда өскен екенсіз, жасыңыз да менімен қатар көрінеді. Ол кезде біз көрген ауыртпалықты өзіңіз де бастан кешірдіңіз. Сондықтан таныс нәрселерді айтпай-ақ, өз тағдырыма қатысы болған жайларды сөйлейін.

Соғыс басталғалы екі жаз өтіп, үшінші жаздың жеткен кезі еді. Июль айының іші болатын. Пішен дайындау науқанының қызу кезі. Мен шөп үюшілер тобындамын. Кәмәлия да бізге еріп, осы жазда шөп үюге шыққан-ды.

Ол әуелгі әзірде бұл жұмысты ауырсынып қипақтап жүрді; бірақ, біздерден ұялды білем, жеңілірек басқа жұмысқа кетіп қалмады; біраз күннен кейін әбден көндігіп те алды. Дала жұмысына шыққаннан кейін өңі күнге тотығып, өзі бұрынғыдан да ажарлана түсті.

Кәмәлиянің бір әдеті — айнаға қарағыш еді, осы дағдысын даладағы жұмыста да тастамады. Тіпті шөп үйіп жатқан кезінде де қалтасынан айнасын алып, андасанда кескінін бір көріп қоятын. Мұнысына кейде мен күліп, әзілдейтінмін. Ал, әзіл сөзге ол шамданбайтын, қайта өңі жайнап, құлпыра түсетін.

Бір күні, аспан бұлттанып тұрған соң, жаңбыр жауып кеткенше үлгірейік деп, маяны асығып үйіп жатыр едік. Менімен қатарласып, жоғарыға шөп әперіп тұрған Кәмәлия бір мезетте айырын жерге шанша салды да, жұқа пиджагінің төс қалтасынан кішкене дөңгелек айнасын жылдам алып, бетіне тосты. Орамалмен терін шапшаң сүртіп, дудыраған самай шашын асығып түзеді. Сосын маған жайнаң етіп бұрылып:

— Қалима, өңім қалай? — деп, тісін ақсита күлді.

— Күйеуге көрсететін қызша құлпырып тұрсың,— дедім әзілдеп күліп.

Кәмәлия бір көзін қысып қалып, иегімен ым қақты. Сонда ғана байқадым, оң жағымызда, бізден жиырма қадамдай жерде, бір аяғын ақсай басып, учетчик Қажен келе жатыр екен. Ол әскерге Досандармен бірге аттанған жігіт еді. Атты әскер құрамына ілініп, жаттығу кезінде аттан құлап, аяғы сынып, содан әскерге жарамсыз болып, бес айда кейін қайтып келген болатын.

— Іске сәт! Баршаңа бір сәлем! — деді Қажен қасымызға жақын келіп.

— Амансың ба, сері жігіт! Үшті-күйлі жоғалып кеттің ғой өзің,— деді Қәмәлия ойнақыланып.

— Немене, сағынып қалдың ба? Кел ендеше құшақтап сүйейін, мауқыңды бас,— деп, Қажен ұмтыла түсіп, оны білегінен шап беріп ұстай алып еді. Қәмәлия бұлқынып, босанып кетті де, сықылықтап күліп келіп менің ығыма тығылды.

— Құр жүрген атша құтырып алған екенсің, ә? Бақсы болсам, жыныңды қағып алар едім,— деп, Қажен алақанын уқалады.

— Сендей бақсының қолынан не келуші еді тәйірі! — деп, Қәмәлия кекетіп күлді.

Қажен оған көзінің қиығымен қарап жымиды да:

— Ұқтым сырыңды,— деді.

Оның бұл сөзіне Қәмәлия тағы да сықылықтады.

— Саған не болды? Қойсаңшы енді,— дедім ұнатпай.

— Осы жігітті көрсем-ақ күлкім келеді,— деді Қәмәлия құлағыма сыбырлап.

— Неліктен? — деп едім:

— Білмеймін...— деді Қәмәлия көзі күлімдеп...

Бұрын пішен басына келгенде, шабылған, үйілген шөптің есебін асығыс алып кетіп қалатын Қажен, дәл осы күннен бастап, пішендікке келген сайын, бізге соқпай кетпейтін болды. Шөп үйіп жатқан біздердің қасымызға келіп, әр нәрсені әңгіме қып ұзақ тұрады; келіншектермен әзілдеседі; кейде біріміздің қолымыздағы айырды алып, шөп үюге жәрдемдескен болады. Мен оның мұнда келгіштеп жүрген себебі Қәмәлияға байланысты екенін ішімнен сездім. Қажен Қәмәлияға көбірек қарай береді. Оны көргенде Қәмәлия да орынсыз күліп, тым жеңілтектеніп кетіп жүрді.

Бір күні Қажен пішен басына ымырт үйірілген кезде келді де, кешіккенін сылтау етіп, жұмыстың есебін күндіз жарықта шығармақ болып, қонып қалды. Пішен басында бір киіз үй және жылжымалы бір будка бар болатын. Ерлер киіз үйде, әйелдер будкада жататынбыз. Шамасы түннің ортасы-ау деймін, шырт ұйқыда жатқанымда бір нәрсе аяқ жағымнан жыбыр ете түскенде, шошып оянып кеттім. Басымды ептеп көтеріп қарап едім, ағарандаған бірдеме көзіме шалынды. Будканың терезесінен айдың бозғылт сәулесі оның үстіне тура түсті. Енді анық байқадым, ақ көйлекті еркек адам мысықша бұғып, еңбектеп келе жатыр екен. Аяғыма қолы

тиіп кеткенде, менің шошып оянғанымды өзі сезбеген секілді. Денем бір түрлі мұздап, дірілдеп кеттім. Қазір ол маған тап беріп, бүріп алатындай көрінді. Жұдырығымды түйіп, екі аяғымды кеудеме қарай жиырдым. Егер ол маған қолын сала берсе, кеудесінен теуіп жібермекпін. Сол сәтте басыма келген қысқа ой осы ғана еді.

Ақ көйлекті адам маған соқтықпады, аяқ жағымнан еңбектеп өтіп кетті де, қараңғы бұрышқа таман жылжып барды. Ол жерде Қәмәлиянің төсегі бар болатын.

— Бұ кім? Бұ кім? — деп, Қәмәлия да шошып қалды.

— Мен. Қажен. Шошыма,— деп ақырын дыбыс берді ақ көйлекті.

— Сені кім шақырды? Тарт әрі қолыңды... Қой деймін... Жатқандардың біреуі оянып кетсе ұят болады,— деді Қәмәлия қысыла сыбырлап.

— Кешегі уәде қайда? Қақ іргемде толықсып сен жатқанда, мен қайтып шыдаймын,— деді Қажен.

— Ақырын сөйле деймін, біреуді оятасын,— деді Қәмәлия.

— Бал тіліңнен сүйдірші бір,— деді Қажен үздігіп. Қараңғы бұрышта Қәмәлияны шөп еткізіп сүйгені білінді.

Адам ағаш арасымен қаннен-қаперсіз келе жатқанда, дәл аяғының астынан жылт етіп кесертке жүгіріп өтсе, сескеніп шошып қалады ғой. Денем дәл солай тітіркеп кетті. Екеуінің ендігі сөзі құлағыма естілмесін деп, басымды тас бүркеніп, көрпемді қымтанып алдым. Тұла бойым бір ысып, бір суынды. Тамағым құрғақсып, тынысым тарылғандай болды. Бұлығып жылап жібердім...

Қанша уақыт жылағанымды білмеймін, таңертең тұрғанымда, жастығым шылқып су болып қалыпты. Басымды көтеріп, бойым дел-сал болып, төсегімнің үстінде біраз үнсіз отырдым. Ең кеш оянған мен екенмін: өзгелердің бәрі тұрып, төсектерін жиып, сыртқа шығып кетіпті. Сыртта, жер ошақ басында, тамақ қамдауға кіріскен әйелдердің дауыстары естіледі.

Орнымнан ақырын тұрып, киініп, шапанымды иығыма жамылып, аяғымды ептеп басып сыртқа шығып едім; будканың ығында, кішкене дөңгелек айнасына қарап, Қәмәлия шашын тарап тұр екен. Мені көріп, жымия бұрылып:

— Қалима, бүгін тіпті көп ұйықтадың ғой. Уайымың жоқ, ұйқың түзу, рахат-ау сенікі,— деді күліп.

Ызаланып кеттім.

— Ұятсыз! Не бетіңмен айтып тұрсың осы сөзді! — дедім тістеніп. Қәмәлия қып-қызыл болып кетті. Сонда да күле сөйлеп:

— Ойбай-ау, Қалима-ау, бұ не дегенің? Не жаздым саған? — деп, қолтығымнан ұстай беріп еді; қолын қағып жібердім.

Сол сәтте ойыма бір ғана нәрсе келген; бұл әйелдің бетіне енді қарамаспын, сөйлеспеспін дедім. Оның қасында болмайын деп, сол күні басқа жұмысқа ауысып кеттім.

Содан төрт айға дейін оның қарасын көрмеп едім. Бір күні үйімізге Қәмәлияның өзі келді. Күздің қара суық айының іші еді. Өзім даладағы зябь жырту жұмысында болатынмын; ол-пұл шаруа жағдайына байланысты, бригадирден екі күнге рұқсат алып, үйге келгем-ді.

Оңаша едім, Қәмәлия есікті еппен ашып кірді де, төмен қарап, ақырын қозғалып, менің қасыма үнсіз келіп отырды. Өңі сынық. Беті ағарып жүдеген. Мұрнының екі жағына қошқыл дақ пайда болған. Көзі құс көзденіп, әрі шүңірейіп кетіпті. Таңданып қалдым.

Қәмәлия менің көзіме тік қарай алмай, үнсіз қиналып отырды да, бір мезгілде алақанымен бетін басып, солқылдап жылап жіберді.

Кәмәлия, бұның не? Не болды саған?—дедім шошып.

— Мен... мен... Жүзі-қара бол-дым,— деп, әрең-әрең сөйледі Қәмәлия. Екі көзінен жас сорғалап, бетіме өңі қашып қарады да: — Ақыл берші... енді қайтемін, Қалима-ау?.. Екіқабат боп қалдым,— деді даусы дірілдеп.

Қазіргідей есейген, өзімнің де ана болған кезімде кездессе, мұндай хәлдегі әйелге, сөз жоқ, аяушылық білдірер ем. Ал, о кезде, Қәмәлия әлгі сөзді айтқан уақытта, оны жек көріп, жеркенгенім соншалық, бетіне түкіріп жібергім келді. Өзімді-өзім әзер тежеп қалдым. Менің ынғайымды байқаған Қәмәлия, таяқ жеген мысықша жасқана шегініп, екі иығы қушиып, үйден ілбіп шығып кетті...

Ол со күні түнде бір жүргіншілерге ілесіп, ауылдың еш адамының көзіне көрінбей, үйінен жасырынып кетіп отырды. Көрші ауданда тұратын нағашы апасына барғанын, көп ұзамай, сол жақта бір москалдау адамға тұрмысқа шыққанын кейін естідік...

Өмір дегеніңіз қандай күрделі. Шытырманы қандай көп. Қәмәлия опасыз жар болар деген мысқал ой басыма

келген жоқ еді. Өмірдің бұралаң жолымен қиындық кешіп жүргенде ғана қасындағы адамның бар қасиетін аныктап таниды екенсің. Қәмәлиянің тағдыры терең ойға шомдырды мені.

«Қайран Досан, қайтып қана қателестің сен?! Қәмәлиянің күлімдеген көзі менен әніне ғана қызығып, елтіп қалғаның ба? Бірақ, жазғыра да алмаймын-ау сені. Қәмәлияға үйленердің алдында менен: «осы қыз қандай?» деп, ақыл сұрап едің ғой. Қәмәлиядан сені іштей қызғансам да, шынымды айтып ем сонда,— құрбымды жақтағанмын. Енді, міне, саған теріс ақыл берген кісіге ұксап қалдым....» — деген ауыр ойлар жанымды көп қинады. «Майдандағы Досан үйімде сүйген жарым күтіп отыр деп жүр-ау. Майданнан оралғанша осы үмітке алдана берсе жарар еді. Болған сұмдық хабар жетпесе екен құлағына»,— деп, ішімнен тілеймін. Жүрегім бір түрлі елжіреп, көңілім толқып, көзіме мөлтілдеп жас келеді. Мен енді Досанды ойлап, оның тағдырына көп алабұртатын болдым. Кей күндері түн баласына көз ілмей, ойға шомып, Досанды сағынып еске аламын, киял жетегіне еремін. Жүрегімді елжіретіп, жан дүниеме өзгеше бір толқынды сезім оралады.

«Менің осы күйімді сезермісің, ұға алармысың?!» — деп, ішімнен үн қатамын алыстағы Досанға.

Кейін білдім, менің бұл хәлімді ол сезген де екен, ұққан да екен. Бірақ, онын сырын мен шертпейін, өз аузынан естіңіз...

### ДОСАННЫҢ СЫРЫ

— Ердің әйелге деген махаббатының тұтануына себепші болатын, менімше, екі түрлі күй бар; бірі — түртұлғаға, көрікке қызығудан, ал, екіншісі — мінез-құлыққа, қылыққа сүйсінуден. Бұл екеуінің айырмасы сол: әуелгісі — адамға электр тогіндей шапшаң әсер етіп, тез елтітеді; ал, соңғысы — баяу өрістеп, жан-дүниеңді біртіндеп жайлайды. Мен осы екі күйді де басымнан өткерген адаммын. Сондықтан бұл жай маған түсініктірек. Әйелдің көркіне мас болғанда, оның бойынан еш мін көре алмайсың; күлкісі де, сөзі де, қимылы да — бәрі де сұлу көрініп, есіңді алады. Елтисің. Осы мастық үстінде көп нәрсені ұмытасың, келешек күндер алдыңа қандай сыбаға тартарында шаруаң болмайды. Қәмәлияға бар

іңкәрім ауып ғашық болғанда мен, міне, дәл осындай алып-ұшқан сезімнің ғана құшағына ендім. Кәмәлия мен үшін күннен де нұрлы, айдан да сұлу еді. Тал бойынан, мінезінен мін таппаймын. Сынғырлаған үніне денем балқып, күлім қағып тұратын шұғылалы қара көзіне қарап қана отыра бергім келетін. Менің мұным мастық па, әлде жастықтың әсері ме? — қалай десеңіз де рауа.

Біз дәрігерлік қараудан өтіп, аудандық соғыс комиссариатынан майданға аттануға бұйрық алып келген күні Кәмәлиянің ажарынан ауыр қайғының ізін тұңғыш көріп, бірінші рет көңілім ұйтқып, қатты алабұрттым. Бұрынғы көңілді Кәмәлия бір күнде күрт өзгеріп, ағыл-тегіл жылаумен болды. Қайратты мінез көрсетіп мені демеудің орнына, көзінен жасын шұбыртып, егіле берді. Жасты көзінен сүйіп отырып жұбаныш айтсам, ол маған қайғы төгеді. Жаңа қосылған жас жарымды қайтып қиып кетемін деп өзім де қиналдым-ақ. Осы күйзеліс үстінде жарымның маған демеу беріп сөйлер тәтті жылы сөзін тіледім де...

Бірақ, жан-жүрегім тілеген сол сөзді жарымның аузынан дәл аттанарда да ести алмай қапа болдым. Кейін осыған көп қамықтым. Кәмәлиянің мені мойнымнан құшақтап, айырылмай, дауыс сап жылаған үні майданда жүрген кезімде талай рет құлағыма кеп, жүрегім әлденеден секемденіп, шошып қалушы еді. «Соғыс аяуды білмейді. Жазым болсам, бұл ауыр қазаны Кәмәлия қайтіп көтерер? Мен майданға аттанғанда ағыл-тегіл егіліп қалып еді, енді қара қағаз алса, тіршілігі не болар?» — деген ой жүрегіме қорқыныш енгізетін. Осы оймен қабаттасып, басыма және бір ой келетін. Ауылдан аттанарда, әйеліммен соңғы рет қоштасып, арбаға шығып отыра берген кезімде, қасымдағы жігіттің Кәмәлия жөнінде қағытқан өткір әзілі жүрегіме инедей қадалып еді. «Сол жігіт ойнап айтса да, ойындағысын айтты. Кәмәлиянің шынында да жасық болғаны ма? Қайратсыз ба?» — деп, іштей қиналатынмын.

Кәмәлиянің жазған бірінші хатын мен Москва түбінде, ауылдан аттанғанымызға тура бір ай болғанда, алған едім. Екі хат қолыма бір күнде тиді; бірін — Кәмәлия, екіншісін — Қалима жазған. Хаттардың ауылдан шыққан айы-күніне қарасам, екеуі бір мезгілде жазылыпты. Өз бөлімшеміздің Москва түбінде бірер ай болатынын айтып, тұрақты адресімді көрсетіп, Кәмәлияға да,

Қалимаға да бұдан он бес күн бұрын хат жазған ем. Сол екі хатым, жұбын жазбастан, ауылға бір мезгілде барған екен. Ауылдан аттанып. Москваға қарай жол тартқан сапарымда, өз үйіме әр станциядан бір хат жолдап, амандық білдіріп отырғанмын. Қай жерге барып бөгелетінімізі әзірше мәлімсіз екенін айтып, кейін тұрақты орнымды хабарлағанда, сол адреске дереу хат жазыңдар деп ескерткен едім. Кәмәлия да, Қалима да менің хатымды алысымен жазыпты жауапты.

Бір аптадай жол жүріп, көп сағыныш ала келген екі хатты кезек-кезек қолыма алып, қайта-қайта оқимын. Әуелгі сәтте, тек қуанып оқи бердім, басыма еш бөтен ой келген жоқ. Лүпіл қағып қуанған жүрек мауқын бір басқан соң, екі хатты тағы да қолыма алып, әр сөзіне ой жібере отырып, бойланқырап оқып едім, көңілімде толқын туды. Екі хаттан екі түрлі күй аңғарылады. Кәмәлия сағынышын көп айтыпты, бірақ, сол сағынышын мұңайып отырып, қамығып білдіріпті. Маған демеу, өзіне медеу болар сөзді жөнді жаза алмапты; аңдап қарасам, сөзінде шер басым. «Қайғыға көп берілетін кісінің қайраты аз болушы еді. Кәмәлия әлсіз болғаны ма? Әлсіздіктің түбі — азап-ау...» деген ой жаныма батты.

Қалима хатты қысқа етіп қана жазыпты. Майданға кеткен ағасының орнына тұрып, шөп үюге шыққанын, біздің әскерлердің жауды тезірек талқандауына жәрдемдесіп, өздерінің жан аямай еңбек етіп жатқанын айтыпты.

«Еркектің атқарған жұмысы қолымыздан келмейтіндей көрінуші еді бұрын. Жоқ, бұнымыз құр жасқану екен, шынтуайтқа келгенде, біздер де осал болмадық»,— депті хатында. Осы сөздерді айтқан Қалима менің көз алдыма қайратты адамның бейнесінде елестеді. Оның жас кездегі бүкіл мінезі, сөзі, қылығы есіме түсті...

Қалиманың хатын ашқанымда, конверт ішінен кішкене жұқа жібек орамал бірге шығып еді. Әуелі хатын оқуға асығып, орамалды бүктеулі қалпында гимнастеркемнің төс қалтасына сұға салып ем. Бұл сәлемдеме туралы бір ауыз сөз де жазылмапты хатта. Төс қалтадағы орамал бір мезетте есіме түсіп, дереу алып, бүктеуін жазып қарағанымда, бойымды ерекше бір толқын билеп, жүрегім елжіреп, өзгеше бір хәлге түстік. Орамалдың шетшетіне әдемі кесте тігіліпті де, дәл ортасына әсем қызыл гүлдің суреті тоқылыпты. Гүлдің бір тармағының үлбіре-

ген шашақты басына менің есімімнің, екінші тармағының желбіреген ұшына Қалима есімінің басқы әріптері өрнектеліп жазылыпты. Қандай сұлу қиял! Қалима өз жүрегінің сезімін қалай шебер бейнелеген! Гүлдің екі тармағын бір сабақтың бойынан ғана шығарып, осы бейнелі сурет арқылы, өз тағдыры мен менің тағдырымның бір-біріне сабақталып жалғасуын тілейтінін қалай шебер білдірген! Қандай нәзік сыр!

Орамалдағы бейнелі суреттен көзімді тайдыра алмай толқып отырған шағымда, менің басыма келген ойлар осы еді. Орамалдың бір бұрышына, оның қай кезде тігілгені де көрсетіліп, жылы, айы - кестеленіп жазылыпты. Мен Қәмәлияға ынтығып жүрген кезде, Қалима маған ғашық екен. Ол маған өз жүрегінің сырын тікелей айта алмағанмен, ішкі сезімін мінез-құлқы талай-талай білдірген де болар бәлкім, бірақ мен ешнәрсені аңғармадым. Қалимаға адал дос, жақсы жолдас деп қана қарағанмын. Қәмәлияға үйленерде, Қалимаға сол адал ниетпен барып ақылдасқан едім. Осы жағдай есіме түскенде: «Не деген есермін, сезімсізбін», деп, өзімді өзім қатты жазғырдым. Өзіңді жан-жүрегімен сүйіп жүрген адамға кеп, оның ішкі күйін мүлде сезбей, басқа біреуді сүйетіндігіңді айту — барып тұрған қаталдық қой. Әрине, мен Қалиманың өзіме ғашық екенін тіпті де сезгемін жоқ. Сондықтан, Кәмәлиямен арадағы жағдайды айтып, одан ақыл сұрағанымда. Қалиманың жүрегіне жара салдым-ау деген мысқал ой басыма келген емес. Ал, менің аузымнан, басқа біреу емес-ау, дәл сүйген адамының аузынан әлгідей сөзді естігенде, Қалиманың жан-дүниесі нендей күйге түсті екен десеңізші?! Нәзік жүрегін өткір қылыш жүзі тіліп өткендей болған шығар-ау. Сол сәтте өңі қандай құбылысқа түсті екен?.. Мен еш нәрсені де сезген жоқпын. «Құрбымды жамандауға қақым жоқ. Кәмәлия жақсы қыз»,— деп, Қалима менің көзіме тура қарап, ақырын ғана күлімсіреп еді. «Сонда өзі қиналып тұрса да, іштегі ауыр күйін сездіртпеген екен-ау. Не деген қайратты»,— деп, Қаліманың жіберген орамалын алақаныма жайып, ұзақ ойға шомып қалдым. Қаліманың бүкіл мінезін, сөзін, қылығын — бәрін тағы да көз алдыма келтіріп, есіме түсірдім. Ол өзінің маған деген махаббатын қалай білдірді екен деп, өткен күндер елесіне оймен барлау жасадым. Сонда ғана бірте-бірте аңғардым: ол мені шын сүйген екен. Мен Кәмәлияға үйлен-

геннен кейін Қалиманың бір түрлі жабырқап, көңілсіз күйде жүргенін қабағынан ептеп аңғарып едім, бірақ ол күйді махаббат дерті деп түсінбегем, өзімше жорығам, «құрбысының тұрмысқа шығып кеткеніне қамығады-ау, қимайды-ау, сірә»,— деп ойлағам-ды.

Майданға аттанарда Қалимамен күліп қоштасып едім. Ол төмен қарап тұрып, қолын маған үнсіз ғана ұсынғанда, саусағының ұшынан сәл діріл байқалды. Сонда бұл — іштегі сезімнің сыртқа білінгені екен-ау. Арбамыз орнынан қозғала берген мезетте, көзімнің қиығымен Қалиманы да байқап едім, ол екі қолымен жағын басып, бір түрлі аянышты пішінде, менен көзін алмай қарап тұрды. Қимағаны ма? Әлде, Қәмәлиянің егіліп жылағанына көңілім жасып тұнжырай қалған мені аяғаны ма? Ұға алмадым. Кестелі орамал Қалиманың менен көзін алмай қарап тұрған сол сәттегі қалпын да көз алдыма келтірді. «Мені шын сүйеді екенсің ғой өзің. Бірақ жазғырма, айыбым жоқ қой менің»,— дедім ішімнен. Көңілім толқып қалды.

Қалимаға енді хатты қалай жазудың қисынын таба алмай қиналдым. Оның жүрегінің сырын ұғып алып, өзіне ғашық болғанын біліп отырып хат жазу оңай ма? Байқамай, жүрегіндегі махаббатын қайта тұтатып өршітіп алуым да ықтимал, немесе, дертіне дерт қосып, қайғысының асқынып кетуіне себепкер болып қалуым да мүмкін ғой. Асылы, хат жазбаған мақұл болар еді. Бірақ, адал құрбымның хатын жауапсыз қалдыруға дәтім бармады. Мен Қалимаға хат жаздым. Жіберген кестелі орамалы үшін алғыс айттым...

Бұл менің Қалимаға майданнан жазған ең соңғы хатым болды. Үш күннен кейін біздің бөлімшеміз ілгері жылжуға бұйрық алды да, тұрған жеріміздең қозғалып кеттік. Арада және үш күн өткеннен кейін біздің бөлімше соғысқа кірді.

Бұл кезде немістер Москваға қатер төндіріп, жақындап кеп қалған. Жау Отанымыздың астанасына оң жақ және сол жақ бүйірден сұғынып, екі жағынан қысып әкетпек болды. Иә, ел басына күн туған, ол бір қысылшаң кезең еді. 1941 жылдың күзінде Москва үшін болған қаһарлы шайқасты кім ұмытар! Сол айқаста от кешкен жауынгердің бірі менмін... Бірақ, не керек, жауды Москваның түбінен дүркіретіп қуған жауынгерлердің ішінде бола алмадым. Октябрь айының бесі күні Вязьма маңын-

да болған ұрыста аяғымнан жараланып, қатардан шығып қалдым.

Күндіз еді. Сіркіреп жаңбыр жауып тұрған. Мені арқасына сап, оқ астынан еңбектеп алып шыққан орыс жігіті, бір сайдың тасасында тұрған машинаға әкеліп, кузовқа мені көтеріп отырғызды. Кузовта, менен бұрын жеткізілген, және екі жаралы бар екен. Әрі-беріден кейін кузов жаралыларға лық толды.

Машина сайды өрлеп жүріп отырып, бізді кішірек бір деревняға жеткізіп, мектептің алдына түсірді де, келген ізімен дереу қайтып кетті. Жаралыларды сүйемелдеп машинадан түсіріскен төрт-бес сестра біздерді мектепке кіргізіп, шұғыл жәрдем көрсетті. Мектепте бізден бұрын жеткізілген жаралылар да бар екен. Бәрінің де өңдері қату, түстері сұрғылт тартқан. Бәрі де өз тағдырларына ызалы сияқты. Алыстан дүңкілдеген зеңбірек үні естіліп тұр.

— Осы жерде ыңырсып жатып құрып кетпесек неғылсын... Нағыз қорлық өлім сол болар,— деді зор денелі бір жаралы ауыр күрсініп.

— О не дегенің? Өлмейміз! Жаумен шайқасамыз. Жаралы қолым жазылсын тек! — деді оған таяу жатқан екінші жауынгер.

— Қол-аяғың бүтін, сен сапқа қайтадан тұрарсың. Ал, мен қалай алысармын жауменен! Бір аяғымды жұлып әкетті ғой иттің оғы! — деп кіжіне сөйледі әуелгі жауынгер.

— Бір аяғың аман ғой. Дұшпанды тұмсыққа сол сау аяғыңмен тебесің,— деді көршісі.

Анау езу тартып жымиды.

— Рас-ау! Тебемін нақ тұмсықтан! Қеудемнен жаным шығып кеткенше, жауға есемді жібере қоймаспын,— деп, екі жұдырығын түйіп, айбарланып сөйледі.

Мен оған сүйсініп қарадым. Жолда, машина үстінде келе жатқанда, басыма әр түрлі ойлар оралып, көңілім жабырқау тартып еді. Енді жаңағы жаралы жауынгердің қайратты сөзі қайғымның бәрін кейін серпіп, көңілімді өсіріп тастады. «Уайымға салынбаспын. Басыма қандай қиын-қыстау күн туса да, қайратты серік етермін!»— деп, өзіме өзім ішімнен серт қылдым.

Осыдан кейін, тағдыр мені әдеїі сынағысы келгендей, басыма небір қатері мен қиындығын төндіріп-ақ бақты.

Арада үш күн өткен. Түн. Көзім ілініп кеткен екен, қасымдағы көршім иығымнан түртіп оятты.

— Естимісің? — деді ол үрейлі дауыспен.

— Нені? — дедім мен де шошып. Басымды жастықтан шапшаң көтеріп алдым. Бөлменің іші қап-қараңғы. Көзіме түк көрінбейді.

— Пулеметтің даусын естимісің? Атыс алдыңғы жақта емес, біздің кейінгі жағымызда болып жатқан секілді,— деді анау.

Құлағымды түріп тыңдап едім, мылтық даусы расында да кейінгі жақтан естіліп тұр. Қараңғы бөлменің әр жерінен күбір-күбір үндер шықты. Сонда ғана байқадым, жаралылардың бәрі де оянып алған екен.

— Ал, жолдастар, берік болыңдар, тұзаққа ілінген деген осы. Жаудың қоршауында қалған екенбіз,— деп, жуан дауысты бір адам салмақпен үн қатты.

— Мүмкін емес, оған көзің қайдан жетті? — деді үні нәзіктеу біреу.

— Мен көзім жетпеген нәрсені сөйлемеймін. Менің көрген майданым бұл ғана емес, он төртінші жылғы бірінші дүниежүзілік соғысқа да қатысқан адаммын,— деді жуан дауысты.

Оның айтқаны келді, жау бізді тұзаққа іліп, орап әкеткен екен. Таң сібірлеп ата берген кезде, немістер деревняға сау ете қалды. Олар жаралылар жатқан мектепті бірден қоршап алды. Бәрімізді түгел көшеге шығарды. Ауыр жараланған, орындарынан тұруға шамалары келмеген төрт жауынгерді төсекте жатқан жерінде атып кетті. Қалғандарымызды мылтықтың дүмімен түйгіштеп, машинаға зорлап мінгізді де, батысқа қарай алып тартты. Қайда апарады? Лагерьге қамай ма? Әлде бір сайға әкеліп атып тастай ма? Біліп болмайды. Соңымыздан бастырмалатып келе жатқан машинаның үстіндегі автомат кезенген немістер бізді аңдып бағып отыр. Бізде үн жоқ, боріміз де тұнжырап, тым-тырыс келеміз. Көңіліме күдік орала бастады. «Немістер бізді мәпелеп емдеуге әкеле жатыр деймісің... бір тасаға апарып ататын шығар»,— деген суық ой денемді тітіркентіп жіберді. «Шынымен-ақ өлгенім бе? Туып-өскен жеріме қайта оралу бұйырмағаны ма? — деп қиналдым. Үйдегі жарым Кәмәлия көз алдыма елестеді. «Досан, мені тастап қайда кетіп барасың? Қашып құтыл ажалдан»,— деп құлағыма үн қатқандай болады ол. Осы кезде машина қалың

ағашты жанай өтіп бара жатыр еді. Орнымнан ұмтылып тұра бергенімде, оң жағымда отырған, ірі денелі, қою мұртты москал жауынгер нығымнан тұқыртып баса қойды.

— Жіберіңіз,— дедім жұлқынып.

— Қайда барасың, ақмақ! — деп зекіді ол.

— Қашамын! Тұтқын болғым келмейді дұшпанға. Жіберіңіз! — деп, тағы да бұлқындым.

— Ой, ақмақ, тыпырлама! Иттей ғып атып тастайды қазір. Қыбырымызды аңдып келе жатқан жоқ па сволочьтар,— деді москал жауынгер тістене сөйлеп.

— Атса атсын! — дедім ызаланып.— Бүйтіп тұтқын боп азап шегіп отырғанша, өлгенім артық.

Москал жауынгер мені белімнен қапсырып, қысып құшақтап алды да:

— Доғар сөзді! Енді бәрібір тыпыр еткізбеймін,— деді ызғарланып. Оның темір құрсаудай қолын жазуға шамамның жетпесін сезіп, амалсыз тынышталған кезімде, ол сөзін салмақты үнмен жайлап қана жалғастырды.— Ақмақ болмасаң түсінбеймісің, осы отырған жаралылардың қайсысы дұшпанға тұтқын болғысы келеді? Тек амалымыз құрыды, қазір қолдан келер айла жоқ. «Дұшпанға тұтқын болмаймын, өлемін!» — деп кіжінесің. Өлу оп-оңай. Бірақ, ит құсап өлмеу керек. Адам атың болғаннан кейін, ақтық демің үзілгенше, өлмеу үшін, тірлік үшін күресу керек. «Фашистер — иттер, сендерге тұтқын боп берілмеймін!» — деп айқай сап, орнымнан атып тұрайыншы қазір, неміс мені мылтықпен бір-ақ басып, мұрттай ұшырып түсіреді. Өлемін. Сонда не пайда?.. Жоқ, туысқан, менің өлгім келмейді, өмір сүргім келеді. Бірақ, сөзімді теріс түсінбе, мен қазір немістің мылтығынан қорқып келе жатқамын жоқ, өлмеу үшін күресудің, дұшпаннан кек алудың жолын ойлап келемін. Мен үйлі-баранды кісімін, төрт балам бар, деревняда тұрамыз. Әйелімді, балаларымды қатты сағындым, тезірек көргім келеді. Міне, сондықтан, өлмеу үшін күресемін. Өзіңнің семьяң қандай? Әйелің бар ма?

— Әйелім бар,— дедім басымды изеп.

— Қашан үйлендің? — деп сұрады ол.

— Соғыс басталардың аз-ақ алдында,— дедім ақырын ғана.

— Мауқыңды да баса алмаған екенсің ғой,— деп, москал жауынгер езу тартып күлді де,— ендеше ақы-

лымды тында: жас жарыңды тезірек барып құшқың келсе, әлгідей есаланданып, ажалдың аранына қарай өзің жүгірме. Төніп келген ажалмен алыса біл,— деді.

Москал жауынгердің сөзі маған үлкен ой салды. Оның айтқан ақылы кейін де талай қиын-қыстау кездерде жаныма медет берді.

Немістер бізді, барақ секілді бір ұзын сарайға әкеп қамады. Іші көрдей қараңғы әрі сыз екен. Бұрын, сірә, астық үйілген қойма болуға керек, қабырғаларынан қызған бидайдың иісі білінді.

Келесі күні немістер бізді сыртқа шығарып, сапқа тұрғызды да, сұрыптау жасады: жарасы ауырларды бөлек қатарға тізді. Мен, жарақатым жаныма батып тұрса да, жауға сыр бермедім. Оқ қара санымды тесіп өткен еді, бірақ, сүйегі аман болатын. Сарайдан ақсаңдап шыға бергенімде менің аяқ басысыма бір немістің аңдып қарай қалғанын байқадым да, аяғымды ақсамай тұзу алып, ширағырақ басып жүріп кеттім. Немістер мені ауыр жаралылардың қатарына қосқан жоқ. Олар ауыр жаралыларды қайтадан сарайға қамады. Жаралы жолдастардың содан кейінгі тағдыры не болғанын білмеймін. Аяуды білмес жау оларды тірі қалдырды деймісің...

Ал бізді екі-екіден сапқа тұрғызып, автомат асынған екі неміс, екі жағымыздан қарауылдап, біз үшін бимағлұм бір бағытқа жаяу айдап жөнелді.

Үн-түнсіз жүріп келеміз. Жаралы аяғым қатты шаншып, қиналып келе жатырмын. Бірақ, біраздан соң жазылып кеткендей болды, ауырғанын сезбедім.

Біз — жиырма шақты адам ек; жаралы болғандықтан, әрі екі күннен бері нәр татпағандықтан, бәріміз де әлсірегенбіз. Жау да солай ойлаған болу керек, көзімнің қырыменен епте қана байқасам, бізді қарауылдаған екі немістің екеуі де тіпті жайбарақат келе жатыр. «Мылтықтарын атуға үлгіртпей, екеуін екі қойып ұрып жығуға болады-ау. Біреуін өзім жайғар едім, екіншісіне кім тап берер екен, ә?» — деп ойладым ішімнен. Кеше жолда маған ақыл айтқан москал жауынгер қатарымда келе жатыр еді, жеңінен ақырын тарттым да:

— Кек алудың сәті келді ғой,— дедім сыбырлап.

Ол менің ойымды тез түсіне қойды.

— Үндеме. Ұзаңқырайық,— деді.

Бір сайға таман жақындап келгенімізде, ол маған иек қағып, белгі берді. Өз жағымдағы немісті, қарғып кеп,

аяғынан қағып ұшырып түсірдім де, кеңірдегіне қолды салып жібердім. Екеуміз ұмар-жұмар бола қалған мезетте, екі-үш жаралы жігіт және атқып кеп, жауды бүркітше бүріп алды. Мен немістің мойнынан автоматын жұлып ала сап, екіншісін атып түсірмек боп, ұшып тұрып едім, екінші немістің де кеудесіне төрт-бес жігіт қонып қалған екен.

Біз екі немісті тез жайғап, қару-жарағын сыпырып алдық та, сайды қуалап дереу зыттық. Бір минут аялдамастан жүгіре басып, қатты жүріп отырып, қалың бір орманға келіп кірдік. Бұл кезде күн де кешкіріп, қас қарайыңқырап қалған еді.

— Жігіттер, енді құтылдық. Орман пана! Бірақ, бөгелуге болмайды. Бір кідірсек, орнымыздан қайтіп қозғала алмай қаламыз,— деді москал жауынгер.— Ет қызуымен, жарамыздың ауырғаны білінбей тұрғанда, біраз жерге ұзап барып қалайық. Кім біледі, өзіміздің адамдарға кезігерміз мүмкін...

Біз орман ішімен ілгері жылжыдық. Қараңғыда қалың шытырман арасымен жүру оңай тимеді, жүрісіміз бірден-бірге қиындап, әлсірегенімізді сезе бастадық, сонда да ілгерілей бердік...

Бір тұсқа келгенде бөгеліп, сол жерде таң атқанша аялдауға ұйғарым еттік. Қалжыраған жігіттер ағашқа арқаларын сүйеп, отыра-отыра кетті. Бір жуан қарағайға арқамды тіреп мен де отырдым.

Аспан ашық еді, жоғары қарағанымда, жұлдыздар анық көрінді. Түннің қаншасы ауғанын, неше шақырымдай жүргенімізді іштей топшыладым. Қалың орманға терең бойлап енген секілдіміз. Енді қауып-қатерден сытылып шыққандаймыз. Құлақ түріп, тың тыңдасам, ешқандай жат дыбыс естілмейді. Орман іші тым-тырыс. Ағаштың ұшар басын шайқалтып, ызыңдаған жел ғана білінеді. Бірақ көңілім жайлана алмады, алабұрттым, басыма неше түрлі ойлар келді. Алдағы күндердің жеңіл болмасын, қауып-қатердің молая түсетінін ішім сезеді. Бірақ, мұны уайымдағаннан пайда жоқ қой, өзімді өзім демеп, тағдыр енді алдағы уақытта қандай ауыр жағдайға тап келтірсе де, нендей теперіш көрсем де, шыдап бағуға, жасырмауға бел будым...

Сөйтіп, сол түннен менің өмірімнің ең бір қатерлі ауыр кезеңі басталды. Жүріп келе жатқанда ет қызуымен байқамаған екем, бір кезде аяғымның сыздап ауыр-

ғаны білінді. Әрі-беріден соң қатты шаншып сырқырады. Оқ тиген санымды алақаныммен ептеп сипап байқап едім, күпшектей боп ісіп кетіпті. Не де болса аяғымды басып көрейінші деп, қолыммен жер таянып, сәл көтеріле бергенімде, қара саным үзіліп кеткендей боп, киралаң етіп жығылдым. Қайыра ұмтылып тұрмақ болғанымда:

— Абайла, жігітім, жаралы екеніңді ұмытпа,— деді қасымда отырған, бір қолын мойнына асынған жаралы жауынгер.

Ол сау қолымен мені қолтығымнан демеп, орнымнан тұрғызып еді, бірақ жаралы аяғым басқызбады. «Қор болдым-ау... Орнымнан жылжи алмай осы жерде қалғаным ғой енді», — деген ауыр ой жанымды қинап өтті. Бірақ сөз қатқам жоқ, тек күрсіндім. Ішімнен бұрқ етіп жалын шыққандай болды.

— Қамықпа, бауырым, қасында жолдастарың барда уайым жеме. Біз өлсек, бірге өлеміз,— деп, қайрат берді қолын мойнына асынған жауынгер...

Шіркін, сол достар! Мәңгі бақи ұмытпаспын! Оларға мен өмір бойы қарыздармын. Өздері жаралы адамдар болса да, талғанына, ашыққанына қарамастан, олар мені бір ай бойы зембілмен кезектесіп көтеріп алып жүрді. Біз күндіз орманда жасырынып жатып, тек түнгі кезде ғана ілгері жылжып отырдық. Бірақ, жүрісіміз өнбеді, ұзап кете алмадық, жолымыздан қауып-қатер көп кездесе берді. Өзіміз әбден азып-тоздық, ашықтық, қалжырадық. Сөйтіп, мүлде титықтаған уақытымызда, бір күні, өзіміздің партизандар отрядына кездестік.

Партизандар тобына қосылғаннан кейін, көңіліміз орнығып, үміт нығайып, жағдайымыз жақсарып қалды. Партизандардың қатарында дәрігер де бар екен, біздерге ем-дом жасап, аз күндердің ішінде көбіміз сауығып алдық. Мен де, аяғымның жарасы жазылып, сапқа тұрдым.

Сол күні бірінші рет партизандық жорыққа шықтым; командирден айрықша тапсырма алған үшеудің бірі болып барып, үлкен көпірге түнде динамит қойып, жаудың қару-жарақ тиелген эшелонын өзенге құлаттық...

Әлі есімде, поезд межелі жерге жете берген мезетте, мен динамитке от қойдым да, терең сайға тез жасырына қалдым. Аңдып, қарап тұрмын. Поезд тіпті жақын кеп қалды. Паровоздың табаны көпірге ілінді. Бірақ, динамит әлі жарылған жоқ. Көңіліме күдік кірді. «Динамит

жарылмаса не істеуім керек? Поезды өткізіп жіберуге болмайды». Басыма осы ой лып етіп келіп еді, дәл сол мезетте, динамит гүрс етіп жарылып, көпір аспанға ұшты. Поезд сатыр-сұтыр етіп құлағанда, вагондарға тиелген оқ-дәрілер от алып, түнгі зор жаңғырықтан тау қопарылғандай, жер сілкінгендей болды...

Мен өзімнің партизан қатарында болған уақытымды дәл сол күннен бастап есептеймін. Бұл — 1941 жылдың 14 ноябрь күні еді. Содан 1944 жылдың декабріне дейін партизандар сапында сапар кештім. Брянск орманын, Украина жерін түгел шарладық. Совет Одағының Батыды Наумовтың құрамасында болдым. Даланың тағысынша түзде түнеп, қар жастанып, мұз төсендік; басымыздан талай қауып-қатерді өткердік. Бірақ қорықпайтын ек; өзімізден сан жағынан басым қалың жауға тұтқиылдан шабуыл жасап, талқанын шығарып кете беретінбіз.

44 жылдың 2-декабрі күні, дәл осындай бір операция кезінде, мен ауыр жараланып, жаудың қолына екінші рет тұтқынға түстім. Мені құтқарып әкетуге жолдастарымның мүмкіндігі болмай қалды, жаумен атысып жатқан кезімізде, ту сыртымыздан, күтпеген жерден, дұшпанның тың күші лап берді де, біз қоршауда қалып қоймау үшін, олардың шебін бұзып өтпек боп қарсы ұмтылдық. Сол мезетте біреу нығымнан сойылмен салып жібергендей болып, етпемнен құладым. Одан әрі не болғанын білмеймін, есімнен танып кетіппін... Бір мезгілде көзімді ашсам, көрдей қараңғы бір қуыста жатырмын. Арқамнан дымқыл сыз білінді. Орнымнан тұрмақшы болып едім, тұла бойым сіресіп қатып қалғандай қозғалтпады. Басымды да көтере алмадым. Оң жағымнан біреудің ыңырсыған даусы естілді.

— Біз... қайда жатырмыз? — дедім, ернімді әзер қыбырлатып.

Анау адам ыңырсып қиналып жатса да, сөйлеуге шамасы келді. Сөзін үзіп-үзіп зорға айтып, болған жайды ұқтырды. Немістер бізді жараланып талықсып жатқан жерімізде қолға түсіріп, сұмдық азап көрсетіп, тұтқындар қамалған тас үйдің еденіне сүйретіп әкеп тастаған екен. Мен есімнен танып қалғандықтан, көп азаптың бірін де сезбеппін...

Иә, бұдан арғы әңгімем онша көңілді емес. Немістің тұтқын лагерінде бес ай азап шектім. Көрмеген қорлы-

ғымыз, кешпеген мехнатымыз жоқ. Фашистердің жан түршігерлік сұмдығы осы күні кейде есіме түскенде, төбе шашым тік тұрады... Бізді қырық бесінші жылдың көктемінде өзіміздің совет әскерлері тұтқыннан азат етті. Көп кешікпей соғыс басылды.

Немістің тұтқын лагерінен құтқарған бойда, мені денсаулығымның нашарлығына байланысты, дәрігерлер госпитальға жатқызып еді. Арада бір ай өткеннен кейін, маған ауылға қайтуға рұқсат етілді.

Сөйтіп, июнь айының бесі күні, туып-өскен мекеніме жол тарттым. Қуанышта шек жоқ. Ауылыма, өз үйіме жеткенше асықтым. Жүрек лүпіл қағады. «Асыл жарым Кәмәлия қалай қарсы алар екен мені», — деп, көңілім толқиды. Қазір ол не күйде, нендей ойда отыр екен»,— деймін ішімнен. Төрт жылдай хабар-ошарсыз кеттім ғой мен. Осы уақыт ішінде ауылдан өзім де еш хабар есті алмадым. Госпитальда жатқанда Кәмәлияға күн ара хат салып едім, бірақ, ешбір жауап болмаған. Почта бөлімі біздің ауылдан он бес шақырым жердегі селода болатын. Жұртқа келген хат-хабарды, газетті әкелдіру үшін колхоз соған үш-төрт күнде бір рет қана арнайы кісі жіберіп тұратын: «Ауылда бұрын сондай нашар болған почта қатнасы, соғыс жылдарында тіпті кері кеткен шығар», — деп ойладым да, госпитальда жатқанда Кәмәлиядан хат ала алмауымның себебін тек қана содан көргенмін.

Сонымен, қысқарта айтқанда, алты тәулік поезбен, бір тәулік машинамен жол шегіп, сегізінші күн дегенде, өзіміздің таныс селоға келіп жеттім. Күннің көзі шашырап шығып келе жатқан таңертеңгі уақыт еді. Машинадан түскен бойда, ешқайда аялдамастан, дереу почта бөліміне бардым. Біздің ауылмен почта байланысы қандай екенін білуге асықтым.

Почта бөліміндегі хат сұрыптаушы қыз, менің сұрауымды ретсіздеу көргендей, қабағын шытынып қалды да, бірақ қитықпай, жөнін түсіндіріп айтты.

— Біз хат-хабарды ешуақытта кідіртпейміз, келген бойда гиісті адрссіне таратып отырамыз. Сіздің ауылдың хат тасушысы почта алуға күнбе-күн күндізгі сағат үштің кезінде келіп тұрады. Өзімен ауызба-ауыз сөйлесемін десеңіз, күтуіңізге болады,— деді.

Мен қайырып сөз де қатпадым, қайталап сұрау да бермедім, сыртқа үн-түнсіз шығып кеттім. Жазған хат-

тарымның ауылға жеткеніне шүбәм қалмады, өйткені, бірде-біреуі өзіме кері қайтып келмеген. «Кәмәлия менің хатымды алып тұрып, жауап жазбағаны ма? Егер жауап жазса, мен госпитальда бір ай жатқанда қолыма тиетін еді ғой. Бұл қалай?» — деген ой келіп, көңіліме қобалжу кірді.

Енді бір минут кідіруге тағат ете алмадым. Жол қапшығымды иығыма асынып, белбеуімді тартыңқырап буындым да, ауылға жаяу тарттым.

Көңілім алабұртып, аяқты кере адымдап, қатты аяңдап келе жатыр едім, бір мезгілде арт жағымнан арбаның салдыры естілді. Бұрылып қарағаным жоқ. Арбаның салдыры, бүлкілдеп жортқан аттың тұяғының дүңкілі жақындай түсті. Мен аяңдай бердім, кідіргім келмеді.

Осы ыңғайымды таныды ма, әлде жолындағы жаяуды жаңа байқады ма, әйтеуір арбадағы адам атын қысыңқырап, жітірек жүргізіп, мені қуып жетті.

— Ей, солдат, тоқта! Арбаға отыр,— деп дауыстады ол.

Сонда ғана кідіріп, бұрылып қарай бергенімде, арбадағы адам секіріп түсіп, жүгіріп келіп, өзімді айқара құшақтай алды. Мен де оған құшағымды айқастырып, төсіне төсімді бастым. Ет жүрегім елжіреп кетті...

Мені арбамен қуып жеткен бұл кісі — Қалиманың ағасы Оразбек еді. Екеуміз бір-бірімізбен есен-сау көріскенімізге шексіз қуанып, құшақтасып-сүйісіп, әбден маукымызды басқан соң, арбаға қатарласып отырып, жүріп кетіп ек. Сауыры тершіген күрең ат бүлк-бүлк жортып келеді. Оразбек атты қыспалаған жоқ, делбені босатыңқырап ұстап, менің кескініме ойлы көзбен барлай қарап отырды да:

— Теперішті аз көрмеген екенсің, маңдайыңда шимайланып ізі қалыпты-ау,— деді бір кезде. Осы сөзді айтты да, өңі бір түрлі құбылып, төмен қарап, ауыр күрсінді. Жүрегім әлденеден секем алып:

— Оразбек, неге күрсінесің? — деп ем. Ол үндемеді, менің кескініме тағы да қарады, аяныш білдіргендей пішін танытты.

— Маған естіртер бір сұмдығың бар-ау, сірә? — дедім көңілім қобалжып. Нендей жаманат болса да естуге бел будым да: — Мені аясаң, жасырмай дәл қазір айт. Жасып қалар деп ойлама, төрт жылда талай қиямет

кешкенмін, менің жаным бәріне де төзіп үйренген. Ірікпе, айт көкейіңде тұрған сөзіңді,— дедім өтініп.

— Болған істі жасыра аламыз ба... айтайын...— деп, Оразбек қинала сөйледі.— Сенің госпитальдан жазған хатыңның бір де біреуі Кәмәлияның қолына тиген жоқ. Ол біздің ауылда тұрмайды... Сені ұмытқан...

Біреу төбемнен суық су құйып жібергендей, денем мұздап қоя берді. Үнсіз тұнжырап отырып қалдым. Оразбек мені жұбатпақ боп, бірдемелерді айтып жатты, бірақ, бір сөзі құлағыма кірмеді. Оның сөзін тыңдарлық хал болмады менде. Бойымды бір жат сезім тез билеп алды. Жан-дүниемнің астан-кестеңі шықты...

О, достым, адамның басына тағдырдың мұндай азабы тап келмесін. Кешегі жылы ұяңның, өзің жоқта оты сөніп, қаңырап бос қалғанын көру қандай ауыр... Кіп-кішкентай ғана құс — қарлығашты мысалға алайыншы. Аузымен балшық тасып, ұя қалайды; жылы болсын деп, ішіне мамық төсейді; бір жақтан қауып-қатер көріне қалса, шырылдап, жаны шығып, өз ұясын қалай қорғайды. Сөйткен байғұс жем іздеп сәл уақытқа ұшып шығып, қайта оралып келгенде, ұядағы жұмыртқасы жоғалып, жылы орны бүлініп бос қалса, бишара құс нендей күйге түсер еді?

Есігі мен терезесіне көлденең тақтай шегеленіп, ішіндегі тіршілігі сөніп, қаңырап бос қалған үйімді көргенде, мен бейбақ, ұясы бұзылған дәл сол қарлығаштың күйіне түстім. Бұрын аппақ шағаладай боп жайнап тұратын үйіміздің сыртқы сылағы қопсып-жарылып, ағаштың қожырмағындай бұжыр-бұжыр болып, қамыстан жапқан шатыры да түтеленіп, тесіліп, өте жадау тартып қалған екен. Бар сырды іштей ұғып, қатты қиналып, аяғымды ілгері аттап басуға дәрменім болмай, өз үйімнің табалдырығы алдында еңсем езіліп тұрып қалдым. Оразбек мені қолтығымнан сүйемелдеп, өз үйіне қарай алып жүрді...

Төрт жыл жырақта, өмір мен өлім арпалысында от кешіп, аңсап, сағынып оралғанда, өз үйімнің есігі, іште тіршілік белгісі жоқтығын білдіріп, осылай тас бекітулі тұрды. Бір үйде — шешем, әйелім, өзім — үш жан бар едік. Әкем ертеректе, менің үш жасар кезімде қайтыс болған. Бірде жатып, бірде тұрып, бұрыннан науқастанып жүретін шешем, мен майданға кеткеннен кейін бір жылдан соң, ол да дүние салыпты. Ал, әйелім...

— Оны ойлап қайтесің. Ол бір шіріген жұмыртқа. Мынадағым жанымда болса, ондай қатынды табанда атып тастар едім,— деді Оразбек тістене сөйлеп.

— «Болғанға болаттай шыда» дейді ғой. Өзіңнің есеп-сау оралғаныңа шүкірлік ет. Тыныштық болды ғой, бәрі де түзеліп, қалпына келер. Жаман да жазылар, қайғың да айығар,— деп, Оразбектің келіншегі Нәзия жұбаныш айтты.

— Оқтан болған тән жарасы жазылар-ау, жан жарасы қалай сауығар?..— деп, қинала сөйлеп едім:

— Ол дерттің де емі табылар,— деді Нәзия мені демеп.

Шай құйып отырған Қалима, жеңгесі осы сөзді айтқан мезетте, көзін төмен салып, ақырын ғана күрсініп қалды. Мұны менен басқа ешқайсысы байқаған жоқ. Қалима кеше өзіме үнсіз келіп амандасқанда, өңінің жүдеулігін көріп, «аурудан тұрды ма екен» деп ойлаған едім. Соңынан, Оразбек пен Нәзияның әңгімесінен, Қалиманың соғыс жылдарында ағасының орнын басып, ауыр еңбек атқарғанын, суыққа тоңып, ыстыққа күйіп, қандай қиыншылық көрсе де сыр алдырмағанын, ешқандай ауырып-сырқамағанын, қайта шынығып ширай түскенін ұққан соң, әуелгі ойым ыдырады да, көңілімде бір жұмбақ туған. «Жанына бататын бір қайғысы бар-ау, сірә»,— деген ой келген басыма. Мен Оразбек пен Нәзияға майданда өз басымнан кешкен оқиғаларды ұзақ толғап айтқанымда, Қалима менің сөзімді үнсіз ғана тыңдап еді. Бір ауыз сөз айтпаса да, жалғыз сұрау бермесе де, оның бірде ағарып, бірде қызарып, құбыла түскен өңінен ішкі жан-дүниесінің қалай толқып отырғанын сезген ем. Енді, міне, Нәзия жаңағыдай дегенде, Қалима ақырын ғана күрсінді. Тағдырдың азабына қалған мені аяй ма? Әлде, Кәмәлиядай қатар өскен құрбысының опасыз жар болғанына өкіне ме?

Осы ойлар көңілімді бұзып кетті. Тамағым тұтқырланып, кеседегі суыған шайды түйіліп зорға іштім де, ыдысымды төңкеріп, кейін шегіндім.

— Бұ немене? Құрғақтай ішкен жалғыз кесе су ас бола ма? Аузыңа тіпті нәр салмадың ғой. Жарамайды мұның. Нәзия, кесесін әперіп жібер, шай құйсын,— деп, Оразбек дастарқанға төгілген бауырсақты қолымен маған қарай ысырып, тарелкедегі майды да менің алдыма жақындатып қойды.

— Кең пейіліңе рахмет, Оразбек. Бірақ тамағымнан ас жүретін емес... Үйімнің бекітулі жатқан терезесін барып ашайын, ішіне күн нұры түссін... тірлік белгісі білінсін,— дедім үнім дірілдеңкіреп.

Мен тұруға ыңғайланғанымда, Оразбек те орнынан түрегеліп, үйден менімен бірге шықты...

Сол күні кешке таман біздің үйдің терезесінен де шам жарығы жылтырап көрініп, сөніп қалған тіршілігінің қайтадан жанғанын сыртқы дүниеге паш етті.

Сонымен, бір үйде өзім ғана жападан-жалғыз тұрып жаттым. Күндер сырғып өте берді. Туған жердің жұпар ауасы, ас-суы бойыма әл кіргізіп, бірер айдан кейін науқасымнан әп-әдемі айығып, сауығып қалдым. Жанымның жарасы да бірте-бірте жазыла бастаған еді.

Бірақ, әбден айығуға мұршамды келтірмей, дертіме дерт қосылып, жаным тағы да жараланды. Бір күні кешке жақын үйіме кенеттен кіріп келген суық түсті адам, документін көрсетті де, мені арбасына отырғызып, ауданға жедел алып кетті. Ешкіммен сөйлесуге, аманат тапсыруға мұрсат берген жоқ. Неге бұлай болғанын ауданға жеткен соң бір-ақ білдім. Майданда екі рет тұтқынға түскенім үшін ерекше тергеуге алындым. Немістің қолына қандай жағдайда түскенімді, басымнан кешкен азапты дәлелдеп айтып едім, бірақ, сөзіме тергеушіні сендіре алмадым...

Сөйтіп, ерекше бақылауда болатын «сенімсіз адамдардың» тізіміне іліндім. Бірақ өз тағдырым, жүрген жолым өзіме аян ғой. Арым таза. Сондықтан, тергеушінің таққан айыбына мойығам жоқ, өзімнің адалдығыма еш күмәнім болмады. Мен тергеушінің қара тізімге жазғанына қиналған жоқпын, бірақ оның жұртқа мені құбыжық қып көрсеткені жанымды азаптады. Екі күннен кейін ауданнан қайтып келсем, ауыл ішінде мен жөнінде жаманат сөз тарап кетіпті. «Досан неміске оқ атпай, қол көтеріп тұтқынға әдейі түсіпті. Немістің тыңшысы боптысы» деген сұмдық суық сөзді естідім. Кімнің аузына қақпақ боларсың, жайылған сөзді қалай өшіріп тастарсың... Байқаймын, жұрт маған күдіктене қарайтын секілді. Тіпті ең жақын деген кісілерімнің өзі де мені көрсе қабақтарын жауып, жөнді сөйлеспеуді шығарды. Өз аулыма, өз ағайыныма жат болдым да қалдым...

Өмірімде тартқан ең ауыр азабым осы болды. Мұндай жағдайда, адам еңсесі түсіп, не борша үгіліп, не

адамшылық қалыптан шығып, бұзылып кетуі ықтимал ғой. Менің сондай күйге ұшырамауыма бір аяулы адам себепкер болды; қайғымды ұғып, жаныма сол демеу берді. Ол адам — Қалима еді.

Кешкі қара көлеңке түсе бастаған уақыт; өз үйімнің алдында үнсіз тұнжырап, тағдырыма налып, жүдеу ойда отыр ем, сырт жағымнан біреу ақырын ғана дыбыс беріп амандасты. Селт етіп, бұрылып қарасам, менен екі қадамдай жерде Қалима тұр.

— Саған бір ауыз ғана сөз айтқалы келдім,— деді ол естілер-естілмес үнмен. Жүдеулігінен бе, элде, толқыған ішкі сезімнің әсерінен бе, өңі күнге оңған сүйектей қуқылданып көрінді.

— Сені азапқа түсірген жайлар біздің де жанымызды қатты қинады,— деді Қалима ақырын сөйлеп.— Бірақ, сен жөнінде тараған жаманат сөздің бірде-біреуіне өз басым сенбеймін. Мүмкін емес... Сені ежелден білемін ғой, жаныңның таза, арыңның адалдығына шүбәлана алмаймын. Лақап сөзге, нақақ жалаға жасымасаң екен. Адалдық — күн көзіндей нұрлы. Ал, күннің көзін бұлт ұзақ бүркеп тұра алмайды ғой...

Қайғы қамалап, көңілің жадап жүрген кезде, жандүниеңнің сырын ұғып, демеген адам қандай қымбат! Жүрегім елжіреп кетті.

— Асыл Қалима-ай, өмірде тек қана сендей адамдар болса, еш пенде қайғы шекпес еді-ау,— деп, демім діріл-деп, көңілім толқындап үн қатқанымда, ол менің көзіме тік қарап, сәл ғана күлімсіреді. Еңсемді басқан зіл, сол мезетте иығымнан аударылып қалғандай болды. Орнымнан түрегелдім де, бойымның жеңілденіп қалғанын сездім. Шын көңілден туған жанашыр сөздің қуаты қандай еді шіркін!

— Тіршілік бар жерде қуаныш пен қайғы қатар жүреді ғой. Қайғыра білу де қаснетті танытады. Осал кісі болса, қайғы үстінде бордай үгіледі де, қайратты кісі болса, шыңдалады,— деп, Қалима, тағы да терең мағналы сөз айтты.

Қалиманың сөзі көңілімді қатты тебірентіп жіберді. Жан-дүниемде өзгеше бір құбылыс туып, толқып қалдым, Қалима да өңі құбылып, бір түрлі күйге енді. Көзіме көзін тура қадап сәл тұрды да, кірпігін төмен түсіріп, ақырын ғана күрсінді.

— Ой да, уайым да қалыңдап, соңғы кезде өте жабырқап жүр едім. Жанашыр сөзіңмен көңілімді демедің. Жылы лебізің дертіме дәру боп тарады... Рақмет. Бұл мейрбандығыңды мәңгі бақи ұмытпаспын,— дедім мен іштегі толқыған сезімімді білдіріп.

— Сендердің жайдары мінездеріңді, жақсы күлкілеріңді төрт жыл бойы сағынып ек. Қабақтарыңнан қайғы ізін көрмейікші енді. Жанымыз ауырады... Айтайын деген жалғыз тілегім осы еді,— деді Қалима.

Ол менімен сыпайы ғана қоштасып, аяғын ақырын басып, үйіне қарай беттеп бара жатқанда, көзімді одан тайдыра алмай, сыртынан ұзақ қарап тұрдым. Үйге кіріп, төсегіме жатқаннан кейін де, оның әлгі сөздерін есіме алып, көп толғандым. Басыма түрлі-түрлі ойлар келді. Қалиманың мен әскерде жүргенде өзіме жазған хаты да, конверт ішінен хатпен бірге шыққан кестелі орамалы да есіме түсті. Ойым тарам-тарам боп өрістегенімен, бәрі бір түйінге барып тіреле берді. «Қалима мені шын сүйеді екен»,— деп ұқтым.

Бірақ, мен оның адал махаббатына лайықпын ба? Оның осы мөлдір сезімін бір кезде жастықтың желігімен ұкпаппын да, қыз жүрегіне дерт түсіріппін. Қалима бұл азапқа үнсіз шыдап, іштей қатты қиналған. Жүрегіндегі махаббат отын сөндіруге әлі келмеген. Ол мені әлі де сүйеді. Қалиманың жүдеу өңінен, мұңлы көзінен осының бәрін де танидым. Өз тағдырым Қалиманың тағдырына ұласа алса, қуанар едім. Бірақ оны сүюге қақым жоқ менің. Ол — мөлдір бұлақтай кіршіксіз жан. Ал, мен басқаны сүйіп, бір рет үйленген адаммын, бірақ алғанынан опа көрмей, семьясының сәні бұзылған бейбақпын. «Жоқ, Досан, алды-артыңды абайла, Қалиманы ая. Сені сүйгені үшін жазықты емес ол. Бірақ, оның адал махаббатына лайық емессің сен».

Өзіме өзім ішімнен осылай дедім де, сәтсіз болған бұрынғы махаббатымның тарихын есіме түсіріп, ұзақ ойға шомдым. Бірақ, жүректегі сезімді бірден өшіріп тастауға адамның әлі келмейді екен, қалың ойдың мұнартқан бұлты бірте-бірте ыдырай берді де, көгілдір аспан көрінгендей, көз алдыма тағы да Қалиманың бейнесі елестеді. Жанымды қатты толқытып, жүрегіме өзгеше бір сезім оралды. Қалиманы сүйетіндігімді анық ұқтым. Бірақ...

«Жоқ, бұл сезім өз ішімде тұншықсын. Мендей бейбақ адамға Қалиманың қосылуын жұрт та мақұлдамас.

Басымдағы бар азапты өзім ғана тартайын. Тек Қалимаға қайғы жуымасын».

Осы ойлар жүрегімдегі сезімді тежеп ұстады.

Арада үш ай өтті. Даланың боз көдесі қуарып, жапырақтар сарғайып, күз жетті. Ауыл егінді дер уақытында жинап үлгірді. Енді зябь жырту науқаны басталған. Ауылдағы бар трактор — екі ХТЗ ғана. Соғыстан бұрын ауылда шынжыр табан тракторлар да, сатып алған бірекі жүк машинасы да бар еді. Олардың бәрі де майданға жіберіліпті. Техника өте аз. Негізгі күш көлігі — өгіз бен ат. Соқа сүйреп титықтаған өгіздерді тыңайту үшін олардың орнына ара-тұра сиырлар да жегіледі. Еңбекке жарамды жұрттың дені даладағы жұмыста. Ал, менің жұмысым ауыл ішінде. Кілтші едім. Бұл міндетті атқаруға, ауылға келгеннен кейін үш-төрт күннен соң-ақ кіріскен болатынмын. Ер-азамат жетіспегендіктен, ауылдың бала-шағасы, кемпір-шалы — бәрі қыбырлап еңбек етіп жатқанын көріп отырып, саламаттығымның кемдігін сылтау етіп бос жүруге дәтім бармады. Қолхоз басқармасынан жұмыс сұрадым. Олар менің денсаулық жағдайыма қарап, жұмыстың жеңілірегін іздестіріп, колхоз қоймасына кілтші етіп тағайындаған болатын. Бірер айдан кейін, денсаулығым әп-әдемі түзеліңкіреген соң, председательге тағы да өтініш етіп, басқа жұмысқа ауыстыруын сұрадым. Бұрыннан жұмыстың қиынына үйреніп қалған адамға, жеңіл-желпіні ермек қып, түйтпектеп жүрген деген — ауыр азап екен. Осы ойымды айттым. Басқарманың бір-екі мүшесі мені қой фермасына меңгеруші етіп тағайындағанды лайық көріп еді. Бірақ бұл ұсынысты председатель ішінен мақұл көрмеді ғой деймін, төмен қарап, желкесін қасыды. «Арызың дұрыс, бір жұмыстың ретін қарастырайық. Хабарын өзіміз айтайық»,— деді маған.

Председатель келесі күні мені кеңсеге ертемен шақыртты. Кеңседе өзі ғана оңаша отыр екен. Қабағы салыңқы. Солғын амандасты.

— Сенің мәселең бізге тіпті қиын тиді-ау, Досан. Бір ретін өзің ойлап таппасаң...— деп, сөзін күмілжіңкіреп бастады.— Басқарма мүшелерінің көпшілігі сені қой фермасына меңгеруші етіп тағайындау керек деп ұсыныс енгізіп еді, ауданнан жіберілген уәкіл қарсылық білдірді. «Неміске тұтқынға түскен, немістің табанын жалаған сенімсіз адамды жауапты істің басына жолатуға болмай-

ды. Өйтсеңдер, су түбіне ең алдымен өздерің кетесіңдер»,— деп, пәленің шетін шығарып қойды. Олар осылай дер-ау деп, өзім де күткен едім. Қарсы айтар дәлелім болмады. Расында да не дейін, оның айтып отырған сөзі теріс емес, сенің пленде болғаның анық қой. «Халық қазынасының маңынан жүруге қақысы жоқ осындай адамға колхоз қоймасының кілтін ұстатып қойғандарыңның өзі қылмыс»,— деп, уәкіл, әсіресе, маған қатты түйілді... «Пленде болған» дегеннің жаман нәрсе екенін өзің де жақсы білесің ғой, Досан. Менің де басым екеу емес... әйелім, бала-шағам бар. Сені жақтаймын деп, ертең бір пәлеге ұшырап жүрсем, маған кім ара тұра алады? Ешкім де қолының ұшын бермейді, өз басын сауғалайды. Сондықтан маған кінә қойма, өзіңнің қисайған тағдырыңа ренжі. Сен басқа жұмысқа ауыстыруды сұрап едің, бұл өтінішіңді орындай алмаймыз. Бүгіннен бастап, бұрынғы істеп жүрген жұмысыңнан да босатқалы отырмын. Қойманың кілтін қазір менің қолыма тапсыр. Қеңсеге ертемен шақыртқан себебім сол еді,— деді.

Мен ләм дегем жоқ. Жалынуым керек пе еді? Жоқ, жалынуды да өз басыма қорлық көрдім. Тағдырдың маған салған азабына мен жазықты емеспін деп, өзімді өзім ақтағаным жөн бе еді? Жоқ, бұдан не пайда? Қара басының қамын ғана ойлайтын мынадай бишара адам, сенің жаныңның қайғысын ұға алар ма? Ләм демедім, қалтамдағы кілтті алып, алдына қойдым да, орнымнан ақырын ғана түрегелдім.

— Досан, сәл бөгелші...— деді председатель,— түнде торпақ күзетуге бір кісі керек еді. Қаласаң, соған жіберейін...

Оның бұл сөзіне де жауап қайырмадым. Есікке қарай қозғала бердім...

Үйіме беттеп келе жатқанда басыма бір жат ой келді. «Бүйтіп құбыжық боп жүргенше, өзімді білмейтін, танымайтын бір жаққа қарамды батырсам қайтеді? Ауылдың еш адамына із-түзімді білдірмей, бір түнде жоғалайыншы осы»,— деп ниеттендім.

«Туған, өскен ұяңнан безіп кетпекпісің? Жұрт мұныңа не дейтінін білемісің сонда? «Күнәлі болғаны рас екен, ағайынның көзіне тура қарауға дәті бармай қашып кетті»,— деуі анық. Күнәкар адам қорқақ келеді. Сенің арың адал емес пе? Қорқақтың ісін неге істейсің?» — деген екінші бір ой келгенде, денем тітіркеп кетті. «Жоқ,

туған аулымнан ешқайда да кетпеймін» — дедім ішімнен серт қылып.

Бірақ, жұмыс сұрап, председательге қайтадан барғым келмеді. Аштан қатып, табанымды жаласам да, ондайларға жалынбаспын! Әрі-бері ойланып, ішімнен бір шешімге мықтап тұрып бекіндім де, сол күні дереу МТС-қа тарттым. (Жаяу шықтым; ауылдан он бес шақырым тұратын.)

МТС директорын сыртынан білетінмін; жасы елуді қусырып қалған, буырыл шашты, мінезі салмақты кісі еді. Менің өтінішімді үнсіз тыңдады да, документтеріме қарап отырып:

— Механизатор болуға неге қызықтың? — деп, оқыс сұрау берді ол. (Сірә, мені сынағысы келген болар.)

— МТС-тың қарамағында болып, өз аулымда жұмыс істеу үшін,— дедім мен.

Жауабым оқыстау шықты ғой деймін, директор басын шайқап, езу тартты.

— Мақұл. Тілегіңді қабыл алайық,— деді жұмсақ үнмен.

Сөйтіп, МТС-тен жолдама алып, осы селода ашылған, механизаторлар даярлайтын екі айлық курске оқуға түстім. Мен тракторшылар бөлімінде оқыдым.

Бұл оқуға түсуге ниет қылғанымды ауылда еш адамға айтқан жоқ едім. Бірақ, қайда жоғалғаным жұртқа жұмбақ болмасын деп, «мені іздемеңдер. Өзім келемін»,— деп қағаз жазып, өз үйімнің есігінің сыртына жапсырып кеткенмін. «Мені іздеген адам үйіме бір соғар. Есіктің құлыптаулы тұрғанын көргенде, осы қағазға да көзі түсер»,— деп ойладым.

Курске қабылданып, сабақ басталғаннан кейін де, ауылға хабар-ошарымды, қай жерде жүргенімді білдірмедім. Курсті бітіріп, жолдаманы қалтаға салып, рульге отырып, ауылға трактормен бір-ақ барғанымды ішімнен мақұл көрдім. Мұнымды біреу мақұлдар, біреу таңырқар, күдіктене қараушылар да болар. Мейлі, өз ықтияры өздерінде. Тек, трактордың рулі қолыма тезірек тисе екен. Мені қамаған ауыр ойдың сұрғылт бұлтын трактор гүрілі ыдыратып жіберер еді, жаным тыныштала ед.

Арада бір ай өткенше, менің механизаторлар курсында оқып жүргенімді біздің ауылдың еш адамы білген жоқ. (Тек сабаққа барған уақытта болмаса, көшеге өзім де көп шықпадым. Ауылдан күнде қатнап жатқан адам-

дардың көзіне шалынбағанымм, мүмкін, сондықтан шығар).

Бір күні Оразбекпен оқыс кездестім. Ымырт үйірілген кез еді. Пәтеріме ақырын аяңдап тақала бергенімде, қақпа алдында байлаулы тұрған ерттеулі атқа көзім түсті. «Бұл кім екен?» — деп ойлап үлгіргенімше болған жоқ, оң жағымнан:

— Досанбысың, әй? — деген таныс дауыс шықты.

Кілт тоқтадым. Қораның іргесінде жатқан дөңбек үстінде отырған жерінен шапшаң түрегеліп, өзіме қарай қозғалған Оразбекті көрдім.

— Бауырым-ау, дені-қарың сау ма? Із-түзіңді білдірмей зытып кетсең де, бәрібір іздеп тауып алдым ғой,— деп, ол қолдасып, күліп амандасты да: — Бұ не қылғаның, мән-жайыңды айтпай, жоғалып кетуің қалай? Бір хабарыңды білдірместей не жаздық саған? Жұрттың бәрі жатың ба еді? — деді кінә қойып.

Бұлай деуі қисынды ғой, өзімді ақтауға тырыспадым. Ешкімге дабыра қылмай ауылдан үн-түнсіз кетіп қалуымның себебін, ал, курске түскеннен кейін хабарымды неліктен білдірмей жүргендегі ойымды жайлап қана айттым.

— Мұның жарамайды, Досан. Өзіңді ғана емес, біздерді де ойлауың керек қой. Сенің дерегіңді біле алмай, достарың қатты алаңдады. Неге жасырынасың? Әлде, біреулерден жасқанасың ба? — деді Оразбек.

— Көкірегіме жау наизасы төніп келгенде жасқанбаған жүрегім әлдекімнің қоқан-лоқысынан қалтырайды ғой деймісің. Мұндай ой келмесін басыңа,— дедім оған.

Оразбек мені бала құсатып арқамнан қақты.

— Ондай ой менің басыма әмәндә келмейді,— деді салмақпен жымиып.

Екеуміз үйге кірмей, сыртта отырып, тіршілік, харекет мәселелері жөнінде ұзақ әңгімелестік. Оразбек маған үйімнің бекітулі жатқанын айтып, біраз сын таға сөйледі, тезірек үйленуді мәслихат етті:

— Әрине, әйелі жоқ адамның үйінде де бап болмайды, өзінен де сән кетеді ғой,— дедім мойындап.

— Ересек кісіге бойдақтық келіспейді. Үйлен тезірек,— деді Оразбек сөзін нығарлап...

Оны аттандырып сап, үйге кіріп, шешініп төсегіме жатқаннан кейін ойға шомдым. «Оразбектің мені әдейілеп іздеп келгендегі мақсаты — осы сөзді айту болғаны

ма? Қарындасымен екеуміздің арамыздағы ашылмаған жұмбақ сырды іші сезіп, жақын тартқысы келген түрі ме? Әлде бұған яки Қалима, яки әйелі Нәзия — екеуінің біреуі, мен хақында бірдеме деді ме? Олай болса Оразбек неге ашық сөйлеспеді менімен»? — деген ойлар көңіліме толқын салды...

Осы ойдан ұзақ уақыт арыла алмадым. Күнде кешке төсегіме кеп жатқанда, көпке шейін ұйқымды келтірмей, көңілімді толқыта берді, толқыта берді...

Курстегі оқудың мерзімді күні бітті. Сын тапсырып, трактор жүргізуге право алдық. Бірақ, оқуды бітірісімен ауылға трактормен бармақшы болған ойымды жүзеге асыруға бір жағдай бөгет жасады. Қар жауып, қыс түсіп қалды. Енді колхоздардағы трактор-комбайндардың бәрі МТС-қа жеткізіліп, қыскы жөндеу жұмысы басталады. Бұл — қар еріп, көктем туғанға шейін созылатын ұзақ шаруа. Мен өзім тіленіп, осы жұмыста қалдым. Курсте оқығанымды енді іс жүзінде пысықтап, машина жайына қана түсейін деген ойым болды.

Мәселе осылай шешілген соң, қыс жабдығының олпұл шаруасын реттеп қайту үшін, үш-төрт күнге рұқсат алып, ауылға бардым. «Иесіз үйім жетімсіреп тұрған шығар»,— деп, көңілім алабұртып келіп ем, қора-жәйімнің қасына жақындаганда, сыртының жарасып тұрғанын көріп, қуанып қалдым. Үйдің қабырғалары ағартылған, терезе қақпалары сырланған, шатырдың, қораның жыртықтары бүтінделген. Қақпаның алдына бір-екі арбадай отын да үйіліп қалыпты. Осының бәріне таңырқай қарап: «Маған бүйтіп жаны ашыған кімдер екен бұл?» — деп таңдандым ішімнен.

Олар — Оразбек пен Нәзия екен; көрші үйдің шалы айтты түсіндіріп.

— Өздері қазір үйінде ме? — дедім асыға сұрап. Дереу барып, екеуін де құшағыма орап алғым келді.

— Жоқ, үйінде емес. Нәзия келіннің төркініне қонаққа кетті екеуі. Осы бүгін, сен келердің аз-ақ алдында, жүріп кеткен. О жақта төрт-бес күндей болатын шығар, сірә,— деді шал.

«Онда бұл жолы оларға жолыға алмайды екем»,— деп өкіндім ішімнен.

Есіктің кілтін ашып, үйге кіргенімде бетіме суық леп тиді. Қар жауғалы пешке от жағылмағандықтан үйге ызғар қамалып тұр екен, есік ашылғанда, іштегі суық ауа

сыртқа толқыды. Терезе әйнектерінің төменгі жағы қырауытқан,— аурудан арыған адамның реңіндей боп бозарып көрінді. Үй ішіндегі заттардың бәрі маған жүдеу кескінмен мұңая қарағандай болды; бәрі де жаурап тоңып, жағынан боздағы шығып отырғандай. Аяп кеттім, Үйді тез жылытудың қамына кірістім...

Пеште маздап от жанып, жылу тараған кезде, терезелердің әйнегі тершіп, үйге жан кірді. Үй ішіндегі заттар да бойы жылып, өңі жайнай бастады. Мен де көңілдендім. Пештің қарсы алдына орындық қойып жайланып, сырт-сырт жанған қайыңның қызуына жаным рахаттанып отырып, ақырын ғана ыңырсып өлең айттым. Жолда суыққа тоңазып келген денемді от қызуы біртебірте балқыта берді. Маужырай бастадым... Жұп-жұмсақ бір нәзік қол ақырын ғана келіп мойныма асылды. Мен де құшағымды аша бердім. «Жаным, сағындым ғой»,— деп, Қалима ыстық бетін бетіме басып, демі дірілдеп үн катты. «Мен де сағынып, аңсадым сені, қалқам!» — дедім толқынып. «Өз жүрегімнің сырын көк жібек орамалға кестелеп жазған ем ғой. Танып па едің, ұғып па ең?» — деп сұрады ол. «Таныған мын, ұққанмын»,— дедім мен. Қалиманы көкрегіме қыса түсіп, жұқа, нәзік ернінен ұзақ сүйдім. «Біз, Нәзия екеуміз сендерге тату-тәтті өмір тілейміз. Бақытты болыңдар!» — деп құттықтады Оразбек. Дәл қасымызға оның қай жақтан кеп қалғанын аңдамай қалдық. Қалима қара көзін төңкеріп жымиды да, ұялып, құшағымнан тез босанып кетті. Мен оны қасымнан жібергім келмей, орнымнан талпынып тұрам дегенімде, орындығымнан құлап түсе жаздадым... Көзімді ашып қалсам, түсім екен. От қызуына денем балқып, маужырап отырып, сәл қалғып кетіппін. Сонда да өз көзіме өзім сенбей, жан-жағыма қарандым. Ешкім де жоқ...

Көрген түсіме таңданып отырмын. Қәдуілгі өңімдегідей бәрі де ап-айқын болды; түс екеніне көңілім сенбегендей. Бала кезімде шешемнің түс туралы айтатын бір әңгімесін талай рет естігенім бар еді. «Адам бір нәрсенің шешімін таба алмай күйзеліп жүрген кезінде, немесе, басына ауыртпалық түсіп қиналған шағында, ең жақын адамы оның түсіне кіріп, аян береді»,— деуші еді шешем. Сол сөзі есіме түсті. Қалима екеуміздің тағдырымыздың жалғасқанын Оразбек шын тілейтін болу керек деп ойладым. Түнеукүні мені іздеп тауып, тезірек үйлен деп,

әдейілеп айтып кеткен сөзі — анау; ал, ауылда менің үйжәйімнің жыртығын бүтіндеп, тіпті, қыста жағатын отынға шейін әкеп үйіп тастаған ісі — мынау. «Осының бәріне түрткі болған бір себеп бар»,— деп ойламасқа қисын қалмады.

Бірақ, мен өзімнің жаралы тағдырымның Қалиманың сау тағдырына жалғануын қалайша тілермін?!.

Ауылда үш күн болып, ондай-мұндай шаруаны тындырған соң, төртінші күні МТС-қа қайырадан жол тарттым.

Таң саз бере тұрып сыртқа шыққанымда, терістіктен аздап білінген жел бар еді. Мені көрші үйдегі шал МТС-қа өз көлігімен апарып салмақшы болған. Ол шай-суанын ішіп, атын жегіп шыққанша, күннің көзі едәуір көтеріліп қалды; жел де күшейіңкіреп, сырма жүре бастады. Орнымыз жайлырақ болсын деп, шанаға төсеуге шөп түсірмек боп, қора үстіне үйілген пішенге шығып ем, көшенің екінші бетіндегі таныс қораның төбесінен айырмен шөп түсіріп жатқан, үстіне қынама бел шолақ тон, басына малақай киген бір әйелге көзім түсті. Сол мезетте мен жаққа ол да бұрылып қарап еді. Қалима!.. Мен де, ол да бір-бірімізге таңданғандай, аңырып тұрып қалдық.

— Ей, жігітім, неге аңырайдың? Қимылда шапшаңырақ. Күн райы бұзылғалы тұр, тезірек жүріп кетелік,— деп дауыстады шанада отырған шал.

Дауысты Қалима да естіді ғой деймін, теріс айналып, тез қимылдап, шөбін түсіре бастады. Мен әлі тұрмын қалшиып, Қалиманың өзіме көзін тағы да бір аударып қалуын күткендеймін. Бірақ ол мен жаққа қарамауға тырысты.

Шанамызға шөп салып алғаннан кейін біз дереу қозғалып кеттік. Арқамды шалға беріп, бетімді ауылға қарата отырып едім шанаға. Біз ұзай берген кезде ғана Қалима бұрылып қарады. Айырына сүйеніп, қыбырсыз қатып, ұзақ тұрды. Қашан қарасы үзіліп кеткенше, мен де одан көзімді тайдыра алмадым...

МТС-қа түс мезгілінде жеттік. Бұл күні жұмысқа бармауыма да болатын еді (әрі жарты күні өтіп кетті, әрі бұ күнге де рұқсатым бар-ды), бірақ, оңаша қалсам, ойым онға бөлінер дедім де, пәтеріме бөгелместен, машина жөндеу мастерскойына келдім. Өзіміздің бригадирді тез іздеп тауып, тапсырма алып, іске жедел кірісіп кеттім...

Сонымен, күн артынан күн сырғып өте берді. Жұмыс өз жүйесімен бірқалыпты жүріп жатты. Ауылдағы үй-жайыма онша алаңдағаным жоқ; жағып, жылытып тұрарсыз деп, сенімді көршіге тапсырып кеткен болатынмын. Сондықтан тықыршымадым; екі айдың ішінде үйіме екі-ақ рет барып қайттым.

Қыс ортасы ауды. Негізгі жөндеу жұмыстары аяқталды. Енді соқа, сеялка секілді жеңіл-желпі машиналарды жөндеуге кірістік. Марттың орта шенінде бұл жұмыс та тәмамдалды. Біздің МТС көктемгі егіске әзірлікті, аудан бойынша, бірінші боп тындырып, құрмет тақтасына жазылды. Бұл нәтижеге жеткенге бәріміз де қуандық; ал өзім тіпті ерекше шалқыдым. Жаныңмен сүйіп, шын беріліп атқарған еңбегіңнің жемісін көзбен көрген қандай шіркін! Еңбектің еленіп, бағаланғаны — көңілді өсіріп, еңсені көтеріп тастамай ма! Әсіресе, мен секілді жаңы жаралы адамға мұның шипалық құдіреті қандай десеңізші.

МТС директоры ауданнан бәріміздің атымызға келген құттықтау телеграмманы естірткен минутта балаша масайрадым. Мектеп есігін тұңғыш ашқан бірінші класс оқушысы ең алғаш рет «бес» деген баға алғанда, осы олжасын ата-анасына көрсеткенше асығып, сабақтан шыға сала үйіне қарай жүгіретіні болады ғой. Құдды сол секілденіп, қуанышымды паш етпекке ынтығып, жиналыс біткен бойда ауылға сыдырта жөнелгім келді.

Тілегімнің де сәті бола қалғаны. Машина жөндеу жұмысының мерзімінен бұрын ойдағыдай орындалуына байланысты, семьялары ауылда тұратындарға, үйлеріне барып қайту үшін, үш күнге демалыс берілді. Солардың санатында мен де тарттым үйге. Сәті болып, бір көлік кездесе кетіп, ауылға тез жеттім.

Ауылдың шетіне келгенде шанадан түстім де, үйге қарай жаяу аяңдадым. Ауылды қақ жарып өтетін түзу көшенің ортасымен, аяқты кере басып, бойымды тік ұстап, нық адымдап келе жатырмын. «Қайда екен әлгі біздің колхоздың байғұс председателі? Мені әуелі сен көрші! Досанды күн-жұн боп кетті дейтін шығарсың ішіңнен. Жоқ, мен ондай бишара кісі емеспін! Еңсем биік, көңілім сергек, жаным таза. Аяқты сондықтан да нық басамын. Қара маған! Көр мені!»

Осы бір ой қолтығымнан көтеріп әкетті. Басымды еш жағыма бұрмастан, көзімді тек алға қадап, жүріп келе-

мін. Жұрттың бәрі есік алдына шығып, маған әрі таңдана, әрі сүйсіне қарап тұрған сияқтанды. Өз есігінің жабығынан біздің байғұс председатель де сығалаған секілді. «Жоқ, жарқыным, қорықпа,— деп қалдым ішімнен,— сенің үйіңе кірмеймін, тіпті жақындамайын, бала-шағаң бар адамсың ғой, бір пәлем жұғып кетіп, обалыңа қалармын». Күлкім келді, бір жағынан өзін аяп та кеттім. Қорқақ адам қашан да мүсәпір ғой...

Үйім жып-жылы боп тұр екен. (Мен келердің аз-ақ алдында пешке от жағылыпты.) Көңілім жадырағаң үстіне жадырай түсті. Ән айтқым келді. Менің хал-жайымды білмекке үйге көршілерім кірді. Бәрімен де көңілді амандасып, жайраң қағып сөйлестім. Бұрын келгенде қабағым да жөнді ашылмай, сөзді де онша қаламай отыратын менің, енді бұл жолы күрт өзгеріп қалғаныма олар да таңданды ғой деймін, кескініме қайта-қайта қарай берісті. Дәл сол сәтте мен жөнінде қайсысының басына қандай ой келсе ондай ой келсін, ал пішіндерінен тек қана сүйсінген, разы болған жайлары танылды.

Үйге Оразбек кірді. Біздің МТС-тың мақтау алғанын ол да естіген екен, есіктен кіре құттықтап, қасыма кеп қолымды қысты.

— Біздің Досан жүрген жердің жемісі осындай болса керек-ті,— деді үйдегілерге қуана қарап.

Сол күні кешке Оразбек мені үйіне дәмге шақырды. Дастарқан үстінде де ол мені көбінесе мақтап сөйлеп отырды.

— Барлық ісің жақсы-ау, тек бір ғана кемістігің бар, тезірек үйлен деген тілімді алмай жүрсің,— деп кінә қойды бір кезде.

Ортамызда бөтен ешкім жоқ еді; дастарқан басында отырған төрт-ақ кісіміз — мен, Оразбек, Нәзия, Қалима. Ағасы әлгі сөзді айтқан мезетте Қалиманың пішіні лап етіп қызарды. Мен де бетімнің дуылдағанын сездім. Бір күшті қызу электрдің тогінше лып етіп тарап, денемді ысытып жіберді. Сергек Нәзия Қалиманың да, менің де пішінімізден білінген ішкі күйді үнсіз түсінді де, өзінің тілектес екендігін көзімен ұқтырып, маған жылы жүзбен қарап жымиып қойды.

Сол сәтте көкейінде тұрған сөзін ол келесі күні оңашада айтты.

— Қалима сені шын сүйеді, тағдырыңды көп ойлайды. Сенің де жүрегіңе ұялаған сондай сыр барын көптен

сеземін. Жүрегіндегі сол сұлу сезімге тежеу салып, өзіңді өзің қинап жүруің қалай?..— деді.

Ол Қалима екеуміздің бір-бірімізге шешіліп сыр ашып сөйлесуімізді тіледі...

О, достым, дүниеде махаббат күшінен құдіретті не бар? Жүрегіңді бір жайласа, қызуымен елжіретіп, елтітіп, еркіңді, ес-ақылыңды түгел билеп алады. Қалимамен оңаша жолыққанда, алдын ала сайлап келген сөзімнің бірде-біреуі тіліме оралмай, өз-өзімнен қысылып, берекем кетті де қалды, тек жүрегімнің лүпіл қағып тұрғанын ғана сеземін. Мен қасына жақындап келгенімде Қалима да бір түрлі қысылып, екі бетінің ұшы қызара қалып, бірақ жымиып төмен қарап еді. Сол күйінде, өңі біресе ағарып, біресе қызарып, реңі түрлене құбылып, ол да үнсіз қалды...

Екеуміз бір-біріміздің көңілімізде тұрған сөзді үнсіз ұғыстық.

Бұл жолы осылай іштей табыстық та, келесі һәм одан кейінгі жолығыстарда сыр тереңіне бойлай бердік. Енді бірімізден біріміз алшақ жүруімізге ешқандай себеп қалмағанын екеуміз де түсіндік. Көктемгі егіс науқанын өткізіп, қарбалас жұмыстан жұрттың қолы босап, ел арқасы кеңіген кезде үйлену тойымызды жасамақ боп сөз байладық.

— Екеуміздің тағдырымыздың жалғасқанына ағаң да, жеңгең де тілектес. Мұны көптен сеземін. Өз тілегімізге ағайын тілегі ұштасқаны қандай жақсы! — дедім қуанышымды жасырмай.

— Нәзия жеңгем бізге шын тілеулес, ал, Оразбектің ойы қандай екенін білмеймін. Ол сен екеуміздің арамыздағы жағдайдан бейхабар әлі,— деді Қалима.

— Ағаңның ойы саған аян болмаса, маған аян. Екеуміздің сөз байласқанымызды естісе, ол бұған шын қуанары хақ,— дедім нық сеніммен.

Бірақ, бұл сөзді айтуым — ертерек болған екен; Оразбектің бұған дейін маған көрсетіп келген ықыласын өзімше жорып, басқаша түсініппін. Бәрін де кейін ұқтық...

Көктемгі егіс жұмысының қайнап жатқан кезі еді. Көктем таңында маужыраған кең даланы қуатты мотор үнімен сергітіп, жадыратып, өткір соқа тілімен қара жерді таспадай тіліп бара жатқан трактордың сіз де талай көрдіңіз ғой. Бірақ сіз трактордың жалтылдаған та-

банына, соқа тілінің жерді қалай тілгеніне қызығып қарап қана тұра берерсіз. Кабинада отырған трактершыға тіпті зер салмауыңыз да мүмкін.

О, оның жан дүниесінің толқынын білсеңіз егер! Алдына көз тіксе, сағымданған кең дала шеті-шегі жоқтай боп, мұхиттай шалқып көрінеді; кейінгі жаққа көз салса, қыртысы аударылған қара жер теңіздің бұйра толқынындай боп елестейді; жанарын жоғары аударса, мөпмөлдір боп үстіне төніп тұрған көк аспанды көреді, көреді де мерейі өседі, көңілі шалқиды. Әне, шырқап көтерілген боз торғай, биіктеп-биіктеп барды да, қанатын дірілдетіп, бір орында тұра қалды. Даланың көркем құсы биіктен ән төгеді. Бірақ, мотор үні оның әсем әуезін трактершыға естіртпейді. Ал, трактершы боз торғайдан көзін ала алмайды, сүйсініп қарап, күлімсірей береді. Дала еңбеккері болғандықтан даланың бар қасиетін ол жанымен, жүрегімен ұғады.

Мен де басымнан күнде осындай күй кешуші ем. МТС біздің ауылға екі ЧТЗ берген болатын; соның біреуінің иесі — өзіммін. Көздеген мақсатыма жеткен соң, жаным жай тауып, көңілім көншіген. «Енді қуаныш үстіне қуаныш қана қосыла берер»,— деген бір ғана ойым болған. Күнде ертемен оянғанда , боз торғай әуені құлағыма келеді. Әсем құс таңды әнмен қарсы алады. Бейбіт күннің тыныштығын паш етеді. «Жаным, Қалима, осы әсем әнді сен де тыңдап жатқан шығарсың-ау қазір. Қуан, сүйсін! Біз бақыттымыз!» — деймін тебіреніп. Бозторғай әнін тыңдауға жаным сондай құмар-ақ!

Күннің көзі қызара үлкейіп, ұясына қонақтауға еңкейіп келе жатқан мезгіл еді. Трактордың рулінде отырып, қызыл барақтанған көк жиекке көз тігемін. Бір мезгілде, қара парды жағалап, қатты шоқытып келе жатқан салт аттыны көзім шалды. Жүрісі суыт көрінді. Атының басын тура менің трактерыма қарай бұрып, желе тепіректеп келеді.

Салт аттының Оразбек екенін жақындағанда бір-ақ танидым. Трактерды тоқтат деп, қолымен белгі етті. Мен мотор үнін бәсеңдетіп кабинадан түскенімде, ол да аттынан түсіп, күтіп тұрды. Өңі сынық көрінді.

— Досан, бұл қалай болды? Біз күтпеген іс еткенің қалай? — деді Оразбек төмен қарап сөйлеп.

Мен оны бірден түсіне алмай, таңырқап қалдым.

— Сенімен шындап сөйлескелі келдім,— деді Оразбек сөзін жалғастырып.— Бүгін маған әйелім бір сырдың бетін ашты, Қалимамен екеуіңнің арандағы жайды айтты. Қарындасыма ләм-мим дегенім жоқ, әуелі өзіңмен сөйлесіп алғанды мақұл көрдім. Адалыңды айтшы, шының ба, ойыпың ба?

Оразбек не мақсатпен келгенін, не айтқалы тұрғанын енді сездім.

— Шыным. Қалима екеуміз бір-бірімізді сүйеміз,— дедім ашық сөйлеп.

Оразбек қабағын шытынып, үндемей тұрып қалды да, сәлден соң көзіме тік қарап, сұрау берді.

— Болашағың қандай боларын білесің бе? — деді.

— Білемін. Біз бақытты боламыз,— дедім мен.

— Жоқ, бақытты бола алмайсыңдар,— деді Оразбек салқын үнмен.— Өзіңнің өткен күндеріңе көз жіберіп қарасаңшы. Теперішің аз ба көрген. Соңыңа ерген сөз қаншама. Мен сенің ақ, адал жаныңды қараламаймын. Бірақ, алдағы күндерде көрер қуанышыңнан, тартар бейнетің көп бола ма деп ойлаймын. Немістің пленінде болғаның рас... басыңның дауынан арылған жоқсың әлі. Ертең қиын-қыстау жағдайға душар боп жүрсең... Жоқ, Досан, ойлан... Қалиманың басын әуреге салма. Оны да, өзіңді де ая... бізді де ая.

Оразбек осы сөзді киналып айтты. Төмен қарап тұрып, ақырын ғана сөйледі. Көңілі жақын дос адам ғой, ішінен мені өзі де аяп тұрғаны пішінінен сезілді.

Менің жаныма әсіресе батқаны осы болды. Егер ол шайпау мінез көрсетіп, қатты сөздер айтса, жүрегімдегі сезімімді қорласа, мен де қайнап, жел соққандай өршіп, үдей түсетін өрт секілденіп жалындап кетуім мүмкін еді ғой. Оразбектің жайын ұғып, үндей алмадым. Екеуміз де төмен қарап, біраз тұрып қалдық та, екі жаққа бұрылдық. Рульге үнсіз келіп отырдым. Оразбекке басымды ептеп бұрып қарағанымда, ол да ер үстінде мелшиіп, атын ақырын ғана аяндатып кетіп бара жатты...

Көңілім тыныш еді; тағы да құйын соғып, үйіріп әкетті. Ойым ұйтқыды. Әлденеге ашуым келіп, бойымды ыза буды. Тісімді қайрап, тістенемін. Оразбекке өшіккенім бе? Жоқ! Өзімнің қисық тағдырыммен ұстасып келемін. Тағдырдың мені аяр түрі жоқ көрінді. Мойынды ұсына берсем, саз балшықтай илеп, жаншып тастамақ-

шы. «Жоқ, қатал тағдыр, кеудемде жаным барда, көнбеспін ырқыңа!» — деп, қайрат бердім өзіме өзім...

Трактором, жансыз болса да, менің сырымды ұққандай, мұлтіксіз жүріп келеді. Даланы қою қараңғылық жауып, түн болды. Менің тоқтағым келмеді. Кешкі асқа да бармадым. (Тамаққа еш зауқым соқпады.) Прицепші баланы: «Маған аландама, барып тамағыңды іш те, төсегіңе жатып ұйықта, ертең де жұмыс бар, дем ал»,— деп, қосқа жібердім. Енді соқаны да өзім бақылап отырмын. Трактор бір қалыпты жүріп келеді. Жаздың қысқа түні білінбей қымқырыла берді...

Бір мезгілде құлағыма: «Тоқта!» деген қатты дауыс естілді. Дауыс шыққан жаққа басымды бұрғанымда, қарандап жүгіріп келе жатқан біреуді көзім шалды. Ол трактордың жарық түсіп тұрған алдына таман шықты да, қолын шұғыл сілтеп белгі етті. «Дереу тоқта!» дегені.

Мен тракторды тоқтата бергенімде, ол сол жағымнан кеп: «Жерге түс!» — деп дауыстады. Өзіміздің бригадирді даусынан танидым.

— Сені жын қақты ма? — деді ол, мен кабинадан түсіп, қасына жақындағанымда.— Неге дем алмайсың?!

— Бүгінгі түн — менің ұйқым келмейтін түн,— дей беріп ем:

— Доғар сөзді. Дем ал! Тракторға да тыныс керек,— деді де, бригадир моторды өзі сөндіріп тастады.— Жүр, кеттік қосқа,— деді бұрылып.

— Мен осы жерде қаламын,— дедім.

Бригадир маған жалынған жоқ. «Еркің білсін» деді де, өзі ілгері жүріп кетті. Бес-алты қадам аттап барып, артына бұрылып: Әй, Досан, тракторды қайырадан жүргізетін болсаң, менен жақсылық күтпе»,— деп ескертті. (Бүйдегені несі екен? Баланың ісін істеп не бопты маған.)

Фуфайкамды жерге төсей салдым да, тракторымның қасына етпемнен жата кеттім. Тып-тыныш, жым-жырт түн. Болар-болмас қана жел білінеді. Шегірткенің бірқалыпты шырылы үзілмей естіліп тұр. Ойымның киюы қашып, әр тарапқа бытырай берді...

Қанша уақыт өткенін білмеймін, бір мезетте құлағыма сыбдыр естілді. Басымды жерден ептеп қана көтеріп, алдыма қарап едім, өзіме қарай ақырын қозғалып келе жатқан адам бейнесі көрінді. Әйел секілді; көйлегінің

етегі ағаранайды. Жақындап қалды. Сәл бөгелді. «Досан» деді ақырын ғана дыбыс беріп.

Қалиманың үні! Ұшып түрегелдім. Бірақ, бір күш иығымнан ұстай алғандай боп, орнымда тұрып қалдым. Қалима ақырын қозғалып, қасыма жақындады. Екеуміз бір-бірімізге үнсіз қарастық. Менің хәлімді ол да ішінен түсінді, оның жайын мен де ішімнен ұқтым.

— Махаббатыма арашаны өзіңнен тілеп, біржола келдім қасыңа,— деді Қалима толқыған үнмен. Сонсоң көңілінің қаяуын сездіріп: — Оразбек менің жан-күйімді түсінбеді. Ызғар көрсетті. Жүректегі сезіміме қыспақ жасағанына шыдамадым...— деді жабығып. Кеудеме бетін басты.

«Асыл қалқам!» — деп, демім дірілдеп, Қалиманы көкірегіме қысып, құшақтап, ұзақ тұрдым.

— Оразбектің мінезі тік еді, тілін алмағаным үшін мені енді көрместей боп кетер ме екен?..— деді Қалима көңіліндегі мұңын да білдіріп.

— Бір ұяда түлеген — бір-бірінен безе алмайды,— дедім мен.

Қалима менің көзіме қуана қарап күлімсіреді...

Қалима екеуміздің қосылғанымыз бүкіл ауылға ертеңіне-ақ аян болды. Достар жиналып, өздері ұйымдастырып, сол күннің кешінде даладағы жұмыс басында той да өткізіп жіберді. Оразбекпен ұғысып сөйлесіп, оны тойға шақырып келуге беделді бір кісі жіберіліп еді, бірақ, Оразбек ашулы райынан қайтпады, тойға келмеді, әйелін де жібермеді. «Досанды да, Қалиманы да енді көрмеймін»,— деп сәлем айтыпты.

Бірақ оның адал жүрегі қаталдыққа ұзақ шыдай алмады. Бір аптадан кейін Қалима екеумізге өзі арнайы кісі жіберіп шақыртып, өз үйінде қолынан сый-құрметін көрсетті; ағайын, дос-жар жиналған кең дастарқан үстінде ақ көңілден бізге бақыт тіледі...

Міне, менің сізге әңгімелер сырым осы. Хикаямді тәмамдайын осымен. Өткен күн қайтып оралмайды, ал, кейінгі өмірде өкінішім жоқ. Оразбектің де, біздің де қазіргі семья жағдайымызды, тұрмыс-күй дәрежемізді өз көзіңізбен көрдіңіз ғой. Оразбек — комбайншы, Нәзия — сауыншы, Қалима — агроном, мен — трактористі — бәріміз де рахат тұрмысты еңбектен тапқан адамдармыз. Сөз орайында айта кетейін, «пленде болғансың» деп менен үркіп жүретін баяғы председатель қазір менің агрега-

тымда прицепші боп істейді. «Жолдас председатель, бір пәлем жұрып кетпес пе екен саған?» — деп, анда-санда бір қалжыңдап қоямын. «Ә, қойшы әрі жоқты айтпай!»— дейді ол күліп, қолын сілтеп. Басқа не десін?!.

Қалима мен Досанның колхозынан облыс орталығына автобуспен қайттым. Машина жолшыбай бірнеше жерге тоқтады; біреулер түсіп, біреулер кіріп жатты. Оларда менің шаруам болған жоқ, Қалима мен Досан шерткен әңгімені есіме түсіріп терең ой құшағында отыра бердім. Бір мезгілде, арт жағымда отырған әйелдің бір сөзі мені елең еткізді. Түріне қарағаным жоқ, кім екенін де, автобусқа қашан мінгенін де білмеймін, қасындағы көршісімен күңкілдесіп сөйлесіп отырған секілді еді, әлгі бір сөзі аузынан қаттырақ шығып кетті. Бірақ әйел қымсынған жоқ, көкірегімдегі шерімді басқалар да естісе мейлі дегендей, даусын төмендетпей, сөзін жалғастыра берді:

— Мен бір бейбақ жанмын. Әуелгі ерімнен соғыс айырды. Басыма қиыншылық түскен соң, екінші адамға, оның бұрын екі әйел тастағанына қарамай-ақ, тұрмысқа шығып едім. Бұл күйеуім жетесіз болды. Маскүнем... Сол арағы құрғырдың қырсығынан жаза тартып, қазір түрмеде жатыр. Біржарым жылға кескен, әлі үш айы ғана өтті... Хал-жайын білуге жексенбі сайын осылай келіп тұрамын... Қайтейін, не амалым бар... Бәрін де өз бағымнан көремін-дағы. Ешкімге кіна қояр жайым жоқ,— деп, әйел ауыр күрсінді.

«Бұл әйел Қәмәлия болар ма?» — деген ой келді басыма; кескінін көрсем, тануым да мүмкін ғой, бірақ, оған қарамауға тырыстым...

етегі ағарандайды. Жақындап қалды. Сәл бөгелді. «Досан» деді ақырын ғана дыбыс беріп.

Қалиманың үні! Ұшып түрегелдім. Бірақ, бір күш иығымнан ұстай алғандай боп, орнымда тұрып қалдым. Қалима ақырын қозғалып, қасыма жақындады. Екеуміз бір-бірімізге үнсіз қарастық. Менің хәлімді ол да ішінен түсінді, оның жайын мен де ішімнен ұқтым.

— Махаббатыма арашаны өзіңнен тілеп, біржола келдім қасыңа,— деді Қалима толқыған үнмен. Сонсоң көңілінің қаяуын сездіріп: — Оразбек менің жан-күйімді түсінбеді. Ызғар көрсетті. Жүректегі сезіміме қыспақ жасағанына шыдамадым...— деді жабығып. Кеудеме бетін басты.

«Асыл қалқам!» — деп, демім дірілдеп, Қалиманы көкірегіме қысып, құшақтап, ұзақ тұрдым.

— Оразбектің мінезі тік еді, тілін алмағаным үшін мені енді көрместей боп кетер ме екен?..— деді Қалима көңіліндегі мұңын да білдіріп.

— Бір ұяда тұлеген — бір-бірінен безе алмайды,— дедім мен.

Қалима менің көзіме қуана қарап күлімсіреді...

Қалима екеуміздің қосылғанымыз бүкіл ауылға ертеңіне-ақ аян болды. Достар жиналып, өздері ұйымдастырып, сол күннің кешінде даладағы жұмыс басында той да өткізіп жіберді. Оразбекпен ұғысып сөйлесіп, оны тойға шақырып келуге беделді бір кісі жіберіліп еді, бірақ, Оразбек ашулы райынан қайтпады, тойға келмеді, әйелін де жібермеді. «Досанды да, Қалиманы да енді көрмеймін»,— деп сәлем айтыпты.

Бірақ оның адал жүрегі қаталдыққа ұзақ шыдай алмады. Бір аптадан кейін Қалима екеумізге өзі арнайы кісі жіберіп шақыртып, өз үйінде қолынан сый-құрметін көрсетті; ағайын, дос-жар жиналған кең дастарқан үстінде ақ көңілден бізге бақыт тіледі...

Міне, менің сізге әңгімелер сырым осы. Хикаямді тәмамдайын осымен. Өткен күн қайтып оралмайды, ал, кейінгі өмірде өкінішім жоқ. Оразбектің де, біздің де қазіргі семья жағдайымызды, тұрмыс-күй дәрежемізді өз көзіңізбен көрдіңіз ғой. Оразбек — комбайншы, Нәзия — сауыншы, Қалима — агроном, мен — тракторшы — бәріміз де рахат тұрмысты еңбектен тапқан адамдармыз. Сөз орайында айта кетейін, «пленде болғансың» деп менен үркіп жүретін баяғы председатель қазір менің агрега-

тымда прицепші боп істейді. «Жолдас председатель, бір пәлем жұрып кетпес пе екен саған?» — деп, анда-санда бір қалжыңдап қоямын. «Ә, қойшы әрі жоқты айтпай!»— дейді ол күліп, қолын сілтеп. Басқа не десін?!.

Қалима мен Досанның колхозынан облыс орталығына автобуспен қайттым. Машина жолшыбай бірнеше жерге тоқтады; біреулер түсіп, біреулер кіріп жатты. Оларда менің шаруам болған жоқ, Қалима мен Досан шерткен әңгімені есіме түсіріп терең ой құшағында отыра бердім. Бір мезгілде, арт жағымда отырған әйелдің бір сөзі мені елең еткізді. Түріне қарағаным жоқ, кім екенін де, автобусқа қашан мінгенін де білмеймін, қасындағы көршісімен күңкілдесіп сөйлесіп отырған секілді еді, әлгі бір сөзі аузынан қаттырақ шығып кетті. Бірақ әйел қымсынған жоқ, көкірегімдегі шерімді басқалар да естісе мейлі дегендей, даусын төмендетпей, сөзін жалғастыра берді:

— Мен бір бейбақ жанмын. Әуелгі ерімнен соғыс айырды. Басыма қиыншылық түскен соң, екінші адамға, оның бұрын екі әйел тастағанына қарамай-ақ, тұрмысқа шығып едім. Бұл күйеуім жетесіз болды. Маскүнем... Сол арағы құрғырдың қырсығынан жаза тартып, қазір түрмеде жатыр. Біржарым жылға кескен, әлі үш айы ғана өтті... Хал-жайын білуге жексенбі сайын осылай келіп тұрамын... Қайтейін, не амалым бар... Бәрін де өз бағымнан көремін-дағы. Ешкімге кіна қояр жайым жоқ,— деп, әйел ауыр күрсінді.

«Бұл әйел Қәмәлия болар ма?» — деген ой келді басыма; кескінін көрсем, тануым да мүмкін ғой, бірақ, оған қарамауға тырыстым...



# БОЗТОРҒАЙ ӘНІ

## 1

Жаз айының ашық, нұрлы күні. Кең жазық. Тыныш даланы жаңғырықтырған мотор үні құлаққа келеді. Боз көденің арасынан тік көтеріле ұшқан боз торғай шырылдап әндетіп, бірте-бірте биіктеп барады; бір мезетте қанаттарын дірілдетіп бір орында тұра қалды. Төменде әлденеге таңданып қарағандай болды.

---

* Киноповесть

Оң жақтан қарайып, бұйра толқын секілденіп, жыртылған жер көрінеді.

Үстіне қысқа жең көйлегінің сыртынан қынама бел жеңсіз киген, басына дөңгелектеп көк торғын жеңіл орамал тартқан әйел осы жыртылған өңірді сажындап өлшеп келе жатыр еді, кенет тоқтай қалып, дәптеріне бір цифрлар түсірді. Сосын боз торғайдың әніне елігіп, бүйкте, бір орында қалықтап тұрған кішкентай әсем құсқа көз аударып, өңі бір түрлі нұрланып, қызыға, құмарта қарап тұрды.

Мотор үні бірте-бірте жақындай түседі. Тым тақау кеп қалғаны білінеді. Шынжыр табан трактордың салдыр-гүлдірі естіледі. Бірақ әйел мұның бірін де елемеді, аспандағы боз торғайдан көзін тайдырар емес. Қішкентай құстың шырылдаған үнінен өзгеше бір күй ұғып, тебіреніп қалып еді ол.

Табаны күннің көзіне шағылысып жалтылдаған зор трактор әйел тұрған деңгейге жете беріп тоқтады. Трактордың мотор үнін дереу бәсеңдетіп жіберіп, кабинадан басын шапшаң шығарып:

— Сәлем, Шәмшия! — деді дауыстап.

Әйел селт етіп, жалт бұрылды.

— Қанша болды? — деп сұрады трактордың.

Күндегі дағдылы сұрауы. Таң атқалы қанша гектар жер жыртқанын білуге асығып тұр. «Біреумен іштей бәсекеге түскенін сездірмесе қайтеді екен?!» Шәмшия жымиып күлді.

— Бүгін нормаңды орындадың? — деп жауап қайырды.

— Мұны өзім де білемін. Қанша асырдым?

— Әзірше екі гектар!

Трактордың білегіндегі қол сағатына қарады да: «Аз, әлі де аз»,— деп, басын шайқап қалды. «Екпіндеу керек!» Ол рульге қолын шапшаң апара беріп, кабинадан басын қайта шығарып:

— Ал, Зейнелде қалай? — деп дауыстап сұрады.

— Бүгінгі нормасын ол да орындады,— деді Шәмшия.

— Анық па?

— Әрине.

Трактордың қабағын шытынып қалды. Рульді шап беріп ұстап, шұғыл қозғады. Тіркеудегі соқаны жұлқи тартып, трактор орнынан лықсып жүріп кетті.

Шәмшия трактордың [illegible] күбіне көрсетіп күліп тұрды. «Мынау қызық екен! Бірақ жасаған ұстаның көзі көрмеп сенің...» деген ойынан ақырын ғана үн қатты. Трактор ұзай берді...

Шәмшияның сырт жағынан көрінген басқа бір трактор өз участогінің басына шығып, екінші бетке айналып түсті де, жиырма-отыз метрдей ілгері жүріп барып тоқтады. Орта бойлы, кең иықты жігіт кабинадан жеңіл секіріп түсіп, Шәмшияға бұрылып бір қарады да, қарсы беткейде, борозда үстінде тұрған трактарға қарай қара пардың үстімен тура беттеді. Әлгінде Әбілдің «Зейнел» деп атын атаған адамы осы еді. Жас мөлшері Әбілге тете, отыздардың ішінде. Өзі қара сұр өнді кісі; қалың қою қасты; сондықтан жүзі салқын көрінеді.

Борозда үстінде тоқтап тұрған трактордың бауырына жабысып, бір тетікті жөндеп жатқан трактаршының өңі тіпті жас. Он жеті-он сегіздер шамасында.

— Махмет, көп кідіріп қалдың ғой... Не болды? — деп сұрады Зейнел оған тақала беріп.

— Құрысын, зықым шықты әбден, оталдыра алмай қойдым,— деді Махмет кейіп сөйлеп.

Зейнел басқа сұрау берген жоқ, үнсіз келіп, моторға үңілді, машинаның әр жерін қолымен байқап көрді.

Осы мезетте Шәмшия да бұларға қарай жүріп еді. Өз істерімен шұғылданып жатқан Махмет пен Зейнел оның жақындағанын байқамады. Шәмшия бұлардың жұмысын сырттарынан бақылап, үн-түнсіз тұра берді.

— Барлық болттары сылқылдап, әбден салдаман боп қалған трактор! Күнде бір жері бүлініп, діңкемді құрытып болды. Осы трактордан бас тартып едім, директор ырқыма жібермей, қыстап алдырды. Біздің директорда жастарға деген ешқандай мейрім жоқ. Тас жүрек! Саран! Жастарды жек көреді. Қадірлемейді. Әйтпесе маған жұртта қалған трактарды бере ме?! Өзін осындай салдаманға мінгізсе, көрер едім қалай жүргізгенін! — деп, Махмет ашуланып сөйлеп жүр.

Оның бұл сөзін Зейнелдің я құптағаны, я құптамағаны белгісіз, ол бір тетікті үндемей ғана жөндей берді.

— Қане, тұтқаны айналдырып көрші,— деді бір кезде.

Махмет шапшаң барып, рукоятканы салдырлатып, қатты жұлқып бұрап қалғанда, темір тайқып шығып кетті. Жас жігіт оны ұясына қайтадан жылдам түсірді де,

сол қолын радиатордың жақтауына тіреп күш алып, тұтқаны енді зыр қақтырып айналдырды. Трактор күркілдеп барып от алды. Махмет кабинаға қарғып шықты.

— Тарт! — деді Зейнел.

Трактор орнынан қозғалды.

Махмет көңілденіп артына бұрылып қараған кезде, Зейнел оған «тоқтама» дегендей боп, қолын алға сілтеп, белгі жасады.

Зейнел өз машинасына қарай бұрыла бергенде ғана көрді Шәмшияні.

— Неғып тұрсың, Шәмшия-ау?

— Жәй тұрмын...

Әйел сәл ғана күлімсіреді. Ол Зейнелдің әлгі ісіне, жас жігітке жасаған көмегіне ішінен қатты разы боп тұр еді, бірақ сүйсінгенін айтпады.

— Ал, әзірше сау бол! — деп, Зейнел өз тракторына қарай беттеді.

Ол рульге кеп отырып, дәл жүрер алдында кабинаның артқы әйнегінен Шәмшияға қадалып қарады...

## 2

Ымырт үйірілген кез. Көше бойлаған биік бағаналар басына орнатылған электр шамдары бір мезетте жарқ етіп жанды. Қатар-қатар тізілген біркелкі әдемі үйлер енді анық көрінді.

Мына бір үлкен ақ үйдің маңдайшасына ілінген тақтадағы: «Совхоздың балалар бақшасы» деген жазу түнгі шам жарығында бір түрлі жайнап құлпырып тұр.

Балалар бақшасының ұзын коридорында жүгіріп жүрген еш бала жоқ. Уақыты біткен соң, олардың бәрін де туған-туысқандары келіп, бақшадан алып кеткен. Тек бір бөлмеде ғана, жас мөлшері алтылар шамасындағы жалғыз бала томсарып отыр. Москал әйел (сірә үй сыпырушы болу керек) стол-орындықтарды сүртіп, реттеп қойып жүр.

Бала сырттан естілген әр дыбысқа еленделп құлақ тігеді. Бар киімін киіп алып, тас түйін боп әзір отыр. Әкесін күткеніне қыруар уақыт болғандай.

— Сәлім, әкең бүгін кешікті ғой,— деп москал әйел сөз қатқанда, бала төмен қарап мұңая түсті.

— Бір жұмысы боп бөгелген шығар, кеп қалар қазір,— деп, москал әйел енді оны жұбата сөйледі.

Бала томсарып отыр...

Сыртта бір мотоциклдің гүрілдеп келіп, есік алдына тоқтағаны білініп еді, Сәлім орындығынан ұшып тұрып, жүгіріп барып, терезеден қарады.

— Папа! — деп қуана дауыстап жіберді.

Бала есіктен жүгіріп шыққанда, Зейнел оны сыртқы табалдырық үстінде қарсы алды. Еңкейіп, Сәлімді маңдайынан сүйді.

— Неге көп кешіктің, папа? Неге ерте келмедің? — деп, Сәлім асыға-аптыға сұрап жатыр.

— Жұмыс бөгеп қалды,— деді Зейнел.

Ол Сәлімді артқы отырғышқа көтеріп отырғызып, содан кейін мотоциклді шапшаң от алдырып жүріп кетті...

Жарық көшені бойлап зырлап келе жатқан мотоцикл қаңылтыр шатырлы, верандалы ақ үйдің нақ есігінің алдына кеп тоқтады. Бұл — Зейнелдің үйі еді.

Әке мен бала үйге кірді. Шам жағылды. Зейнел сырт киімдерін тез шешіп, босағадағы ілгішке ілді де, верандаға шығып, примус тұтатып, кішірек құманмен шай қойды. Сосын беті-қолын жууға кірісіп еді. Сәлім қолжуғыштың қақпағын ашып, ішіне үңіліп қарады да, үлкен, шұңғыл ожаумен әкеп, үстеп су құйды.

— Папа, бүгін шаршаған жоқсың ба?

— Аздап шаршадым...

— Мен де... Папа, мені ойладың ба?

— Әрине.

— Мен де сені көп ойладым. Ертегі айтасың ба, папа?

— Айтқанда қандай!

Бала күлім-күлім етіп қуанды.

Зейнел жуынып, сүртініп, енді ауызғы бөлмеде терезеге тақау қойылған биік дөңгелек үстелге тамақ жасай бастап еді. Күндегі үйреншікті дағдысынша Сәлім жыпжып етіп, әкесіне жәрдемдесті.

Бәрі де әзір болды. Тек шай қайнаған жоқ.

Әке мен бала үстелге келіп отырды. Зейнел кәмпитпеченье салынған табақты, қаймақ құйылған кесені баласының алдына таман сырғытып, жақындатып қойды.

— Сен жей бер, ұлым, мен шөлдеп отырмын, шайды күтемін.

— Мен де күтемін...

Әке мен бала шайдың қайнауын күтіп, екеуі де үнсіз отырып қалды. Сәлім табақтағы кәмпитке көзінің астымен қызыға қарап, бір тамсанып қойды...

## 3

Механизаторлар қосы. Ұзынша кірпіш үйдің алды күндізгідей жап-жарық — үш-төрт жерде электр шамдары жарқырап тұр.

Кірпіш үйге таяу келіп тоқтаған трактордың қасында біреу күйбеңдеп, бірдемені тықылдатып жөндеп отыр. Бұл — Махмет еді. Оның ешкімде шаруасы жоқ, өз ісімен өзі әлек.

Қабырғасына плакаттар, ұрандар жапсырылған вагон-қостың ық жағындағы ұзын орындықта көңілді үнмен ақырын ғана сөйлесіп Әбіл мен Шәмшия отырған.

— Мен дүниедегі ең бақытты адам екенмін! Сендей әрі ақылды, әрі сұлу әйелді құдайым маған табыстырған соң қалай бақытты болмайын! — деп, Әбіл үздіге сөйлеп, сынар қолымен әйелді иығынан құшақтап, өзіне қарай икемдеп, бетінен сүймек болып еді.

Шәмшия басын теріс қарай қисайта бұрып, жеңіл қарсылық етті.

— Тыныш отыр, Әбіл,— деді. Сосын бір түрлі жабырқау үнмен мұңая сөйледі.— Білмеймін, бақытты боламын ба, болмаймын ба.

— Салынба уайымға, бақытты боласың! Мен сені жеткіземін бақытқа!

Шәмшия үндемеді. «Жоқ, Әбіл, бақыт қолға оп-оңай түсе қоятын нәрсе емес. Қиын оның жолы»,— деп ойлады ішінен.

Ал, Әбіл бұлай ойламайды; ол бақыт дегенді бір биік құз деп біледі, оның ұшар басына бір-ақ самғап шығуға болады.

— Менің жұлдызымның оңынан туып келе жатқанын өзің де күнде көріп жүрсің ғой,— деді Әбіл Шәмшияні жадыратқысы кеп.— Кеше директордың өзі қалай мақтады мені! Ол маған оңашада былай деді: «Осы қарқынның бәсеңдемесе, үдей берсең, күзге дейін осы екпініңнен танбасаң, орденге ұсынамын. Социалистік Еңбек Ері боп жарқырап шыға келуің де ғажап емес»,— деді. Міне, көрдің бе? Енді мен де бар жанымды аямай ұмтылуым керек алға! Зор даңқтың биік құзы көрінді көзіме. Қа-

жанды бір сәт қатты ғашық жібересің, шіркін, жеңілмін басына. Бақыт дегенің міне осы. Қолыңа түскенін бір іліксе, айырыла қоймасың. Тұтқаның бір жағынан сен де мықтап ұстайсың. Бақытты болғанына қош жетті ме енді?

Әбіл Шәмшияны құшағына қыса түсіп, тағы да сүймек болып еді, әйел оның қолын ығынан ақырын ғана сырғытып түсіріп, оң жағына сәл ысырылып отырды. Төмен қарап ойланып қалды.

— Сен менің сөзімнің төркінін ұқпадың, Әбіл,— деді сәлден кейін.

— О не дегенің?

— Менің жесір әйел екенімді білесің ғой...

— Сонда да қыздан артықсың!

— ... Үйімде қарт анам бар, қайтыс болған жұбайымның шешесі...

— Мені ол кісіден безеді деймісің? Өзі қаласа, қолымызға кірсін. Бағамыз, күтеміз. Ал қаламаса...

— Сол адамның тағдыры қинайды мені. Қартайған шағында дертінің үстіне дерт жамалса, жеңіл ме?.. Ендігі қайғысына мен себепші болмақпын ба... Ойлап қарасаң, Әбіл, жағдайым ауыр менің.

— Бұл сөзің орынсыз.

— Неге орынсыз болсын.

— Әуелі өз тағдырыңды ойлауың керек.

Шәмшия Әбілге бұрылып қана қарады. Таңданғандай.

— Адам ең әуелі өз басының қамын қарастырады, басқаның қамын содан кейін ойлайды. Бұл — өмірдің бұзылмас заңы,— деді Әбіл.

— Мен бұл заңды басшылыққа ала алмаймын...— деді Шәмшия.

Осы мезетте ұзын кірпіш үйден бір жас жігіт шыға келді де, трактордың түбінде отырған Махметке қарап:

— Әй, қашан дем аласың сен? — деп дауыстады.

— Шаруаң болмасын,— деді Махмет оның қатқыл үнін жақтырмай.

— Ұйықтаймыз, маза бер. Тоқылдақша тоқылдатасың да отырасың ылғи.

Бұл сөз Махметтің қытығына тиіп кетті.

— Әй, жоғал әрмен! Шатақ тудырамын! — деді орнынан ұшып түрегеліп.

Анау мұның доң айбатынан жасқанып қалды да, енді күліп:

— Саған әзіл де айтпауымыз керек пе?! Өзің тіпті тырсылдап, жарыла жаздап отыр екенсің ғой. Ашулансаң, қайтып алдым әзілімді,— деп еді.

— Бар! Жат та ұйықта! Жұмысыма бөгет жасама! — деді Махмет.

— Сау бол, батырым! — деп, анау күлімдеп үйге еніп кетті де, іле-шала есікті қайта ашып, енді Махметтің қытығына әдейі тиіп:— Өй, білдім сырыңды. Ел жатқан соң бір қылмыс жасамақсың-ау сірә. Түнде оңашаланып отырған адамдардың жайы мәлім маған,— деп дауыстап еді.

Бұл сөзге Шәмшия селт етіп қалды. Қетуге ыңғайланып, орындықтан шапшаң түрегелді.

— Тағы да азырақ отыра тұршы қасымда,— деді Әбіл әйелді қолынан тартып жібермей.

— Дем алатын уақыт болды ғой, Әбіл,— деді Шәмшия ұян үнмен.

Бірақ Әбіл әйелдің нәзік қолын уысынан босатар емес. Енді ол да орнынан түрегеліп, Шәмшиямен қатарласа жүре түсіп, әйелдің құлағына аузын тақап, демі дірілдеп: «Шәмшия... түнде қасыңа келейін... есігіңді ішінен іліп қойма»,— деп, сыбырлап үн қатып еді.

— Бұ не сөз?! Есің дұрыс па өзіңнің?! — деп, Шәмшия қабағын түйді.

— Шәмшия... жаным... маған сенбейсің бе?.. Келейін, ә?

— Жоқ! Болмайды!..

Екеуі вагон-қостың есігінің алдына таман келгенде Әбіл кідіріп қалды да, Шәмшия ілгері озып, баспалдаққа көтерілді. Есіктің тұтқасынан ұстай беріп, Әбілге бұрылып:

— Жақсы жатып, жай тұр,— деп, сыпайы ғана үн қатты да, аяғын жылдам басып вагонға еніп кетті.

## 4

Зейнел мен Сәлім бұл кезде шай ішіп отыр еді.

Бала шыны аяғын төңкеріп: «Тойдым»,— деп орындығынан тұра бергенде:

— Сүт ішпейсің бе? — деп сұрады әкесі.

— Жоқ. Мынс, мына жеріме дейін тойдым,— деп Сәлім жұтқыншағын көрсетті.

— Ендеше шешің де, төсекке барып жата қал.

— Ә, сен қашан жатасың?

— Тамағымды ішіп болайын... Бар, жата гой, ұлым.

— Көп кешікпе, жарай ма, папа?

Бала төргі бөлмеге лып етіп еніп кетті...

Зейнел оңаша. Үй іші тым-тырыс. Қабырғадағы сағат қана бір әуенмен сырт-сырт етіп жүріп тұр.

Зейнел үстел үстін жиыстырып, ыдыстардың бетін газетпен бүркеп жапты да, орындығын кейін сырғытыңқырап отырды. Темекі шекті.

Бір кезде оның көзі төрдегі фотосуретке түсті. Ұзақ қарап қалды. Әдемі рамаға салынып, төрге ілінген бұл суретте жаңа қосылған екі жас жұбайдың көңілді, нұрлы бейнесі бар. Мұның бірі Зейнел еді. Оның қасындағы жас жары үстіне үлбіреген ақ жібек көйлек киіп, басына төгілтіп бөртпе шәлі салып, суретке күлімсіреп түскен.

Осы жансыз бейнеге үнсіз қарап отырып, Зейнелдің көңілі бір түрлі толқып кетті. Көз алдына бір көріністер елестеп, бірінің соңынан бірі тізіліп өте берді.

... Солқылдақ тарантаста екі адам отыр: бірі — Зейнел, екіншісі — оның жары (дәл фотосуреттегі үлбіреген қалпы). Жас қосақ, жүздері бал-бұл жанып, бір-біріне қуана, шаттана қарайды, күлімдейді. Алда отырған делбеші — бұл да мәз, делбені көтере ұстап, қоқиып қояды. Тарантасқа сәндеп жегілген түпкі қара ат сар желіп, шеткі көк ат мойнын бұрып тастап, қырындай шауып келеді.

Көшеде күтіп тұрған көп халық. Қуанышты жігіттер мен қыздар; сықылықтаған жас келіншектер; еленделген кексе қатындар. Ақ жаулықтары көлбеңдеп кемпірлер де көрініп қалады. Үлкендердің арасынан қылт-қылт етіп балалар да көзге түседі. Бұлар — келін түсіру қызығына жиылған жұрт.

Тарантас қақпа алдына кеп тоқтай қалғанда, жас қатындар дабырлап лап қойып, келінді қаумалап, қолтықтап жерге түсіреді. Жас келін қайын жұртына әдеппен иіліп сәлем береді. Алғыс сөздер, ақ тілеулер айтылып жатыр. Шашу шашылады... Зейнел үлбіреген келіншегіне қуанып көз салғанда, жары да бұған шұғылалы жанарын аударып күлімдейді...

... Тағы да бір ұмытылмас сурет Зейнелдің көз алдына келді. Аспалы бесік. Жөргекте ораулы жатқан нәресте.

— Қасы-көзі айнымай сағаң тартыпты! — дейді Зейнел келіншегіне.

— Ал конкиған мұрны сенің мұрныңнан айнымайды! — деп, жары үні сығырлап күледі...

... Міне, сәбидің қаз-қаз басып, талпынып жүре бастаған кезі.

— Тәй-тәй-тәй! Маған кел, бөбегім! Келе ғой, келе ғой! — деп, жас ана қолын созып, саусақтарын қыбырлатып, сәбиді қызықтырып өзіне шақырады.

— Сәлімжан, маған, маған, папаңа кел! — деп, құшағын жайып Зейнел де шақырып тұр.

Аяғын қаз-қаз басқан сәби біресе шешесіне, біресе әкесіне қарай талпынып ұмтылады...

Міне, тағы да бір сурет... Зейнел мен жары — екеуі Сәлімді екі жағынан жетелеп, көл жағалап келе жатыр. (Сәлімнің төрт жасқа толған кезі.) Бір мезетте әйел өні қашып, көкірегін басып, тоқтай қалады. Жарының бозара қалған өңіне шошына қарайды Зейнел.

— Жүрегім сәл қысып кетті... Үйреншікті дағдысы ғой, қазір-ақ тарқайды, шошыма,— дейді әйел сыр бермегісі келіп, қинала күлімсіреп...

... Енді міне ол ауруханада жатыр. Ақ кереует. Ақ жамылғыш. Сақарға салған сүйектей қуарып жүдеген науқас әйел. Жарының қолын ұстап, оның жүдеу алақанын сыртынан сипап, үнсіз қиналып отырған Зейнел. Науқас әйел үні дірілдеп, сөзін үзіп-үзіп зорға айтады.

— Сәлімтайым... боташым... жетімшілік көрмесін... Өзіңдей жақсы азамат қып өсір... Жалғыз қарызың сол болсын маған...

Жылап, талықсып кетеді. Өледі...

Өмірдің осы бір ауыр сағаты есіне түсіп, зіл қайғы жүрегін езіп жаншып өткен Зейнелдің көзінен жас домалап кетті...

Осы мезетте майкешең Сәлім төргі бөлменің есігін ашып:

— Папа, қашан жатасың? Ұйықтасайшы, таңертең ерте тұрамыз ғой...— деді әкесіне.

— Қазір, ұлым...

Зейнел орнынан ақырын ғана түрегеліп, шамды өшіріп, төргі бөлмеге қарай қозғалды...

## 5

Алтын сарғыш сәулесі аспанға шашырап, күннің көзі шығып келе жатыр...

Зейнел төсектен тұрып, киініп жатыр.

— Мен жұмысыма кетемін. Сен бақшаға қай кезде баратыныңды білесің ғой, ұлым? — деді ол төсекте ояу жатқан Сәлімге.

— Білемін, папа. Қоңырау сағат шылдырлағанда...

Кереуеттің бас жағындағы тумбочка үстінде дөңгелек қоңырау сағат тық-тық етіп жүріп тұр...

— Бақшаға тура бар, жол үстінде ойнама,— деп ескертті Зейнел.

— Жарайды, папа.

Әке мен бала біріне-бірі қуана қарап күлімсіреді...

Зейнел үйден шыққан бойында ауладағы мотоциклін дереу оталдырып, жүріп кетіп еді.

Міне енді ол мотоциклді даңғыл жолмен зырлатып келеді. Керіліп жатқан кең жазық... Таспадай созылған ұзын жол. Мотоциклдың соңынан құрғақ жолдың қою шаңы бұрқырап шұбатылып қалды.

## 6

Қоңырау сағат шылдырап қоя бергенде, Сәлім төсектен атып түрегеп еді. Ол беті-қолын асығып жуып, тез киініп, сыртқа шықты. Есіктің құлпын салып, кілтті табалдырықтың астына жасырды.

Сәлім ауладан шыға берген мезетте, ағаш «ат» мінген бір бала мұның қасына жүйткіп келіп, тоқтай қалды.

— Трр!.. Сәлім, жарысасың ба?

— Жоқ.

— Кел, жарысайық!

— Уақытым жоқ.

— Фи!

Сәлім ілгері жүре беріп еді, ағаш «атты» бала оны жағасынан тартып қалып тоқтатты.

— Жібер! — деді Сәлім.

— Жарысасың ба менімен?

— Жарыспаймын. Жібер деймін, жыртасың жағаны!

— Жібермеймін, жыртылсын!

Бала жұлқып қалғанда, көйлектің жағасы дар етіп айрылды. Сәлім де осы сәтте баланы кеудеден итере

түйіп жіберді. Ағаш «ат» мінген «батыр» шегіне беріп, аяғы шалынып шалқасынан құлады.

Ол дереу ұшып түрегеп, «атын» тастай салып, қамшысын үйіріп, Сәлімге тап беріп еді. Сәлім қамшыны шап етіп ұстай алып, екеуі жұлқыласып, алыса кетті. Кішкентай жұдырықтарын түйіп алысып, бірін бірі басқа, көзге, кеудеге соққылады.

Бір жүк машина үйдің жанынан өтіп бара жатыр еді. Кабинада отырған Шәмшия төбелесіп жатқан екі баланы көзі шалып:

— Тоқтай қал! Түсемін,— деді шоферға.

Әйел кабинадан шапшаң секіріп түсіп, екі баланың қасына жылдам барды.

— Бұларың не? Сәлім, мұның не?

Қастарына үлкен кісі жетіп келген соң екі бала төбелесті қоя қойды.

Сәлім бір түрлі ыңғайсызданды.

— Мен оған тиіскем жоқ. Ол өзі...— деді төмен қарап.

«Ат» мінген бала аузын бұртитып, Шәмшиядан тайсақтап, тайқи берді. Шәмшия оған саусағымен сес көрсетеді.

— Жағанды жыртқан ба? — деді Шәмшия Сәлімнің көйлегіне көзі түсіп.

Сәлімнің көзіне мөлтілдеп жас кеп қалды.

— Жүре ғой, тігіп берейін...

Әйел оны қолынан жетелеп, көшенің арғы бетіндегі өзінің үйіне қарай беттеді.

Төрдегі диван үстінде ұршық иіріп отырған, қара мақпал қамзолды, ақ жаулықты қарт ана бұлар бөлмеге еніп келе жатқанда, екеуіне таңданғандай әлпетпен қарады. Бұл қария — Шәмшиянің енесі Ақық еді.

— Көршінің сотқар баласы мұның көйлегінің жағасын жыртып жіберіпті, — деді Шәмшия, баланы ертіп келген себебін білдіріп.

— Әуелі ол соқтықты маған...— деді Сәлім, өзінің жазығы жоқтығын қарт ана ұқсын дегендей.

— Шешіп бере ғой көйлегіңді,— деді Шәмшия жұмсақ үнмен.

Ол енді Сәлімнің көйлегін қолына алып, бұрыштұрған іс машинаның қақпағын ашып, жыртылған жағаны тігуге отыра қалған еді.

— Әкең жұмысқа кетіп пе еді? — деп сұрады Ақық балаға аяушылық білдіріп.

— Иә... Ол жұмыста,— деді Сәлім...

## 7

Шынжыр табаны жалтылдап, жер жыртып келе жатқан трактордың рулінде отырған Зейнел оң жаққа басын бұрып кабинадан қарап еді. Екінші участокте, бұдан едәуір алда кетіп бара жатқан Әбілдің тракторына қатарласа беріп жанаса тоқтаған «Газ-69-ды» көрді.

Әбіл тракторын тоқтатып жерге секіріп түсті. Жеңіл машинаның рулінде отырған, сұр костюмді, қамыс қалпақты, қою қара мұртты кексе адамға қол беріп амандасты.

Зейнел де тракторын тоқтатып, жерге түсіп, бұларға қарай аяңдады.

— Сәлематсыз ба, жолдас директор, — деді қамыс қалпақты қара мұртты сәлем беріп.

— Хал қалай, Зейнел? — деді директор.

— Өз халім жақсы.

— Бәрекелді!

— Бірақ, анау жігіттің халі нашар,— деді Зейнел колын ілгері созып, оң жақта тоқтап тұрған тракторды нұскады.

— Махметті айтасың ба?.. Ех, жастар-ай! — деді директор басын шайқап.

— Ол жігітте жазық жоқ, жолдас директор,— деп, Зейнел Махметті жақтады.

— Енді кім жазықты?

— Сіз...

— Мен?!

— Иә... Ол жас маман, тәжірибесі аз. Ал сіз оған ең ескі тракторды бердіңіз.

— Бұл — дұрыс әдіс! Жаңа тракторды оларға бірден сеніп тапсыруға болмайды. Аз күнде-ақ дал-дұлын шығарады. Білемін оларды, аузым әбден күйіп болған.

— Жолдас директор, сіз олардың бәрін бір өлшеммен өлшемеңіз. Өз міндетіне зор жауапкершілікпен қарайтын, қабілетті, іскер жастарды тани да білуіміз керек, қолдай да білуіміз керек. Махмет, міне, сондай өнегелі жастың біреуі. Мұндай жігіттерге сенімсіздікпен

қарау қиянат. Сіз көрген соң, осыны айтқалы әдейі келдім. Бөтен сөзім жоқ. Жас маманға қамқорлық етіңіз.

— Мен оған жаңа техниканы бере алмаймын. Өзінің іскерлігін көрсетсін ол әуелі,— деп, директор сөзді тік қайырды.

— Беріңіз жаңа тракторды, көрсетеді іскерлігін.

— Жоқ, бере алмаймын, үгіттемеңдер...

Бұларды Махмет осы кезде ғана байқап, бері қарай асыға ұмтылып, жүгіріп келе жатыр еді.

Мұны көзі шалып қалған директор:

— Ал, жолдастар, сау болыңдар! — деп машинасына бұрылды.

— Сіз әлгі райыңыздан қайтпайсыз ба? — деп Зейнел тағы да сұрап еді.

— Жоқ, қайтпаймын,— деді директор.

«Газ-69» көк түтінді бұрқ еткізіп, жүріп кетті.

Махмет Зейнелдің қасына алқынып жүгіріп жете беріп еді.

— Ех, мейірімсіз! Тағы да қашып кетті. Тоқтай тұр, бәлем, жиналыс болар.

Махметтің бұл сөзіне Әбіл қарқылдап күлді.

— Ей, «аяз, әліңді, құмырска, жолыңды біл», сенің қолыңнан не келеді?!

— Көрсетемін мен оған көресінді!

— Ха-ха-ха! Сен әуелі тракторыңды жөндеп жүргізіп ал. Ха-ха!

— Әбіл! Тый күлкіңді! — деп қалды Зейнел жақтырмай. Оған қабағын түйіп, суық жүзбен қарады. Сонсоң Махметке бұрылып: — Бар, менің тракторымның руліне барып отыр,— деді.

Махмет бұл сөздің мәнісіне түсініңкіремей қалды.

— Ал, сіз қайда барасыз? — деп сауал берді.

— Ешқайда бармаймын. Екеуміз тек трактор айырбастаймыз. Сенің тракторыңды мен жүргізіп көрейін.

— Бұл дұрыс бола ма? Бастықтар ұрыспай ма?

— Алаң болма, жауабын өзім беремін...

Әбіл бұларды кекеткендей түрмен екеуіне көзін сығырайта қарап, бір жақ бетін қисайта күлді...

## 8

Шәмшия көйлектің жыртылған жағасын тігіп болып, балаға күлімсірей бұрылып:

— Сәлім, кел, қалқам, киге ғой көйлегіңді,— деп еді.

Бала көйлекті үстіне шапшаң киіп жіберіп, жағасын қолымен байқап көріп, күлімдеп:

— Рақмет, апай! — деді де, жалт бұрылып, үйден қуана жүгіріп шықты.

Шәмшия орнынан тез түрегеп, ашық тұрған терезенің алдына жылдам барып:

— Сәлімтай, бақшаға тура бар! — деп дауыстады артынан.

— Жарайды! — деп көңілді үн қатқан Сәлім, сол жүгіріп бара жатқан бойымен ұзай берді.

Шәмшия нұрлы жүзі құлпырып, балаға сыртынан ұзақ сүйсініп қарап тұрды.

Қарт ана Ақық оның бұл күйіне бір түрлі толқып қалды. «Баланы қандай жақсы көреді... — деп, көңілі тербеліп ойлап өтті.— Бала десе, жүрегі елжіреп тұрады... О жасаған, бізге осындай перзентті көпсіндің ғой... Жалғыз ұлымнан тұяқ қалмады. Немерем болса, зор қайғымның емі бар дер едім. Көңілге медеу, жанға жұбаныш табылар еді. Қайтейін... мен бейбақ осылай зарығып, шер жұтып өтемін-дағы өмірден...»

Қарт ана жүдеп күрсінді.

Шәмшия бері бұрылып еді. Ақықтың өңіндегі құбылысты тез байқап, енесінің қасына жақын келіп:

— Апа, бір жеріңіз ауырып отыр ма? — деп, алабұрта сұрады.

— Жоқ, жаным, денім сау...

Ақық өзінің қиналған ішкі күйін сездірмеуге тырысты. Өңін жылы ұшыратып, күлімсірей қарады келініне.

Шәмшия енесін мойнынан еркелей құшақтап:

— Әр уақыт осылай қуанып қана отырыңызшы, апа! Өмірдің тек қуанышын ғана көрейікші! — деді нәзік үнмен.

— Менің де тілеуім сол ғана. Бақытты бол, жаным...

Ақық толқыған көңілмен, елжіреген жүрекпен үн қатып, келінін мейірлене құшақтады.

Шамшия қарт ананың саусақтарының сәл дірілдегенін байқады...

**9**

Бүгін егіс басына келгенде Шәмшия өте көңілді еді. Өңі ерекше нұрлана жайнап, бір түрлі шұғылалы реңмен құлпырып көрінді. Жұртпен сәлемдескенде үні сыңғырлап, әсерлі естілді.

Осының бәрі де ішкі күйдің әсері еді. Көңілге жұбаныш оралғанда, адамның осылай бір жадырап қуанатыны бар. Шәмшия карт ененің жағдайын жиі ойлайтын; Ақықтың қабағынан қайғы ізі сәл білінсе, қатты қиналыска түсетін. Сонда да бұл күйін сездірмеуге тырысатын еді. Бірақ Ақық кария оның осы халін жүрекпен ұғатын да, келінін аяп, толқып кететін, Шәмшияға жүдеу кабақ танытпауға ол да тырысатын-ды.

Өткен түнде Ақық Шәмшияні құшақтап отырып, аса тебіреніп, бір сөз айтып еді.

— Қалқам, жалғыз тілеуім бар, мені енем, өзіңді келінмін деп әдеп сақтап, көңіліңе келген ойыңды іркіп жүрме, әруақыт айтып отыр, сырласым бол. Сырласқанда кісінің шері тарқайды, ойы тазарып, көңілі жадырайды,— деген-ді.

— Асыл апам, сізден жасырған сырым болған емес, болмайды да,— деп, Шәмшия ыстық бетін енесінің бетіне басқанда, Ақық келінін көкірегіне қатты қысып, маңдайынан ұзақ сүйді.

Шәмшия енесіне еркелей қарап, қуана күлімсіреді.

Ол егіс басына келгенде сол бір сезім құшағында еді.

Бірақ осы күннің кешінде оның өңіндегі сол нұрлы шұғыла, күн ұясына батқан соң қараңғы тарта қалған аспан реңі секілденіп, күңгірттеніп өшіп кетті. Мұның себебі бар еді.

Шәмшия бүгін жыртылған участоктерды өлшеп жүріп, Әбілдің жұмысынан үлкен мін көрген. Пар айыру жоспарын бір мезгілде және бірдей дәрежеде орындаған төрт трактершы, осыдан үш күн бұрын ғана, бригадирдің нұсқауымен зябь жыртуға шыққан-ды. Төрт трактор төрт бөлек участокке кеп түскен болатын. Алғашқы күні бұлардың жыртқан жерінің мөлшері бірдей шықты. Екінші күні Әбілдің тракторы басқалардан оза бастады. Бұл күні Әбіл қалған үш жолдасынан норманы едәуір асырып жіберді, үшінші күні тіпті шырқап кетті.

Шәмшия бұған ішінен өте сүйсініп еді. Енді бүгін міне сол мінезіне өкінгендей. «Қалай көрмедім? Неғып байқамадым?» — деп қиналады. Әбілдің аздап есіп сөйлейтіні болмаса, ақкөңіл, адал жігіт деп ойлайтын еді. Шәмшия тіпті қайран қалды. Әбіл, міне, көз бояушы боп шығып отыр. Жерді шала жырткан.

Шәмшия мұны мана күндіз оқыстан көрген-ді. Соканың тілі аңыздың бетін тек сыдырып қана өткен бір тұс-

ты көзі шалып, әуелі жай ғана қарап еді. Сосын ілгерірек жүріп, бірақ, көңіліне ешқандай күдік алмай, жыртылған жерді байқап көрді. Әлгіндей шала жыртылған жерлер бірінен кейін бірі кезіге берді; кей тұстарда тіпті жалпақ-жалпақ жал қалған. «Әбілдің мұнысы несі? Байқамағаны ма?» — деп ойлады Шәмшия. Біраз таңданып тұрды. «Жоқ, байқамауы мүмкін емес»,— деп ойлады. Әбілдің өзімен сөйлескісі келді.

Ол трактордың жолында тұрып, Әбілді күтті.

Участоктың арғы басынан бері қарай оралып келе жатқан трактор тез жақындады.

Машина шұғыл тоқтай қалғанда, Әбіл жерге секіріп түсті.

— Бозторғайым, мені күтіп тұрсың ба?

Шәмшия Әбілдің бұл сөзін ұнатқан әлпет білдірмеді.

— Мынау не нәрсе? — деді Әбілге шала жыртылған жерді көрсетіп.

— Бұл орындалған жұмыс,— деді Әбіл күліп.

— Әдейі жасаған ісің бе?

Шәмшиянің салқын шыққан үнінен Әбіл әлденеден сезіктеніп қалғандай түрмен жан-жағына алақ-алақ етіп қарады да, бұл маңайда екеуінен басқа ешкім жоғын аңғарып, енді қулана күліп сөйледі.

— Жә, қайтесің бөтен сөзді! Одан да кел, отыра қалып, өз мәселемізді сөйлеселік,— деп, Шәмшияға көзін сығырайта қарады.

— Жоқ, жауап бер, мынау әдейі жасаған ісің бе? — деді Шәмшия алғашқы сұрауын қайталап.

— Пай-пай, айттым ғой әлгінде, орындалған жұмыс деп.

— Әбіл, мен қалжыңдап тұрғаным жоқ.

— Ә, солай ма? Ендеше ұғып қой, жер жыртудың мәнісін мен сенен гөрі жақсырақ білетін шығармын.

— Мына жұмысыңның сапасынан бұл қасиетіңді көре алмай тұрмын.

— Басшылық тарапынан әзірше ондай ескерту естігем жоқ.

— Естімесең, естірсің. Жерді шала жырт деп нұсқау бермеген болар олар.

— Тоқта-тоқта, сен өзің шындап бара жатырсың ғой.

— Иә-нә, шыным, Әбіл. Теріс ісіңді дереу жөндеп. Мына жерді қайыра жырт.

— Ой, пәлі! Тағы не айтасың?!

— Ал егер қайыра жыртпасаң, шағым жасаймын. Оның арты жақсы болмайды,— деді Шәмшия.

Әйелдің айнымас райын ажарынан байқаған Әбіл енді жалтара сөйлеп, шырқы бұзылып бара жатқан әңгіменің бетін бұрып жіберуге тырысты.

— Түймедей ғана мінді түйедей ғып, жақыным емес қасымдай қадала қалғаның неткенің, Шәмшия-ау! Бұл көргенің — сәл-мәл ғана нәрсе ғой.

— Дерт біртіндеп асқынады. Достық ақылым сол, Әбіл, қайыра жырт мына жерді. Мен бәрібір есепке алмаймын.

— Ойбай, тым қатты кеттің ғой!

— Сен немене, шын сөзді ұға алмайтын болғанбысың?

— Ұғып тұрмын, саған таңырқап та тұрмын. Жә, сөзді қаулатпайық. Ескертпең дұрыс, есімде болады. Алдағы уақытта мұндай мін қайталанбайды. Серт беремін! Ал көңілің разы болды ма енді?

— Мына жерді қайырадан жақсылап жырт,— деді Шәмшия тағы да ескертіп.

— Мақұл дедік қой. Айтқаның болсын! Қазір дереу түзеймін бұл кемшілікті.

Шәмшия Әбілдің сөзіне сенді. Сонда да әйел өзінің көрген жайларын жасырып қалған жоқ, бригадирге айтқан еді. Бірақ Әбілдің үстінен шағым түсіріп оны күстәналап сөйлемеген, «кемшілігін көрсетіп бердім, ол дереу жөндеуге уәде етті»,— деп мәлімдеген болатын.

Трактортшылар жұмыстан оралып, кешкі астарын ішіп бола берген мезетте асханаға асығып кірген бригадир:

— Жолдастар, сәл кідіріңдер! Өндірістік мәжіліс өткіземін. Шұғыл бір мәселе бар,— деп хабарлады. Үні салқын шықты, қабағы түйіңкі көрінді.

Трактортшылар «төтенше не боп қалды?» дегендей, бригадирге таңдана қарасты. Шет жақта отырған Шәмшия да таңырқанды. Кенет ол есіне әлдене түскендей боп, сәл ойланып қалды. Көзін Әбілге аударды. Осы мезетте Әбіл де бұған жалт етіп қарап еді. Оның қарасы Шәмшияға бұр түрлі сезікті һәм жат көрінді. Әйел бетін Әбілдің көзінен бұрып әкетті.

— Мәселе трактортшы Әбілдің тәртібі туралы,— деді бригадир.

«Бүгінгі мен мәлімдеген жайды айтпақ па? Оны жа-

рия етпесе де болмай ма? Әбіл комиссияны [illegible] уәде етіп еді ғой»,— деп ойлады Шәмшия.

Жоқ, Әбіл мұны алдаған екен. Ол айтқанын орындамапты, шала жыртқан жерін қайырадан жырғалапты. Бригадир «бәрін де тексеріп, өз көзіммен көріп кетейін»,— деп сөйледі.

— Сенің жыртқан зябің түгел жарамсыз боп шықты. Участоктың тек бергі басын, жұрттың көзі түсетін жолға жақын тұсын ғана дұрыс айырып, ал арғы жағын ойранботқа қып, аңыздың бетін құр сыдырып тарта бергенсің. Бәрімізді алдап, жалған даңққа ие болуға ұмтылғансың. Мұның аты — көз бояу. Бұл — қылмыс...

Бригадирдің сөзі бірте-бірте қатая берді.

— Сен, Әбіл, ар алдында қылмыс жасадың. Бұл ең ауыр кінә. Біз саған сеніп келіп ек, сол сенімімізді жоғалтып отырсың бүгін...

Бригадир сөзінің ақырын сұрауға түйді.

— Ал, не дейсің енді мына жұртқа? — деді Әбілге.

— Айтарым жоқ. Жазаңды қолдана бер,— деді Әбіл. Үнінен кінәні мойындаған, ұялған күйі сезілмейді; әлдекімге түйіліп кектенген наразылық аңғарылды.

Оның бұл қалпын ішінен ұққан Шәмшия ақырын ғана күрсінді.

Әйел мәжілістің артынан өзінің вагон-қостағы шағын бөлмесіне қарай тура беттеп еді.

— Шәмшия, бөгелші,— деп тоқтатты Әбіл.

Әйел кідірді.

— Ал, не ұттың? — деді Әбіл кекесінді үнмен.

Шәмшия оның бетіне тік қарады.

— Ал, айтшы қане, не ұттың? — деді Әбіл шытынап.— Маған дұшпандық ойлағандағы мақсатың не? Не мұратқа жетем дедің?

— Әбіл, сабырмен сөйлеселік.

— Жоқ, сабыр ете алмаймын! Неменеге бригадирге жүгіріп бара қойдың.

— Мен сенің қасың емеспін, Әбіл...

— Досым да емессің! Қастан бетер іс қылдың! Бүкіл еңбегімді зая кетірттің! Бар үмітімді үздің сен!

— Өзің ғой бәріне кінәлі боп шыққан...

— Мен емеспін сен! Бір елі аузыңа екі елі қақпақ қойсаң нетуші еді?! Еш пенде білмей, сезбей кете беретін еді. Енді не болды? Абройым айрандай ақтарылып қалды.

— Осы сөзді қалай ұялмай айтасың, Әбіл?.. Өзіңмен бірге жүрген ең жақын адамдарыңды, өз коллективіңді алдауға қалай ғана дәтің барды?! Ақ сенімді аяқ-асты еткеніңе қалай ғана ұялмайсың?

— Сен де менің ақ сенімімді аяғыңмен таптадың міне!

— Түсініксіз боп барасың, Әбіл...

— Ал сен әбден түсінікті болдың маған. Осы соңғы кезде Зейнел сені көбірек мақтап кетіп еді. Ұқтым енді сырларыңды. Бізді шаужайлап, Зейнелге жол аша бермексің ғой. Сол ма мақсатың?

— Әбіл, ол адамның есімін бұл араға қыстырма. Ол — таза жан.

— Ә, қорғаймысың?! Аяулың екен ғой! Бар ендеше, неғып тұрсың бұл жерде, кір тамырыңның құшағына!

Әбіл жалт бұрылып, тісін шықырлатып, аяғын қатты басып жүріп кетті.

## 10

Сол түннен бастап Шәмшиянің қайғысы молайып, әйел ауыр ойдың езгісінде жүрді. Оның бұл жан күйзелісін қарт Ақық іштей сезіп, өзінше бір байлам жасап еді.

Қазір міне қарт ене келінінің әр қимылын үнсіз ғана барлап, өзі де ауыр ойдың қамауында отыр.

Шәмшия үстел үстіндегі ыдыстарды жиыстырып жүр. Өздері әлгінде ғана ас ішкен секілді. Шәмшиянің баяу қимылынан, жадау жүзінен жүрегінің шері аңғарылғандай.

«Жанын қинаған ауыр ойы бар...— деп, ішінен күйзеле толғанды Ақық.— Келінім біраз күннен бері осындай күйде жүр. Бұл халін маған білдіртпеуге тырысады. Бірақ мен сеземін... көріп отырмын... Ол мені аяйды. Менмін — оның қайғысы... О, жасаған, жалғыз баламның артында неге қалдырдың мені?! Қураған менің не керегім бар еді өмірге?! Қайғы-шердің көзі қылмай алсаң етті! Аясаң етті Шәмшиядай жазықсыз жас жанды!..»

Ақық ауыр күрсініп, қиналып, бүгіліп отырып қалды.

— Апа, сізге не болды? Не ойлап кеттіңіз тағы да...— деді Шәмшия көңілі алабұртып. Ақықты сынар қолымен иығынан құшақтай, қасына келіп отырды.

— Сенің тағдырыңды ойлаймын, Шәмшияжан... жаныңа бір тыным жоқ...

— Апа...

— Сүйгеніңе қосылып көрген қызығың да аз болды... Мен сорлы тым болмаса немере де сүймедім...

Ақық жыламсырап сөйлеп, көзіне жас алды.

— Апа!.. Сізге не болды, апа!

— Сенің тағдырыңды ойлаймын, жаным... Сен жас адамсың, отызға бұл ғана толдың... Өлгенмен бірге өлмек жоқ, тірі — тірілігін жасайды. Бұл — өмір заңы...

— Апа, сіздің не айтқыңыз кеп отыр маған?..

— Еріңнен жастай қалып, ерте шер жұттың. Сен оның жақсы жары едің, мен анасы едім. Екеуімізге де оңай емес... Бірақ тірі — тірлігін жасайды дедім ғой. Сен жас адамсың... жолыңа бөгет болмаймын... адал тілеуімді айтып, ақ батамды беремін...

— Апа, сіз не айтып барасыз...

— Мен көп жасаған, көпті көрген анамын... ақылымды айтамын... Жақсы бір адамға кездесіп, үзілген бақытыңды қайтадан жалғауға ниет қылсаң, еш қарсылығым жоқ... Бақыт қана тілеймін...

Екеуі де үнсіз қиналып, тым-тырыс отырып қалды.

— Мені ойлап күйзеліп жүргеніңді сеземін. Жаныңды қинама, өз тағдырыңды ойла... Ел бар, жұрт бар, мен де бірдеме ғып күн көрермін,— деді Ақық сәлден кейін.

— Апа, жалғыз тілегім бар, берермісіз? — деді Шәмшия толқи сөйлеп.

— Айта ғой...

— Әлгідей сөзді ендігәрі аузыңызға алмаңызшы... Мен сізден безе алмаймын! Мені туған қызым деп біліңіз!

Екеуі тағы да үнсіз, тым-тырыс отырып қалды.

— Ал қайғымның сыры сіз ойлағаннан мүлде бөлек...—деді Шәмшия сәлден кейін ақырын ғана үн қатып.

Ақық нұрсыз көзін аударып, Шәмшиянің қайғы ұялай қалған қабағына барлап қарады...

## 11

— ... Шәмшиянің сізге айтқанының бәрі де рас. Солай болды... Бірақ бар кінә өзінде,— деді Әбіл, қарсы алдында, ұзын скамейканың бір шетінде отырған Ақық қарияға.

Ақық Әбілге жолыққалы стан басына әдейілеп келіп, механизаторлар жатақханасында онымен оңаша сөйлесіп отырған-ды.

— Шәмшия жазықты деп ойламаймын,— деді Ақық, келінін жақтап.

— Ой, қария-ай, сіз не білесіз, қазіргі махаббатта құйтырқы көп болады.

— Шырағым, жөніңді білдірші... Шәмшияні ұнатқаның шын болса, адалыңды айтшы.

— Осыны біліп кел деп, ол сізді әдейі жұмсады ма?

— Өзім келдім, шырағым... Келініме бақыт тілеймін...

— Ендеше тыңдаңыз... Оны ұнатқаным шын болатын. Бірақ алдандым. Көп жалғаншының бірі екен ол!

— Келінімді жазғырма, шырағым. Оның жүрегі қиянатты білмейді.

— Ой, қария-ай, сіз не білесіз, «қызым үйде, қылығы түзде» деген мақал бар емес пе, келініңіздің жайын менен сұраңыз... Ол бұзылған әйел!

Әбілдің бұл оқыс сөзінен Ақық қатты түршігіп қалды.

— Өз көзіммен көрдім, куәмін оның барлық жат ісіне,— деді Әбіл сөзін жалғай түсіп.

— Айтпа мұндай сұмдығыңды!.. Иланбаймын!..

— Ықтияр өзіңізде... Бірақ есіңізде болсын, Шәмшия ешкімге де опа бермейді. Ол — аяр!

— Тарт тіліңді! Қаралама келінімді!

Ақық қария орнынан ызғарлана түрегеліп, сол түсі суық калпымен есікке қарай қозғалды.

— Ей, бейбақ кемпір-ай! — деді Әбіл оның сыртынан көзін сығырайта қарап...

Сыртқа ренжіп шыққан Ақық қария үлкен кірпіш үйдің алдымен ақырын жүріп өтіп, бұрышқа таман барғанда сәл бөгеліп, оң жағына бұрылып көз салып еді.

Үйдің сырт жағында бір жүк машина тұрған. Жіңішке қиық мұртты шофер кабинаға жылдам кіріп, машинаға от алдырды.

Ақық осылай қарай жүрді.

— Қарағым, қай жаққа жүрмексің? — деді ол, шоферға тақау келіп үн қатып.

— Орталыққа, шешеке!

— Ендеше мені үйіме жеткізіп сал.

— Мақұл, шешеке! Келіңіз, отырыңыз...

Ақық кабинаға шығып орныққаннан кейін, машина дереу жүріп кетті...

Енді міне машина түзу даңғыл жолмен зымырап келеді. Шофер көңілді, ысқырып әндетіп келеді. Ол үнсіз отырған қарияға анда-санда көзінің қиығын салып, барлап қояды.

— Шешеке, неге үндемейсіз? — деп сұрады бір мезетте.

— Сөз сөйлерлік жағдайым боп келе жатқан жоқ, шырағым,— деді Ақық жадау үнмен.

— Білем-білем, жағдайыңыз ауыр сіздің... Ех, оңбаған, карт ананы аяса қайтеді екен?! — деді шофер әлдекімге сыртынан кіжініп.

— Шырағым, кімді кінәлап келесің? — деп сұрады Ақық.

— Сіздің келініңізді... Ол Әбілге тигенде, сіз рахат дүниесін кешіп, қолыңызды жылы суға малып қана отыратын едіңіз... Әбілді емексітіп келіп-келіп, ақырында жалт беріпті. Қу түлкі!

— Шырағым, сөкпе келінімді.

— Мен ондай екі жүзді қаншықтарды жүнше түтер едім! — деді шофер кіжіне түсіп.

— Қысқарт лас сөзіңді! Жақпа күйеңді Шәмшияға!

— Ойбай, шешеке-ау, ондай әйелді жақтауға болмайды! Егер мен Әбілдің орнында болсам, ол қатынның төбе шашын...

— Тоқтат машинаны! — деп, зекіп жіберді Ақық.

Шофер өктем үннің айбарынан сескеніп, сасқалақтап қалды.

— Тоқтат, түсемін! — деді Ақық бұйырып.

Шофер машинаны амалсыз тоқтатты. Ақық ақырын қозғалып кабинадан түсті...

Енді міне ол жолды жағалап, ауыр қозғалып, жаяу жүріп келе жатыр. Қасынан зырлап өткен бір-екі машинаға бұрылып та қараған жоқ.

Аспанда бұлт тұтасып, көк жүзі қара-қошқыл тартып барады...

Бір жүк машина алыстан бұлдырап көрініп, зырлап жақындай беріп еді.

Машина жаяуға жақындағанда жүрісін бәсеңдетіп, Ақықтан сәл өте беріп тоқтады.

— Ана! Қабинаға отырыңыз! Баратын жеріңізге апарып салайын,— деп дауыстады жас шофер.

Ақық таяу келіп, жылы жүзді жас шофердің пішініне көз тоқтатып салмақпен қарады да, кабинаға үнсіз шығып отырды.

Орнынан қамбыл қозғалып кеткен машина бірте-бірте алыстап ұзай берді. Біраздан соң ноқаттай боп көрініп барып, қарасы үзілді...

## 12

Ақық өз үйіне келіп, әуелі азырақ тынығып алуды ойлап, төрдегі жұмсақ диванға кеп енді ғана қисая беріп еді. Сол мезетте есік ашылып, үйге таныс бір кемпір кірді.

Ол галошын шешіп, мәсішең төрге қарай өтті де, Ақықтың қасына кеп отырды. Содан соң ғана Ақыкка бұрылып:

— Иә, мал-жан аман ба? От басы аман ба? — деп амандық сұрады.

— Шүкір...— деді Ақық бәсең үнмен.

— Үйде отыра-отыра ішім пысқан соң, сенімен әңгімелесіп шер тарқатқалы келдім,— деді кемпір өзінің ұзақ отырар ниеті барын сездіріп.

— Келгенің жақсы болды. Асықпа... Менің де шерім тарқасын...— деді Ақық.

— Жұмыстағы кісі емеспін, асығыс қалпым жоқ, самауыр қойып, шайынды қайната бер...— деді кемпір көнілденіп...

Ақық кішкене ғана әдемі ақ самауырға су құйып, шай қойды.

Шай тез қайнады. Екеуі шайды жайланып отырып ішті.

— Құдай басыңа салған соң көнесің-дағы, әйтпесе, жалғыз ұлыңнан айрылып, келіннің қолына қарап қалған тіршілікте не қасиет бар,— деп, қонақ кемпір кеседегі шайын ақырын ғана ұрттап қойып, сөзін жалғастыра берді.

Ақық үнсіз тыңдап отыр.

— Келіннің қас-қабағына қарайсың, әр нәрседен именіп жүресің, өйтпеске лажың жоқ,— деді қонақ кемпір.

— Бұл сөзді маған бекер айтып отырсың, Шәмшияның мінезінен, ол осы үйге келін болып түскелі, еш оғаштық көргенім жоқ,— деді Ақық.

— Көрмесең, көресің енді... Ол жас адам. Қыз бағудан жесір бағу қиын болады. Өз басыңа, баладнан қалған мынау үйіңе ұят келіп жүрмесін... Соны ойла...

— Сен де менің келінімді жазғырғалы келдің бе? — деді Ақық қабағын шытынып.

— Сақтық үшін айтамын,— деді қонақ кемпір.

— Келініме күдіктенбей сөйле ендеше!

— Үйде отырған сен екеуміз не білеміз... Біздің үйдегі келін кеше Шәмшия туралы бір жайсыз сөз айтып еді...

— Тыңдамаймын ондай өсекті!

— Өсек емес...

— Қараламаңдар келінімді!

— Әуелі тыңдап алсаңшы, жарқыным.

— Тыңдамаймын! Келінімді қаралап, оған өсек таңғалы келген болсаң, татпа адал дәмімді! Шық үйімнен!

Кемпір аузына таман апара берген бауырсақты тарелкеге тастай салып, алдындағы кесесін кейін ысырды.

— Үйіңнен қуғаның ғой бұл? Жарайды...— деп, орнынан ашулана түрегеліп, есікке беттеді. Галошын киіп жатып: — Ендігәрі табалдырығыңнан аттай қалмаспын. Алжыған кәрі! — деп, Ақықты кінәлап шығып кетті...

Ақық үнсіз тұнжырап отырып қалды. Өте қатты күйзелген, ауыр ойға батқан қалпы бар...

## 13

Аспанды кою қара бұлт бүркеген. Дала күңгірт тартқан.

— Жаңбыр жауғалы тұр-ау, сірә,— деді Шәмшия жоғары қарап.

Ол вагон-қостың ық жағында тасалау жерде тұр. Біреуді күткендей қалпы бар. Қобалжулы.

Участок жақтан үш адам жай аяндап келе жатыр. Үшеуі де комбинезон киген тракторист. Біреуі Әбіл еді.

Шәмшиянің қасынан өте берген кездерінде, Әбіл есепші әйелге суық жүзбен қарады.

— Әбіл!.. Сәл кідірші... Бір минутқа...

Шәмшия солғын дауыспен, оның сыртынан үн қатып еді.

Әбіл кідіре беріп:

— Не айтасың? — деді қатқыл үнмен.

— Бері таман жақында...

— Айтарыңды сол тұрған жерінде айт жылдам, керең емеспін, естимін.

— Әбіл... күннен-күнге қалай боп барасың өзің... Тіпті біртүрлі боп кеттің... түсінбеймін...

— Бол! Не айтпақшы едің? Тура айт!.. Неге үндемейсің? Тілің байланып қалды ма?

Әбіл үні Шәмшияға мүлде суық, әрі соншама жат естілді. Әйел үнсіз қиналып, ауыр күрсінді.

— Қане, бол! Айтарың бар ма, жоқ па? — деді Әбіл сол суық қалпымен.

— ... Айтарым жоқ...

— Ендеше менің айтарым бар. Сырыңды енеңе паш еткенмін кеше. Сенің қандай әйел екеніңді ұғындырып жібергенмін.

— Не айттың оған? Не дедің! — деп, Шәмшия шошып, үркіп қалды.

— Сенің бұзылған қатын екендігіңді айтқанмын!

— Ah!..

Шәмшия сұмдық естігендей боп, көзі шарасынан шыға үлкейіп, екі қолымен басын ұстап, кейін шегіне берді...

## 14

Ақық басына жастық салып, диван үстінде қисайып жатыр. Күн кешкіріп, үй іші қаракөленке тартқан. Қария — қалың ойдың құшағында. Өңі суық.

«Кімді жазғырмақпын? Кінәлі кім? Өзімнің бейбақ күйімді кімнен көрем?.. Шәмшияға кінә тағар қисыным жоқ. Жек көре алмаймын оны... Өз қолымды өзім кесе алмаймын... Өмір уын үнсіз жұта беруден басқа не дәрменім қалды...»

Қарт ана көзіне жас алды.

Осы шақта үйге Шәмшия кіріп еді. Оның даладағы жұмыстан асығып келген қалпы болатын.

Шәмшия енесінің жан күйзелісін түрінен тез аңғарды да, өңі шұғыл өзгеріп, үрейленгендей болып, қалт тұрып қалды.

Бірақ шыдамады жүрек, көзден жас ыршып кетті. Шәмшия ұмтылып барып, қарт ананың көкірегіне бетін басып, солқылдап жылап жіберді.

Оның бұл жылауының себебін жүрекпен сезген Ақық:

— Асыл жаным... мұңлығым...— деп, даусы қалтырап үн қатып, келінін арқасынан аймалады...

## 15

Сыбдырлап жаңбыр жауып тұр. Көше қараңғы. Шифер шатырлы ақ үйдің қабырғасына қалтылдап сәуле түсті. Бұл — осы үйге қарай бұрылған мотоциклдің жарығы еді.

Мотоцикл қақпаның дәл алдына келіп тоқтады. Зейнел жерге түсіп, мотоциклді аулаға кіргізіп, ықтасынға әкеп қойды да, табалдырықпен ақырын көтеріліп, үйге кірді.

Үй іші жым-жырт. Сәлім столға басын сүйеп ұйықтап қапты. Стол үстінде суретті кітапшалар, шимайланған қағаздар, бояу қарындаштар жатыр. Бала сурет салып отырып, қалғып ұйқтап кеткен секілді.

Зейнел өзінің үстіндегі су плащын тастай салып, шапшаң келіп баланы көтеріп алды да, төргі бөлмеге апарып, төсекке жатқызды. Содан кейін сырт киімдерін тез шешініп, өзі де жатып қалды. Бірақ көпке дейін ұйқысы келмеді, ойға шомды.

Ол осы түнде Шәмшия туралы бірінші рет толқынды ойға берілді. Шәмшиянің қабағынан соңғы күндерде өзгеше бір қайғы ізін байқаған еді. Енді жесір әйелдің тағдырын өз тағдырына салыстырып, бір ұқсастық іздеді. Сол ұқсастықты тапқандай да болды.

Сыртта жаңбыр сыбдырлап жауып тұр. Әйнекке тысырлап тиген тамшылар көзден тамған жас секілді...

Зейнел жастықтан басын көтеріп, тумбочка үстіндегі дөңгелек сағатты ұмтылып алды да, қоңырауының тілшесін өзіне керек уақытқа дәлдеп бұрап, сағатты қайтадан орнына қойды. Содан соң көрпесін қымтай жамылып, тезірек ұйқтап кетуге тырысты...

Таң қылаң берген кезде қоңыраулы сағат шылдыр қаға жөнелді. Сәлім жастықтан басын шапшаң көтеріп алды. Қасында жатқан әкесін көрді. Зейнел де оянды.

— Папа, қашан келдің? — деп таңырқап сұрады бала.

— Сен столға басыңды сүйеп ұйқтап жатқан кезде келдім.

Бала күлім-күлім етті.

— Папа, білесің бе, бүгін бізде демалыс.

— Білемін, бүгін — жексенбі.

— Мені өзіңмен бірге қос басына ала кетесің бе, папа?

— Мақұл...

## 16

Міне бұлар мотоциклмен қос басына келе жатыр. Мотоциклдің артқы отырғышына нық орнығып алған Сәлім ерекше көңілді...

Бұлардан едәуір кейінде бір жүк машина зырлап келе жатыр еді. Ол мотоциклге таялып қалды.

Шофердің қасында отырған Шәмшиянің екі көзі алда...

Жолдың кедір-бұдыры кездескенде мотоцикл шоқалақтап кетеді. Бұл мезетте, пружиналы отырғыш Сәлімді де секектетеді.

Осыны байқаған шақта Шәмшия:

— Сигнал берші,— деді шоферға.

Автомобиль сигналы естілгенде, мотоцикл оңға қарай қағылып, машинаға жол берді. Машина одан озып өте беріп тоқтады. Шәмшия кабина есігін шапшаң ашып жіберіп белгі еткенде, мотоцикл да жүрісін баяулатып, машинаға қатарласа келіп тоқтап еді.

— Сәлім, кел, кабинаға міне ғой,— деді Шәмшия баланы қасына шақырып.

Сәлім әкесіне қарады.

— Бара ғой, мотоциклден гөрі кабина жайлы болар саған,— деді Зейнел баласына.

Сәлім мотоциклден секіріп түсе қалып, жүгіріп барып, кабинаға шықты. Шәмшия оны алдына отырғызды.

Машина орнынан қозғала берген мезетте бала әкесіне күлімдей қарап, қолын бұлғады. Шәмшия Зейнелге қарап күлімсіреді.

Машина жүріп кетті. Даңғыл жолмен зымырап келеді... Сәлім шоферға қуана қарап, көңілдене сөйледі.

— Бүгін біздің балалар бақшасында демалыс. Қоска сосын келе жатырмын... Папама көмектесемін!.. Ә, сіз, білесіз бе, менің папамның қандай екенін?

— Қандай? — деп әдейі сұрады Шәмшия, баланың сөзін қызық көріп.

— Ол өте жақсы адам! Маған ешуақытта да ұрыспайды.

— Ал сен, әкең жұмыстан шаршап келгенде мазасын алмайсың ба?

— Иә... Бірақ менің папам ешуақытта шаршамайды.

— Оны қайдан білесің?

— Шаршаған адам үйге келісімен төсегіне жатады да ұйқтайды. Ал менің папам ондай емес.

— Енді қандай? Айтшы, тыңдайын,— деді Шәмшия. Баланың сөзіне шофер да езу тартты.

— Ол жұмыстан келген соң тамақ пісіреді, шай қайнатады. Екеуміз тамақ ішеміз. Сосын ол: «тойдың ба?» деп сұрайды. «Тойдым» деймін. Содан кейін ол маған қызық ертегі айтады. О, менің папам ертегіні керемет көп біледі! Ол кірді де өзі жуады! Ал мен көмектесемін...

Бала сөзін күлімсіреп тыңдап отырған Шәмшиянің өңінен осы мезетте өзгеше бір құбылыс байқалды. Ол анасыз баланың тағдырына ой жіберіп, жүрегі елжіреп, толқып қалды.

— Шофер, қараңызшы, папам келе жатыр ма? — деп сұрады Сәлім.

Шофер кабинадан басын шығарып қарай беріп еді. Осы мезетте Зейнел де оны байқады. Шофер оған «алға түс» дегендей боп, басымен белгі етті. Зейнел мотоциклді оздырып алға шыға берді.

— Папа! Папа! Жүйткіт, жүйткіт! Жеткізбе! — деп қуана дауыстады Сәлім.

Мотоцикл алға озып түсіп зырлай жөнелгенде ол тіпті қуанып:

— Көрдіңіз бе, менің папам қандай керемет! — деді мақтанып.

Шәмшия бір түрлі елжіреп, баланы көкірегіне қысып, оның бал-бұл жанған бетіне бетін тақады.

— Қандай сүйкімдісің, Сәлімтай!..

... Алда мотоцикл, оның соңынан жүк машина данғыл жолмен жүйткіп келеді...

## 17

Қостағы ұзын кірпіш үйдің алдына орнатылған көрсеткіш тақтаға үңіліп Әбіл тұр. Қабағы тас түйілген.

Махмет Әбілге сырт жағынан жақындап келіп, тақтаға көз салып еді, Әбіл оны байқаған жоқ.

Зейнел мінген мотоцикл, оның соңынан жүк машина дәл осы кезде кірпіш үйді орағыта келіп тоқтай берген еді.

Әбіл әуелі Зейнелге, одан соң, баланы көтеріп каби-

надан түсіп жатқан Шәмшияға қалың қабағының астынан түйіліп қарады.

— Немене, жақтырмай қалдың ба? Оларға неге сонша түйіле қарай қалдың? — деді Махмет Әбілдің сыртынан оқыс үн қатып.

Әбіл басын жалт бұрып қарағанда Махмет:

— Өзіңнен көр. Адал болсаң, сенің жолыңды ешкім де кескестемейтін еді,— деп, оның қытығына әдейі тиді.

Әбіл Махметке төніп жетіп барды:

— Не керек саған?! — деді тістеніп.

— Жұмысыңды жақсы істе, басқа ештеме де керек емес маған.

— Менің ізімді баққанды қашан қоясың сен?

— Ісің адал болса, ешкім де ізіңді аңдымайды сенің. Ал арам болсаң...

— Тарт тіліңді!

— Айқайлама. Көрсеткіш тақтадағы тізімнің ең соңына жаздырған мен емес сені. Өзіңнің ісің. Зейнел секілді адал еңбеккер болсаң, сол құсап тізімнің қақ басында тұрар едің.

— Тарт деймін тіліңді мен саған!

— Тілімді тартпасам не етпексің?

Әбіл қолындағы темірмен Махметті салып жібермек болып қолын көтере бергенде, бұлардың қасына шапшаң басып келе жатқан Зейнел оның қарынан ұстай алды.

— Ә, сенбісің?! — Әбіл қолын жұлқып қалып, Махметке оқталған темірмен Зейнелді шықшыттан салып жіберді.

Зейнел теңселіп құлап бара жатқанда, Шәмшия жүгіріп ұмтылып кеп, оны құшақтай алды. Зейнелдің шекесінен бұрқ етіп шыққан қанға көзі түскенде, әйелдің үрейі ұшып кетті...

## 18

Басы орай таңылған Зейнел совхоз орталығындағы ауруханада жатыр.

Бір мезетте ол көзін ептеп ашып, өзінің қайда жатқанын сезіп, жастықтан басын көтермек болып еді.

— Қозғалмаңыз, қазір орныңыздан тұруға болмайды сізге,— деді дәрігер ескертіп.

— Менің ұлым қайда? — деп сұрады Зейнел қарлығыңқы дауыспен.

— Ұлыңызды Шәмшия өз үйіне апарды. Балаңызға алаңдамаңыз, ол жүдеушілік көрмейді.

Зейнел басқа сөз қатқан жоқ; көзін ақырын ғана жұмды; көңілі тыным алғандай болды...

Ал, бұл кезде Шәмшия Әбілді қатты айыптап тұр еді.

— Өзіңмен бірге жүрген жолдасыңа қол жұмсауға қалай ғана батылың барды?.. Ішің нендей тар еді? Адал пейіл азамат деп ойлайтын едім сені. Жақсы көретінмін. Қателескен екенмін...

Шәмшиянің даусы дірілдеп, көзіне лықсып жас келіп қалды. Әрі ыза, әрі өкініш қатар келіп, көңілі ұйтқып өткен әйел, бұл күйге шыдай алмады, теріс айналып, жүріп кетті.

Үнсіз сазарған Әбіл, тракторға сүйеніп тұрған қалпында, қозғалмай қала берді...

## 19

Арада бір аптадай уақыт өтті. Зейнел айыға бастаған еді. Ол үй-жайын, әсіресе баласын көбірек ойлап, ауруханадан ертерек шыққысы кеп, дәрігерге екі-үш рет өтініш қылған болатын. Бірақ, рұқсат берілмеген. Зейнел бүгін тағы да өтінішпен келді дәрігерге.

— Рұқсат етіңіз, үйім иесіз ғой... Үйде болайын, үйімнің тіршілігі сезіліп тұрсын... Әрі балам да жаутаңдап жүр ғой,— деп еді.

Дәрігер тағы да бірден жауап қайыра қоймай, бөгеліп, ойланып барып:

— Мақұл... бірақ, дәрігердің айтқан тәртібін қатаң сақтайтын боласың,— деді...

Зейнелді үйіне машинамен дәрігердің өзі әкеп салды. Орнын жайлап, төсегін жөндеп жатқызды. Сонсоң тапсырмаларын тағы да бұйрықтай ғып айтып, күліп қоштасып шығып кетті.

Зейнел төсегінде үнсіз жатып, үй-ішіне көз жүгіртті. Үйдегі заттардың бәрі бұған қуана қарағандай болды. Зейнелдің көңілі бір түрлі жеңілденді.

Дәл осы мезетте алдыңғы бөлменің есігі ашылып, бір адамның ішке кірген тықыры білінді. Зейнел көрпесін кеудесіне қарай тартыңқырап, есік жаққа басын бұрып, көз салды. Әлгі ішке кірген адамның кібіртіктеп, бөгелгені сезілді.

— Бұл қайсың?.. Кім болсаң да бері таман... қасыма кел,— деп дауыстады Зейнел.

Төргі бөлменің есігін ақырын ғана ашып, Шәмшия кірді. Әлбетте ол да, Зейнел де бір түрлі ыңғайсызданып қалды.

— Тәуірсіз бе? — деді Шәмшия сыпайы ғана үн қатып. Өңі қызарып кетті.

— Тәуірмін... жақсымын... Босағада тұрып қалғаның не, жоғары шық...— деді Зейнел.

Шәмшия ілгері қозғалып, терезе жақтағы орындыққа кеп отырды.

— Әбден айыққанша ауруханада неге жата бермедіңіз, мұнда қиын болады ғой...

— Ауырлық емес, қайта жеңілдік сезіп жатырмын,— деді Зейнел өңіне жылы шырай кіріп. Ол бұл сөзінің мәнісін Шәмшияға анығырақ етіп жеткізуге тырысты.— Өз үйімді жетімсіретпейін дедім. Иесі жоқта — үй ішіндегі әрбір зат тастай қатып, көзге суық көрінеді. Ал иесі барда — көзге жылы көрініп, құлпырып тұрады. Бұл тіршілік белгісі... Екіншіден... мұны айтпасам да білесің, менің жан-күйім саған да аян...

Зейнел бөгеліп қалды. Шәмшия оның ойлы жүзіне бір сәт қадала қарап қалды да, әлде бір жайды ішінен аңғарғандай болып, көзін төмен аударды.

— Ия... маған да аян...— деді ақырын ғана.

Осы шақта алдыңғы бөлменің есігін шапшаң ашып, бөлмеге асығып Махмет кіріп келді.

— Зейнел ағай, кіруге рұқсат па? — деп, төргі бөлменің есігіне қарап үн қатты.

— Махмет! Кір! — деді Зейнел.

Махмет төргі бөлмеге де шапшаң кіріп, төсекте жатқан Зейнелге сәлем берді. Содан кейін Шәмшияға бұрылып, көзін тіктеп қарады да, жанарын Зейнелге аударды. Қайтадан Шәмшияға көзін тіктеп, қайтадан Зейнелге назар салды. Сосын жымиып күлді.

Әйел ыңғайсызданып, әлденеден қуыстанып, орындықтан қымсына түрегелді де:

— Сіздің халіңізді білгелі кіріп едім... Тез айығуыңызға тілектеспін. Сау болыңыз,— деп, Зейнелге жұмсақ үнмен сөз қатты да, шығуға бет алды.

— Келгеніңе рахмет! — деді Зейнел.

Шәмшия Зейнел жатқан бөлменің есігін ақырын ғана жауып шықты.

— Зейнел ағай, мен білсем, осы әйел сізді керім жақсы көреді. Қапы қалмаңыз! — деді Махмет.

Ауызғы бөлменің есігіне таяна берген Шәмшия оның сөзін анық естіді, астыңғы ернін тістеп, ұялып, есікті жылдам ашып, тез шығып кетті...

## 20

Шәмшия өз үйіне өңі шырайланып нұр жайнап кіргенде, карт ана Ақық оның ажарынан өзгеше бір күйді байқап, үнсіз барлай қарады. Таңданғандай...

Ал Шәмшия мұны аңдаған жоқ. Аяғын шапшаң басып, төргі бөлмеге өтті де, бұрыштағы стол үстінде тұрған кішірек дөңгелек айнаны алып, өз дидарына көз салды. Ұзақ қарады. Шашын жөндеді. Күлімсіреді... Сырт киімін ауыстырып, үстіне омырауы кестелі, үлбіреген ақ кофта киіп; алдыңғы бөлмеге қайта шықты. Енесіне қарап күлімсіреді...

Ақық таңдана түсті...

«Не нәрсеге қуанады бұл? Қуанатын жайы бар ма еді... Әлде маған сыр бермегісі келе ме?! — деп ойлады ол.— Бірінің үстіне бірі жамалып, қалыңдап жатқан қайғысын сездірмегісі келе ме? Әрине, солай ғой... Аяулы сәулем-ай, мен бәрін де сезіп жүрмін... қайғың қалың... Сен қазір мені аяп күлімсіреп тұрсың... өзіңді өзің қинап тұрсың... Қайтейін, қарағым-ай, масыл болдым ғой саған...»

— Апа, тағы да нендей ойға шомып кеттіңіз? — деді Шәмшия, өңі нұрлана қуанып тұрса да алабұрткан үнмен.

Ақық та сыр бермеуге тырысып, күлімсіреді:

— Ешқандай ойға шомғаным жоқ...

— Жасырмаңыз, сезіп тұрмын, көріп тұрмын...

— Ендеше айтқызбай-ақ қой маған...

— Ал, мақұл,— деді Шәмшия жымиып.

Біреу терезе қақты.

Ақық бұрылып терезеге қарағанда, Әбілді көрді. Терезеге тақау барды.

— Шеше, Шәмшия үйде ме? Маған жолықсыншы,— деп дауыстап үн қатты сыртта тұрған Әбіл.

Ақық Шәмшияға бұрылып:

— Жолық. Сөйлес,— деді тілек етіп.

Шәмшия тысқа шыққанда, Әбіл терезе алдынан ау-

лағырақ барып, бір түп екпе талдың ығында тұр еді. Шәмшия дәл қасына кеп үн қатқанда, ол сол орнынан тапжылмай, әйелдің үйден шыққанын, табалдырықтан түскенін, бері қарай қозғалғанын — бар қимылын қабағының астымен ғана бағып үнсіз тұрды.

— Не айтасың? — деді Шәмшия тақау келіп.

— Шәмшия, кешір... менен бір білместік өтті... татулық тілеп келдім,— деді Әбіл жабырқау үнмен. Басын көтермей, төмен қарап сөйледі. Бірақ толқып тұрған ыңғайы кескінінен аңғарылмады.

Шәмшия үндемеді. Оның кейпіне барлап қана қарады.

— Басқа не айтасың? — деді сәлден соң.

— Жарасқан қалпымыздың шырқын бұзған мен болдым... кінәлімін... Іс бұлай насырға шабар деп ойлаған жоқ едім...

— Өзіңнің не айтқың келіп тұр? — деді Шәмшия. Үні қатқылдау шықты.

— Кешірім сұраймын,— деді Әбіл солғын дауыспен. Сосын Шәмшияға бір түрлі жалынышты жүзбен қарап.— Шәмшияжан, айтшы шынында, мені жақсы көргенің рас па еді? Айтшы, айтшы осы қазір! — деп өзеуреп кетті.

Шәмшия үндемеді.

— Білем, білем, сен мені шын жақсы көргенсің. Мен де сені шын сүйемін, Шәмшия. Бір әбестік іс еттім, кешір оны. Неге үндемей тұрсың? Айтшы бір ауыз жылы сөзіңді. Шәмшияжан, ұқшы жайымды, қолыңның ұшын берші. Су түбіне кеткелі тұрмын...

Әбілдің мына сөзі Шәмшияні таңдандыра түсті.

— Арашала мені... Мені арашалап қалу бір ғана сенің... сенің ғана қолыңнан келеді! Қишы маған бір ауыз сөзіңді! — деп Әбіл өзеурей берді.

— Бұ не жұмбақ?! Түсінбедім,— деді таңданған Шәмшия.

— Мені сотқа беріпті...

Әбіл көзін төмен салып бөгеліп қалды да, сәлден соң Шәмшияға мұңлы жүзбен қарап, жалына сөйледі:

— Менің Зейнелге қол жұмсағанымды Махмет пен сенен басқа тірі пенде көрген жоқ қой... Әуелі Зейнелдің өзі келіп соқтықты деп, бір ауыз айта салсаң, бітіп жатыр... Арашала мені, отқа итерме... Екеуміздің адал махаббатымыздың белгісі үшін...

Бұл сөздерді естігенде Шәмшиянің өңі суып, қабағы түйіліп кетті.

— Осы сөз бе еді айтпағың? Түсіндім төркінін,— деді қатқыл үнмен.

— Шәмшия, ұқшы жайымды, сүйетін едің ғой!..

— Қандай жексұрын адам едің,— деді Шәмшия. Жалт бұрылды. Аяғын қатты-қатты басып үйге еніп кетті.

Шәмшия үйге енгенде Ақық оның толқыған жүзіне барлап қарады да:

— Не айтады ол?— деп, абайлап қана сұрады.

— Апа, ренжімеңіз... Өтінемін, сұрамаңызшы оның жайын...— деді қабағы қатыңқы Шәмшия үні дірілдеп...

## 21

Әбілдің ісі сотқа берілгенін естігенде Зейнел таңданып қалды. «Мен оның үстінен шағым жасап ешкімге арыз жазған жоқ едім ғой. Мұнысы қалай? Кім оны сотқа берген?» — деп ойлады. Бұл мәселені айқындап білгісі келді.

Ол сол мақсатпен совхоз кеңсесіне барды. Қазірде жарақаты айығыңқырап, Зейнел төсектен тұрған еді, бірақ, маңдайы таңулы болатын. Сондықтан сырт көзге ол әлі жаралы кісі секілді.

Зейнел кеңсеге кеп кіре бергенде, әуелі хабарландыру тақтасына көзі түсіп, бөгеліп, жаңа ілінген бір қағазды алдымен оқыды.

«... Жерді шала жыртып, көзбояушылыққа салынғаны үшін тракторист Әбілдің осы сапасыз жұмысының бүкіл шығыны оның жалақысынан ұсталсын.

Әбілдің озат механизатор Зейнелге қол жұмсаған қылмысты ісі заң орнына тапсырылсын...»

Бұйрықтың соңына совхоздың директоры қол қойған.

Зейнел директордың кабинетіне қарай бұрылды. Ол кабинетке кіргенде, директор орындығынан екі қолын соза түрегеліп, қуана сөйледі:

— О, төрле-төрле! Қалай хал?

— Жаман емес.

— Сен анығырақ айт: халің жақсы ма?

— Жақсы.

— Бәрекелді!... Бірақ, есіңде болсын, дәрігерден қолхат алмасаң, жұмысқа бәрібір бірден жібермеймін,—

деді директор күле сөйлеп, Зейнелге қарсысындағы креслоны нұсқап, отыруға ишара етіп.

— Ол жөнінде соңынан сөйлесерміз, ал қазір бір арызымды тыңдаңыз, соны айта кірдім,— деді Зейнел креслоға отырғаннан кейін.

— Иә, айта бер.

— Әбіл жөніндегі бұйрықты қайтадан жазуыңызды өтінемін.

— Неге?

— Опық ісін заң орнына тапсырмау керек.

— Қылмысты бүркеуге қақымыз жоқ.

— Мен Әбілдің қылмысын жасырайық деген ойда емеспін. Бірақ...

Осы кезде сыртта, есік алдына бір жеңіл машинаның келіп тоқтаған дыбысы біліпді де, содан соң директордың кабинетіне, қолында ұстаған папкасы бар, Шәмшия кіріп еді.

Директор да, Зейнел де әлде мұның кіргенін байқамады ма, әлде бұрылып қарауға мұршалары болмады ма, әйтеуір бірімен бірі айтысып, жарыса сөйлесіп отыра берді.

Шәмшия ілгері жүрудің ретін таппай, босағада амалсыз кідіріп қалды. Директор мен Зейнелдің айтысы кім жөнінде екенін ол бірден түсінді.

— Қисық адамды жар басынан итере салу оп-оңай, ал тезге салып, қисығын түзетіп, қатарға қосу қиын іс. Біздің міндетіміз — терістік жасаған адамды су түбіне батыру емес, айыбын бетіне басып ұялту, тезге салу. Бұл — ардың ісі. Азаматтық борыш...— деді Зейнел.

— Жоқ, жолдас, мұндай гуманизм бұл жерге жүрмейді. Жазықсыз адамға қол жұмсап, соққыға жығу — қылмыс. Бұл қылмысты жасаған адам жауапқа тартылуға тиісті,— деді директор.

— Жәбір көруші менмін ғой, менің өтінішім еске алынуы керек.

— Қылмысты арашалауға қақым жоқ. Ешкімнің де қақысы жоқ!

Осы сөзді айтып директор есік жаққа көз аударып қалғанда, Шәмшия өз-өзінен бір түрлі ыңғайсызданып қалды. Кенет оқыс ілгері қозғалып, қолындағы ыңғайлап ұстаған қағазын директордың столының шетіне әкеп қойды да:

— Мәліметтер...— деп қысқа ғана үн қатып, тез бұрылып, аяғын шапшаң басып, кабинеттен шығып кетті.

— Әбілдің ісі кездейсоқ әрекет емес. Қылмыстың да өсу жолы болады. Үлкен қылмыс бірден жасалмайды, ұшқыннан лаулаған өрт секілді кішкентайдан ұлғаяды. Қылмысты қылтиып көрінген бойда құртып отырмасақ, тамырын тереңге жіберіп аламыз... Біз Әбілді сотқа бердік,— деді директор.

— Мен бұған қарсымын,— деді Зейнел.

— Сонда қалай, тентекті тезге салмау керек пе? — деді директор.

— Тезге салу керек. Бірақ тентекті түзейтін орын тек қана сот емес.

— Мен бәрібір өз райымнан қайтпаймын,— деді директор.

— Ал мен қарсылық білдіремін,— деді Зейнел.

Шәмшия сыртта, есік алдындағы ұзын скамейкада, екі қолын алдына салып үнсіз ғана отыр еді.

Зейнел кеңседен шыға берген мезетте, әйел оны байқап орнынан сыпайы түрегелді. Қасына жақындай берген Зейнелге толқыған жүзбен қарап:

— Қандай тамаша адамсыз...— деді ақырын ғана.

Әйел жанының бар нәзік күйі, сезімі осы жалғыз ауыз сөзден аңғарылғандай еді. Зейнел мен Шәмшия бірбіріне ұзақ қадалып қарасып қалды.

Әйел Зейнел күйін іштей терең ұғып, көзін төмен аударып, ақырын ғана бұрылып, кеңсеге қарай қозғалды.

Ал Зейнел оған бар жан-жүрегімен беріле, ерекше ынтығып қараған күйінде қозғалмай тұрып қалды...

## 22

Арада бірнеше күн өтті. Зейнел әбден айықты. Ол жұмысына қайтадан кіріскенде жаны да бір түрлі жадырап, өзгеше бір сезім құшағында жүрді. Осы сезім мұны өте толқытты. Бұл — алабөтен күй емес еді, жүректегі махаббат толқыны болатын. Зейнел Шәмшияні бұрын ақыл-парасаты мол инабатты әйел деп ішінен жақсы көретін еді, енді осы сезімнің ұлғая түскенін, әйелге өзінің ғашық боп қалғанын аңғарды ол.

Сөйтіп, ақыры келіп, Зейнел Шәмшияға өз көңілін білдірді.

— Жазғырмаңыз, Шәмшия! Осы соңғы кезде өзгеше бір күйге түскендеймін... Өмірдің, тағдырдың әмірі ме, бейнет тартып басыма қиындық түскендіктен бе, әйтеуір, соңғы кезде өзіме сүйеніш болар, қолтығымнан демер жар тілеген жагдайым бар... Жалғызсыраған жүрек өзіне адал серік іздейді,..— деп толқи сөйлеп, сосын өз жүрегінің сырын ашып еді.

Шәмшия бұл сырды терең түсініп ұқты...

... Арада тағы да бірнеше күн өтті. Шәмшиянің үйінде бүгін ерекше бір өзгеріс бар. Оның қайтыс болған ерінің төрдегі суретіне қатарластырып, Зейнел тағы да бір суретті іліп жатыр. Бұл — Зейнелдің үйінің төрінде ілулі тұратын, оның қайтыс болған әйелінің суреті еді. Орындықта Ақық қария үнсіз отыр. Шәмшия оны ықылнан құшақтап түрегеп тұр. Сәлім әкесінің іліп жатқан суретіне қайта-қайта қарады да, таңданғандай түрмен:

— Папа, өзіміздің үйдегі суретті әжемнің үйіне әкеліп неге іліп жатырсың? — деп сұрады.

Зейнел үндемеді. Ақық қария көзінің жасын шәлісінің ұшымен білдіртпей сүртті.

— Біз енді бәріміз де осы үйде боламыз,— деді Шәмшия күлімсіреп.

— О-ho! Алақай-алақай! Бәріміз әжемнің қасында боламыз! — деп Сәлім қуана секіріп кеп, Ақықтың мойнына асылды. Қарт ана оны мейірлене құшақтап, көкірегіне басты да, мандайынан ұзақ сүйді.

Даланың әсем құсы — боз торғайдың шырылдап салған әні құлаққа келді.

Сәлім ашық терезеден жүгіріп барып, бір орында шырылдап қалықтап тұрған құсты көріп:

— Әже, қараңызшы! Боз торғай ән салып тұр! — деді қуанып.

Ақық та, Шәмшия да терезеге көз аударды. Зейнел де еңкейіп қарап еді. Боз торғай әндетіп, шырқап биіктей берді...

## Мазмұны

Оралу . . . . . 5
Белгілер, іздер . . . . . 95
Кестелі орамал . . . . . 159
Боз торғай әні . . . . . 229

**Ғабдуллин Нығмет.**

ӨМІР, ҚЫМБАТСЫҢ МАҒАН.
(Повестер).

Алматы, «Жазушы», 1966.
268 бет.

**Ныгмет Габдуллин**

**ЛЮБЛЮ ТЕБЯ, ЖИЗНЬ**

*Повести*

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1966

*Редактор М. Сундетов.*
*Художник Ю. Менгазитинов.*
*Худож. редактор Э. Полякова.*
*Техн. редактор П. Вальчук.*
*Корректор М. Рзагалиева.*

Сдано в производство 16/VI-66 г. Издат. № 196. Подписано к печати 4/X-66 г. УГ02032. Бумага тип. № 2 84×108½=8,375 п. л.—14,07 усл. п. л. (Уч.-издат. 14,25 л.). Тираж 43000 экз. Цена 64 коп.

Заказ 1476. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.